

# АҚТҚ инфекциясының алдын алу бойынша педагогтік колледж оқытушыларына арналған әдістемелік нұсқау



Алматы 2006

**АҚТҚ инфекциясының алдын  
алу бойынша педагогтік колледж  
оқытушыларына арналған  
әдістемелік нұсқау**

**Алматы, 2006 жыл**

**Алғашқы сөз**

Қысқарту тізімі

Кіріспе:

Модуль-1

Модуль-2

Модуль-3

Модуль-4

Модуль-5

Модуль-6

Модуль-7

Модуль-8

Модуль-9

Модуль-10

Модуль-11

Қайраткерлік бағыты

Қолданған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

**1. Бөлім. Нұсқауды іс жүзінде асыру**

Кіріспе

Оқытушы рөлі

Оқытушы шеберлігі.

Қосымша А: Колледжде/мектепте/ АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша сауықтыру білімінің бағдарламасы. Жаттығуды өткізуге берілетін ұсыныс сызбалар.

Қосымша Б: Ойлану

Қосымша В: Ашық сабақты қалай өткізуге болады

Қосымша Г: АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы тұруға бағытталған сауықтыру бағдарламасы. Бақылау парағын жазу.

Қосымша Д: Бағалау сауалнамасы.

**2. Бөлім. Модульдер**

Кіріспе.

Модуль Есею жасөспірімнің анатомо - физиологиялық және психологиялық ерекшелігі.

Модуль Қажетсіз жүктілік пен жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекция.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы негізгі мәлімет.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясы және әсері.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ және есірткі қолдану.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы.

Модуль АҚТҚ мен өмір сүретін адамдарға көмек және оларды қорғау.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясының таралуына қарсы қоғам қарсылығының ықпалы.

Модуль Оқу-білім беру үрдісіне АҚТҚ/ЖҚТБ - ның білімдік-сауықтыру бағдарламасын енгізу.

Модуль Өмір сүру бейімділігіне үйрету.

Модуль АҚТҚ/ЖҚТБ білімдік-сауықтыру бағдарламасы. Бағалау мен мониторинг.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

## Құрметті оқытушылар!

Жаңа мың жылдықтың келуі, жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, қоғам мен адам санасындағы қайта құру, тек қана, қоғамның сана сезімінің қарқынды дамуына ғана емес, сонымен қатар адамзаттың денсаулығына қатер төндіретін мәселелердің пайда болуына әсерін тигізді.

АҚТҚ/ЖҚТБ ауруының таралуына жол бермеу және оның алдын алу жұмыстары - өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі таңда АҚТҚ/ЖҚТБ ауруы өмір шындығы болып отыр, оған назар аудармау мүмкін емес. Жылдан жылға АҚТҚ/ЖҚТБ ауруы барлық әлем континенттеріне таралып, қоғамға қиын қыстау кезеңін тудыру, отбасы мүшелеріне қайғы әкелу мәселесі оған шындықпен қарауды талап етіп отыр. Балалар мен жасөспірімдер арасында жеке тұлғалық алдын алу жұмысын жүргізу болашақ мамандардың, мұғалімдердің міндеті. Ата-аналардың, мұғалімдердің, қоғамның АҚТҚ/ЖҚТБ инфекциясының таралуының алдын алу жұмыстарына бағытталған өзара тығыз байланысы, осы мәселенің шешілуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың бірігіп жұмыс жасауы АҚТҚ инфекциясының алдын алу шараларының тиімді жүргізілуіне ықпалын тигізеді.

АҚТҚ инфекциясының таралуы мен алдын алу жолдары туралы білімі мен қалыптасқан дағдыларының арқасында әр адам өзін ауру жұқтырудан сақтай алады. ЖҚТБ - бұл жай ғана статистика емес, жай ғана санау емес, адам өмірі екендігін оқушыларға түсіндіру қажет.

Осы, ақпараттық және оқытатын мәселелерді көтеретін нұсқау, болашақ педагогтарға оқушылардың қауіпсіздігі және мінез - құлқының жауапкершілігін, салауатты өмір салтын, алғашқы алдын алу шараларын қалыптастыруына көмек көрсетіп, сауатын көтеретініне сенеміз. Берілген нұсқау АҚТҚ-ның ақпараттық талдау жұмысына оқушыларға рухани және мәдени байлығын арттыруға, салауатты өмір салтына үгіттеуіне, туыстары мен айналасындағыларға құрметпен қарауға көмектесуге бағытталған.

Құрметті оқытушылар, сіздерге денсаулық, бақыт, оқу-тәрбие жұмысында шығармашылық табыс тілейміз.

*Мектепке дейінгі және орта білім беру  
Департаментінің орынбасары*

**К.Берібеков.**



Үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың соңғы екі он жылдықтағы, АҚТҚ-ның алдын алуы жайлы көптеген материалдары жарияланғанына қарамастан оқу жоспарларын құрастырушыларға, әдіскер- педагогтарға, оқытушыларға оның стратегиясы мен тиімді оқыту әдістерін дамыту әлі де қажет.

Жоба деңгейінде, қаржыландырушы Жапон Үкіметі мен БҰБФМЖҰ “Тынық мұхит аймағы, Азия елдерінде есірткі қолдану және АҚТҚ инфекциясының алдын алу мәселесі бойынша оқыту материалдары мен оқу жоспарын жетілдіру”, БҰҰ ғылым мен білім және мәдениет мәселесі бойынша Оңтүстік Шығыс елдерінің білім министрлігі Азия тынық мұхитының жалпыға білім беру бағдарламасы мен аймақтық ұйымдар жүйесі бірлесе қоғамдық денсаулық сақтау және тропикалық аурулар бойынша шұғылданатын, колледж оқытушыларына арналған нұсқау әзірледі. Нұсқаудың жұмыс түрі 1998 жылы аймақтық кездесуде сарапшыларға берілді. Нәтижесінде әрбір елдің әлеуметтік ерекшелігі мен мәдениетін ескере отырып, жеке қажеттілігі мен басшылықтың соңғы жобасын заман талабына сай бейімдеу туралы шешім қабылданды.

Нұсқаудың соңғы жобасы 2000-2002 жылдары 9 елдің педагогтік колледж оқытушыларының жұмысына аударылып, бейімделе қолданылды.

Нұсқаудың соңғы жобасы 2003 жылы қабылданған ұсыныстарға сәйкес өзгертіліп, қайта қаралды.

Осы нұсқаумен жұмыс жасауды іске енгізген аймақтардан пікірлер түсті, яғни оқыту бағытының өзектілігін, жыныстық тәрбие сұрақтарына бейімделген және өмірлік дағдыларды, сонымен қатар, оқыту үрдісінде түрлі әдістерді қолданып жиі іске асыратынын көрсетеді.

БҰҰ құрамындағы БҰБФМЖҰ, БҰҰБҚ және БҰҰ елдерінің қоры сияқты көптеген бөлімдерімен талқыланған. Яғни, БҰБФМЖҰ жыныстық тәрбие мен репродуктивті денсаулық сұрақтары бойынша білімді енгізу мәселесімен білім министрлігіне ұлттық бағдарламаны іске асыруға көмектесу мақсатында БҰҰ елдерінің қоры айналысады.

АҚТҚ инфекциясының алдын алуын дамыту мәселесін күшейтуге бағытталған педагогтік колледж жүйесіне қажетті өмірлік дағды мен 12 елде дамыған жобаны Жапон Үкіметі және қосымша қаржыландырды.

АҚТҚ инфекциясын сауықтыру мәселесімен айналысатын 2004-2005 жылдары БҰБФМЖҰ мамандары оқушылардың денсаулығы мен сауықтыру бағдарламасын насихаттап сонымен қатар техникалық көмек көрсетті. БҰБФМЖҰ қызметкерлері БҰҰБҚ және БҰҰ елдерінің қорымен тығыз бірлікте жұмыс жасады. БҰҰ агенттігіне, денсаулық сақтау министрлігінде жұмысқа қызығушылық танытатын және білім министрлігі қызметкерлеріне, оқу жоспарын құрастырушылар, педагог кадрларының біліктілігін көтеру аумағында жұмыс істеуші қызметкерлерге техникалық көмек көрсетілді.

Осы кезеңде Нұсқаудың нәтижеге жету жолдары жаңартылып, жақсартылды. Оған қосымша бөлімдер қосылды, мысалы: “Есею. Жасөспірімдердің анатомио-физиологиялық және психологиялық, ерекшелігі”, “АҚТҚ/ЖҚТБ және есірткі қолдану”, “АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы”, “АҚТҚ- пен өмір сүретіндерге көмек және оларға қолдау көрсету”.

Паттай қаласындағы аймақтық семинарда Нұсқаудың қосымша ұсынылған жобалары 2004 жылдың қыркүйек айында сарапшылармен тағы да бағаланды.

Студенттер мен оқушылар арасында АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясын төмендету қиындығы бойынша Нұсқаудың соңғы жобаларына барлық ескертулер мен ұсыныстар енгізілді.

Мен, Нұсқауды түзетуге қатынасқандардың барлығына алғысымды білдіргім келеді.

БҰҰ/ЖҚТБ, БҰҰБҚ, БҰҰ елдерінің қоры - мен бірлесіп осы Нұсқауды іске асыра отырып, біз Тынық мұхит пен Азияның жастарына АҚТҚ инфекциясының алдын алу білімін жоғарылатуға жағдай жасай алатынымызға шын ықласыммен сенемін.

**Доктор Шелдон Шефер,**

*БҰБФМЖҰ ның білім бойынша Азия -Тынық мұхит бюросы Директоры Бангкок, Тайланд*

## ΚΙΡΙΣΠΕ



БҰБФМЖҰ-ның кластерлік Бюросы мен Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша 2005 жылдың 7-8 желтоқсанында “Бейімделу басшылығы оқушылар арасында АҚТҚ/ЖҚТБ-ға зияндылықтың төмендеуі” атты Республикалық семинар өтті.

Нұсқау педагогтік колледж оқытушыларына арналған. Бұл нұсқау АҚТҚ-ның алдын алу және денсаулықты қалпына келтіру мәселелеріне байланысты кең таралған сұрақтарды қамтыды.

Семинар Алматы қаласының №1 Алматы қазақ педагогтік колледжінде, БҰБФМЖҰ-ның Алматы қаласындағы кластерлік Бюросы мен Бангкок қаласының аймақтық бюросының қаржылай және техникалық қолдауымен өтті.

Бангкок қаласындағы БҰБФМЖҰ аймақты бөлімдерінің АҚТҚ/ЖҚТБ туралы сұрақтарының маманы, дәрігер Арун Малик Нұсқаудың әлі бейімделмеген нұсқасын ұсынып, семинарды жүргізді.

Семинарға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, Республикалық және облыстық білім жүйесінің ғылыми-педагог кадрлары мен басшылардың біліктілігін жетілдіру институты, барлық елдердің педагогтік колледж директорлары мен оқытушылары қатысты. Қатысушылардың арасында медициналық колледж өкілдері, Республикалық және Алматы қалалық ЖҚТБ мен күресу орталықтарына, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің Ұлттық орталықтарына, БҰҰДБ, БҰҰБҚ, PSI сияқты халықаралық ұйымдарының өкілдері болды. Сонымен қатар, семинарға ҚР БҰБФМЖҰ жұмыстары бойынша Ұлттық комиссиясының өкілі қатысты.

Семинар қатысушыларына Бангкок қаласының БҰБФМЖҰ өмірлік Бюросының бастапқы өзірлемесі мен нұсқауы және орысшаға аударылған нұсқалары ұсынылды.

Қатысушылар семинар барысында Нұсқауды талдап, ҚР оқыту қажеттілігіне байланысты мәдени әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, мәтінге ұсыныс жасады.

Семинар соңында, қатысушылардың ұсыныстары, ескертулерін, түсініктемелерін ескере отырып, ары қарай осы жұмысты жүргізетін, жұмысшы тобы құрылды.

Басшылықты жасаушылар материалдары сабақты сипаттайтын, педагогтарға арналған ресурстық құрал ретінде, пайдалануға оңай болатын модуль түрінде ұсынды. Модульдер денсаулықты сақтауға бейімдейтін дағдыларды қалыптастыруға бағытталған интерактивті әдістерден тұрады.

Сонымен қатар, авторлар қысқартылған сөздер мен терминологиялық сөздік, пайдаланылған әдебиеттер тізімін ұсынды.

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

<b>ЖҚТБ/СПИД/</b>	жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі
<b>ҚҰ/ОО/</b>	қоғамдық ұйымдар / мекемелер/
<b>ТҚМБАЕ/ ДОТС /</b>	туберкулезді қысқа мерзімде бақылау арқылы емдеу
<b>БОББ/ОДВ/</b>	бәріне ортақ білім беру
<b>МГІКР/ ФРЕШ /</b>	мектеп гигиенасының ішінде “Жаңа жолы” ресурстарының шоғырлануы
<b>СЖ/СР/</b>	секс жұмыскерлері
<b>АҚТҚ /ВИЧ /</b>	адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы
<b>ЕИТ /ПИН/</b>	есірткілерді инемен тұтынушылар
<b>ХМЕҰ/МНПО/</b>	халықаралық мемлекеттік емес ұйымдар
<b>АБҚҚ/ИОК /</b>	ақпараттық, білім, қарым- қатынас
<b>БҚҚБТ/ ЗОЦНП /</b>	білім, қарым- қатынас, құндылық, біліктілік пен тәжірибе
<b>ЛЭАК</b>	лизиргинді этан амидті қышқылы
<b>ОЖН /ӨББ/</b>	өмірлік біліктілік білімі
<b>КЖАҚА/ВЗОМТ/</b>	кіші жамбас астауының қабыну аурулары
<b>АӨСА/ЛЖВ/</b>	АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар
<b>ЖМЖ/ИРО /</b>	жыныс мүшелерінің жұқпалары
<b>ЖЖБА/- БППП /</b>	жыныстық жолмен берілетін аурулар
<b>ЖЖБИ/ ИППП /</b>	жыныстық жолмен берілетін инфекциялар
<b>ЖДЖ/ ТОТ/</b>	жаттықтырушыларды дайындайтын жаттықтырушы
<b>ЕЖЕ/ МСМ /</b>	еркектермен жыныстық қатынас жасайтын еркектер
<b>МАЕ /ЗТМ/</b>	метадон - алмастырушы емі
<b>АББ/ПОМКР/</b>	Анадан балаға берілуі
<b>ҮЕҰ/НПО/</b>	үкіметтік емес ұйымдар
<b>ЖОАҚҚД/ ВДПЧ /</b>	жалпыға ортақ адам құқықтарын қорғау декларациясы.
<b>БҰҰЖҚТБ/ЮНЭЙДС/</b>	Біріккен ұлттар арасындағы АҚТҚ/ЖҚТБ туралы біріккен бағдарламасы
<b>БҰБФМҰ/ЮНЕСКО/</b>	Біріккен ұлттардың Білім ғылым және мәдинет жөніндегі ұйымы
<b>БҰҰЕҚ/ЮНФПА/</b>	БҰҰ елдерінің қоры
<b>БҰҰБҚ/ЮНИСЕФ/</b>	Біріккен ұлттар ұйымының балалар қоры
<b>ДСҰ/ВОЗ/</b>	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
<b>ЗШЖИ/ИМП/</b>	зәр шығару жолдарының инфекциясы

**Қарсыген (антиген)** – жасушаның иммундық қарсылығын арнайы ынталандырып, сонымен қатар ағзаның қорғаныш жауабын дамытатын жоғары молекулалы қосылыс.

**Қарсыдене (антитела)** – қан құрамына түскен әртүрлі антигендердің /қарсыген/ ағзаны қорғау мақсатында және сол антигендермен арнайы бірлесіп жұмыс істейтін адам мен жануарлар қан сарысуының құрамындағы арнайы ақуыз.

**АҚТҚ-ға қарсы дене** ағзада АҚТҚ-ға қарсы түзілетін, арнайы зерттеу тесттерімен қан құрамында анықталатын қорғаныш заттар.

**Қауіпсіз іс әрекет** - ЖҚТБ тұжырымдамасында адамның мінез құлқының осы аурудың жұғу жолындағы ең төменгі қауіп деңгейі. Бұған қауіпсіз жыныстық қатынастар және ине шаншу іс-әрекеттері жатады.

**Қауіпсіз жыныстық қатынас** – кез-келген жыныстық қатынас кезінде әріптестің қаны, кеуде сүті, ұрықтық сұйықтықтарымен жанаспағандағы қауіпсіз жыныстық қатынас. Бұл терминдерді латексті және полиуретанды мүшеқаптарын пайдаланған жағдайдағы жыныстық қатынастарға қолдануға болады.

**Қоздырғыш (вирус)** – жай өмір түрі, ол тек адам немесе жануарлар ағзасындағы жасушаларда көбейе алады.

**АҚТҚ(ВИЧ)** – адамның қорғаныш тапшылық қоздырғышы, ол ретровирустар тобына жатады. Вирустың өмір сүруіне, көбеюіне қажетті бірнеше ферменттерден және артынан тасымалдаушы РНК құралы бар қабықтан тұрады, оны адам ДНК-сымен салыстыруға болады. ДНК-адам жасушасының тұқымқуалаушылық туралы мәліметінен тұрады. РНК-вирус туралы осындай ақпараттардан тұрады.

**АҚТҚ-ға оң адам** – АҚТҚ тестінің оң нәтижесін алған адам.

**Ұрықтар (гендер)** – жыныс, ерлер мен әйелдердің биологиялық емес әлеуметтік айырмашылығы (қоғамдық жұмыстың бөлінуі, арнайы әлеуметтік, қызметтер, мәдениеттік құбылыстар және т.б.)

**Ұрықтық ақпараттар (генетическая информация)** – ағзаның құрылымы мен құрылысының ақпараты, қан құрамында қаланған.

**Күрделі мәселелер** – барлық адамзаттың өмірге деген қызығушылығын қамтитын және әлемдік қауымдастық деңгейінде келісілген халықаралық іс-әрекеттерді өзінің шешілуіне талап ететін жалпы қоғамдық мәселелер.

**Декларация (жария, жарлық)** – ол (принциптер) міндетсіз халықаралық құжат. Жарлыққа қол қоя отырып, мемлекет өзінің сол жарлықта көрсетілген принциптермен келісетінін көрсетеді. Жарлық көрсетілген принциптердің орындалуын қадағалап бақылап отыратын механизмді қарастырмайды..

**Дискриминация** – құқық дәрежесін төмендету, адам құқығынан айыру.

**ДНК (дезоксирибонуклеин қышқылы)** – адамдар, жануарлар және кейбір микроорганизмдердің жасуша ядросында болатын, ұрықтық ақпаратты тасымалдаушы болып табылады.

**Қорғаныш жауабы (иммунды жауап)** – ағзаның бөгде туыстық заттардың немесе тірі денелердің енуіне жауап ретінде пайда болатын арнайы жүйелердің қорғаныш реакциясы.

**Қорғаныш (иммунитет)** – ол латын тілінде «босату», «бір нәрседен құтылу» организмнің бөгде заттардан қорғану қабілеті. Ауру таратушыны өз организміне қабылдамауы.

**Қорғаныш тапшылығы (иммунодефицит)** – ағзаның ауруды қабылдауға қарсы тұра алмауы.

**Конвенция** – арнайы міндеттеуші заң, осы заңға қол қойған соң мемлекет сол заңның орындалуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

**Құпиялық сақтау** – жеке ақпаратты таратпау.

**Қарым-қатынас дағдысы** – әңгімелесу шеберлігі.

**Лимфоцит** – қан жасушасы. Лимфоцит көк бауырда, сөл түйінінде, сүйек миында түзіледі. Лимфоциттер иммунды реакцияға қатысады. Иммундық реакция - ағзаға енген ауру тудырушының микроорганизмдердің енгізу түрі.

**Сөлдік (лимфалық) мүшелер** – сөлдік түйін, тимус безі, көкбауыр, кіші таңдай және аш ішектегі арнайы сөлдік құрылымдар.

**Макрофагтар (фагоциттер)** – ағзаның әдеттен тыс қорғаушылары-олардың қызметі антигендерді (қарсыгендер) сөлге жеткізу.

**Аз топ** – бір бірімен тығыз эмоционалды байланыста болатын 3-тен 15 адамнан тұратын мінез-құлқы, мақсаты, арман ойы бірдей адамдар жиынтығы.

**Әдіс (метод)** – (грек тілінде «таным» және «зерттеу жолы») - бір нақты шешімді қабылдауға дағдыланған, біртекті әдістер жиынтығы.

**Нашақорлық** – аурулар нашақорлықтан емдеуге қарсы туруға бейімін болдырмайтын аурулар тобы.

**Қатерлі мінез-құлық** – ауруды жұқтыруға мүмкіндіктің артуы, әдет болып қалған дағды. Мұндай мінез-құлыққа еш сақтанбастан жыныстық қатынасқа түсетіндер және инені бірігіп пайдаланған адамдар құрамы жатады.

**СД<sub>4</sub>** – қан құрамында көп мөлшерде болатын және иммунды жүйенің қызмет жасауына өз әсерін тигізетін жасушалар. ЖҚТБ жұқтырған адамдарда жасушалар құрамы азаяды және біртіндеп жойылады. СД<sub>4</sub> қан құрамындағы мөлшерін анықтап иммунды жүйенің қаншалықты зардап шеккенін білуге болады.

**СД<sub>8</sub>** – ақ қан жасушасы, иммунды жауапта үлкен рөл атқарады. Т-киллерлер деп атайды, СД<sub>4</sub> - жасушасының бұйрығымен АГ (бөгде) жасушасын іздеп тауып, жоюшы болып табылады.

**Әлеуметтік норма** – біздің мемлекетте көпшілікпен қабылданған, жазылмаған іс-әрекет тәртібі.

**Шәует (ұрықтық сұйықтық)** – ұрықтық бездерден бөлінетін және ұрықтық шәуіттері бар простатадан тұрады.

**ЖҚТБ** – АҚТҚ-мен қоздырылған аурудың соңғы және өте ауыр клиникалық көріністерінің байқалуы.

**Зияндылықты азайту** – АҚТҚ, ЖЖБИ жұқтыру жолындағы зияндылықты төмендету, мінез - құлықты қауіпті түрден қауіпсіз түрге өзгерту.

**Стигма** – грек тілінен аударғанда (сына, таңба).

**Тренинг** – оқу барысында интерактивті үлгілерді пайдалану түрі.

**Қосалқы аурулар (оппортунистические заболевания)** – бұл адам қорғаныш жүйесі шаршаған немесе, қорғану қабілеті төмендеген жағдайда кездеседі.

**Жауапкершілік** – өз шамасын өзі қалауы, бақылау және қоғамдық негізде қабылданған заңдар мен шешімдерді дұрыс қолданып, өз парызы мен міндеті деп қабылдауы.

**Пандемия** – жер шарының барлық континентінде эпидемияның тарауы.

**Қоздырғыш ферменттері (ферменты вируса)** – адам тәніне тез еніп және өсіп-өнуіне әсерін тигізетін химиялық қоспа. Фермент вирустың өмір сүру циклының бір бөлігі болып табылады деп атауға болады.

**Кіріспе**

Кез келген АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша оқыту-сауықтыру бағдарламасының жетістігі, негізінен педагог оқытушының дайындығына және білім үрдісін материалды-техникалық, ғылыми-әдіс-темелік жағынан қамтамасыз етуге байланысты. Ал жетістікке жетудің басты мақсаты, оқытушының, топ кураторының жауапкершілік пен шеберлік қасиеттерін білім алушының қабылдауына байланысты болады. АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша оқытушыларға ұсынылған немесе бұрын болған ресурстарды, ақпараттық материал түріндегі жаттығуларды, сонымен қатар, тес-тілерді кей топтарда білім алушыларға белгілі бір мәдени нормалар мен жағдайларда, қоршаған орта мен діни көзқарастары бөлек болуына қарай қолдануға қолайлы болмауы мүмкін.

Сондықтан, оқытушының міндеті білім алушы ұлттық-аймақтық, әлеуметтік және жас аралық, психологиялық ерекшелігін ескеру, оқытатын жаттығу материалдарының ақпараттық альтернативті кері түрлерін ауыстырып қолдану. Бұл Нұсқау педагогтік колледж оқушыларын оқытуға арналған және педагогтік колледжде жұмыс істеуші оқытушылардың қажеттілігін ескере отырып қалыптасқан.

**Мақсат:**

Нұсқаудың негізгі мақсаты- оқытушы педагогтарды білім саласындағы ұйымдарда АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша сауықтыру бағдарламасын енгізу негізінде оқыту. Тиімді білім беру АҚТҚ эпидемиясының таралуына жол бермеуде дәлелденген, сондықтан ұсынылған Нұсқау осы мақсатқа жетудің маңызды құралы болады.

**Міндеттер:**

- АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша білімдік- сауықтыру бағдарламасына қатысты, оқытушыларды негізгі ақпараттарға талдау жасауға, құндылықты анықтауға бағыттау, әдіс- тәсілдер мен іс тәжірибені игеруге көмектеседі.
- Педагогтарға бағалау шегі мен әдістерін, ақпарат материалдарын, оқыту сабақтарының жоспарын құруға көмектесу.
- Педагогтардың АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдарға түсіністікпен қарап, қамқорлық және көмек көрсету.
- Елдегі педагогтік білімдік -сауықтыру бағдарламасын енгізу.
- Білім алушыларға бағытталған өмірлік тәжірибе мен ұйымдастырушылық қабілетті үйретуде педагогтардың кәсіптік деңгейін көтеру.

**Қөзқарас:**

Оқушыларға бағытталған білім игеру мен білім алу принципін ескере отырып жазылған. Бұл принцип 1996 жылы Симберман әзірлеген білім алудың белсенді кредосында көрініс тапты.

*Естігенімді мен ұмытамын.*

*Естігенім мен көргенімді, мен аз уақыт қана есімде ұстаймын.*

*Естігенім мен көргенім және талдағанымды мен енді ғана түсіне бастадым.*

*Естігенім, көргенім, талдағаным және жасағаным мен білім, шеберлікті үйрендім.*

*Мен басқаларды оқыту арқылы оқытушы боламын.*

## Нұсқаудың әзірлемелік принциптері.

### *Нұсқауды әзірлеуде мына принциптер пайдаланылды:*

- Нұсқаудың мазмұны мен мақсат, міндетінің бағыты, қолданушы оқытушылардың АҚТҚ инфекциясы мен жыныстық жолмен жұғатын инфекциядан сауықтыру саласындағы оқыту жоспарының нәтижесіне жету.
- Нұсқауда берілген материалдың, әдістердің, оқыту түрлері мен оқыту мазмұнына сәйкес принципімен таңдалған жаттығулардың ғылымилығы, қабылдауға жеңілдігі, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін есепке алумен, пәнаралық байланыспен сәйкестігі.
- Мақсатты топта білім алушылардың оқу материалының мазмұнын логикалық ашуы, олардың психологиялық жас ерекшелігі мен таным қабілеттерінің сәйкестігі.
- Материал көлемі мен оны игеруге кететін уақыттың сәйкестігі.
- Оқытушылардың оқушыларға берілген тапсырманы шешуге білім деңгейін жеткізіп, өз іс-әрекеттерін бағалау әдістерін жетілдіруге мүмкіндік беру.
- Оқытушыға өздігінен үйрету модулдерін және бағалау шегін аяқтауға мүмкіндік беру.
- Оқытушыға және әдіскерлерге нұсқаудың бағалау негіздеріне түзету мүмкіндіктерін беру.

### **Мазмұны:**

Нұсқау 11 модульден тұрады Оның негізгі мазмұны ақпарат пен ақиқаттан тұрады, қажетті білімін жетілдіру, АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиялардың таралып кету қаупін болдырмау, инфекциядан қорғану, жыныстық қарым-қатынас, оқу материалын талқылау, ұғу және қабылдау.

Нұсқауға, мазмұнға берілген тапсырмаларды шешу мақсатында бағытталған оқытудың ұсынылған әдістері мен түрлері, жаттығулар мен тренингтер.

### **«Өмірлік дағды» түсінігі:**

- АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБИ туралы білімнің болуы.
- Жыныстық қатынастың қауіпсіз және қауіпті екенін анықтау.
- Жан дүние қасиеттері негізінде қауіпті тәртібінің өзгеруі, серігіне сенімділігі, «жоқ» деп айта алуы және т.б.
- Зиянды заттарға еуестігіне қарсы тұруы: есірткі, ішімдік, темекі және басқалары.
- Қысымға қарсы тұру.
- Стреске қарсы тұру.
- Ата-анасымен, жанұясының басқа жандармен және құрбылармен қарым-қатынасы.
- АҚТҚ-мен ауыратын адамдарды түсіне қарау және олармен қайғыра білу.
- Жеке тәжірибесі, сонымен қатар өз эмоциясың, сезімдерін айта білу.
- Қарым-қатынасын бағалай білу және қоғамдағы әлуметтік нормалар мен көзқарастарды бағалау.

Мұғалімдерге нұсқау 2 бөлімде ұсынылған: 1-бөлім. Нұсқауды тәжірибеде қолдану, 2-бөлім. Оқытылатын модульдер.

1-бөлім Нұсқауды тәжірибеде қолдану. Бұл тағы да 2 бөлімнен тұрады: Мұғалімнің рөлі. Мұғалім тәжірибесі.

Басшылыққа келесі модульдер ұсынылды.

- Модуль 1** Әсу жасөспірімдердің анатомио-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері
- Модуль 2** Жыныстық қарым-қатынас арқылы берілетін жұқпалы аурулар және күтпеген жүктілік
- Модуль 3** АҚТҚ/ЖҚТБ туралы негізгі мәлімет
- Модуль 4** АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясы және оның әсері
- Модуль 5** АҚТҚ/ЖҚТБ және есірткі қабылдау
- Модуль 6** АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы
- Модуль 7** АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдарға көмек және сүйеу көрсету
- Модуль 8** Қоғамды АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясының таралуына қарсы күреске шақыру
- Модуль 9** Оқу-білім үрдісіндегі АҚТҚ/ЖҚТБ ның алдын алу бағдарламасын енгізу
- Модуль 10** Өмір сүру дағдыларына үйрету
- Модуль 11** АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша алдын алу бағдарламалары бойынша меңгерілген білімге біліміне мониторинг жүргізу және бағалау.

### Әдістер мен жаттығулар

Әр түрлі пішіндегі және алдын алу әдістемелерін үйрету, берілген жаттығуға негізделген мазмұндағы оқыту бағдарламасын бағалау. Жаттығуларды жоспарлағанда жүргізілетін уақыты мен орны, мазмұны, талаптары, жететін қорытынды нәтижесі ескерілуі қажет. Жоғарыда айтылғандардың ең негізгісі қойылған талаптар мен жететін қорытынды нәтижесі. Жоспарланған жаттығулар жететін қорытынды нәтижесімен сәйкес келуі керек.

Оқытушының мақсаты оқушылармен жұмыс істеуде қысқа және терең мақсатқа жетуге әсер ететін, белсенді шығармашылық жұмысқа тұруда олар қажет ететін, оқушылардың білім беруде белгілі деңгейде жағдай жасайтын оқытудың әдістері мен түрлерін қолдану. Әсіресе бұған интерактивті әдістер тиімді.

Жұмысты ұйымдастыруда, оқушылар ақпарат алып, оны талдап, теориялық білімдерін толықтырып, білім-білік дағдыларын қалыптастырып, қиындық, келтіретін мәселелерді жүйелеп, берілген тапсырманы орындап, алған білімдерін тәжірибесінде қолдануды үйрететіндей жұмыстар ұйымдастыру керек. Белсенді оқу-бұл жылдам түрде, көңіл-күйін көтеріңкі және танымдық - тартымды үрдіс екенін ұмытпау керек.

Оқу үрдісі - бұл қажетті ақпаратты күштеп енгізетін процесс емес, бұл одан да үлкен ұғым екенін естен шығармау керек.

Мұғалімге оқыту ол сөйлеп қою емес. Білім алушыға келсек, оқыту процесінде оның ойлау қабілеті мен физиологиялық белсенділігі қажет болып жатқан жағдайда жай естіп, көріп есте сақтау жеткіліксіз. Бұл жерде бірігіп үйрену кезеңі маңызды, яғни білім алу процесіне топтық жүйеде келу: оған тапсырма беру, марапаттау, ресурстар мен рөлдер. Топ мүшелері бір-біріне жаттығулар мен сабақтың мазмұнын жақсы ұсынуға көмектеседі

Оқушылар сауықтыру білімін меңгеруі үшін оқытудың әр түрлі формалары мен әдістерін, әсіресе интерактивті әдісті қолданудың әсері жақсы.

### Интерактивті оқытудың түрлі әдістеріне мыналарды келтіруге болады:

1. Жұптық жұмыс

2. Топтық жұмыс

3. Миға шабуыл

4. Имитация ойыны

5. Рөлдік ойын

6. Ситуациялық Есеп

7. Визитерді шақыру

8. Эксперттер тобының

пікір-таласы

9. Жобаны әзірлеу

10. Сұрақ-жауап

11. Интервью және т.б.

Бұл интерактивті әдістерге түрлі қосымша заттарды пайдалану арқылы көрініс жасау әдісі де жатады: тақталар, кітаптар, бейне таспалар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т. б.

## Модуль

Нұсқаудың мазмұны негізінде педагогтарға ойлау мен сын тұрғысынан ойлау, жаңа идеялардың негізін таңдай білетін оқыту модульдері берілген. Модульдің мазмұны оқушыларға сауықтыру бағытында берілетін білім мақсатына сәйкес, яғни олардың өмірлік тәжірибеден қарым-қатынас қалыптасуына, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға көмектеседі. Оқытушы осы модульдің негізінде жастарды жауапты шешім қабылдауға үйретуге міндетті.

*Модульдер келесі бөлімдерден тұрады:*

- Нөмірі мен аты.
- Уақыты: жуық уақыты, модульді оқытуға кететін академиялық уақыты 1 академиялық уақыт 45 минутқа тең
- Хабарлама
- Жалпылау
- Тапсырма
- Оқыту жаттығулары
- Қорытынды жасау
- Оқытушыға ұсыныс

## Баға

Оқытушы мониторинг әдістерімен өзі атқарған жұмысын, сонымен қатар оқушылардың білім деңгейі мен өмірлік тәжірибе қалыптасқанын бағалай білуі керек.

**Бағалау қорытындысы** тәртіп деңгейінің нәтижесін анықтауды бағалауда қолданылады.

**Баға қорытындысының үлгісі бола алады.**

- Білім тесті, оқудың басында және соңында жүргізіледі.
- Біліктілік тесті, оқудың әсерін айқындауда қолдану, яғни белгілі бір іс әрекет тәртібінің нәтижесі көрсетілуі керек.
- Рухани-адамгершілік деңгейінің шегін бағалау.

**Бағалау процесі** дегеніміз, оқыту іске асырылып жатқан бағдарлама мен әзірленген бағдарламаны бағалау болып табылады. Бұл үшін қолданып жүрген бағалау нәтижесінен ерекше әдістер қолданылады. Сауалнама мен интервью оқушылардың не үйренгенін, яғни олардың бағдарламаға байланысты ойларын білу үшін қолданылады. Бұл жағдайда бағдарламаның мазмұны мен стратегиясына, тапсырмаларына қатысты шешуді талап ететін мәселелер айқындалуы мүмкін.

**Қалыптастыра бағалау**, бағдарлама қалыптасып жатқан уақыт аралығында бағдарламаны бағалау әдісі болып табылады. Бұл бағалауды бағдарламаны әзірлеудің алғашқы кезеңінде бағдарлама әзірлеуге қажетті ақпарат алу үшін жүргізуге, сондай-ақ бағдарламаны іске асыру кезінде қажетті өзгерістер енгізу мақсатында жұмыс процесінің ортасында да жүргізуге болады.

**Қорытынды бағалау**, қорытынды жасау мақсатында жүргізілетін бағдарламаны бағалау әдісі болып табылады. Қорытынды бағалау берілген тапсырма жетістікке жетуде бағдарламаның тиімділігін айқындауда жүргізіледі және бағдарламаны іске асыруда жеткен нәтижеге негізделеді. Бұл жағдайда бағдарламаны бағалау тиімділігі немесе бағалау әсерін іске асыруға болады.

**Барлық бағалау түрлері** бағдарламаны жетілдіру мен талдау үшін өте маңызды. Бағалау жүргізгеннен кейін кей жағдайда бағдарламаны тез арада қайта қарап, қатынасушылардың оқу процесінен күтетін және қажеттілігін бағдарламамен сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында түзету енгізу керек. Көптеген жағдайда бағдарлама толық оқыту курсы аяқтағаннан кейін бағаланады, яғни оны толықтырып және келешекте қолданғанда бұдан да тиімді болуы үшін жүргізіледі.

# 1 БӨЛІМ

## БАСШЫЛЫҚТЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ



### Кіріспе:

Бірінші бөлім. Басшылықты іс жүзінде қолдану екі бөлімге бөлінеді

1) Оқытушының біліктілігі.

2) Оқытушының рөлі.

### Оқытушының рөлі:

Оқытушы сабаққа дайындалу мен өткізу кезеңінде сабақты жоспарлау, ұйымдастыру, өткізу, мониторинг пен бағалау процесіне көңіл бөлуі қажет. Оқытушылар алдында төмендегідей міндеттер тұрады:

- Оқушылар тобының ерекшелігін ескеріп, баяндау;
- Керекті оқу модулімен мұқият танысу, бағалау, сабақтың мазмұны мен жаттығуларын және оқытушы тренерлерге арналған ұсыныстарға ерекше назар аудару.
- Оқу болып жатқан уақытта қажетті құралдар мен материалдарды дайындау.
- Оқытуға қажетті әдіс-тәсілдерді жинақтау.
- Оқыту модулін сабақ өткізуде басшылық ретінде қолдану.
- Сабақты бағалау мен мониторинг өткізуді жоспарлау.

### Оқытушы әрекеті

*Сабақты бастау алдында:*

мақсат пен міндетті түсіндіру;

білім алушылардың сабақ уақытында тәртіпке назарын ерекше аудару;

жоспарланған жаттығуларды ескеріп, сабақ өткізетін орынды дайындау;

білім алушылардың сабақтан не күтетінін анықтау;

жаттығу жүргізу үшін оқушыларды шағын топтарға бөлу;

келесі бағалау модулі мен мониторинг жүргізгенде пайдалану үшін ақпарат жинау;

сабақты бағалау мен тест жүргізу;

сабақтың қорытынды бөлімін қиындатпау;

оқушыларды сабақты қорытындылауға қатыстыру;

оқушыларды түрлі марапаттау әдістерімен қолпаштау;

сабаққа қатысу журналын жүргізу.

### Оқытушы біліктілігі

*Оқытушы келесі біліктілік тәсілдерін меңгеруі қажет:*

#### **Команданың рухын қолдап және толықтырып отыра білу дағдысы**

Оқытушы үшін білім алушыларға көмек бере алу қабілетінің болуы ең маңызды, топта сенімділік пен сыйластық орнату. Бұл сабақ уақытында оқушылардың еркін, ұялмай өз ойларын, белгілі бір мәселе бойынша өз көзқарасын, сезімін т. б. білдіруі. Оқытушының қарым-қатынасы, өзін ұстауы оқу процесіне үлкен әсерін тигізеді.

Оқушының көзқарасы мен ұстанымын достық көңілмен, қызығушылықпен, шын ықыласыңызбен тыңдаңыз. Оқушылардың командалық рухын қолдау үшін оқытушыға мынадай ұсынысты орындау қажет:

1. Оқушылармен бірлесіп сабақ уақытында міндетті түрде, тәртіп сақтау ережелерін әзірлеу қажет.

2. Оқушылардың өзі туралы топ алдында айтқысы келген ниетін марапаттау.

3. Оқушыларға тиімді кері байланыс жасауға мүмкіндік беру.

4. Оқушылардың оқу процесіне қатысты сезімін қуаттап және толықтырып отыру.

5. Оқушыларға сабақ уақытында айтылған ойлары тыс жерлерде пайдаланылмайтынын және құпия түрде сақталынатынын айту керек.

6. Әрбір білім алушының өз қабілеттеріне сәйкес оқу процесіне қатысуға мүмкіндік беру. Әрқайсының өзін көрсетуге деген ықыласын марапаттау керек. Тренинг-сабақтың ырғағына бірден еніп кете алмайтын, басқаларға қарағанда сәл көбірек уақытты керек ететін қатысушыларды «жұлқылаудың» қажеті жоқ.

7. Сабақ барысында белгілі сұрақтар бойынша айтылған сындарына достық ықыласпен қарап, оқушылардың көпшілігінен қолдау алуға тырысыңыз. Бір келісімге келу үшін, істің неге солай болатынын немесе неге болмайтынын оқушыларға жай ғана түсіндіру қажет. Көп жағдайда осының өзі жеткілікті болады.

8. Топты белсенді ойларын айтуға, кеңес беру, сұрақ қою, сезімдерін көрсетуге шақыру және т. б. Оқушылардың білімі, қызығушылығы, ізденгіштігі мен ықыласы сауықтыруға оқытудың келесі деңгейіне негізгі меже ретінде қолдануға болады.

9. Топтағы оқушылардың қажеттілігін ескеріп, әрбір топта өзгелерден жеке қажеттілігі ерекше оқушының бар болатынын естен шығармау керек.

### **Сабақ барысында барлық жоспарланған материалды қамту қабілеті.**

Сабақ барысында білім алушы жоспарының модуліне сәйкес барлық сұрақтардың талқылануы өте маңызды. Оқытушының кәсіби дайындығының деңгейі үлкен орын алады. Оқушылармен АҚТҚ өмір сүруші адамдарға қамқорлық пен қолдау көрсету, ЖЖБИ, АҚТҚ инфекциясы бойынша сауықтыру жұмысы негізгі шарт болып табылады. Сабақты сауатты және жақсы өткізу үшін оқытушыға мыналар қажет:

1. Модулдің құрылысы және мазмұнымен алдын ала танысу, ондағы жаттығуларға талдау жасау, сабақ барысында қалай қолданудың мүмкіндігін ойластыру, қажет болған жағдайда жаттығуды түрлендіру, сонымен қатар жоспарланғанның бәрі орындалуға тиісті екенін ұмытпау. Бұған оқытушының түсініктемесі көмектеседі. Сонымен қатар оқушының білімі, біліктілігі мен шеберлігін бағалауға, олардың рухани ізгілік қасиеттерінің қалыптасуына қажетті: топпен жұмыс, көріністер, сұрақ-жауап, үй жұмысын орындау және т.б. әдіс-тәсілдерді қолдануға көңіл бөлу.

2. Оқу материалын талдау мен баяндауда жүйелілік пен сабақтастықты сақтау. Әрбір жаңа сұрақты өткенмен байланыстыру және олардың өмірдегі мысалдары арқылы бейнелеу. Бұл сабақты нәтижелі және қызықты өткізуге яғни олардың жай ғана ақпарат алуы емес, сұрақты жақсы түсінуіне әсерін тигізеді. Оқушылардың алдына оларды ойландыруға мәжбүр ететін сұрақтарды ойластыру қажет. «Жоқ» және «Иә» деген бір қалыпты жауап болатын сұрақтардан бас тарту.

3. Сабақ өткізгенде түсінікті де, анық баяндап жаттығу мен тапсырмаларды нақты түсіндіру.

4. Білім алушылардың көңілін сұрақтың негізіне (бағыттау) аудару.

5. АҚТҚ инфекциясы, ЖЖБИ жөнінде көбірек мағлұмат алу мен өмірлік тәжірибе жинау, білімдерін кеңейту мақсатында оқу-тәрбие үрдісінде: сұрақ-жауап, пікірлесу, топтық жұмыс және баға беру жұмыстарын кеңінен қолдану.

6. Оқушылар назарын сабақ мазмұнына аудару. Әрбір сабақ соңында шешім шығару: тақырыпты еске түсіру, осы сабақта қандай жаңа нәрсені білді, меңгергенін анықтап, оқушылардан алған ұсыныстары мен кеңестерін сабақта қорытындылау. Оқушыларды бірігіп шешім қабылдауға шақыру.

7. Болып жатқан әрекеттерге қызығушылығын арттыру үшін, қажет болған жағдайда әр түрлі сергіту ойын түріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға дайын болу. Бұл сергіту сәттері міндетті түрде белгілі басшылыққа алынған модуль бойынша ғана жүру қажет деген емес. Ойынды қажеттілігіне қарай қолдану.

Алайда, артық қолданса кері нәтижесін беруі мүмкін.

### **Оқытудың тиімді жаттықтырушылық тәжірибесінің болуы.**

Педагогқа тренинг сабақтарын жүргізу барысында өзінің тиімді оқытушылық шеберлігін көрсетуі өте қажет. Ең алдымен оқушылардың жаттықтырушы ретіндегі “Тең - теңімен” ұстанымымен жұмыс істейтіндерін, өз қызметтерінде сізден үйренген қарым-қатынас және де тағы басқа тәжірибесін іске асырғанын ескеру қажет.

### 1. Пікірталас бастау шеберлігі.

- Мазмұнды жауап қайтара алатындай тура сұрақтар қою.
- Сабақ тақырыбына сәйкес пікірталасты белгілі бір салада жүргізу.
- Әрбір қатысушының пікірталасқа қатысқанын қоштайтынын барлық оқушылардың сезінуіне әсер ету.

### 2. Тыңдау шеберлігі.

- оқушы ойын ұқыпты тыңдап, оның ұстанымын түсінуге тырысу;
- оның айтқанын түсінгеніңізді білдіру мақсатында, оқушы сөзін қайталау;
- сөйлегендерді демей. Бұл әрбір сөзімен келісе беру деген сөз емес, яғни оның ойын сыйлау.

### 3. Пайда болған үзілісті қолдану шеберлігі.

Кездейсоқ сабақ барысында пайда болған үзіліс, кейде жағымды әсер жасайды. Себебі бұл уақытта оқушы көргені мен білгені туралы өз бетінше ойлана алады. Ал егер үзіліс топ белсенділігінің төмен дәрежесінде болса, онда олардың “білім үрдісінен тыс” екенін көрсетеді, мұндайда оларға “қайталау” тәсіл тауып, әңгімеге шақырып, үзілісті жою тиіс.

### 4. Топтың өз шешімдерін қабылдауға дайындығы.

Оқытушы өте беделді болмауы тиіс. Оқушылар өздігінен мәселені шешу, шешім қабылдауда дербес болуы керек. Сонда олар өздеріне жүктелген міндетті түсініп, біліміне өзі жауап бере алатындай болады.

### Жағдайды (ситуацияны) бақылау шеберлігі.

Сабақта әртүрлі жағдайдың болуы мүмкін, оны оқытушы өзінің психологиялық-педагогикалық біліміне және өз тәжірибесіне сүйене шешуі тиіс. Бұл оның кәсіптік деңгейін көрсетеді. Жақсы шешілген жағдаят оқытушыға сабақты нәтижелі өткізуге мүмкіндік береді. Төменде әр түрлі жағдаяттар мен оны шешу жолдары мысал ретінде көрсетілген.

### 1. Оқушылардың оқытушымен пікір-таласқа келуі.

Көп жағдайда бұл жақсы көрініс. Оқушылардың еріктілігін және өз ойын жеткізе алушылығын көрсетеді. Екі жақты көзқарасты талдау арқылы, оқытушы оларды сын тұрғысынан ойлауға үйретеді. Талдау бұл бағалы құрал, соңында әрбірі өз шешімі мен өзіндік ойында қалса да, әркімнің ойын түсініп, сыйластықпен қарауға мүмкіндік беретін әдіс.

Дауға оқушылар дауласу мақсатында да қатысатынын ескеру керек. Бұл кезде дау ұзаққа созылып, уақытты да алып, жалықтырып жібереді. Яғни оқытушы осындай оқушыларды дұрыс қадағалап отыруы керек.

### 2. Топтың біраз оқушылары жалығып отырғандай.

Оқытушыға сабақ өткізу қарқынын, тақырыпты өзгертуі, әлде кішкентай жаттықтыру жұмыстарын немесе үзіліс жасауы керек. Оқытушы бұл жағдайда өз-өзіне мына сұрақтарды қоюына болады:

- Мүмкін мен осы көріністі немесе сергіту ойындарын аса көп қолдандым, қатысушылар онымен таныс шығар т.б.
- Оқушылар өмірі мен осы пән арасына пікір-талас аралыған екі жақты салыстыра алдым ба?
- Қаншалықты қайталау жасадым?
- Мен жеткілікті белсенді, немесе өте белсенді болдым ба?
- Сабақ өткізген орным ыңғайлы ма, бөлме тар емес пе, жарық пен температура режимі, желдетілуі т.б. талапқа сай ма?
- Топтағы оқушылардың тәртібіне, сабақтың өткізілуіне әсер ететін ішкі жағдайлар бар ма? (құрбылар арасында дұрыс қатынастың болмауы, стресс т.б.)

### 3. Ешкім қойған сұрақтарға жауап бермеді.

Бұл жағдайдан шығу үшін оқытушы өзіне бірнеше сұрақтар қоюы керек:

- Пікірталасқа барлық оқушы назарын аударды ма?
- Менің даусым анық естілді ме, ұғынымды айттым ба?
- Менің сұрақтарым жауапты қажет ете ме, яғни оларды ойландыра ала ма, “қалай”, “неге” сұрақтарынан бастала ма?
- Сұраққа жауап пен оған ойлануға жетерліктей уақыт беремін бе?

#### **4. Оқушылар толықтай пікірталасқа қатыспады.**

Кейбір оқушылар өз ойларын топта жеткізе алмайды, олар көбіне тыңдағанды жақсы көреді. Ондай оқушыларға топ назарын аударуға болмайды, жауап беруге мәжбүрлеуге де, біреудің берген жауабын толықтыруға ғана мүмкіндік беруге болады. Оқытушы әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде білуі керек.

#### **5. Пікірталасқа құқылы жеке оқушылардың монополизациясы.**

Сұраққа басқалардан жылдам әрі жиі жауап беретін өте белсенді оқушылар қатысады. Бұл сөзсіз, басқа оқушыларға жағымсыз әсер етеді. Яғни, бұл жерде өзге оқушылар өздерін бұл пікірталасқа қажетсіз деп сезінуін ескеру керек. Оқытушы өзіне сенімі аз оқушыларға өз ойларын жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс. Оқытушы барлығын тең дәрежеде ұстап, бәрінің жауап беру мүмкіншілігін шектемеулерін ойластыру керек.

#### **6. Егер пікірталас ұзаққа созылып кетсе.**

Егер пікірталас өзіне берілген уақыттан асып кетсе, мұны кемшілік деп есептемеу керек. Керісінше, бұл тақырып оқушыларды қызықтырып, өздерін еркін сезініп отыр деп түсіну керек. Бұл жерде оқытушы әрқайсысының көзқарасын тыңдап, пікірталас жүруін қадағалап отыруы тиіс. Лекция материалына қарағанда, пікірталас барысында оқушылар өздеріне алған білім мен идеяларды көбірек қажет етеді.

#### **7. Жеке әңгімелесулер.**

Егер оқушылар өзара жеке тақырыптарда әңгіме жүргізіп отырса, оқытушы олармен көзбен қатынас жасап, жақындауы қажет. Бұл қарапайым әдіс, жеке әңгімелерін тоқтатуға жиі көмектеседі. Әйтсе де, олардың жеке аумағын сыйлап, не айтып жатқандарын тыңдамай қалмау. Оқушыларды бірін-бірі сыйлап, пікірлерін айта алуға, бірін-бірі бөлмей, жарыспай сөйлеуге үйрету керек.

#### **8. Оқушылар өзара дауласып қалды.**

Егер екі немесе одан көп оқушылар дауласып қалса, оқытушы ешқайсысының көзқарасын қолдамау керек. Әдетте дауға түскендердің ойы мен көзқарасы бірдей болады, бірақ бір-бірін тыңдап, түсінісуге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда оқытушы әрқайсының көзқарасын түсіндіріп, екі жақтың бірін-бірі түсінгенін білуі керек. Егер дау заттық мәселеге байланысты туған болса, оқытушы бүкіл топты осы дауға араластыру керек.

#### **9. Оқытушыны оқушылар қабылдамады.**

Кейде оқушылар оқытушы көзқарасын қабылдағысы келмейді, оның ойымен санаспайды. Оқытушы бұл қарсылықтың себебін тауып, анықтап, оны шешу жолдарын табу керек.

## ҚОСЫМША А

АҚТҚ/ЖҚТБ туралы білім берудің сауықтыру бағдарламасы

Есеп (тексеру түрі) \_\_\_\_\_

Колледж (мектеп) аты \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

Қала \_\_\_\_\_

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

**1 бөлім – Білім**

**Жауап таңдаңыз**

**A** – келісемін

**B** – келіспеймін

**B** – білмеймін

1. АҚТҚ Адам қорғаныш тапшылығының қоздырғышы	A	B	B
2. ЖЖБИ арасынан ине мен шприцті бірігіп қолдану арқылы АҚТҚ берілу қауіпін тудырады	A	B	B
3. Адам тексерілмеген донор қанын құю арқылы АҚТҚны жұқтыруы мүмкін	A	B	B
4. АҚТҚ жұқтырған адам АҚТҚ жұқтырмау үшін өз жанұясынан алшақтатылуы тиіс	A	B	B
5. АҚТҚ көп адаммен жыныстық қатынас жасау арқылы жұғуы мүмкін	A	B	B
6. АҚТҚ организмнің қорғаныш жүйесін әлсіздендіреді	A	B	B
7. АҚТҚмен өмір сүретін адам, өз диагнозын құпияда сақтау немесе сақтамауын өзі шешеді	A	B	B
8. ЖҚТБ гомосексуалистер ауруы, өйткені ЖҚТБ көбіне гомосексуалистер арасында кең тараған	A	B	B
9. АҚТҚмен өмір сүретін адам жұмыс орнындағы кемсітулерден за түрде қорғануы керек	A	B	B
10. АҚТҚ тұрмыстық заттарды бірге қолдану арқылы жұғады (унитаз, орамал, қасық т.б.)	A	B	B
11. АҚТҚ/ЖҚТБ қараусыз және қамқорсыз қалған балаларға қатысты мәселе емес	A	B	B
12. АҚТҚ/ЖҚТБның алдын алу бағдарламалары бойынша білім беру мәселесі тек қана білім беру мекемелерінде жүргізілуі керек (колледж, ЖОО, мектеп)	A	B	B
13. Егер дөніңіз сау, мықты адам болсаңыз АҚТҚ жұқтыруыңыз мүмкін емес	A	B	B
14. Егер сіз АҚТҚ тестінен “теріс” қорытынды алсаңыз, онда ешқашан АҚТҚмен ауырмайсыз	A	B	B
15. АҚТҚ маса шаққанда және басқа қансорғыштар арқылы жұғады	A	B	B
16. АҚТҚ жұқтырған адам әлсіз және ауру болып көрінеді	A	B	B
17. Қазіргі таңда АҚТҚ емделмейтін ауру	A	B	B
18. Жастар АҚТҚ ауруына төтеп бере алады	A	B	B
19. ЖҚТБ эпидемиясын тоқтатуға болады	A	B	B
20. Бай адамдар АҚТҚ ауруына шалдығамын деп қорықпаса болады	A	B	B
21. АҚТҚ жұқтырған адам әскерге шақырылмай керек	A	B	B
22. АҚТҚ бар жүкті әйел өз ұрпағына ауыруын жұқтыра алады	A	B	B

23.Есірткі тұтынушы адам АҚТҚ-ға төтеп бере алмайды	А	Б	В
24.ЖҚТБ кедейлер мен сабалақтар ауруы	А	Б	В
25.АҚТҚ жұқтырған деген диагнозы бар адам «Тең-теңімөн» ұстанымымен білім беру және сақтандыру бағдарламаларында жұмыс атқаруына болады	А	Б	В
26.АҚТҚ ауыруымен ауыратын адам жанұясынан алшақтатылуы тиіс, сол жанұя мүшелеріне ауруын таратпау үшін	А	Б	В
27.Жауапты әрекет АҚТҚ ны жұқтыру мүмкіндігін жояды	А	Б	В
28.Ағзаның инфекция түскеніне жауап бермеуі, белгілерді сездірмеуі, бұл уақыт айналуын «терезе кезеңі» деп атайды	А	Б	В
29.АҚТҚ/ЖҚТБмен күресу үшін әр түрлі бірлестіктер, мемлекеттік деңгейдегі шешім қабылдайтын адамдар көмектесуге тиіс	А	Б	В
30.Көптеген дәрігерлер мен медбикелер, АҚТҚ ауыруына шалдыққан адамдарды қарау арқылы, кейін өздері де АҚТҚ-ға шалдығады	А	Б	В
31.АҚТҚны жұқтырған адаммен қол алысқанда, құшақтасқанда жұқтыруға болады	А	Б	В
32.Қарт адамдар АҚТҚ ны жұқтырмайды	А	Б	В
33. АҚТҚ мүшеқапты жиі қолданғанда жұқпайды	А	Б	В

## 2- бөлім – Қарым-қатынас.

### Жауапты танданыз:

1. Толықтай келіспеймін
2. Келіспеймін
3. Сенімсізбін
4. Келісемін
5. Толықтай келісемін

Пункт	1	2	3	4	5
1. АҚТҚ ауруын жұқтырып алмас үшін, біз бұл ауру туралы белгілі бір мағлұматтарды білуіміз қажет					
2. Соңғы бірнеше жыл ішінде адамдар ЖҚТБ-ға деген көзқарасын өзгертті					
3. Біз АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдарға түсінушілікпен және мейіріммен қарауымыз керек					
4. АҚТҚ инфекциясын жұқтырған оқушылардың мектепке келуіне рұқсат етілмеуі қажет					
5. Қоғамдағы әр түрлі ЖҚТБ эпидемиясы туралы ақпарат құралдарының мәліметтері адамдарды негізсіз шошытуы мүмкін					
6. АҚТҚ инфекциясын жұқтырған отбасылар мемлекет көмегіне жүгіне алады					
7. Біз ЖҚТБ диагнозы бар адамдарға көмек беретін түрлі іс-шаралар өткізуге қолдау көрсетуіміз керек					
8. АҚТҚ/ЖҚТБ сұрақтары туралы, отбасы мүшелерімен, достарымызбен талқылауға тиіспіз					
9. АҚТҚ-ны жұқтырған адамдар қоғамдық орындарда бола алады					
10. Салық төлеушілердің қаражаты АҚТҚ мен өмір сүретін адамдарға жұмсалуды мүмкін					

Пункт	1	2	3	4	5
11. Біз өмір сүріп жатқан қоғамда АҚТҚ, ЖҚТБ эпидемиясы туралы мәселелер қозғалуда					
12. Ең жақын адамдарыңа АҚТҚ инфекциясы деген диагноз қойылса, оларға көмек көрсетіп, мейіріммен қарауымыз керек					
13. Келер жылдарға біз АҚТҚ эпидемиясының таралу тенденциясын жобалай аламыз					
14. АҚТҚ-мен өмір сүретін, оларға күтім көрсететін адамдармен қол алысуға, құшақтасуға болмайды					
15. Ішімдік және тағы басқа тәуелділер АҚТҚ эпидемиясының таралуына әсер етуі мүмкін					
16. АҚТҚ инфекциясы деген диагнозы бар мұғалімдер мектепте сабақ беруге рұқсат етілуі тиіс					
17. АҚТҚ жұқтырған студент өз топтасымен бір партада отыра алады					
18. Біз дәстүрден тыс жыныстық қатынасқа бейім адамдарға өктемдік жасауға жол бермеуіміз қажет					
19. Біз АҚТҚны жұқтырған балалармен оқушылардың ойнауына тыйым салуымыз қажет					
20. АҚТҚ жұқтырған балаларға жеке мектептің болуы тиіс.					

## ОЙЛАНУ

**Оқытылатын жаттығу : “Өзіңді таны”**

**Уақыт:** 20 минут.

**Керек-құралдар:**

1. Бейдж түріндегі кесілген парақтарды (таратпа), фломастерлер.
2. Сипаттаушы сын есімдердің тізімі.
3. Өзі туралы мағлұматтық кесте.

**Дайындық:**

- Есімдерге арналған түрлі-түсті таратпалар әзірлеу.
- Адамдардың қасиеттерін сипаттау, тізім.
- Өзі туралы мағлұматтық кестені әзірлеу.

**Кіріспе**

Психологтардың тұжырымдауынша, түрлі музыкаға қарағанда өз есімдері жақсы естіледі. Осыны еске ала отырып, оқытушы топ оқушыларының атын жақсы білуі қажет, оқушы аттарын жиі-жиі атау керек. Есімдерін есте сақтауда сындық бейнелеу сөздерін қолдану, оқушылармен жақын болуға көмектесуі мүмкін. Бір-бірін жақсы білуі арқылы оқушылардың бірлесіп, топтық қасиет қалыптасуы мүмкін.

**Тапсырмалар:**

1. Оқушылардың қарым-қатынас жүйелеу дағдысын қалыптастыру.
2. Оқушыларға өзі туралы мәлімет және өзгелер туралы мәліметтерді айта білуге үйрету.
3. Өзара түсінісу мен өзгелердің сезімін қабылдау, өзара саналы түсінісу негізінде топпен бірігіп кетуіне көмектесу.

**Мазмұны:**

1. Оқушы есімдерінің сындық бейнеленуі.
2. Әрбір оқушы туралы мәлімет.

**Жұмыс барысы:**

1. Оқушыларға бейдждерді тарату. Әр оқушыға таратылған бейджге өз аттарын, есімдерін үлкен әріптермен жазу керек екендігін ескеру.
2. Өз аттарына мінездеме беретіндей екі немесе одан да көп айқындауыш есімдерін таңдау. Мысалы: Сәуле-қарапайым, Батыл-Сәуле, Алма-ұқыпты, әдемі-Қайрат, әдепті-Виктор, Ойшыл-Виктор, тәртіпті-Павел, көкірек-Гуля, келбетті-Гуля, ұрысқақ-Гуля т.б. яғни, айқындауыш есім оқушы есімінің бірінші әрпі қандай, сол әріптен басталуы керек.
3. Бір-біріне бетпе-бет 2 қатарға тұруды өтіну.
4. Қарама-қарсы тұрған оқушылар бір-біріне қарап екі немесе одан да көп айқындауышты өз атымен байланыстыра айтуы керек. Әрбір оқушы өзі туралы осындай қысқаша мағлұмат айту.
5. Әрбір оқушы өзі туралы мағлұматты оң және сол жақта тұрған оқушымен алмасуын өтіну.
6. Оқушылар өз орындарына отырады. Оқушылардан кім бес оқушыны қатыстыра мағлұматтарын айтып бере алатынын сұрау.

**Күтілетін нәтижелер:**

Бұл жаттығуларды орындағаннан соң, оқушылар бір-бірі туралы кем дегенде екі айқындауыш есімдерін қатыстыра отырып мәлімет айта алады.

**Оқытушыға ұсыныс:** Өз жұмысына қатысты есіміне байланысты айқындауыш есімдерін қатыстырып оқушыларға өзін таныстыру.

Оқытушыда өз есімі жазылған бейдж болуы тиіс.

*Жаттығу аяқталған соң, оқушыларға сұрақ қою.*

1. Жаттығудан кейінгі сезімдері қандай?
2. Бір-бірі туралы мәлімет сендерді жақындатты ма?
3. Көзқарастарың бойынша, өзіңді тану барысында суреттеме сын есімдер қандай рөл атқарады?
4. Нені үйрендіңдер, қандай мәлімет алдыңдар?

5. Жаттығуды орындау барысында ұжыммен қарым-қатынасың қандай?

**СЫН ЕСІМДЕР, ӨЗ-ӨЗІНЕ МІНЕЗДЕМЕ БЕРЕ АЛАТЫН СЫН ЕСІМДЕР**

Қабілетті, таңдаулы, белсенді, ұқыпты. т.б.

Жылдам, сөзшең, батыр, қамсыз т.б.

Өзімшіл, дөрекі, ашулы т.б.

Қайырымды, сенімді, ұқыпты т.б.

Көңілді, ойшыл, әдепті т.б.

Қамқоршыл, қызғаншақ, ызылдақ, қаһарлы т.б.

Ойнақы, сымбатты, бесаспап, алфавиттік тізімге сәйкес т.б.

**Оқытылатын жаттығулар №2 "Менің күтетінім"**

**Уақыт:** 30 минут

**Керекті-құралдар:** флипчарт, 2 қағаз, маркерлер.

**Дайындық:**

Алдын-ала екі үлкен қағаздарға жазылған жазуы бар парақшалар: қағазда: "Күтетінім" қағазда: "Жаңа білім, дағды, білік"

**Кіріспе:**

Оқытушы жаттығу жұмысының алдында оқушыларға кіріспе сөз айтуына болады, ол төмендегідей түрде болуы мүмкін.

Сіздер, өз тәжірибелеріңізден және айналадағыларыңыздың тәжірибесінен, өмір - бұл қайтымсыз оқу процесі екендігіне көздеріңіз жеткен шығар. Біздің әрқайсысымыздың білетініміз аз емес, бірақ үйренуге ашық болып, ол үшін талаптанатын болсақ біз әлі де көп нәрсені үйренуімізге болады. Біз әрқашан ата-анамыздан және туыстарымыздан, оқытушылардан, құрбыларымыздан және т.б. үйренуді жалғастырамыз. Бүгін сіздерге өз білімдеріңізді толықтыруға, жаңа шеберлік пен дағды қалыптастыруға тағы да бір мүмкіндік туды. Сіздер әр сабақтан өз тәрт-ібіңізді қалай өзгертуді ойлап қандай білім, дағды, шеберлік алғыларыңыз келеді, не күтетініңіз туралы ойланып көріп, өз ойларыңызды жүйелеп, сыртқа шығарып айтуға дайындалыңыз.

**Тапсырмалар:**

1. Оқушыларда оқылып жатқан материалға қатысты өз мүмкіндіктерінің қажеттілік деңгейін білу

2. Осы жаттығу барысында қандай білім, білік дағдыларын қалыптастырды?

**Мазмұны:**

1. Оқушылардың оқудан күтілетін нәтижесін сипаттау.

2. Алған білім, білік, дағдыларын негізге сүйене жүйелеу.

3. Күтілетін нәтиже туралы ойы.

**Жүргізу барысы:**

1. Оқушыларды бес оқушыдан топқа бөлініп және топ ішінде көшбасшыны сайлауды сұраңыз.

2. Осы жаттығулар барысында әр топқа ой қозғау тапсырмасын орындауда қандай жаңа білімді, білікті, игергілері келетінін бірге талдап, әр топ қағазға тізімін жазу.

3. Топ көшбасшылары бірігіп 3-5 минут уақыт өткеннен кейін, бір-бірінің жазуын салыстыру. Әр топқа өз тізімін толықтыруды тапсырыңыз.

4. Көшбасшылардың қағазды оқуын өтіну:

1) "Күтілетін нәтиже"

2) "Жаңа білім, білік, дағды"

5. Әр топ қағаздарын тақтаға ілу. Бұл тапсырмалар жаттығу аяқталғанша ілініп тұруы тиіс. Оқу кезеңінде оқтын-оқтын оған қарап тұруға болады.

**Баға:**

Баға беру талқылау барысындағы кері байланысқа негізделеді

1. Қатынасушылардың күтілетін нәтижесін тыңдау.

2. Қандай жаңа білім, білік, дағды, шеберлік алғысы келетіндерін сұрастыру.

3. Оқыту тапсырмалары мен күтілетін нәтижені салыстыру.

**Оқытушыға ұсыныс:**

1. Талқылау барысында оқушылардың пікірлеріне назар аударыңыз.
2. Оқушылармен сабақтан күтетін ойыңыз туралы бөлісіңіз.
3. Дайындық кезеңінде төменгі етістіктерді қолданыңыз.

**Танымдық және дайындық үрдісінде қолданылатын етістіктер**

Етістіктің мағынасына қарай таным процесінің әр деңгейінде қолданылады.

1. Білім		2. Түсіну/игеру	
Ақпаратты қайталау		Өз сөзімен ақпаратты қайта айту	
Айқындау, анықтау	Есепке алу	Топтастыру	Білу
Қайталау	Білу	Суреттеу	Есеп беру
Белгілеу	Қарым-қатынаста болу	Түсіндіру	Қайта жүйелеу
Әрлеу	Еске түсіру	Айту	Көру
Сай болу	Қайталау	Белгілеу	Таңдау
Есте сақтау	Қайталау	Орналастыру, түсіндіріу	Сөйлеу, аудару
3. Мәлімдеме		4. Талдау	
Жаңа жағдайда өз біліміңді қолдан немесе қорытынды жаса		Біліміңді бөлімдерге бөл, бөлімдер арасындағы байланысты анықта	
Қарата сөйлеу	Әрекет жасау	Талдау жасау	Жекелеу
Талдау	Дайындау	Хабарлау/хабар беру	Кемсіту
Анықтау	Машықтау	Санау	Айыру
Көпшілікті көрсету	Жазып алу	Кесімді іс-әрекет	Емтихан алу
Қабылдау/ жұмыс ұсыну	Жалпы сипаттап суреттеу	Салыстыру	Тәжірибе жасау
Бейнелі көрсету	Шешу	Құрастыру	Суреттеу
Қайта көрсету	Қолдану	Сынау	Сұрау, тестілеу
5. Жинақтау		6. Бағалау	
Қарым-қатынасты құрастыра отырып, жеке бөлімдерді бір-біріне қосып, жаңа жағдай жасау		Сыналған ұсыныстарға сүйене отырып, шешім қабылдау	
Орнату	Басқару	Хабарландыру	Бағалау
Шақырту	Ұйымдастыру	Бәстесу	Шешу
Жинау	Жоспарлау	Бағалау	Болжау
Құрастыру	Дайындау	Басу	Бағалау
Жинақтау	Ұсыну	Талдау	Белгілеу
Жасау	Орнату	Салыстыру	Іріктеу
Үлгісін жасау	Жинақтау	Қорғану	Жәрдемдесу
Жинақтау	Жазу	Есебін шығару	Бағалау

**Мінез-құлықты білдіретін етістікті таңдаңыз**

*Макнил және Вилес (1990). Оқытудың негізі: киімдер, жоспарлар, әдістер. Нью-Йорк баспахана Максимилиан.*

Төменде берілген 6 етістіктің түрлерінен мінез-құлықты немесе тәртіпті білдіретін түрлерін таңдаңыз.

**1. Креативті мінез-құлық**

Өзгеру, жалпылау, қайта топтастыру, ауыстырып айту, қайта көшіру  
Сұрау, өзгерту, қайта жасау, атын өзгерту, қайта түрлендіру, жеңілдету.  
Жасау, мазмұнын айту, қайта сұрыптау, қайта құру, қайталау, жүйелеу.  
Талпыну, өшіру, ұстау, жұлу, тырнау, жинастыру, қайталау, жүйеге келтіру.  
Өшіруге талпыну, ұстап алу, ажырату, тырнау, қайталау.

## **2. Шектелген мінез құлық**

Қорғану, бағалау, қорытындылау, орнын басу, шыдау, қашу, ұялу, тиісу, байланыстыру, төлеу, кекештену, сақтау, бастау, жұмыс істеу, тығылу.

Әкелу, аяқтау, орналастыру, шығару, бөлісу, қосу.

Сатып алу, жақын келу, басқару, ұсыну, шиеленісу, алу, келу, құру, қарыз беру, қамсыздандыру, ату, жындану.

Аяқтау, лақтыру, рұқсат беру, жинау, қысқарту, жақындау.

Түзету, алу, жарықтандыру, көтеру, қазу, тырысу.

## **3. Қисынды мінез-құлық.**

Талдау, қиыстыру, кереғарлау, көрсету, түрлендіру, жоспарлау, анықтау, пайда болу, құру-бағалау, өткізу, сақтау, ашу, жіктеу, кеңес беру.

## **4. Айыптайтын мінез-құлық.**

Бағалау, салыстыру, сынау, ұялту, дәлелдеу.

Құлау, айыптау, сақтау, қаптау, жырту, нығайту, иірімдеу, насихат беру, қолдамау.

Талпыну, кеңейту, қосу, нығайту, жіберу, қарау, ұзату, ақпарат беру ұстаным қызмет ету, жабдықтау.

Бастау, сезу, қатысу, тігу, тірек болу, байқау, ескертуге тыйым салу.

## **5. Кемсіту мінез-құлқы.**

Талдау, суреттеу, кемсіту, анықтау, жазып алу, жайғастыру, жек көру, қашу, ұру, шығарып жіберу, жою.

Жинау, байқау, жек көру, табу, оқшаулау, елемеу, шығару, тыйым салу.

Анықтау, ажырату, тану, тіркеу, реттеу, тандау, бұрмалау.

## **6. Әлеуметтік мінез-құлық.**

Қабылдау, жауап беру, қарама-қарсы әсер ету, кешіру, күлу, жауап беру.

Жіберу, бөстесу, билеу, күтіп алу, құттықтау, күлімдеу, келісу, көмектесу, қатысу, сөйлесу, бірлесе жұмыс істеу.

Жәрдем беру, құрастыру, талқылау, бір-біріне әсер ету.

Тапталу, беру, істеу, қатынас құру, жабу, айналдыру, жаншу, жуу, жөндеу, жамау, білдіру, басу.

Дамыту, басқару, сағыну, қайталау, сырғанау, қолдану.

Тарату, ұстау, ұсыну, қайтару, қимылдау, дауыс, беру, жасау, хабарлау, ашу, атта шабу, таратылу, байқау.

### Шағын ашық сабақтың өткізілуі.

1. Оқушыларды шағын 3 топқа бөлу.

- Бірінші - шағын топ мұғалім есебінде сөйлейді
- Екіншілері - оқушылар есебінде
- Үшіншілері - байқаушылар ретінде оқу үрдісін бағалайды.

2. Әр топтың рөлін анықтау

- 1-топ. Оқытушы алдыңғы және жалғастырушы сабақтарда байқаушылармен екі кездесу өткізіп, оқу жоспарын дайындау керек.
- 2-топ. "Оқушылар" ойландыратын сұрақтарды сабақ барысында белсенді қойып отыруы керек.
- 3-топ. "Байқаушылар" сабақ барысында бағалау түрлерін қолдану керек, сонымен қоса кездесулерге белсенді қатысып отырулары керек. (қосымша Д қараңыз)

3. Топтық жұмысты қорытындылауға оқушыларды рухани марапаттауды қолдану қажет.



**Байқау қағазы**

- АҚТҚ-тың алдын-алу тақырыбы \_\_\_\_\_  
 Сабақты дайындаған мұғалім \_\_\_\_\_  
 Сабақтың аяқталуы \_\_\_\_\_  
 Сабақтың басталу уақыты \_\_\_\_\_  
 Бақылаған адамның аты-жөні \_\_\_\_\_

**Нұсқау**

- Төмендегі шкалаларды қолдана отырып, сабақтың әр білімін бағалаңыз:  
*Жаман-1 кішкене жақсы-2 орташа-3 жақсы-4 өте жақсыға-5*
- Өз түсініктемеңіз бен ұсынысыңызды беріңіз.
- Төмендегі кестені баға мен түсініктеме/ұсынысыңызға (қолданыңыз).

1.Міндеттер	Бағалау	Түсініктеме/ ұсыныс
1. АҚТҚ және ЖҚТБ-ға анықтама беріңіз		
2. АҚТҚ инфекциясының кезеңдеріне тоқталу		
3. АҚТҚ -ның жұғу жолдары мен жұқпау жолдарын түсіндіру		
4. Қандай әрекет АҚТҚ-ның жұғу қауіпін төмендететінін анықтаңыз		
5. АҚТҚ/ЖҚТБ қарсы тұруға қасиетті дағдыларды белгілеңіз		
2. Түрлері мен әдістері	Бағалау	Түсініктеме/ ұсыныс
А. Бейнематериалдарды көру		
Б. Топта талқылау		
В. Қортындылау		
Г. "Қорғаныш пиджагі" ойыны (модуль-3 қара)		
3. Бағалау	Бағалау	Түсініктеме/ Ұсыныс
А. Келісемін, келіспеймін		
Б. Түсіндіріңдер, неге?		

**Сабақты (тренинг) бағалау сауалнамасы.**

Аты (жазу аса міндетті емес) \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_  
 Сабақ өткізілген мекеме \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Құрметті оқытушы,

Сіздің жауаптарыңыз, ұсыныстарыңыз келесі сабақтарда (тренингтің) білім сапасын одан ары жақсартуға көмегін тигізеді, сондықтан бағалау анкетасын (тренингтің) толтыруыңызды өтінеміз.

**1-бөлім.** Келесі көрсетілген кестеде 5 баллдық жүйемен сабаққа (тренинг) баға беруіңізді өтінеміз.

Пункттер	1	2	3	4	5
1.Сабақ тақырыбының маңыздылығы					
2.Сабақтың ұйымдас тырылуы (тренингтің)					
3.Оқытушы қойған міндеттердің маңыздылығы					
4.Сабақ материалының қойылған міндеттермен сәйкестігі					
5.Оқушылар тобын игеруде оқытушының жұмысы					
6.Білім беруде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі					
7.Сабақ барысындағы оқушылардың белсенділігі мен олардың қызығушылығы					
8.Оқушылармен бірге отырып сабақты қорытындылау					
9. Сабақ барысындағы оқушылардың білім және іскерлік деңгейі					
10. Сабақты (тренингті) жүргізу талаптары					

**2 бөлім.** Келесі сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз.

1. Бес пункттің ішіндегі сабақтың (тренингтің) қайсысы ең негізгісі деп айтар едіңіз: Оларды сипаттаңыз \_\_\_\_\_

2. Сабақтың (тренингтің) қай кезеңдері жетістікке жете алмады, түсіндіруіңізді өтінеміз.  
 \_\_\_\_\_

3. Сабақтың (тренингтің) жетістікке жетуі үшін қандай кеңес берер едіңіз? \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

## 2-БӨЛІМ

### ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ



**Кіріспе**

Әлемде шамамен 1,2 миллиард жасөспірім бар. Оның 87% дамушы елдерде тұрады.

Балалар мен жастар - біздің болашағымыз, олар өмір жайлы білуі және АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясы тәрізді келеңсіз құбылыстарға қарсы тұруды үйрету мәселелері бойынша сәйкес білімдер алуы қажет етеді. Бағаланған мәліметтерге қарағанда әлемдегі 15 жастан аспаған 13 миллионнан астам балалардың екеуінің бірі әке-шешесін жоғалтқандар, яғни олардың ата-аналары ЖҚТБ ауруынан көз жұмғандар. Әрбір 14 секунд сайын жастар АҚТҚ жұқпалы ауыруын жұқтырғандардың жартысын құрайды. Бұл дерт жыныстық қатынас арқылы жұғады, жастардың көпшілігі қажетті ақпараттарды білмейді, олар тәртіптеріне жауапты болуға әлі де болса үйрене қоймағандар. Алдын алу бағдарламаларын жүргізуге және белгілі бір табыстарға жетуге деген қызығушылық эпидемияның тарауын азайтуға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерінде қатерлі дерт жылдам тарауда.

Айтарлықтай зардап шегуші елдер Ресей Федерациясы, Украина мен Балтық елдері (Эстония, Латвия мен Литва). Бір мезгілде АҚТҚ дерті Қырғызстан мен Өзбекстанда дами бастады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы АҚТҚ дертінің басым көпшілігі жастардың арасында таралуда, әсіресе есірткіні пайдаланушылардың арасында. Мәліметтерге қарағанда халықтың 1 пайызына дейін осы елдерде есірткілерді ине арқылы пайдаланып, өзін және өзінің жыныстық әріптестерін үлкен қатерге тігуде. Олардың 25 пайызын 20-ға толмаған жастар құрайды. Дерттердің көпшілігі ерлер, дегенмен қазіргі кезде АҚТҚ дерті әйелдер арасында да кеңінен тарауда. Мұндай сыртқаттар тіпті анадан балаға да таралуда. Жағдай жыныстық қатынас арқылы да ұшығуда. Олар жыныстық қатынас кезінде сақтандыру шараларын пайдаланбайды.

Бұрынғы ТМД елдерінің арасында Орталық Азия бойынша Қазақстан АҚТҚ дерттері тіркелу жағынан бірінші орындардың біріне иеленеді.

Республикада 2006жылдың 1қаңтарына дейін 5567 АҚТҚ дертін жұқтырғандар тіркелді, соның ішіндегі 41 баланың жасы 14-ке әлі де толмаған, 156 (9пайыз) 15-тен 19 жасқа дейінгі балалар. Жұқтырғандардың жалпы санынан 332 ЖҚТБ-мен ауырады, соның ішінде 2 баланың жасы әлі 14-ке толмаған. АҚТҚ дертін жұқтырғандардың 33 мектеп жасындағы балалар, 79 - колледждер мен жоғары оқу орнының студенттері. Республика бойынша ЖҚТБ сырқатымен ауырып қайтыс болғандардың саны 281-ді құрайды.

Қазіргі кезде АҚТҚ сырқаты республиканың барлық аймақтарында тіркелді. Тіркелгендердің көпшілігі Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай және Алматы қаласында. Олардың 76 пайызы есірткі арқылы жұқтырғандар. Мәліметтерге қарағанда Қазақстанда 200 мыңнан астам ЕИТ және 20 мыңнан астам секс жұмыскерлері. Жыныстық жолмен жұқтырғандарға 13,3 пайыз келеді.

Мамандардың мәліметтеріне қарағанда АҚТҚ/ЖҚТБ республикада шоғырланған сатыда тұр.

Міне сондықтан да бұл дерт жаппай тарамас үшін дерт кезінде алдын алу шараларын жүргізудің өзіндік артықшылықтары бар.

**Басшылықтың екінші бөлімі** АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша 11 үйрету модулі алдын алу бағдарламаларынан тұрады. Үйрету әдісі оқушыларды ойландырып, жаңа идеялар оятатын жұмыстардың түрлері мен әдістерін қамтиды. Оқу материалы, үйрету үлгілері мынадай сұрақтарға жауап алатындай деңгейде дайындалған:

- Қалай үйрену?
- Қалай шешім қабылдау қажет?
- Не істеу керек?

Осы үлгілердің негізінде оқытушы оқушылармен бірге үйретудің әр түрлі әдістері мен түрлерін пайдалана отырып, алдын алу жұмыстарын іске асыруға болады.

Оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру мақсатында осы үйрету әдістері АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ бойынша алдын алу бағдарламаларын жүзеге асырушы оқытушыларға көмек үшін жасалынып отыр.

Әрбір модуль мына құрамнан тұрады:

- Нөмірлеу және атауы
- Уақыт (үйренуге кеткен орташа уақыт: 1 академиялық сағат 45 минутқа тең болады)
- Хабарлау
- Шолу
- Міндеттер
- Мазмұны
- Үйрету жаттығулары
- Қорытынды жасау
- Оқытушыға кеңес
- Әдістер логикалық реттілікпен берілген

Толыққанды курсты жүргізу үшін оқытушыға оқушылармен осы Нұсқауда көрсетілген үлгілердің бірін қалдырмастан басынан аяғына дейін жүргізуге кеңес береді.

Осы Нұсқауда 11 модуль ұсынылған:

- |            |  |
|------------|--|
| 1-Модуль.  | Ер жету. Жас өспірімдердің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері.   |
| 2-Модуль.  | Жыныстық қатынас жолымен берілетін күтпеген жүктілік және инфекциялар.                   |
| 3-Модуль.  | АҚТҚ/ЖҚТБ туралы негізгі мәліметтер  |
| 4-Модуль.  | АҚТҚ/ЖҚТБ терті және оның әсері  |
| 5-Модуль.  | АҚТҚ/ЖҚТБ және есірткі пайдалану   |
| 6-Модуль.  | АҚТҚ/ЖҚТБ және адамның құқығы  |
| 7-Модуль.  | АҚТҚ-ны жұқтырған адамдарға көмек көрсету және оларды қолдау                             |
| 8-Модуль.  | АҚТҚ/ЖҚТБ дерттерімен таралуына қарсы күреске қоғамды тарту                              |
| 9-Модуль.  | Оқу-білім беру үрдісіндегі АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша үйрету сауықтыру бағдарламаларын жетілдіру. |
| 10- Модуль | Өмірлік дағдыға үйрету.  |
| 11- Модуль | АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша алдын алу бағдарламаларына мониторинг жүргізу және бағалау.            |

## МОДУЛЬ 1

ЕР ЖЕТУ. ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АНАТОМИЯЛЫҚ,  
ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Осы модульді оқулыққа енгізу жасөспірімдердің анатомиялық және психологиялық ерекшеліктерінің мәселелері бойынша келешек мұғалімдердің білім деңгейлерін көтеру қажеттілігінен туындап отыр. Бұл білім жеткіншектердің дұрыстап түсінуін жағдай жасайды. Бұдан басқа да, әрбір оқытушы оқушылардың денсаулықты сақтау мен нығайтуға байланысты қойған сұрақтарына анық жауап беруге дайын болуы тиіс.

Білім алу барысында оқушыларды ыңғайсыздық тудырмау мақсатында ер балалар мен қыз балаларға бөлек сабақ жүргізген дұрыс.

**Уақыты:** 4 академиялық сағат

### **Хабарлау**

Жасөспірімдер (ДДҰ анықтауларына қарағанда 10 мен 19 жас аралығындағылар жасөспірім болып табылады) балалық шақтан ересек шаққа көшуге байланысты сезімдік, физикалық, әлеуметтік және ақыл-ой жағынан күрделі өзгерістерді бастарынан кешіреді. Бұл кезең-жыныстың жетілу кезеңі деп аталады. Ересек тарта бастаған жасөспірімдерге жыныстық жетілу тұрғысынан ақыл кеңестер берген жөн. Көптеген жасөспірімдер осы кезеңде өздерін ыңғайсыз жағдайларға соқтырып, өз-өзіне сенімсіздік таныта бастайды. Жыныстық жетілу жағынан білімдерінің таяздығынан оларда мазасыздық туындайды. Ересек адамдардың міндеті өткінші кезеңдегі анатомиялық - физиологиялық және психологиялық өзгерістері туралы, жыныстық қатынастар жөнінде дұрыс, сенімді де түсінікті ақпараттар беруі тиіс.

### **Шолу.**

**Жасөспірім кезеңі** - бұл қиын өткінші кезең болып табылады. Физикалық өзгеріс-тек ересектену барысының бір бөлігі ғана. Бір мезгілде жасөспірімдер көптеген әлеуметтік және психологиялық мәселелерге ұшырай бастайды, өз құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйренеді, этикалық ұстанымдарды әзірлейді, ақыл-ой жағынан жетіледі, жеке және ұжымдық жауапкершілік сезімдерін сезіне бастайды. Осы кезде жасөспірім қалыптасып келе жатқан жыныстық жағындағы мәселелерді шешуі тиіс, атап айтқанда жаңа жыныстық сезімдерге бейімделеді, жыныстық белсенділіктің әр түрлі үлгілеріне араласады, оянып келе жатқан махаббатты сезіне бастайды.

Көптеген жасөспірім осы кезеңде ыңғайсыздық пен сенімсіздікті байқайды. Екінші жағынан жасөспірім кезеңі - бұл ашық та айқын уақыт, физикалық даму, ақыл-ой және сезімнің жетілуімен, өз үйлесімін табады және де еркіндікті сезінеді. Жасөспірім кезеңі - бұл тек қорқыныштар мен сақтанудың кезеңі ғана емес, сонымен қатар алып-ұшып тұрған уақытты сезіну болып табылады.

Жасөспірімдік жастың қарама-қарсылығы - бала ересек мәртебесін және ересектік мүмкіндік алуға ұмтылады, мұнымен қоса ересектік жауапкершіліктен қашпайды. Жасөспірімдер көбінесе ата-аналарының айтқандары дұрыс болған күннің өзінде де, олардың ескертулері мен өмірлік тәжірибелерін қабылдаудан бас тартады, оның өзін жеке тамаша және қайталанбас тәжірибе алғысы келеді, өздері қате жасап, сол қателеріне қарай үйренгілері келеді. Осы жасқа тән нәрсе - өзінің белгілі жасөспірімдік ортада жеке еңбектерін мойындауға ұмтылуы.

Жасөспірімдік жастың қарбалас табиғаты әсіресе жыныстық салада қатты байқалады. Жыныстық жетілуі қалыптасу барысында жасөспірім көптеген мәселелер жөнінде ойланып, толғанып, тұтастай нақты мәселелерді шешеді:

1. Ол ересектенуіне қарай сыртқы келбетінің қалай өзгергендігін, айналадағылардың көзімен қарағанда шынында өзінің қандай және кім екендігін білгісі келеді.
2. Ол өзінің жеке тәнін, жыныстық қабілеті мен реакцияларын таниды.
3. Онда белгілі бір жыныстың бар болуы туралы пікір қалыптасады, ол өзінің жыныстық ролін ойнай бастайды.
4. Ол сүюді және жыныстық қатынасқа түсуді үйрене бастайды.
5. Оның жыныстық құндылықтарының жеке бір жүйесі қалыптасады.

Төмендегідей нәрселерді айту ересектер үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады:

Физикалық өзгерістер не үшін болады?

Өзіндік эрекция неге болады?

Неге мен қарама-қарсы жыныс үшін тартымды бола бастадым т.б.?

Ересек адамдардың көпшілігі мұндай мәселелерді ашық талқылауға әзір емес.

Нәтижесінде ақпараттардың көздері достары, құрдастары, теледидар, кинофильмдер, журналдар мен жеке қиялдары бола бастайды. Көбінесе бұл жеткілікті ақпараттар алуға соқтырады, сонымен қатар мұндай нәрселер АҚТҚ/ЖҚТБ алдындағы әлсіздікке әкеледі.

Жыныстылық адам ғұмырының барлық кезеңінде дамып өзгеріп отырады. Жеткіншек жасты түсінбеушілік және әбіржулердің көпшілігі жыныстық мәселелер жөніндегі әдепсіздік немесе хабардың жетіспеушілігінің нәтижесінде туындайды. Ата-аналардың ыңғайсыздық сезімдерін жеңуі қажет, сондай-ақ жастарды ашық әңгімеге тартуы қажет, өздерінің ересектік тұрғысынан түсініктемелер берулері тиіс.

**Міндеттер:**

1. Жеткіншек кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық өзгерестерімен танысу.
2. Жеткіншек кезеңіне тән психологиялық өзгерістерімен танысу.
3. Жыныстық қатынас пен жыныстылық және жыныстық тәртіпке байланысты дұрыс түсініктерді талқылау.
4. Жыныстық қатынас пен жыныс құмарлықты түсіндіру.
5. Қауіпсіз және қатерлі тәртіптерді түсіндіру.

**Мазмұны:**

1. Жас өспірім кезеңі
2. Жыныстық жетілуі
3. Өнімді жүйе
4. Жыныстық қатынас пен жыныстылық және жыныстық мінез-құлық
5. Жыныстық қатынас пен жыныстылық және жыныстық мінез-құлық ұғымымен байланысты теріс пікірлер.

**Үйрету жаттығулары:**

1. Жыныстық жетілуі. Ерлер мен әйелдердің өнімді көбею жүйесі.
2. Жыныстық қатынас және жыныс құмарлық.
3. Аңыздар мен ақиқаттар.
4. Бой жаздыру ойындары.

**Қорытынды жасау.**

Өткен материалдар мен алған білімдерді бағалауды нығайту үшін оқытушы мынадай сұрақтар қоюлары қажет:

1. Жасөспірім кезеңде қандай өзгерістер болады?
2. Ересектенуге байланысты қандай мәселелер болуы мүмкін?
3. Жас өспірімдерге қандай психологиялық ерекшеліктер тән?
4. Жыныстық қатынас дегеніміз не?
5. Қатерлі тәртіп дегеніміз не?
6. Неге жасөспірімдер қатерлі тәртіптерге тәжірибе жасайды?
7. Жыныс қатынасы туралы қандай теріс, яғни дұрыс емес ойлар болуы мүмкін және неге?

**Оқытушыға ұсыныс:**

Сабақ кезінде 1.4. жаттығуын қолданып, жаттықтыру ойынын жүргізіңіз.

## 1.1 ЖАТТЫҒУ

**Жыныстық даму.** Әйелдер мен еркектердің репродуктивті жүйесі.

**Уақыт:** 2 академиялық сағат

**Көрнекіліктер:** флипчарт (қағаздың үлкен беті), маркерлер, түрлі түсті карандаштар, әйелдер мен еркектердің жыныс мүшелерінің орналасуы туралы сызба нұсқалар, кесте “Әйелдер мен еркектердің репродуктивті жүйесі” (ресурсты материалды қарау).

**Міндеті:**

1. Оқушыларды әйелдер мен еркектердің жыныс мүшелерінің орналасу жүйесімен таныстыру.
2. Оқушыларды қыздар мен ұл балалардың жыныстық даму кезінде жүретін өзгерістермен таныстыру.
3. Жеткіншектердің жыныстық дамуы туралы мәселелерін талқылау.

### Жүргізу барысы:

1. Оқушылардан екі топқа бөлінуді, яғни қыздар мен ұлдар тобына бөлінуін сұрау. Топтар әр түрлі бөлмелерде немесе бөлме бұрыштарында жұмыс істеуі қажет (1 академиялық сағат).

2. Топтық жұмыс үшін, әр топ қолдарына маркер мен флипчарт алуды сұрау.

3. Топтық тапсырманың мақсаты әйелдер мен еркектердің жыныс мүшелерінің сызбасын сызу екендігін түсіндіру, сызда адамның 10 жасқа толғаннан бастап болған тұлғаның өзгерістерін көрсету қажет.

4. Топтағы әйелдер еркектердің немесе еркектер әйелдердің жыныс мүшелерінің сызбасын сызғаны жақсы.

5. Адам тұлғаның сызбасын жасауда біреулеріне флипчарт қағазының бетіне жатуын өтініп, оны контурлы сызықпен жүргізсең немесе оны тұрған бойында жасау өте оңай. Адам тұлғасының сызбасын жасауда киім ескерілмейтінін естен шығармау керек.

6. Сызбада белгіленген тұлғаның медициналық терминдермен жазудың қажеті жоқ екендігін, көпшілік қолданыстағы сөздерді қолдануға болатындығын түсіндіру.

7. Сонан соң әрбір топ өкілі сызылған сызбаны көрсетуі қажет. Оларды тақтайға немесе еденге қойып және оның айналасына топтастыру керек.

8. Таныстырушы сызбаны қолдана отырып тұлғаның өзгеруін ерекшелеп және оған нақты түсінік береді.

9. Адам тұлғасы сыздағы еркектер мен әйелдердің жыныс мүшелерін салыстыруға боялған сызбаны қолдану мүмкіндігін пайдаланған дұрыс. Ал альтернативті вариант негізінде, осындай сызбаны тренинг өткізгенге дейін өзіңіз дайындап қоюыңызға немесе сатып алуға болады.

10. Топта төмендегі сұрақтарды талдауға 30 минут беріңіз:

● Сіз адам тұлғасының сызбасын жасағанда қандай сезімде болдыңыз? Сіз неге бұл сезімде болдыңыз?

● Сіз анатомия және репродуктивті жүйенің физиологиясын немесе жыныстық мүшелердің дамуы туралы басқа қатысушылармен талқылағанда өзіңізді қалай сезіндіңіз? Неге?

● Ең алғаш рет сіз қашан өз денеңіздің өзгергенін байқадыңыз? Өзіңді қалай сезіндіңіз?

● Сіз өзіңіздің тұлғаңыз бен өзіңіздің сыртқы пішініңіз туралы қандай ойдасыз? Неге?

● Сіз өзіңіздің сыртқы пішініңіз туралы достарыңызбен әңгімелестіңіз бе?

● Сіз болып жатқан өзгерістер туралы үлкендермен әңгімелесіп көрдіңіз бе? Неге?

● Сіз пубертаттық кезең туралы сұрақтар мазалады ма және сіз оларға жауапты қайдан таптыңыз? Ол туралы кіммен сөйлестіңіз?

● Сізді қарама-қарсы жыныста болып жатқан өзгерістер туралы сұрақтар қызықтырды ма? Қандай сұрақтар сізді мазалады және ол сұрақтарды кіммен талқыладыңыз?

● Сіз адамның репродуктивті жүйесінің мүшелері туралы қандайда бір тұжырымдамалар білесіз? Егер білсеңіз, қандай?

● Сіз қарама-қарсы жыныс туралы қандай ойдасыз? Неге?

● Неге өзіңіздің немесе қарсы жыныстық репродуктивті жүйе қызметтері туралы білу маңызы неде?

### Бағалау:

1. Адамның репродуктивті жүйесінің сызбасын білудің маңызы неде?

2. Организміңіздегі өзгерістер сіздің өміріңізге қандай жақсылық әкелді?

### Оқу нәтижелері:

1. Оқушылар адамның репродуктивті жүйесі туралы, анатомо-физиологиялық өзгерістер, жеткіншектерге тән кезең, қыздар мен ұл балаларға тән жыныстық дамудың ерекшеліктері туралы білімдерін бекітті немесе жаңа білімдер қосты.

2. Оқушылар жыныстық даму. Жыныстық туралы сұрақтарды талқылау туралы дағды алды.

### Оқытушыға ұсыныс

Көріністерді аралас топтарда жүргізуге де болады. Бірақ, оқушылар жиі ұялады немесе олардың ата-аналары репродуктивті денсаулық жөніндегі сұрақтар жөнінде бірлесіп оқуға

қарсы. Мұндай жағдайда оқытушы сабақты қыздарға бөлек, ұлдарға бөлек өткізе алады. Осы тақырып бойынша медицина қызметкеріне сабақ өткізуді сұрауға болады. Бұл жағдайда оқушыларға осы тақырыптағы сұрақтарын алдын ала дайындауды сұраңыз.

Бұл жаттығуға барлық топтың қатысуына болады және оқушылардың білімін, олардың сезімін бағалауға, осы тақырыпта әңгімелесуге рұқсат алады. Қорытынды шығарсақ, ресурстық материалдарды қолданыңыз. Оқушылардың назарын жыныстық даму кезіндегі өзгерістерге аударыңыз. Бұл дағдылы процесс және әркімде ол әр қалай өтеді. Қатысушылардың осы тақырып бойынша сұрақтары бар ма, сұраңыз.

## 1.2 ЖАТТЫҒУ

### Жыныстық қатынас пен жыныстылық

**Уақыт:** 1 академиялық сағат

**Көрнекіліктер:** карточкалар, фломастерлер, флипчарт (немесе сынып тақтасы), қайшы, скотч.

### Міндеті:

1. Жыныстық қатынас пен жыныстылық және жыныстық мінез-құлық туралы жалпы түсініктеме беріңіз.
2. Жеткіншек жастың эмоционалды және психологиялық ерекшеліктері туралы таныстырыңыз.

### Жүргізу барысы:

1. «Дәретхана қағазы» ойынын өткізіңіз (өткізу тәртібін оқытушыларға ұсыныстан қараңыз)
2. Оқушылардан шеңбер бойымен отыруды сұрау.
3. Жаттығу кезінде сұрақтарға дұрыс емес жауап беруге қорықпау туралы қатысушыларға түсіндіру.
4. Қатысушыларға бұл тренингтік жаттығу жұмыстарының міндеті жыныс, жыныстық сезім мен жыныстық мінез-құлық туралы жеке түсінікті анықтау болғандықтан дұрыс немесе дұрыс емес жауап болу мүмкін еместігін түсіндіру.
5. Әр қатысушыға бір карточкадан таратып беру. Карточкаларда сурет немесе суреттеу арқылы “жыныс”, “жыныстық” және “жынысты мінез құлық” туралы өз ойларын білдіруді сұрау.
6. Әр қатысушыға карточканы оқу немесе көрсетуді ұсыну, сосын оны тақтаға немесе қабырғаға ілуді сұрау.
7. Қатысушыларға жоғарыда атап өтілген сөздер туралы өз ойларын айтуды, талқылауды және мысал келтіруді рұқсат етіп және пікірталасты қорытындылаңыз (30 минут).
8. Қатысушылармен келесі сұрақтар жөнінде әңгімелесіңіз және пікірталасты қорытындылаңыз (30 минут)

- Сіз осы жаттығуды әр түрлі жыныс түрімен орындағанда қандай сезімде болдыңыз? Неге?
- Әйел мен еркектің арасында эмоционалды көрініс жағынан айырмашылық бар ма? Қандай?
- Қыздар мен ер балалар сымбатты болуы үшін өздерін қалай ұстайды?
- Ылғи “жынысты (сексуал) қыз” немесе “жынысты ұл” деп айтады. Бұл нені білдіреді?
- Гетеросексуалды, гомосексуалды, бисексуалды деп қандай арақатынастарды айтады?
- Сіз үйленгенге дейінгі жыныстық қатынастарға түсу туралы не ойлайсыз?
- Секске жүгінбей-ақ өз махаббатын басқа адамға көрсетуге бола ма? Қалай?

### Бағалау:

1. Жыныс пен жыныстық сезім туралы түсініктеме нені түсіну маңызды?
2. Жыныстық терминология жайлы алған білімнің қарым-қатынас жасауда маңызды.

### Оқу нәтижелері:

1. Оқушылар “жыныс”, “жыныстық” және “жынысты мінез-құлық” деген ұғымдармен танысты.
2. Жыныстық және жыныстық емес мінез-құлық жайлы бірдей түсінік қалыптасу.
3. Қауіпті және қауіпсіз тәртіпке дифференциациялау.

## Оқытушыға ұсыныс

1. 1.2 жаттығудан бұрын мына жаттығулар жасалсын.

- Қатысушылардың шеңбері бойынша дәретхана қағазының орамасын жіберіңіз.
- Әр қатысушының өзіне керегінше қағазды жыртып алуына болатынын айтыңыз.
- Орама біткеннен кейін ғана ойынның ережесімен таныстыруға болады.
- Қатысушылар өздеріне жыртып алған қағаз бөліктеріне өздері туралы құпияларын жазады. Неғұрлым қағаз бөліктері көп болса, соғұрлым құпиялары да көп.
- Оқытушы өзі де ойынға қатыса алады.
- Әрқайсысынан өздері туралы жазған құпияларын оқуды сұрау.
- Ең көп қағаз бөлігі немесе ең көп құпиялары бар қатысушыға сыйлық дайындап қоюға да болады.

2. Жаттығуын аралас топта өткізген жақсы (қыздар мен ұлдар бірге). Бірақ егер қатысушылар өздерін сезінбесе, онда қатысушыларды жыныс бойынша бөліп өткізуге болады.

3. Егер қатысушылар сөздерінде сексуалдылықты секс жайында қолданса, онда оқытушы оларды түзеп отыруы қажет.

4. Талқылау қорытындысында оқытушы “жыныс”, “жыныстық” және “жынысты мінез-құлыққа” анықтама беруі тиіс, сонымен қатар жеткіншек кезіндегі сексуалдылықтың түзілуі нәтижесінде пайда болған психологиялық өзгерістерге де анықтама беруі керек.

## 1.3 ЖАТТЫҒУ

### Аңыз бен шындық

**Уақыты:** 1 академиялық сағат.

### Көрнекіліктер:

Тұжырымдалған парақ (қаржыланған мәліметтерге арналған жаттығулар 1.3.), тақырыптары “келісемін”, “келіспеймін”, “білмеймін”, скотч, қайшы.

### Міндеттері:

1. “Жыныс”, “жыныстық” және “жыныстық мінез-құлықты” анықтау және түсіндіру.
2. Жыныстық қатынастың қауіптерін талдау және түсіндіру.
3. Өзінің денсаулығын қорғау және қауіпсіз жыныс қатынасы жайлы мәлімет беру.

### Жүргізу барысы:

1. Қатысушыларды “келісемін”, “келіспеймін”, “білмеймін” деген тақырыптарды аудиторияның әр бұрышына бөліп қоямыз.

2. “Аңыздар мен шынайылық” атты жаттығулар секс және сексуалдыққа (байланысты) арналғанын түсіндіру.

3. Әр қоғамда секс және сексуалдыққа байланысты немесе түрлі қате сұрақтар мен қате ұғымдар пайда болғанын айта кету.

4. Қатысушыларға бұл ойынның шартын түсіндіру. Сіз бір нақтыланған пікірді оқисыз, қатысушылар ол ойға келіссе “келісемін” деген белгіленген бұрышқа барады, ал егер келіспесе “келіспеймін” деген бұрышқа жиналады және тағы сол сияқты.

5. Әр оқылған пікірлердің алынған жауабына байланысты бұл топтар арасында пікір-сайыс өткіземіз. Олардың неге осындай тұжырымға келгендерін анықтау керек.

6. Пікір-сайыстан кейін бұл пікірлердің дұрыс шешімі оқылады. Бірақ әр қатысушының өз ойы өзінде, ал оның өзгеруі де ықтимал.

7. Қатысушылардың өз ойларын немесе өз беттерінше құрастырғандарын, тұжырымдарын талдаймыз.

8. Қатысушыларды дөңгелек үстелге отырғызып, келесі сұрақтарды талдауға кірісеміз.

### Өткізілген тапсырмаға байланысты қандай ой түйіндедіңіз?

- Жаңадан не білдіңіз? Нақты нені?
- Осы тапсырманы орындау барысында қандай сезімде болдыңыз?
- Кейбір сұрақтарға байланысты пікірлеріңіз өзгерді ме? Нақты қай сұрақтарға байланысты?

- Орындалып біткен соң, қате пікірлерді сіз достарыңызбен әңгімелесіп өзгерте аласыз ба?
- Алған білімдеріңізді сіз достарыңыздың арасында қалай әңгімелеп бере аласыз?

**Бағалау:** Сіз топтағылардың қасиетті білім алғанын бағалау үшін олардың пікірталасқа қатысуына көңіл бөлуіңіз қажет.

**Оқу нәтижелері:**

1. Қатысушылар қауіпсіз жыныс қатынасы жайлы ақпарат алды.
2. Қатысушылар жыныс және жыныстық қатынасқа қызығушылық жайлы қате ойлармен таныс болды.
3. Қатысушылар сексуалдық тақырып жайлы еркін түрде ой қозғауға мүмкіндік алды.

**Оқытушыға ұсыныс:**

1. Бұл жаттығулар ортақ топқа жүргізіледі (бозбалалар мен бойжеткендер арасында).
2. Пікір - сайыс барысында қатысушылардың бірін-бірі кекетуін қадағалау.
3. Әркімнің өз ойының бар екендігін ескерту.
4. Қатысушыларға қоғамдағы қалыптасып кеткен екі үлгі қалыпты, ойды түсіндіру. Бірі жігіттердің отау құрғанына дейін жыныстық жөніндегі тәжірибелерін молайту, екіншісі бойжеткендердің қыздығын сақтау мәселелері.
5. Егер қатысушы өз атынан айта алмаса, онда достарының өміріне немесе оқыған ақпараттарынан мысал келтіру, оны талдау.
6. Талқылау барысында гендерлі аспектілерді қадағалау.
7. Тұжырымдау парағында қаржыланған ақпараттың жаттығуларын қолдану 1.3.
8. Белсенді қатысушыларға сыйлық даярлап қоюға да болады.

#### 1.4 ЖАТТЫҒУ

**Ойын жаттығулары**

**“Ең ұзын сызық”** бөлменің ішінен ең кең жерін таңдаймыз. Қатысушыларды екі топқа бөліңіз (қатысушылар көп болса, бірнеше топқа бөлеміз). Олар дәл қазір өздерінің үйлерінде, мысалы, сағат, аяқ-киімдері, әшекейлері, максималды ұзын сызықты жасау керек екенін түсіндіріңіз. Бөгде заттарды қолдануға мүмкіндік бермеңіз. Егер қатысушылар шығармашылық жағынан мықты болып келсе, онда олар қатар топтан озу үшін өз сызықтарын ұзарту барысында өздері де жерге жатып ұзартады.

Сызығы ең ұзын болып шыққан топ жеңеді. Жаттығудан кейін бұл ойын топты қалай ұйымшылдыққа, тартатынын талдаймыз.

**“Салат ойыны”** қатысушылар үлкен шеңберге отырып көкөністердің аттарына сай бөлінеді. Алма, алмұрт, шабдалы т.б.

Алмаларға орындарымен ауысуды ұсынамыз, кейін алмұрттарға т.с.с.

**Жаттығуға арналған қажетті мәліметтер 1.1.**

Жеткіншек кезінде адамның анатомиясын және физиологиясын білу және жыныстық даму мен секс жөніндегі психологияның ерекшеліктерін түсіндірудегі мақсат жастардың өз денсаулықтарына мән беру, өз ағзаларын түсіну болып келеді.

Төмендегідей жоспардағы білім ересектену процесінде қажетке асуы мүмкін;

**Жыныстық даму барысы**

Жалпы 9-17 жас аралығында адам жыныстық даму сатысынан өтеді, оның ішінде неше түрлі психологиялық физиологиялық өзгерістер болады. Жыныстық өзгерістер гормондардың жетілуінен пайда болады. Гормондар екі түрлі болады:

1-сі ер адамдардың гормондары (тестостерондар).

2-сі әйелдердің гормондары (эстрогендер, прогестерондар) деп аталады. Олар мидың ішіндегі гипофиза мен гипоталамустар арқылы өз қызметтерін атқарады.

Ер адамдардың ағзаларында болады, солай әйелдерде ер адамдардың гормондары болады. Дегенмен осы тестостерондар арқылы ер баланы жігітке, ал эстрогендер мен прогестерондар арқылы қыз баланы бойжеткенге айналдырады.

Әр адамның бұл өзгерістерге ұшырау уақыты жекеше болып келеді. Жалпы 10 жасқа таяу баланың гормондардың өзгерулеріне байланысты дене салмағы, бойдың өсуі, дауыс ырғағы өзгереді және қолтықтың астындағы шаштың өсуі, жыныс мүшелерінің өзгеруі байқалады. Кейбір 12-13 жасар арасындағы қыз және ұл балалар өз жастарынан ересектеу көрінеді, ал

қалғандарында жыныс мүшелері енді жетісу ісінде. Бұған уайымдамау керек. Өйткені ағзалар әр алуан болып келеді.

#### ***Бойжеткендердің жыныстық жетілулері***

Бойжеткендер бозбалалармен салыстырғанда ерте жетіледі, олардың кеуделері өсіп, қолтық асты шашы мен жыныс мүшелерінің шашты жамылғысы өседі.

Осымен қоса жамбас маңайы кеңейеді, ал иық өзінше таралады. Жыныс мүшелері жетіледі. Жұмыртқаларда жұмыртқа түйіршектері пайда болады.

Бірінші етеккір келеді. Етеккір бұл физиологиялық құбылыс, оның басты себепкерлері мидағы ортақ реттеу бөлімдері мен жұмыртқалардың гормондары болып келеді. Бұл құбылыс 4 апта сайын жаңа жұмыртқа түйіршігінің жетіліп, труба арқылы жатырға жеткізіледі. Егер де жұмыртқа түйіршігі ұрықтанбаса және жүктілі болмаса, онда ол бұзылып ағзадан жатырдың қабыршығымен бірге шығып кетеді. Бұл құбылыс 3-7 күндер аралығында қан шығу арқылы жалғасады. Етеккірдің айналымы алдында келген, етеккірдің соңғы күннен басталады да, келесі келетін етеккірдің күндерінің арасы болып есептеледі. Бірінші етеккір шамамен 11-14 жастар аралығында келеді, дегенмен әр ағза ерекше етеккір 15 жастан кейін келмесе, дәрігерге қаралу қажет.

#### ***Әйелдердің жыныс мүшелері***

Ішкі жыныс мүшелері: кіші жамбас аралығында орналасқан және бұлшық еттер, сүйек арқылы қорғалады. Әйелдердің жатыры бұлшық етте алмұрт тәріздес мүше, оның ішінде сұйықтық тәріздес-эндометриі бар. Оның құрамында көптеген қан түтіктері бар, жатырдың ішкі бұрыштарында екі кішкентай бұлшық етті түтіктер бар, ол жатыр мен жұмыртқаны байланыстырады. Оларды жатырдың тетіктер деп атайды. (фаллопиялылар).

Жұмыртқаларда жұмыртқа түйіршіктері болады, олар қызбаланың жатырында 400-500 мыңдай жұмыртқа түйіршіктері болуы мүмкін. Бүкіл ғұмыр бойы бұл жұмыртқа түйіршіктері жаңармайды, керісінше жоғалады. Сондықтан да жағымсыз әрекеттер мен аурулар әр жаста жұмыртқа түйіршектерінің өсуіне байланысты белгісіздікке әкеледі. Сыртқы жыныс мүшелерімен сыртқы жатыр арқылы байланысады, ол жұмсақ бұлшық етті труба тәрізді, ұзындығы 12-14 см-ге жететін мүше кірісте тарлау, ал тереңдете келе кеңейеді. Жатырға кіре берісте қыздықтың белгісі ретінде жұмсақ созылмалы бөгеті және кешірек ерін тектес жыныс мүшелері болады. Қыздық бөгеттегі табиғи те тік, (1 немесе бірнеше), ол арқылы етеккір келеді. Әр әйелдің жеке басының ерекшелігіне байланысты жатырдың өлшемдері мен қалыптасуы әр түрлі.

#### ***Бозбалалардың жетілуі***

Жуық шамамен 13-16 жас аралығында бозбалалардың бойлары өседі, салмақ қосады, кеуделері дамиды, иықтары кеңейеді. Дауыстары өзгереді, жыныс мүшелерінде өзгеріс байқалады.

Сәлден кейін беттеріне шаш шығады (кеуделерінде мүмкін). Жыныс мүшелерінен жұмыртқасы дамиды. Жыныс мүшелері әр түрлі өлшемдерде және қалыпта болады. Жұмыртқаларында сперматозойдтар жетіледі. Эррекциялары көбейе түседі, ол кезде жыныс мүшелеріне қан мөлшері көбейіп, оны қаттылыққа дейін жеткізеді. Осындайда ең бірінші поллюция болады, ол ұйқы мезгілінде өз бетінше болып қалады. Бұл жағдайда қорқып абыржымау керек. Өз бетінше бөлінген ұрықтану қалыпты құбылыс. Поллюция арқылы ағза қажет емес ұрықтанудан құтылады.

#### ***Ер адамның жыныс мүшелері***

Ішкі жыныс мүшелеріне қос жұмыртқалар жатады, ол ер адамның жыныс мүшелерінің астында терімен қаптасып орналасады. Оларда сперматозойдтар мен тестостерондар өңделеді. Егер ер адам қозу жағдайында болса, онда жыныс мүшесі қан мөлшері көбейеді де жыныс мүшесі үлкейіп қаттылану жағдайына жетеді. Бұны эрекция деп атаймыз.

Шәуіт ағзадан зәр жіберу жолдары арқылы шығады. Бұны эякуляция дейміз. Зәр жіберу жолдары арқылы зәр жіберіледі, бірақ ағзаның жаратылысы бойынша шәуітпен зәр ешқашан да қосылмайды.

Жетілу барысында бозбаларда тер шығару бөлімдері белсенді жұмыс істейді. Әсіресе қолтық пен жыныс мүшелер маңайында шаш өседі. Өз бетінше тердің иісі болмайды, бірақ неше түрлі бактериялармен қосылу барысында жағымсыз иіс шығады. Мұндайды болдырмау үшін күнделікті шайынып-жуынып отыру керек, жыныс мүшелерін сабынмен жылы сумен бірге күніне 1 рет жуып отыру қажет. Тағы да бір мәселе жасөспірімдердің беттеріне неше түрлі дақтардың

шығуларына байланысты. Бұлар терінің майы мен бактерияның қосылуы арқылы пайда болған ісік безеулер. Бұдан басты қорғаныс жеке басының гигиенасы. Міндетті түрде бет жуу керек, (күніне 2 рет), безеулерді сықпау, кір қолмен бетті ұстамау керек. Тазалатқыш қол орнамалдар, ласьондар, бет кремдерін безеуге қарсы қолдануға болады. Егер де безеулер кетпесе дерматологқа немесе косметологқа қаралу қажет. Жыныс мүшелерінің өзінше гигиенасы болады.

Бозбалалардың жыныс мүшелерінің ұштарынан шәуіттің жағымсыз иісі шығып тұрады, сондықтан күнделікті жуынып тұруы қажет.

Қыз балалар етеккір кезеңі болған кезде жеке басының гигиенасын қатаң түрде сақтау керек және күнделікті жуыну қажет. Жыныстық жетілу кезінде артық салмақ үлкен мәселе болып келеді. Себептері көп, бірақ оның ең бастысы күш көп жиылады да, аз жұмсалады. Оның шешімі: дұрыс тамақтану, дене шынықтырумен айналысу. Бойжеткендердің ағзаларына ашығу менен неше түрлі диеталар зиян келтіреді.

### Қызбалалар мен ұлдардың жыныс мүшелерінің жетілу сатылары:

#### Қыз балалар:

- омыраулары жетіледі, сүт бездері толығады;
- қынаптың және жатырдың үлкеюі;
- сырт бездеріндегі жыныс мүшелерінің үлкеюі;
- ең бірінші етеккір немесе менархе, менархе бұл жыныстық жетілудің толық статиясының аяқталуы емес;
- жұмыртқа ұяшықтары жетіледі, жетіліп біткен жұмыртқа ұяшықтары овумеция құбылысы арқылы сыртқа шығады. Бұл менархеден кейін жүреді;
- жанбастың кеңеюі;
- қолтық асты және жыныс мүшелерінде шаштың өсуі басталады;

#### Ұлдар:

- жыныс жұмыртқаларының кеңеюі;
- қолтық асты және жыныс мүшелері маңайында шаш өседі;
- жыныс мүшелерінің түсуі. Бұл құбылыс бірнеше жолдарға созылады;
- беттерінде түктері пайда болады. Әсіресе иекте, мойында, еріннің үстінде;
- простатаның үлкеюі байқалады;
- жыныс мүшесінен алғашқы сұйықтықтың бөлінуі. Бұл құбылыс ұйқы кезінде болады;
- кеудеде түктің түсуі;
- дауыстың өзгеруі;

### ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- бұл кезеңде балалардың сексуалдықтары өрби түседі;
- көңіл күйлерінің тұрақсыздықтары;
- осы кезде бұлшық еттердің жетілуіне қарағанда қаңқаның жетілуі жылдам жүреді;
- қыз балаларды майлы клеткалары 10-20% толады, осыдан артық салмаққа байланысты уайым түседі;
- қан қысымы өзгеріп отырады, көп жағдайда көтеріледі, бас жиі ауырады, вегетососудты диетония;
- тұрақсыздық эмоция;
- көңіл-күйінің тұрақсыздығы;
- депрессия;
- зер салмау мұқияттылығы қалыптаспайды;
- осы кезеңде күйгелек болады;
- үрей сезімі пайда болады;
- ызақорлық пен мәселелі тәрбие;
- ұлдардағы поллюция мен қыздардың етеккірлерінде реакциялық өзгерістер болады.

## Кесте “Еркектер мен әйелдердің репродуктивті жүйесі” Еркектердің жыныс мүшелері және олардың қызметтері

Жыныс мүшесі/ шәуіт:	Еркектің жыныс мүшесі, жыныстық қатынаста қызмет етеді.
Жұмалақ:	Терілі қалташа, онда жұмыртқалар болады. Оның ішінде жұмыртқалар бір қалыпты температурада сақтаулы тұрады. Шәуіттің жетілуіне сай.
Жұмыртқалар:	Еркектердің жыныстық бездері кең болып келеді. Спермотозойдтарды өндіреді және тестостерондар өндіріледі.
Өндіруші	Жіңішке ұзын (35-47см) ағымшалар, олардың ағымшалар: жолдары бойынша спермотозойдтар жүреді. «Эпидидимиса» басталып өндіруші көпіршіктерге дейін жетеді.
Өндіруші көпіршіктер:	Қос “бездер” құрылымы бойынша зәр жинақтаушы көпіршіктің ар жағындағы дорбашыққа ұқсайды. Өндіруші жіпшелерге жалғасады, сонымен бірге өндіруші тракт туындайды. Зәр шығару түтіктері арқылы простатиттің арқасында қоймалжың ашық түсті сұйықтық бөлінеді. Ол шәуіттің бір бөлігі.
Простатит:	Еркектерде зәр көпіршігінің астында кіші жамбас бөлігінде орналасқан. Шәуіттің басты бөлігімен бірігіп өндіреді.
Зәр шығару түтігі:	Жыныс мүшелерінің зәр шығару мүшесінен шәуіттен бөлініп шығады.
Эякуляция:	Жыныс мүшеден шәуіттің шығуы. Бұл жыныс қатынасында ғана болатын құбылыс емес, поллюционалдық түс көру кезінде де болады.


### Әйелдердің жыныс мүшелері және олардың қызметі.

Үлкен жыныс еріншелері:	Үлкен екі кейіпі бойынша екі қатпарға ұқсас келеді. Екі мүшенің жыныс еріншелері көмкеріліп тұрады, олар клиторды қорғап тұрады, және қынапқа кіру жолын қорғайды.
уретраны	
Кіші жыныс еріншелері:	Кіші жыныс кейіпі бойынша екі қатарға ұқсас, қынапқа кіру жолындағы еріншелері және уретрада сақтап тұрады.
Клитор:	Үлкен емес шұңғыл, екі кіші жыныс мүшелерінің ортасындағы қосындысында орналасқан. Әйелдердің эрогенді жерлерінің бірі.
Қынапқа кіру:	Уретра мен анустың ортасында орналасқан. Осы тетікке кіру жолы арқылы бала туылады: етеккір мен жыныстық қатынас келетін жол.
Қынап:	Жұмсақ бұлшық етті тетік ұзындығы 12-14см, кіре берісінде торлы тереңдігінде кеңірек келетін мүше.
Қыздық:	Бұл мембрана, қынапқа кіре берісін жауып тұрады. Күш жұмсаған кезде немесе жыныс қатынасында бұзылатын мембрананың біртұтастығы. Ол бүлінсе қыздықтың бүлінгені деп түсінуге болады.
Жатыр мойыны:	Қынаптың жоғарғы бөлігінде орналасқан.
Жатыр:	Алмұрт тектес бұлшық етті мүше, кіші жамбас бөлігінде орналасқан. Айына бір рет, ішкі қабыршықтан бөлініп шығады, осыдан етеккір туындайды. Жүктілік кезінде жатырда өсіп жетіледі.
Фаллопиалды	Олар жатырдың екі шетінен шығып жұмыртқаларға түтіктер: дейін барады, олар бойынша жұмыртқа түйіршігі жұмыртқадан жатырға дейін жылжиды да, сол жерде аталық пен аналық жұмыртқалары қосылып ұрықтану болады. Жатырлы емес түктіліктің пайда болу себебі жұмыртқаның жатырға жетпеу жағдайы.
Жұмыртқалар:	Екі сопақша мүше жатырдың оң және сол жақтарында орналасқан. Аналық гармондарды реттейді. Олар: эстроген және прогестерон.


Жұмыртқа	Аналық жыныс түйіршігінің көлемі өте кішкентай, түйіршігі: жуық шамамен түйреуіштің басындай. Егер де аналық түйіршігі сперматозоидпен кездесе қосылып ұрықтанады, ал егер ұрықтану болмаса, жұмыртқа түйіршігі бұзылады.
Овуляция:	Овуляция кезінде жұмыртқалардан жетілген жұмыртқа түйіршігі шығады. Ол ұрықтануға дайын. Бұл құбылыс етеккірге 14 күн қалған кезде басталады, бірақ жастық шақта цикл дұрыс болмайды. Бірінші ұрықтану бірінші етеккірмен сәйкес келмеуі де мүмкін. Кейде бір айдың ішінде тек бір ғана жұмыртқа түйіршігі жетіледі.
Ұрықтану:	Аналық жұмыртқа мен сперматозоид кездескенде фаллопидальды тетіктерде пайда болатын құбылыс.
<b>Етеккір:</b>	
Маңыздысы:	Бұл әйел ағзасының дамып жетілгенін көрсететін белгі.
Қызметі:	Уақытысында бөліну етеккірдің циклі деп аталады. Құрылымы ішкі жатырдың қабыршығынан тұрады, қанмен араласып кетеді.
Жас мөлшері:	Етеккірдің келу уақытысы 9 жастан 17 жасқа дейін.
Бітуі:	Етеккірдің уақытша тоқталуы жүктілік кезінде, ұзақ уақыт ауру болса, психологиялық жарақатқа байланысты болады. Етеккірдің нақты бітуі 45 жастан 55 жасқа дейін.
Циклдің мөлшері:	Жастық шақта бір кезеңде бола бермейді, орташа 28 күндедей әр түрлі де болуы мүмкін.
Ұзақтығы:	Етеккір мөлшері 2 күннен 7 күнге дейін әр түрлі болып келеді.

## Ерлер мен әйелдердің жыныс мүшелерінің схемасы

### Ерлердің жыныс мүшесі



### Әйелдердің жыныс мүшесі



## 1.2. Жаттығуға арналған қажетті материалдар.

Сексуалдылық және секс бірдей емес.

Секс ағылшын тілінен аударылғанды “жыныс” деген мағынаны білдіреді. Кейде “секс” ол партнерлердің арасында жыныстық акт деген мағынаны білдіреді.

Секс (латынша *sexus* “жыныс” синонимде жыныстық қатынас деген мағынаны білдіреді) психикалық және социалдық процестегі қатынас, негізінде қайсысы жатқанда, қайсысы болмасын орташа қанағат алатын жыныстық емдік.

Сексуалдылық туылғаннан бастап қалыптасқан адам бойындағы ерекше қасиет. “Сексуал” адам атаулының бойындағы табиғи жаратылыстың бірі.

Былай айтқанда сексуал адамның өзіне деген көзқарасы, қалай жыныстық қатынаста өзіндік қатынасына және жыныстық қарама-қайшылықтарына қарай анықталады.

Сексуал байланыстық құралы. Әр адамның өзіндік ашылуы және басқаларды тану сол жыныстық қатынаста пайда болады.

Жер шарында денсаулық сақтау органдарының айтуы бойынша: сексуал энергия, соның ішінде өзінің физикалық, психологиялық және социалдық көріністің қалауы, нәзіктік және махаббат.

Сексуалды ішінде сексуалдық жылдамдық, сексуалды қимыл (уайымшыл) т.б.

### Сексуалдық ішіне кіретіндер:

- адам сезімінің өзіндік ерекшелігі;
- ер мен әйел арасындағы сезім;
- денсаулықты қадағалау, көбею (бала туу);
- сезім, ой тәртібі;

Әр түрлі сексуалдың пайда болуы, физикалық жағдайдың немесе еркектің және әйелдің анатомиялық ерекшелігі, оның гормоналды ерекшеліктері жыныстық рөлдегі меншіктеуі және отбасы құруы (достық махаббат, бала туу, сақтау, жанұяда бір-бірін түсіну т.б.).

### Сексуалды сұрақтармен жұмыс жасау принциптері

- **Сексуалға адамгершілікпен келу.** Сексуал адам өмірінің бір бөлігі.
- **Әр түрлі.** Барлық ерлер және әйелдер сексуалды әр түрлі қажеттілік ерекшелігімен көзге түседі. Сол үшін әр түрлі қарым-қатынаспен өмірлік жағдайын өзінің қалауы.
- **Автономды және өздігінен анықталатын.** Барлық ерлер мен әйелдер бостандықта жүруге қақысы бар және барлық өмір жолдарында сексуалдық өмірді қосқанда, егер ол басқаларға зияны тимесе.
- **Ерлер мен әйелдердің тең құқығы.** Сексуалды хабарларды оқу, білу оны дамыту, ерлер мен әйелдерге бойжеткендер мен бозбалаларға жеткізу бағдарламасы бәріне бірдей болуы керек.
- **Қажетті өзгерістерге жауап.** Барлық ерлер де, әйелдер де сексуалдық өзгерістер жөнінде ақпараттық қызметті өмір бойы қажет етеді.
- **Зорлықты болдырмау эксплуатация және дәрекі қатынас.** Зорлау, эксплуатация және дәрекі қатынасқа қарсы күресу адамдардың арасында болу керек. Бұл әсіресе әйелдер мен қыздарға жасалатын зорлық пен зомбылыққа қатысты.
- **Сексуалды және жан-жақты түсіну.**
- **Бағдарлама және талқылаусыз қызмет ету.** Адамадар сексуалға қатысты әр түрлі тараптарда бағалайды және таңдайды. әркімнің айтуынан аулақ өзінің жеке бағасын басқалармен байланыстыруға тура келеді.
- **Құпиялық.** Адам өмірінде жыныс аспектілерін аяқтады. Адамдардың конфиденциалдылыққа хақысы бар.
- **Мәдениетті көзқарас.** Мәдениетті көзқараспен қабылдау арамыздағы әр түрлі топтар мен көпшіліктің арасында қолайлы болып табылады. Оны қабылдау және сыйлау керек.
- **Жеткізілген бағдарлама және жағдай жасау.** Бағдарламаны жеткізу қолма-қол жеткізуге қарағанда пайдасы өте зор. Оның сапасына конфиденциалды, жинақтау және керегінше қажет ету кіреді.

**Басты бағалау.** Таңдау тұрақтылық көпжақты теңдік және оны сыйлау басты конценциялар адам міндеті. Бұл тараптарда осы сөздер мынандай мағынаны білдіреді.

**Таңдау:** Бостандықты таңдау, соның ішінде сексуалдық пайда болуы, қажетсіздік және ортақ хабарды қолма-қол жеткізу және жағдай жасау, бір-бірін сыйлау міндеті.

**Мәртебесі:** Ер адам бағалы, жасына қарамай тәуелсіз жыныстық қатынасты шамалай отырып басқалармен өзіне керекті жыныстық қатынасты жасай алады.

**Теңдік:** Ерлер мен әйелдер тең. Оларды бірдей сыйлау, жеткізілген бағдарламаны бірдей қолдану, сексуалды денсаулыққа жарата білу.

**Сыйлау:** Барлық ерлер мен әйелдерді сексуалды қабылдауға және таңдауға қарамай сыйлауға міндетті.

Сексуалды қылық пен жеке тұлғаның тиісті жынысқа жатуын бағалау. Бұл басты белгі қылық қатарына сыртқы көрініс (шаш жөндеу, бояуларды қолдану, сәндік бұйымдар және т.б.) киімде ұстамдылық, анықталған тілді қолдану. Белгіленген көріністі қабылдау, өзінің жыныстық қатынасын шығаруға мүмкіндік береді. Жыныстық қылық ылғи да үйреншікті қылық моделіне жатпайды.

Жыныстық жас өзгеріс меншігі. Көбіне ерлерге рұқсат етіледі, әйелдерге рұқсат етілмейді және керісінше осындай екі норма "Қос стандарт" деп аталады.

Жасы келгендердің нормасына жыныстық қылықтар кіреді. Балаларға арналған дәл осындай жағдай жастарға және тағы басқаларға арналған.

Жыныстық қатынас балаларда ерте сәбилік кезден пайда болады. Бірақ сексуалдық ояну пубертант кезеңнен басталады. Осы кезең әйелдердің екінші жыныстық белгі беру кезінде пайда болады. Дәл осы уақытта жастар анық сексуалды түрткіні бастан өткізеді немесе физиологиялық қажеттілікті сезінеді. Жас өспірімдер кезеңінде сексуалды ояну күшейеді, осы жас өспірімдерді мастурбацияға апарды. Бұл көбінесе ер балаларға қатысты. Олардың Физиологиялық қажеттілігі гениталиямен байланысты. Ал қыздардың жас кезінде сексуалды оянуы бірде бар, бірде жоқ және белгілі эмоциямен байланысты, қиялды жағдаят. Секс басты болған жағдайда жасөспірім болып қалу, сол кездегі амалдарды өзі мойындау, өзіне көңіл бөлдіру, өзін адам қатарынан көрсету, жыныстық қатынасты орнына қою.

Физиологиялық ояну жастық шақтан басталады. Сонымен белгілі форма құруын доғармайды, үлкендермен қиын мінездері жиі қаралады және т.б. Жасөспірімдердің көңіл-күйлері құбылмалы болып келеді. Бұл кезеңде олар өздерінің көңіл-күйлерін қадағалай алмайды және ондай жағдай ұзақ уақытқа созылады. Мектептен берілген тапсырма жиі орындалмай қалып жатады. Жастар көбінесе өз достарына қызығушылықпен қарайды. Уақытының көп мезгілін физикалық ойындарға арнайды.

Масалар және қансорғыш жәндіктер ЖҚТБ-ны таратушы болып есептелмейді. Молярлы зиянкестер үшін анықталған маса түрлері өмірлік айналымның соңғы кезеңі. Зиянкестер маса ағзасына аурудың қанымен енеді, дамиды, сол жерде көбейеді және маса шаққанда сау адамға енеді. АҚТҚ адамның иммундық жүйесінің жасушасында көбейеді және индукцияландыру адам ағзасындағы анықтайтын белгілі бір сұйықтық арқылы жүреді.

#### АҚТҚ ның берілу жолдары.

- Қан арқылы**
- АҚТҚ-ны донорлық қан тапсыруда және тестілеуден өткізілген ауру адамнан жұқтыруға болады.
  - Шприц, ине сонымен қатар есірткіні қанға құю арқылы
  - Қайнатылмаған заттарды қолдану арқылы жұқтыруға болады.
- Жыныстық жұғу жолдары**
- Әлемдегі адамдардың көпшілігі АҚТҚ-ны жыныстық қатынас арқылы жұқтырады
  - Мүшеқапсыз жыныстық қатынаста болу арқылы жұғады.
  - Ауыз арқылы, тамақтың қабынуы, асқазан жарасы және ашық жыныстық қатынаста болу арқылы жұқтырады.

**Анадан балаға** Баласы анасынан жүкті кезінде немесе сүтімен тамақтандырған кезде АҚТҚ ауруы жұғуы мүмкін

**АҚТҚ қай кезде берілмейді?**

- мектепке және басқа да оқу орындарына барғанда;
- жетелгенде;
- тері және көз жасы арқылы;
- құшақтасқанда;
- жуыну кабинасын ортақ қолданғанда;
- қол алысқанда;
- масаның шағуынан және басқа қансорғыш жәндіктің шағуынан;
- телефонды, компьютерді, орындықтарды т.б заттарды ортақ қолданғанда;
- бір киімді ортақ кигенде;
- АҚТҚ ауруымен ауыратын адаммен тамақ ішсең;
- бір қасықты, шанышқыны, пышақты пайдаланғанда;
- ортақ бассейнді пайдаланғанда;
- ортақ гимнастикалық және спорт залды пайдаланғанда;

**3.3 және 3.4 жаттығуларына арналған қордағы материалдары**

**АҚТҚ-ны жұқтыру мен АҚТҚ-мен ауыру қауіпті деген емес.**

АҚТҚ-ны жұқтыру қаупі қорғану құралдарын қолдану мен адамның жеке дара тәртібімен анықталады. АҚТҚ-ны жұқтыру қаупі ағзаға түскен жұққан ерітінді (қаннан қанға, сексуалды жоғары қауіп) вирусының санына байланысты. Қауіп түсінігі әмбебап: қандай әлеуметтік топқа жататынына және қоғамдағы тәртібіне байланыссыз кез-келген адам жұқтырып алуы мүмкін. «Қауіп тобы» термині ЖҚТБ қоғамынан алынып тасталған. өйткені «қауіп тобына» жатпаймын дейтіндер жалған қорғаныс сезімін және дискриминацияға негізделуін тудырады.

**АҚТҚ-ны жұқтыру қаупінің нышандары:**

- шприц, ине және т.б инъекциялық құралдарды ортақтаса пайдаланғанда;
- сақтанбаған жыныс қатынасы кезінде;
- жоғары биологиялық қабылдау, жыныс жолдарымен жұғатын инфекция; (ЖЖБИ)

Жастар арасында аурудың алдын алу туралы білімдердің болуы қауіп қатерді төмендетуге, өзін-өзі қорғау әдеттерін, дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Аурудың алдын-алу туралы білімдері қатерді төмендетуге бағытталуы керек.

Адамдардың жақсы мінез құлқын қалыптастыруда білім мен дағды үлкен рөл атқарады.

**Қатерді азайту**


Жастар ауру туралы көп мәліметтер алса, онда АҚТҚ-дан өзін-өзі қорғауға мүмкіндіктері болады. Алайда мінез-құлықтары тек біліммен ғана өзгеріп кетпейді. Жасөспірімдер мен жастар өз білімдерін іс жүзінде асырып, өзін-өзі бағалай білуді қалыптастыра білуі керек.

Төмендегі негізді өмірлік дағдыларды қалыптастыра білу керек:

- шешім қабылдай білу;
- сын тұрғыдан ойлай білу;
- қорғау жабдықтарын пайдалану әдістері.

## 4 МОДУЛЬ

### АҚТҚ / ЖҚТБ ІНДЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘСЕРІ



**Уақыт:** 4 академиялық сағат

**Хабарлама:**

Тәуелсіз Елдер Достастығы сияқты және барлық әлемде АҚТҚ /ЖҚТБ індеті өте тез қарқынмен таралып келеді. Бұл өзекті мәселе болып табылады, өйткені ЖҚТБ індеті жастардың болашағын қозғайды.

**Шолу:** 2004 жылғы жаңарған БҰАТББ мағлұматтарына қарағанда әлемде 39,4миллион адам, АҚТҚ/ЖҚТБ мен ауырған: 37,2миллион ересек адамдар, 17,6миллион әйелдер және 2,2миллион 15жасқа дейінгі балалар. Жаңадан АҚТҚ-мен тіркелгендер саны: 4,9миллион. ЖҚТБ диагнозымен 2004 жылы қайтыс болғандар 3,1миллион адам. Шығыс Азия елдерінде эпидемиялық өсуі 56% құрады. Шығыс Еуропада және Орталық Азияда 48% құрады.

Мамандардың бағалауына қарағанда бүгінгі күнде Орталық Азияда 90 мың АҚТҚ/ЖҚТБ мен ауырғандар тұрады. Қазіргі кезде Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда АҚТҚ-мен ауырған 12 мың адам тұрады. АҚТҚ-ны тоқтату бұл аймақтардың өзекті мәселесі болып табылады.

ЖҚТБ-ны емдеу мен АҚТҚ-ның алдын алу іс шаралары мемлекеттік жеке құрылымдық бөлімшелерде, мемлекеттік емес ұйымдарда жүргізіліп жатыр.

**Қазақстандағы АҚТҚ /ЖҚТБ індетінің жағдайы**

(ЖҚТБмен күресу мен оның алдын алу Республикалық орталықтарының көрсеткіштері бойынша):

- Қазақстан Республикасында 01.01.2006 жылғы мәліметтер бойынша АҚТҚ оң нәтижелі 657 адам тіркелген, оның ішінде ЖҚТБ індетімен 332 адам ауырған. 15 жасқа дейінгі АҚТҚ оң нәтижелісі 41.
- Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанда АҚТҚ/ЖҚТБ мен ауыратындардың нақты саны 13 мыңды құрайды. Елдегі барлық аймақтарда індет жайлаған. АҚТҚ жұқпалы ауруын жұқтырғандардың басым көпшілігін Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары мен Алматы қаласы құрайды.
- Орта жастар мен жастар арасындағы 15 29 аралығында АҚТҚ оң нәтижелілердің саны 64%-ды құрайды. 15 29 жас, аралығында ауыратын адамдар саны 62% - ды құрайды.
- АҚТҚ-мен ауыратын адамдардың ішінде ер адамдар 72%, әйел адамдар 25%-ды құрайды.
- Жұмыссыздар 71,1%-ды құрайды.
- Жүкті әйелдердің ішінде АҚТҚ-мен ауыратын 351-і тіркелген
- АҚТҚ-мен ауыратын әйелдерден туылған балалар саны 204, олардың 18-інен жұқпалы АҚТҚ дерті анықталған, 11-і қайтыс болған, 68 байқау мерзімінің аяқталуына дейін диспансерлік есепті құрап тұрған.

Мәдени және әлеуметтік кедергілерге байланысты қоғамда АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы ашық түрде айтылмағандықтан ол туралы мәселелерді шешу қиындық туғызып індеттің таралуына әкеп соғады. Кейбір адамдар берілген сұрақтарға жауап беруден қашады. Өйткені қоғамның қорқу және келіспеушіліктерінен немесе олар әрдайым АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ауырмаймын деген қате пікірде болады. Егер АҚТҚ/ЖҚТБ-да кең ауқымды проблема деп түсінсек, ол өсіп жатқан қауіп-қатермен күресуге көмек береді.

Бұл модуль білім алушыларға АҚТҚ/ЖҚТБ-ның індетінің адамға, жалпы отбасы мен қоғамға, сонымен қатар, әрбір адамның өміріндегі физикалық, эмоцияналды, имандылық, әлеуметтік және экономикалық аспектілеріне әсер ететіндігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл модуль сонымен қатар білім алушылардың АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы сұрақтарға басқа топты ұсынатындарға, географиялық, әлеуметтік және бір-бірінен ерекшеленетін адамдарға сеніммен және байсалды жауап беруге көмектеседі.

**Тапсырмалар:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы індет жағдайымен таныстыру.
2. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен байланысты, қорқыныш туралы және мазалап жүрген сұрақтарды талдау.

3. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның індетінің физикалық, эмоционалды, мәдени, әлеуметтік және экономикалық зардабын қарастырады.

4. Білім мекемелерінде өткізілетін іс-шаралардың мәні.

**Мазмұны:**

1. АҚТҚ-ның дүние жүзіндегі, Орта Азиядағы жағдайы мен бір жартылығы.
2. Қазақстандағы АҚТҚ/ЖҚТБ індеттерінің жағдайы.
3. АҚТҚ/ЖҚТБ індетінің зардабы.
4. АҚТҚ-ның әйелдерге, жастарға және білім беру жүйесіне тигізетін әсері.
5. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен байланысты қорқыныш пен мазалайтын сұрақтар.

**Оқытушы жаттығулар:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның дүниежүзілік және аймақтық әсері.
2. Оқушылар ішінде АҚТҚ алдын алу жолдарының қалыптасуы.
3. «Мен және АҚТҚ жұқпалы ауруының арасында бір байланыс бар ма?»

**Нәтиже беру:**

1. Карточкалар АҚТҚ-ның физикалық, эмоционалды, әлеуметтік және экономикалық әсерін өте қысқа, бір пункт арқылы жазуды сұрау:

- А) Адамға
- Б) Жанұяға
- В) Қоғамға
- Г) Мемлекетке
- Д) Әлемдік қоғамдастыққа
- Е) Білім жүйесіне

2. Өз жауабын беруін аяқтауда талап етіп, соған байланысты түсінігін беру:

- Мен білдім, АҚТҚ/ЖҚТБ-тың ...
- Мен сенімдімің, жас адамдар ...
- Мен АҚТҚ жұқпалы аурумен сақтану үшін ...
- Мен жүргізуді жоспарлаймын ...
- Мен оның зардаптарын болжай аламын ...

**Мұғалімге кеңес:**

1. Сергіту ойынын өткізіңіз.
2. Пікірталас неғұрлым мазмұнды болу үшін оқушыларға АҚТҚ індетінің соңғы мәліметтер бойынша берілген дүниежүзілік және аймақтық деңгейден әсерін таныстыру атап өту керек.

**ТАПСЫРМА 4.1**

**АҚТҚ/ЖҚТБ-ның дүниежүзілік және аймақтық әсері**

**Уақыты:** 1 академиялық уақыт

**Жабдықтары:** проектор, тақта, қағаз, маркерлер, қаламсаптар, қордағы материалдар 4.1. (а, ә, б, г)

**Дайындық:**

Бүкіл әлемдегі, Орта Азиядағы, Қазақстан Республикасындағы АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралу дәрежесінің презентациясын алдын ала дайындаңыз.

**Кіріспе:**

Бүгінгі таңда дүниежүзілік әр аймақта АҚТҚ/ЖҚТБ-ның оқиғалары тіркелген. Ол әр баланы, үлкен адамды ауыртып қана қоймай, сонымен қатар адамдарды өлімге әкеп соғады. АҚТҚ жұқпалы ауруының Орталық Азияда және Қазақстан Республикасында әсер етуі қалай? Неліктен бұл ауру болашақ ұрпақтарға қауіп қатер әкелуі мүмкін? Осы АҚТҚ жұқпалы ауруының дамуына байланысты кім тұжырым жасай алар екен?

**Тапсырмалар:**

Жоғарыдағы тапсырманы өткізгеннен соң қатысушылар мыналарды білуі керек:

1. АҚТҚ індетінің Орта Азия елдеріндегі, Қазақстан Республикасындағы негізгі үлгісін түсіндіре алуы.
2. Болашақтағы жағдайды қарастыру

3. АҚТҚ-ға байланысты сұрақтарға ақпарат беру мен білім берудің және жыныстық тәрбие берудің қажеттігі.

4. Жастарға қандай ашық түрде білім беруге болатынын анықтау.

**Мазмұны:**

АҚТҚ/ЖҚТБ-ның дүниежүзілік және аймаққа әсері:

1. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралуының әлемдік көрсеткіштері

2. АҚТҚ/ЖҚТБ індетінің Орта Азияда және Қазақстан Республикасындағы жағдайы.

3. Жас адамдарға АҚТҚ жұқпалы ауруына, жыныстық тәрбиеге байланысты оқытатын бағдарламалардың өткізу жолдары.

4. Келешектен жастарды оқыту қағаздары

**Жүргізу барысы**

1. Оқушыларды 5 кішігірім топтарға бөліп, әрқайсысына қордағы материалдық көшірмесін беру. 4.1.А, 4.1.Б, 4.1.С, 4.1.Д. АҚТҚ/ЖҚТБ індеті Орта Азия елдеріндегі, Қазақстан Республикасындағы АҚТҚ/ЖҚТБ індетінің таралуы.

2. Әр топқа дүниежүзілік және аймаққа АҚТҚ/ЖҚТБ-ның әсері бөлімін негізге ала отырып мазмұнын анықтау.

3. Әр топқа төмендегі тапсырмаларды орындауды сұрау.

**Топ 1** - АҚТҚ/ЖҚТБ-ның әлемдік және аймақтық әсері туралы соңғы статистикалық көрсеткіштерді негізге ала отырып сипаттау.

**Топ 2** АҚТҚ жұқпалы ауруына мыналарға назар аударып талдау:

- таралу үлгісі
- ауруға шалдыққан елдер (аймақтар)
- адамдарға АҚТҚ/ЖҚТБ-ның тигізген әсері

**Топ 3** - АҚТҚ/ЖҚТБ жастар үшін қандай қауіп қатер туғызады, және алдын алу бөлімдерінің ролі неде екенін түсіндіру.

**Топ 4** - АҚТҚ індетінің нәліктен кейбір аймақтарда басқаларына қарағанда тез таралу себебін түсіндіру.

**Топ 5** - АҚТҚ/ЖҚТБ-ға байланысты өмірдегі жағдайларды жасау.

4. Содан кейін 5 кішігірім топты жинап алып, оларға 3-5 минут ішінде техникалық құралдарды, оның ішінде ең көрнекті және қызықтырушы құралдарды пайдалана отырып презентация өткізу.

5. Көрініс кезінде қатысушыларды бір-бірінің айтқанын мұқият тыңдап алуды талап етіп, соңында кезекпен бір-біріне сұрақтар қойып, естігендеріне түсініктеме береді.

6. Презентация барысында жақсы сөз сөйлегендерге алғыс айту керек.

7. Қатысушылардың бір-екеуіне көрсетілген көрініс қорытындысын тұжырымдауды өтіну.

**Шығатын қорытынды:**

1. Пікірталастың нәтижесін топпен талдау.

2. Қатысушылардан келесі фразаларды аяқтауын сұрау:

- Мен үйрендім ...
- Мен аштым ...
- Мен сеземін...
- Мен істеймін...
- Мен ойлаймын...

3. Бір сөз немесе бірнеше сөйлем жаз, осы сөздерді оқығанда ойыңызға не келеді. Мысалы:

- АҚТҚ/ЖҚТБ
- Қауіпті іс-әрекеттер
- Жасөспірімдер
- Алдын алу білімі
- Азия мемлекеттері және ҚР
- Әйелдер
- ЖҚТБ-тен қайтыс болғандар
- Біріккен ұлттар арасындағы АҚТҚ/ЖҚТБ туралы біріккен бағдарламасы.
- Пандемия

**Оқытушыға ұсыныстар:**

- АҚТҚ/ЖҚТБ ауруының таралуы жайлы мәліметтерді оқушылардың қабылдау қабілетіне қарай тарату.
- Қазақстандағы АҚТҚ инфекциясының жастар арасында көп таралғандығына көңіл аудару.
- АҚТҚ-ның алдын-алу жаттығуларының кең көлемде болуы
- Әр адамға денсаулығы өз қолында екендігін түсіндіру

**4.2 ЖАТТЫҒУ****АҚТҚ-ның алдын-алу жолдарын оқушыларға түсіндіру түрі**

**Уақыты:** 2 академиялық сағат

**Көрнекілігі:** түрлі-түсті қима қағаздар, қаламсаптар, қағаз, тақта, маркерлер

**Дайындық:** Әр қатысушыға керек заттарын таратып беру. Ойынды бастамас бұрын қатысушыларды үш топқа бөлу.

**Тапсырмалар:** Берілген жаттығудан кейін қатысушылар (болашақ мұғалімдер) мыналарды білуі тиіс:

1. АҚТҚ ауруының адам өміріне, оның білім алуына, денсаулығына қалай әсер ететіндігін түсіндіру.

2. Осы аурулармен қалай күресу керек

3. Әр адам өз түсінігі бойынша қабылдау қажет

**Мазмұны:**

1. АҚТҚ-ның қоғамға және білім алуға әсері

2. Эпидемияға қарсы іс-шаралардың рөлі

3. АҚТҚ-ның балалар мен жасөспірімдер арасында кең өріс алуын, өмірдегі жағдайлармен мысалдар арқылы көрсету.

**Өту барысы:**

1. “Иммундық жүйе” ойынын жүзеге асыру.

2. Ойын өткізу үшін бөлмені оқушы санына қарай үшке бөлу

3. Әр топқа дискуссия мен презентацияны мына тақырыптар бойынша өткізуді ұйымдастыру.

● 1-топ, “АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу жұмысы, оқу ісіне әсері”

● 2-топ, “АҚТҚ/ЖҚТБ-ның бүкіл әлемдік қауымдастық пен мемлекетке әсері.

● 3-топ “АҚТҚ/ЖҚТБ қоғамға ондағы адамзаттың сезіміне, әлеуметке, мәдениетке өмірлік экономикаға тигізген әсері

4. Әр топтан бір адамға, дискуссияның барысы жайлы қағазға жазуды тапсыру.

5. Әр топтың қатысушыларына дұрыс ойлану үшін, 4.2А және 4.2 Б ресурстық материалдарын таратып беру

6. Әр топқа қағаз бен маркер таратып беру

7. 2-3 топқа өздерінің презентациясы кезінде 4.2Б қажетті материалдарын график бойынша, сызба түсіруді тапсыру.

8. Әр топ өздерінің “ізденістерін” қорғайды.

9. Талқылаудың қорытындысын шығару.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқушылар АҚТҚ инфекциясының қоғамдағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынасқа, мемлекетке, бүкіл әлемдік қауымдастыққа әсер ететінін талқылайды.

2. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның білім алуға және қоғамға кері әсерін оқушылар дәлелдейді.

3. АҚТҚ-ның қоғамға кері әсер беретіндігі жайлы әртүрлі алдын алу жұмыстарының жүргізілетінін растайды.

**Қортынды:**

Қатысушылар мына сұрақтарға жауап беруі тиіс:

1. АҚТҚ/ЖҚТБ адамдарға, әсіресе жастарға қалай әсер етеді?

2. Білім беру ұйымдары АҚТҚ-ның алдын-алуға көмегін тигізеді ме?

### Оқытушыға ұсыныс

**“Иммундық жүйе” ойынының ережесі**

- Қағазға адамның суретін салып, оны бір қатысушының үстіне жапсыру.
- 4-5 түрлі түсті қағазға “Иммундық жүйе” деп жазып, оны қатысушылардың киіміне жапсыру.
- 4-5 түрлі түсті қағазға “Безгек”, “Құрт”, “Өкпе қабынуы”, “Іш өту”, “АҚТҚ инфекциясы” деп жазып, бұл қағаздарды қалған 4-5 ойыншының киімдеріне жапсыру.
- “Иммундық жүйе” қағазын жапсырып алған ойыншы, адамның суреті салынған қағазды жапсырып алған ойыншыны айналып жүреді.
- Ал, әртүрлі аурулардың аты жазылған қағазды жасырып алған ойыншылар “Иммундық жүйе” қағазын жапсырып алған ойыншыға жабылады. Егер “Иммундық жүйені” жеңсе, онда есеп мынадай болады.
 

Іш өту	<b>-1ұпай</b>
Безгек	<b>-2 ұпай</b>
Құрт	<b>-2ұпай</b>
Өкпе қабынуы	<b>-4ұпай</b>
АҚТҚ инфекция	<b>-5ұпай</b>
- Әрбір алынған соққыға “Иммундық жүйе” екі ұпай алып отырады.
- Әр команда 50ұпай алғанша ойын жалғастырыла береді.
- Ойын аяқталғаннан кейін оқытушы оқушыларға иммундық жүйе, АҚТҚ инфекциясы жайлы түсінік береді.  
Ойыннан кейін қатысушыларға, бұл көрсеткендері, тек ойын екенін түсіндіріп кетеді.

### 4.3. ЖАТТЫҒУ

**“Менімен және АҚТҚ инфекциясы арамызда қандай да бір байланыс бар ма?”**

**Уақыт:** 1 академиялық сағат

**Көрнекілігі:** түрлі-түсті карточкалар, қаламсаптар

**Кіріспе:** Әрбір оқушы АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясының адам өмірі, қоғам үшін өте қауіпті екенін сезіне отырып, әрбір қағазға АҚТҚ-ның қауіпті жақтарын алдын-алу, болдырмау жолдары сияқты түсініктермен сұрақтарды жазуы тиіс

**Тапсырмалар:**

Қатысушылар жаттығу жұмыстарын орындап болған соң, АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесі жайлы өз ойларын, қорқыныштарын ортаға салады.

**Мазмұны:**

АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы проблемалық сұрақтарға оқушылардың жауаптарын қатыстыру

**Оқу жаттығулары:**

1. Әрбір оқушыға кез-келген түстегі қағазды таңдату.
2. Оқушыларға АҚТҚ/ЖҚТБ проблемасы жайлы сұрақтар қою.
3. Әр қатысушыдан карточканың бір жағына қызықтыратын нәрсесің, ал екінші жағына қорқыныштарын (ЖҚТБ бойынша) жазуларын сұрау.
4. Карточкаларды жинап, ондағы жазылғандарды дауыстап оқу және жазған адамның атын айту.
5. Талқылаудың ЖҚТБ туралы мәліметке қатысушыдан бастаған жөн.
6. Содан соң карточканың екінші жағындағы қатысушылардың қорқыныштарын оқу. (ЖҚТБ туралы)
7. Осыдан кейін дискуссияны мына сұрақтан бастауға болады: Не себептен ЖҚТБ қорқынышы пайда болды?

**Қорытынды жасау**

Қорытынды жасау кезінде қатысушыларға мына тапсырмалар берілді:

1. Әлеуметтік, физикалық, экономикалық және эмоциялық тұрғыдан ЖҚТБ -ның жұғуына байланысты мысал келтіру.

2. Жаттығу кезінде алған білімдерімен ЖҚТБ-ға байланысты мысал келтіру
3. Қатысушылардың біреуінен осы дискуссия туралы кішігірім 3-4 сөйлемнен тұратын резюме құрауды тапсыру

#### **Күтілетін нәтижелер**

1. Әлеуметтік аспект -дискриминациялық және жағымсыз сұрақтар
2. Физикалық аспект -қорғансыздық
3. Экономикалық аспект -жұмыс іздеу мен жұмыс табу кезіндегі қиындық
4. Эмоциялық аспект -көңілсіздік қорқыныш сезімі

#### **Оқытушыға ұсыныс**

1. Оқушының АҚТҚ/ЖҚТБ инфекциясы барлық аспектіге әсер ететінін түсінгеніне көз жеткізу
2. АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы өз ойларын айтқан оқушыларды мадақтау

### **4.1 А қажетті материалы АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясы**

#### **Әлемдік шолу**

2004 жылғы БҰАТББ-ның ақпараттық есептеуі бойынша, жер бетінде 39,4 млн адам ЖҚТБ-мен ауырады. Олардың 37,2млн-ы ересектер, 17,6 млн-ы әйелдер, 2,2 млн-ы балалар (15 жасқа дейінгілері) 2004 жылы осы аурудан 3,1 млн адам (ересектер 2,6 млн, 15 жасқа дейінгі балалар-510000) қайтыс болды. Орта Азия елдеріндегі АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралу жағдайы

#### **1. Ағымдық жағдай**

**Мамандардың есептеуі бойынша, бүгінгі күнде Орта Азияда 90мыңға жуық ЖҚТБ-мен ауыратындар өмір сүруде.**

2005 жылдың орта шенінде Орта Азияда ЖҚТБ-ға қарсы аумақтық күрес реализациясы басталды. Осыған орай; ЖҚТБ-ға қарсы халықтық стратегиялар енгізілді. “Орта Азиядағы ЖҚТБ-ны зерттеу” Халықаралық банктің есептеуі бойынша мына бес ел – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан алдағы жиырма жылдықта ЖҚТБ эпидемиясының құрбаны көп болатын елдердің қатарына енеді деген болжам бар.

Бүгінгі таңда ЖҚТБ-ның таралуына жастардың 80-90пайызы себепкер болады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде осындай көрсеткіштер мына елдерде – Ресей, Украина, Молдова орын алды.

#### **2. Болашақты қорғау**

Мамандардың зерттеуі бойынша 2010 жылға 18,5 млн адам АҚТҚ инфекциясын жұқтыруы мүмкін деген болжамдар айтылуда. ЖҚТБ-ның алдын алу жұмыстарын керек мөлшерде ұйымдастырмаса, жоғарыдағы көрсеткіштердің болу қаупі болатындығын ескерген жөн.

#### **3. Эпидемияны тоқтатуға түрлі мерекелік кештерді өткізу арқылы болады.**

**Мерекелік кештерді өткізе отырып, ЖҚТБ-ны тоқтатуға болатын фактілер дәлелденген.**

Тайланд және Комбоджа секілді мемлекеттер бұған үлгі бола алады. Себебі, олар ЖҚТБ-ны таратуға жол бермейді.

Мысалы: 1991 жылы 143000, 2001 жылы 29000 адамның өмірін СПИД-тен аман алып қалған.

#### **4. Алдын-ала емдеудің негізі.**

##### **Қауіпті іс-әрекеттің өзгерісі.**

Алдын-ала емдеудің ерекшелігі-адамдардың өз тәртіптеріне баса көңіл аударуы. Бұған қалай қол жеткізуге болады?

Тәртіпті заңды психологиялық қатармен өзгертуге болады.

Тәртіпті өзгерту жолдары.

1. Тіпті күнделікті кейбір әдеттері қауіпті болуы мүмкін екенін ойланбауы
2. Ойлана бастайды(тәртіпті өзгертуге көмектесу керек)
3. Іс-әрекетке дайын(өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету, тәуекел жасаудан арылуға көмектесу)
4. Іс-әрекет жасауда (өзін-өзі қолдау жүйесін қалыптастыру)
5. Бағалы нәтиже (әрдайым жақын адамның қолдауын сезіну)

Мәселені шешуде әлеуметтік жарнамалар, плакаттар, бейнекөріністер бірінші деңгейде тұрады. Содан кейін, тәртіпті өзгертуге нақты ақпараттар мөрленген материалдар, сенім телефондары, мамандардың кеңестері қажет.

Тиімді қорытындылар шығару үшін, айналасындағылар мен ата-аналар және туыстар мен қолданушы топтар психологиялық көмек көрсетіп және арнайы жұмыс жүргізілуі керек.

Осы психологиялық тізімнің ерекшеліктерінсіз жүргізілген алдын алу жұмыстарының деңгейі 1-ші және 2-ші деңгейде қалып қояды. Адамдардың көпшілігі осы қауіптің өзіне төнетіні жайында ойланбайды, келесілері ойланса да жағдайды өзгерту үшін ешқандай шара қолданбайды.

#### **4.1 Б қажетті материалы**

##### **ТМД мен Шығыс Европада АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясын тоқтату іс-шаралары.**

Дүниежүзінде Шығыс Европа мен ТМД елдері АҚТҚ/ЖҚТБ ауруларының тез қарқында дамып, таралып жатқан елдері болып табылады. Россия, Украина, Эстония елдері дүниежүзінде осы аурулар ең көп таралған елдер. Бұл елдерде 100 адамның біреуі АҚТҚ пен ауыруын жұқтырған. АҚТҚ инфекциясының тез таралуы. Пандемияға айналып кету қаупін тудырады.

Ұлттық деңгейде алынған, белсенді саяси басшылық пен міндеттеме АҚТҚ -ны алдын алу шаралары бағдарламасын жүзеге асыру үшін ауқымды қаржы келуін талап етеді. АҚТҚ эпидемиясының таралуын тоқтату үшін мемлекет тарапынан көлемді инвестиция бөлінуі негізгі факторлардың бірі.

АҚТҚ-ның алдын алу шаралары бағдарламасын жүзеге асыруда көптеген қызығушы жақтар мен азаматтық ұйымдардың күш біріктіруі негізінде жасалған инвестициялар оның негізін қаланған тасы болып табылады. Мекемелер мен қызметкерлердің кең ауқымды іс-әрекетін біріктіреді. Көптеген мекемелердің біріктірілген күші-қоғамдық, азаматтық, ЖҚТБ ауыруы орталық-тары АҚТҚ пен жұмыс істейтін адамдар сонымен қатар бизнесмендер (БАҚ және ойын сауық бизнесімен айналысушылар) Қауіпсіздік Комитеті АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесіне назар аударып және бағдарламаны жүзеге асыруды қадағалайды. Барлық елдерге жіберілген информациялық компаниялар мен қоғамдық орындарға бағытталған білім бағдарламалары АҚТҚ инфекция-сының таралуына ЖҚТБ пен емдеуді қажет ететін 80 мың адамның бүгін де тек 7 мың адам ғана емделуде. 70% шамамен 3 мың адам ТМД елдеріндегі қарсы терапиялық ем алған Ресейде тұрады.

#### **4.1 С қажетті материалдар**

##### **Білім барлығы үшін, ауқымды мониторингтік есеп 2003-2004 ж.**

Барлық мемлекеттер алғашқы және орта білімнің тең дәрежеде еместігі жайында 2005ж бір келісімге келді. Ауқымды мониторингтік есеп, кез-келген адамның білім алуда және тең дәрежеде бола алмайтындарына құқықтары бар екендіктерін белгіледі. Осы есеп пен келісе отырып, бұл сұрақты шешу үшін көптеген мемлекеттерде білім танудағы гендерлік тепе-теңдік үлкен реформалардың бір бөлігі болады делінген. Халықаралық ұйымдардың бірігуі БОББ есебінде стратегиялық білімнің барлығына міндетті екендігінен туындағанын көрсетеді.

Халықаралық қоғамдар 2005 жылғы бастауыш және орта мектептердегі гендерлік теңсіздікті төмендетіп және 2015 ж гендерлік білім алуға құқығы бар, ол халақаралық конвенцияда көрсетіліп, заңдастырылған және мемлекеттермен қол қойылған. Есепте әйелдер мен қыздардың өлеуметтік және экономикалық басылымдықтары, білім алулары ерекше аталған.

Есепте теңсіздіктің көптеген аспектілеріне талдау жасалынған. Білім алу құқығына байланысты мәселелердің шешімі мыналар мен байланысты: белгілі міндеттер, отбасы немесе қоғамның күштеуі қыз балалардың мектеп орындарына дұрыс бармауы, ерте некеге тұру, бұлардың барлығы қыз балалардың білім алу процестерінде кедергі жасайды, ауқымды қасірет, қарулы қақтығыстар және қаражаттың жетіспеушілігі барлығы АҚТҚ/ЖҚТБ мен байланысты. Білім алудағы құқықтық сұрақтар, мектептің жүйесінде қыз балалардың қандай дәрежеде қамтылғанын, білімнің аспектілерімен және білім алуда арнайы әдістердің, арнайы орталардың бар екендігімен байланысты. Сол сияқты мынандай алаңдаушылық бар, мектептерде қыз балалардың өлеуметтік және экономикалық құқықтары қандай дәрежеде көрсетілген. Заңдағы және реформадағы өзгерістер гендерлік тепе-теңдіктің толықтыруы болып табылады.

Есепте мемлекеттің атқаратын рөлі үш нақты жағдайда көрсетілген: әйелдер мен қыздар үшін білім алудың мүмкіндік ортасы, заң актілері арқылы және саяси реформалар, гендерлік тепе-теңдіктің болуы, инвестицияның бөлу, ресурстардың бір бөлігі әйелдер мен қыздардың білім алуына және білім алу реформаларына арналған.

Білім алу мен гендерлік сұрақтардың ұлдар үшін де, қыздар үшін де бірдей жоспарланған. Көптеген мемлекеттерде жүкті қыз бала мектептен шығарылады. Жыныстық қатынас туралы тәрбие жастар үшін сау қарым-қатынастар жасау үшін АҚТҚ-тен сақтану ең маңызды ақпарат болып табылады. Барлық мемлекеттер АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын-алу, әскери қақтығыстарды экономикалық кризистерді болдырмау және қаржы мен қамтамасыз етуін стратегиялық жүргізуі керек. (БҰБФМСБҰ 2003 ж)

#### **Қажетті материалдар. 4.1 Г**

##### **1. Бағдарлама "Жаңа қадам" білім алу сапасының жоғарлауынан басталады.**

"Жаңа қадам" бағдарламасы Халықаралық Банкпен, БҰҰБҚ және БҰБФМСБҰ-ның қатынасуы мен 2000ж. Дакарда Халықаралық білім форумында жіберілген. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту және тамақтандыру болып табылады. Берілген бағдарлама БҰҰ-ның агенттігімен бекітілген.

*"Жаңа қадам" бағдарламасы 4 басты компоненттерінен тұрады:*

1. Мектептің саясаты, балалардың денсаулығын жақсартуда.
2. Білім алуда сау орта мен қамтамасыз ету.
3. Денсаулықты қамтамасыз ету үшін өмір сүру қабілеттерін ұйымдастыру.
4. Мектепте тамақтану және қорғау қызметтерін қамтамасыз ету.

Білім алу барлық балалардың алғашқы білім алу мүмкіншіліктерінің бар екендігін көрсетеді.

Бұл мектептерде білім алу мүмкіншіліктері бар екендігін көрсетеді. Мұндай орта балалар үшін тиімді болу керек. Балалардың мектепте денсаулықтары жақсаруына дұрыс тамақтануы, гигиенаның сақталуы бағдарламада әр жастағы балалардың болуына бағытталған.

Бұл бағдарламаның негізгі сапалы тамақ беру, сапалы білім беру болып табылады. Сапалы білім беру балалардың денсаулығымен байланысты, ол қыз балалар үшін ерекше.

##### **Бағдарламаның негізі мектепте тиімді гигиена және тамақтандыру.**

Бағдарламаның негізгі мектепте оқушылармен дұрыс қарым-қатынаста болу, олардың денсаулықтарының негізгі компоненті болып табылады. Әрине бұдан да көп жұмыстар атқаруға болар еді, егер де олардың жоғарыда аталған 4 компоненттің барлығы іске асып, өз нәтижелерін беріп жатса. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты тіпті ең төмен ресурсы бар ауылдың мектептерінде де жүргізілуінің мүмкіндігі. Сонымен қатар балалардың білімін, денсаулықтарын және тамақтарын жақсарту арқылы көтеру.

Жұмыс жасау үшін негізгі бағыттары: мектептерде бағдарламаны кіргізу үшін 4 міндетті компоненттер мен кейбір стратегиялары.

##### **А. Негізгі компоненттер.**

###### **1. Оқушылардың денсаулығын жақсартудағы мектептің саясаты.**

Оқушылардың денсаулығын жақсартудағы мектептің саясаты өмірлік біліктіліктің негізіне сүйенеді. Дегенмен балалар денсаулығын жақсарту саясаты мынандай факторларды ескергені жөн, психологиялық орта, оқушыларға деген қатал көз қарас, сексуалды зорлық жәбірлеу және қорқыту. Жүкті жас өспірім қыздардың, жас аналардың мектепте оқи алуын қамтамасыз ету де мектеп саясатына кіру керек. Жүргізілетін саясат оқушылар арасындағы бір-бірін тәрбиелеу оқытушылар тарапынан да, қыз балалардың мектепке келуін болдырмау үшін керек. Салауатты өмір салтын оқушылар арасында ұйымдастыру, мектеп оқытушылары үлгі бола алады. Мысалы, темекі тартудан аулақ болу. Дамыту процесінің саясаты сұрақтың осы жақтарында қарастырады. Бұл саясаттың жақсы жақтары білім саласындағы барлық деңгейлерді қозғайды, білім шенеуліктерінен бастап қатардағы ұстаз, оқытушы және оқушы, ата-аналарға дейін.

###### **2. Таза сумен және санитарлық жағдайларды жақсарту.**

Балаларды таза сумен қамтамасыз ету, олардың денсаулығын және гигиеналық жақтарын қамтамасыз етеді. Конструктивтік саясат гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

###### **3. Өмірлік дағдыларды қалыптастыру.**

Денсаулық, гигиена және тамақтану сұрақтары өмірлік дағдылардың қалыптасуы білімнің дамуына, денсаулығының жақсаруына әкеледі. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі және мынадай факторлары ерте жүктілік, зорлық, темекі тарту, нашақорлық барлығы АҚТҚ/ЖҚТБ мен

байланысты. Әлеуметтік нормаларды сақтамау, кездейсоқ қарым-қатынастар осылардың барлығы, өмір жағдайың, денсаулығының тамақтануының дұрыс болмауы көптеген балалар арасында білім деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады. Гендерлік тепе-теңдік ұл балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынасының нашарлауын болдырмау үшін өте тиімді. Егерде балалар осындай дағдыларды игеретін болса, олар салауатты өмір сүруге мектеп қабырғасынан үйреніп шығады.

#### **4. Оқушылардың денсаулығы және тамақтануы.**

Мектептер тиімді тамақтану мен денсаулықтарын сақтауда кейбір көрсетілетін қызметтер балалардың мүмкіндіктерінің болуына әкеледі.

#### **Б. Қолдаудың стратегиясы.**

##### **1. Оқытушылар мен медициналық қызметкерлердің арасындағы тиімді қарым-қатынас, сол сияқты білім мен денсаулық сақтау секторы арасында.**

Оқытушылар мен медицина қызметкерлері арасындағы тиімді қарым қатынас білімнің табысты болуын қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау секторы жастардың денсаулығына жауапты, ал білім секторы денсаулық және білімнің дамуына жауапты. Осы аталған екі сектор өз міндеттерін дұрыс бөліп және олардың жүзеге асуын қамтамасыз ету.

##### **2. Қоғаммен тиімді қарым қатынас.**

Оқушылар мен қоғам арасындағы салауатты үлгермеушілік іс-әрекетін оқу бағдарламасын сәтті және тұрақты орнатуға негіз болады. Қоғаммен бірлесу жалпы міндеттерді ортақ шешуге көмектеседі, қоғамдық түсіністік орнайды. Денсаулық бағдарламасы оқу бөлімдерінде жүзеге асса, ата-аналар тарапынан қолдау болса, оқыту сәтті болады, үйде жалғастырып оқу жақсарады. Оқу мекемелерінде басқа да қоғамдар мен (өртүрлі ұйымдар, қолдау топтары) байланысу денсаулық бағдарламасын жүйелі орындауға көмегін тигізеді. Мұндай қарым-қатынас мектептегі достық ортаны құруға, мектеп ішіндегі денсаулық сақтауға қатысты сұрақтарды шешуге, берілген сұрақтардың шешілуіне бағыттайды.

##### **3. Оқушыларды тарату.**

Бағдарламаның барлық аспектілерінде денсаулықты оқыту аса маңызды болып саналады. Қатысушы жастар қауіпсіз ортаны құру саясатын ендіру, басқа оқушылардың арасында салауатты өмір сүруге бағытталған сұрақтар туралы іс жүзінде сәйкес дағдылар қалыптастырады. Бұл жастарға білім алуға тиімді көмек береді және қарым-қатынасты тұрақтандырып, салауатты өмір салтын дұрыс құруға, барлық білім алушылар бағдарламасына қолдау көрсетеді.

#### **Қажетті материалдар 4.2А**

##### **АҚТҚ/ЖҚТБ ның әсері**

##### **Жеке тұлға /адамға:**

● Имунитет жетіспеушілігі/имунитет жүйесінің есірткіленуі, организмнің қарсылық қызметін атқара алмайтын жағдай/ басқа инфекцияның таралуына әкеледі (мысалы, диарея, пневмония және т.б.)№

● ЖҚТБ диагнозымен елдімекен ересектерінің 50% вирусқа қарсы емделуге мүмкіндігі жоқтар 18 ай мерзімінде өледі.

● Қоғамнан алшақтау, достарының, жақындары мен сүйіктілерінің қабылдамауы.

● АҚТҚ ауруына шалдыққан аналардан туған бөбектердің 15-тен 30% дейінгісі АҚТҚ-ны жұқтырады, егерде ол аналар АҚТҚ-ны анадан балаға сауықтыру бағдарламасына қатынасса.

Психологиялық сұрақтар:

1. Өлім мен ауру алдындағы қорқыныш (әсіресе үйінде жалғыз қалу)  
2. Жоғалту сезім, әсіресе беделіне, жеке тұлғасына, сыртқы тұлғаның сымбатына, күшіне, жыныстық қатынасына, қоғамдағы орнына, қаржының қалыпты болуына, болшақ жоспарға және тәуелсіздікке.

3. Өзіне деген ашу, АҚТҚ ауруына ұялу

4. Суицидуге бейімділігі- біреулерден ұялу мен ауру азабынан қашу тәсілі ретінде қаралады.

5. Өзін сыйлау сезімінен айырылу және қажетсіздік сезімі сүйіктісімен әріптестерімен қарым-қатынастан бас тарту, аурудың денесінде көріне бастауы: ауру салдарынан денесінің әлсіреуі, күштің азаюы және т.б.

6. Ипохондрия сауықтыру инъекциясы мен денсаулығына байланысты.

7. Жоғалтқаннан уайым шегу

8. Басқалардан жұқтырып аламын деген кінәлар сезімі, бұрынғы тәртібіне деген кінәлар сезімі, жақындарына әсіресе балаларының жанын жаралауға жеткізген кінәлау сезімдері.

9. Депрессия, емдеудің жоқтығынаң, шарасыздық сезімі және өзін-өзі бақылаудан айрылу.

10. Қорқыныш пен үрей мыналардан.

- жақын мерзімдегі немесе болашақтағы болжам
- өз инфекциясына басқа да инфекцияны жұқтыру қаупі
- басқа адамдарды АҚТҚ инфекциясымен жұқтырып алу қаупі
- қаржы тәуелсіздігінен немесе күш қуатынан айырылу
- күш қуатының төмендеуі
- қатынасқа қабілетсіздігі
- жеке өмірінен, сүйікті адамынаң, жанұясынан айырылу
- міндетті стоматологиялық және медициналық емдеу
- ауру азабының өлімі
- жеке қасиетінен айырылу
- жақын адамдарының тастап кету қаупі, немесе жалғыз қалу
- аласталу мүмкіндігі басқа себептерсіз жұмыстан шығару немесе қабылдамау
- өзін сыйлаудан қалу
- СЖ және ЕИТ, ЕЖЕ сияқты кейбір топ мүшелеріне қарсы дискриминация жалғастыру
- бір елдерге баруға қарсылық болу

#### **Б. Жанұяға**

● отбасы мүшелерінің психологиялық стресі яғни АҚТҚ аурулы адаммен жақындаса алмау негізіндегі ашу, қайғы, күйзелу;

● АҚТҚ аурулы адамға қамқорлық жасаушы отбасы мүшелерінің кемістушілік пен аластатушылықпен ұшырасуы;

● бірқалыпты жұмыс істей алмау барысында дәрігерлік көмек пен емдеу препараттар құнының жоғары болуымен экономикалық мәселенің туындауы.

#### **В. Қоғамға**

● Қаржы, қоғамның қасиеттілігіне жұмсалатын қаржының, АҚТҚ-ны сауықтыру бойынша, аурудың бауырын диагностикадан өткізу және күтуге жұмсалатыны;

● Денсаулық сақтау жүйесіне қосымша міндет;

● аурудың әсерінен еңбек нәтижесі мен экономикалық көрсеткіштен айырылу;

#### **Г. Әйелге әсері**

● АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ әйелдердің психологиялық, мәдени-әлеуметтік және экономикалық жағына үлкен әсер етеді.

● Әйелдер ағзасы биологиялық ерекшеліктеріне байланысты, АҚТҚ, ЕИТ ға өте бейімделгіш.

● әйелдер өз іс-әрекетіне толық бақылау жасай алады, еркектің тілегі мен еркектің ләззат сезімін алуға ынтығына ықыласымен қарай алады;

● ерте неке немесе жасөспірім қыздың ересек еркекпен некелесуі де АҚТҚ-ны жұқтыруға бейімделу қаупін жоғарылатады;

● некеден тыс немесе некедегілер арасында жыныстық күш көрсету мен қатыгез қарым-қатынас жасау осы күнге дейін кең таралуда;

● әйелдерді экономикалық жағдай да АҚТҚ, ЖЖБИды жұқтыруға бейімделу себептеріне әкеледі, себебі өмір сүру үшін күнделікті күрес әрекет АҚТҚ -ны жұқтырудың жоғары қаупі;

- әйелдердің экономикалық тәуелділігі мен әлеуметтік деңгейінің тіпті төмендегі әйел жұқтырып алу қаупін білгеннің өзінде де, күйеулерінің некеден тыс қатынастарын тыюға немесе мүшеқапты қолдануды талап етуге қауқарсыз;

- АҚТҚ ауруы бар отбасы мүшелерінің ішінде ауруды күту көбіне әйелге міндеттеледі.

#### **Д. АҚТҚ эпидемиясының төмендеуіне әсер ету**

БҰАТББ берген 2004жылдың жаңартылған ақпаратына сәйкес, дүниежүзінде 39,4 миллион адам АҚТҚ/ЖҚТБ өмір сүреді екен, оның 3,2 миллион ересектер, 17,6 миллион әйелдер және 2,2 миллион 15 жасқа дейінгі балалар, АҚТҚ-ның қайта тіркелген жағдайы 4,9 миллионды құрайды (4,3 миллионы ересектер және 640,000 балалар 15 жасқа дейінгі). ЖҚТБ диагнозы нәтижесінде 2004жылы 3,1 миллион адам өлген (2,6 миллион ересек адамды және 510000 балалар 15 жасқа дейінгі).

Осылай, АҚТҚ ауруымен өмір сүрушілердің саны, 2001 жылы 35 миллион адамнан, 2004 жылы 39,4 миллион адамға өсу үстінде. Осы көрсеткіш деңгейіне қарасақ, эпидемия өсу үстінде.

#### **Қазақстанда АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы іс - шаралар**

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің өкімшілік өкілдері жиналысының ұсынысына сәйкес министрліктер, ведомствалар, үкіметтің жергілікті атқарушы орындары, үкіметтік емес, халықаралық және екі жақты ұйымдар (Теміртау қаласы, 20 қазан 2002) және 11 шілде 2002 жылы (протокол №24-3/002-439) ЖҚТБ-ға қарсы күрес және сауықтыру бойынша координациялық Кеңес мәжілісінің шешімі 2002-2005 жылдары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жүйесінде АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясын қайтару стратегиялық бағдарламасы әзірленіп, қабылданды.

Бұл бағдарлама 2001-2005 жылдары ҚР ЖҚТБ эпидемиясын қайтару бағдарламасы стратегиясы нақтылау мен оған әрі жетілдіру 14 қыркүйек 2001 ж. №1207 қабылданған Үкімет қаулы-сында қаралды. Бағдарлама әзірлеушілер 30 май 2002 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достасты-ғына қатынасушы мемлекеттердің 27 маусым 2001ж қабылданған АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша БҰҰ мүше елдері міндеттеріне алған, білім мен ғылым секторына қатысты АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемия-сына қарсы кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасы шешімдерінің 1,6,7,11,19,20,21,22,23,24 пункттерін басшылыққа алды. Қазіргі кезеңде айтылған бағдарламаны іске асыру аяқталды.

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет және денсаулық министрлігі 31 қаңтар 1999 жылы №12 «Қазақстан Республикасы оқу орындарында АҚТҚ-ның алдын алу сабақтарын енгізу» бұйрығы шықты. 2002 жылы мемлекеттік білім стандартында АҚТҚ инфекциясын алдын алу сұрақтары енгізіледі «Валелогия» пәні бойынша.

Салауатты өмір сүру бұл денсаулықты шамаңа қарай басқару, тәртібінді қалыптастыру, сөз жоқ бұл саладағы қайраткерлік педагогтар деңгейі мен олардың кәсіптік қызығушылық жатады.

Негізгі ақпаратты тұлғаның өзі денсаулық куәлігіне қосу және мотивациядан жобалап ойлаудан басқа өз күйін жөндей алатын негізгі білім қорын меңгеруі қажет. Бұл жағдайда сөз жоқ жүйелі білім мен мектептің рөлі бар. Жасөспірім мен баланың қажетті мотивацияны білуге, тұлғаның қажеттіліген сәйкес керекті білімді қабылдауға мүмкіндік беруге тек педагог қана көмектеседі. АҚТҚ инфекциясын алдын алуда және салауатты өмір салтын қалыптастыру біліктілігін жоспарлауда педагогтік білім жүйесі мен педагогтарға қойылатын өзгеру қажеттігі мүмкін.

Балалардың денсаулығын қалыптастыру, АҚТҚ алдын алу тек педагог валеологтардың жігеріне қатысты емес, тәрбиешілер, барлық мамандық мұғалімдері, мектептің барлық педагогтік ұжымы, КМ, колледждер, қосымша білім ұйымдарының қатысуына байланысты. Республикалық білім жүйесінің ғылыми- педагог кадрлар мен басшыларын біліктілігін жетілдіру курсының жоспары мен алкогольге, шылым шегуге, токсинамонияға, анашаға, ЖЖБИ, АҚТҚ сауықтырудың республикалық семинар-тренингін өткізуді типтік оқу бағдарламасын әзірледі. әр түрлі категориядағы педагог қызметкерлеріне арналған оқу бағдарламасының курсына АҚТҚ-ның алдын алу лекциясы міндетті түрде қосылады.

ҚР МОН 2004 БҰБФМСБҰның қаржылай көмегімен жалпы білім беретін оқыту, КМ, колледждер, мектептен тыс ұйымдар, оқушылармен сауықтыру жұмысын тиімді өткізуге күш салатын оқытушыларға арналған.

Басшылық шықты.

Алдын алу жұмысын толық қамтамасыз ету үшін білім басқармалары мен білім беруші ұйымдар қажетті қаржылық және кадр ресурстары жайлы қажетті ақпараттың аздығын сезінеді.

Балалар мен жасөспірім, жастардың арасында жүргізіліп жатқан АҚТҚ-ның алдын алу шаралары бойынша білім беруде бұрынғыша көптеген қиындықтар қабаттасады. Оқытудағы қиындықтар мамандардың жетіспеушілігі, білім және ақпараттық материалдың аздығы, әсіресе, мемлекеттік тілде және тығыз тұратын елді мекендердің тілінде, бағдарламаның жетілдірілмеуі, оқулықтың жоқтығына байланысты. Қазірге дейін жастардың тәртібі жайлы мәселелерді шешу-ге психологтар жұмылдырылмаған, әлеуметтік сала бойынша зерттеу шектелген. АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесін сала бойынша зерттеу шектелген. АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесін оқыту әдістері бойынша ғылыми зерттеу жүргізілмейді. Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан жалпы білімдік бағдарламаны жасөспірімдермен жүргізген сұрақ-жауаптарды дәлелдейді. Көптеген топтар АҚТҚ инфекциясын сауықтыру сұрақтарына дайын емес.

Алдын алу жұмысын толығымен атқару үшін, білім басқару органдары және білім ұйымдарында ақпараттың, қаржының, кадр ресурстарының аздығы кедергі жасайды.

Балалар, жас өспірімдер мен жастар арасындағы АҚТҚ-ны азайту шарасы өлі күнге дейін қиындықтарға толы. Бұл оқудағы қиындық, маман жетіспеушілігіне, білімділік және ақпарат материалдарының аз бөлінуі, мемлекеттік тілде және оқытылып отырған тілде мәліметтің жоқтығы, оқулықтың жоқтығына т.б. мәселелерге байланысты. Өлі күнге дейін жастардың әрекеті психологияда бір бағытқа жұмылдырылмаған, әлеумет танушылар тарапынан да зерттелмеген.

АҚТҚ/ЖҚТБ сұрақтары ғылыми тұрғыда зерттелмеген.

#### Экономикалық:

Әйелдердің көпшілігіне мамандығы бойынша жақсы табысты жұмыстар істеуге шектеу қойылады. Себебі, олар отбасы мен балалардың күтіміне жауапты. Бұл факторлар ерлерге тәуелділікті туғызады. Жоғарыдағы жағдаяттар АҚТҚ алдын алудың дамуын қиындатады.

Кейбір әйелдердің жыныстық қатынаста болуына әлеуметтік жағдай итермелейді, АҚТҚ инфекциясының жұғуының жоғарғы қаупі осыдан.

#### Экономиканың ЖҚТБ-ға әсері:

**БҰАТББ мәліметі:**

**Ресурстық ақпарат. 42.Б.**

**АҚТҚ/ЖҚТБ инфекциясының білім беру жүйесіне әсері.**

Сектор	Жеке тұлға	Қоғам	Мемлекет
Денсаулық	Шығын өсуде	Шығын өсуде	Денсаулық сақтау құрлымына рұқсаттың қажеттілігі
Білім	Оқу бөлімдеріне келмеулері	Адам ресурсының болашақтағы бағасының төмендеуі	Кәсіби мамандарды жоғалту
Сауда және өнеркәсіп	Азық-түлік жоғалту	Эмиграцияның өсуі	Туристтік салаға жағымсыз әсер етеді
Ауыл шаруашылығы	Азық-түлік жоғалту	Жер төлемдерінің азаюы	Дәнді дақылмен қамтамасыз етудегі қиыншылығы

**АҚТҚ инфекциясының шығындары мен сатылары**

Шығындар	Инфекцияға дейін	Инфекция	Ауру	Өлім
Тура	АҚТҚ алдын алуын бақылайтын шаралар	АҚТҚ-ны тестілеу және амбулаториялық қызмет көрсету.	Стационарлық емдеу	Жерлеуге байланысты кеткен шығындар
Жанама	Алдыдағы жинақ  Сақтандыру  Жалақысы аз қауіп-қатерге байланысты ауыстыру	Қоғамның ауру мүшелерінің тамақтануының төмендігі  Инвестицияны қолданудың азаюы және қысқартылуы  Ауырған адамды қарайтын қамқоршы еңбек ақысын төлеуге қатысты шығын  Ауруға және отбасының басқа да мүшелеріне психологиялық көмекке кететін шығын  Басқа да, жоспардан тыс отбасындағы ауру	Кірістің жоғалуы және тамақтанудың төмендігі  Инвестицияны қолданудың азаюы және қысқартылуы  Ауру адамды қарайтын қамқоршы еңбек ақысын төлеуге қатысты шығын  Психологиялық көмекке кететін	Болашақ кіріс  Отбасы кірісінің төмендеуі  Отбасының қалған мүшелерінің денсаулығының

АҚТҚ инфекциясының таралу деңгейі төмен болған жағдайында өмір сүрген адамдар АҚТҚ инфекциясын қазіргі кезде жоғарғы деңгейде таратуы мүмкін, яғни оған АҚТҚ эпидемиясын бақылай алмаған немесе есепке алмаған елдер себепті.

Осы жағдайдан кейін эпидемия жаппай таралып, қоғамдағы әр топ адамдарына жұғады.

АҚТҚ/ЖҚТБ тек жеке адамдарға ғана емес, қоғамға да әсер етеді. Адамзат, тұлға қасиеттерінің дамуы қоғамдағы адамдардың әлеуметтік экономикалық жағдайының жақсаруына әсер етеді.

**1. АҚТҚ инфекциясының білім беру жүйесіне әсері.**

АҚТҚ/ЖҚТБ білім беру жүйесіне қауіпті қатер болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясын таралу деңгейін тоқтатып, алдын алу бойынша білім беруді жүзеге асырады. АҚТҚ профилактикасының бағдарламасы білім берудегі түзетулер, қоғамдық және өкімет құрамының өзара тығыз қарым-қатынасы.

**Білім беру ұйымдарына баратын балалар саны.**

АҚТҚ/ЖҚТБ оқытушылар мен оқушыларға және т.б. негативті, кері әсер етеді. Білім беру ұйымдары өзінің әсерімен тұрғындардың көп бөлігіне ықпал етеді. Қазіргі кезде есеп бойынша Қазақстан Республикасында 8330 орта мектептер, 170 мемлекеттік емес мектептерде 3 миллионнан астам оқушылар оқытылады.

312 мамандандыру мектебі (лицей), және 382 колледж. Сол сияқты 19 мемлекеттік емес және 7 мемлекеттік жоғарғы оқу орындары, жалпы оқушылар саны 297500 адамды құрайды. Бұған қоса 627 мектепке дейінгі ошақтарда 317451 қатысушы бар.

АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясы білім жүйесінің барлығына негативті әсер етеді. АҚТҚ-ға қарсы Республика орталығының мәліметі бойынша, 2006 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасында 55 мектеп оқушысының осы дертке шалдыққаны белгілі болған, бұның 33-

мектепке барса, 22-і қаңғыбас бала. 79- мамандану мектебінің, ЖОО, колледж студенттері АҚТҚ-ға шалдыққан. Ресми саны бұдан да көп.

Егер АҚТҚ инфекциясы тез жұғатын болса, онда дертке шалдыққан оқушылар саны да арта түспек. Әрине дертке шалдыққан оқушылар сабаққа келмейді, ал кейбіреулері әлсіз денсаулықтарымен сабаққа еш зауқылары соқпайды. АҚТҚ инфекциясы қоғамның бар мүшелеріне тараған, сол оқушылардың отбасы мүшелеріне де, өзінің дертке шалдыққан туысқанын қарау үшін әсіресе қыз балалар сабаққа келмейді.

#### **Мектеп қажеттіліктері**

АҚТҚ эпидемиясының қоғамды жаппай жаулауында, білім секторлары адам ресурстарының азаю қаупіне соғуы мүмкін. Педагогтік және әкімшілік кадр, техникалық және басқа да мамандардың жақын туысқандары ЖҚТБ дертінен қаза болуы мүмкін. Бұл жағдайда олар психологиялық қайғыға душар болады. Олар жұмысқа уақытында келмейді, немесе кейде ғана келеді.

#### **Білім мазмұны**

Алдын алу бойынша білім бағдарламасы жастардың репродуктивті дамуы және жыныстық қатынас туралы АҚТҚ/ЖҚТБ ЖЖБИ-ға қатысынан және салауатты өмір салтын құруға және қауіпті жауапты жүріс тұрыстан бас тартқызатын өмірлік дағдыларынан құрылуы керек.

Алдын алу бойынша білім бағдарламасы жастар шешім қабылдауда көмектесетін болуы керек, олар алған ақпараттарына сүйене отырып, салауатты өмір салтын құрып, өздерінің денсаулықтарын сақтап, нығайтулары керек.

#### **Білім сапасы**

Берілген алдын алу бойынша бағдарламаны мұғалімнің тиянақты жоғарғы деңгейде білуі, білім сапасын көтеруі, бұған қоса мұғалім оқу әдістемесіне сәйкес баспалардан жарық көрген, өзіне көмекші құрал ретінде аудио және видео-материалдар және т.б. пайдалануы керек. Алдын алу бойынша жұмыстар оқушылардың психологиялық және жас ерекшелігіне, оқушының жеке қабілетіне, ұлттық келбетінің ерекшеліктеріне қарай құрылу керек.

#### **Білімді жоспарлау**

АҚТҚ/ЖҚТБ министрлік, департамент, агенства және білім ресурстары мен қызметін таратуды жоспарлайтын және шешім қабылдайтын адамдарға негативтік әсерін тигізеді. Ресурсқа білім сапасы мен мазмұнына эпидемияның әсерін бақылау көп уақыт алады және көптеген экспертиза мен шығынды қажет етеді.

### **Топтық жұмыс презентацияға арналған кесте АҚТҚ/ЖҚТБ әсерінің классификациясы**

	Физикалық	Эмоционалды	Әлеуметтік	Мәдени	Экономикалық
Жеке тұлға					
Отбасы					
Қоғам					
Мемлекет және әлем					

#### **4.2.С. қажетті материал**

##### **АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы күресте білім секторларының рөлі.**

АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы күресте вакцина мен емдеуден басқа білім нәтижелі әдіс бола алады.

## **АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы күресте, білім өзін маңызды қару ретінде көрсете алады**

### **1. Білім неге АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы күресе алады**

Білім жүйесі балаларға, жастарға білім беру жоспарында ерекше қызмет атқарады. Себебі, білім жүйесі олар қауіп қатерге душар болмай не АҚТҚ-ға шалдықпай тұрғанда беріледі. Бұл жастар мен балалар арасында инфекция таралуына едәуір кедергі бола алады. Жастар білім алуда жеке құнын бағалау, және оларды өмір бойы сүйемелдейтін өмірлік дағдыларды қалыптастыру сияқты процестерді қабылдайды. Білім жүйесі жастарға өз өмірінің қорғаны болатын, өмірлік дағды қалыптастыруына көп көмек көрсетуі мүмкін. Бұған қоса білім алушылар жеке баға беруді қалыптастырады. Мысалы: АҚТҚ-ға шалдыққан адамдарға қарсы стигма мен дискриминацияны азайтуын айтуға болады.

Әлемде өткізілген әр түрлі зерттеулерден әдепті ақпарат алған жастар, жыныстық қатынасқа кеш түсіп немесе оны бастаған күнде ЕИТ және АҚТҚ/ЖҚТБ-дан қорғанудың жеке күтімдерін білетінін көрсетеді.

### **2. Білім секторы не істей алады?**

Әрине, білім секторы профилактикалық АҚТҚ-да шешуші рөл атқарады. Алдын алу бойынша білімдегі озық мамандардың епті жұмысы, жастардың өзін қорғау дағдысын қалыптастыру, қарым-қатынасты бағалауға және АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың санын азайтуға көмектеседі.

Білім ұйымдары, өзін-өзі қорғау дағдысын қалыптастыру. АҚТҚ мәселесін бағалау мен қарым-қатынас жасаудағы жастарға көмектесетін, профилактикалық білімге жан-жақты көңіл аударуы керек. Бұдан басқа да білім жүйесінің қызметкерлері АҚТҚ-ЖҚТБ өзекті мәселе екенін, жастардың жыныстық қарым-қатынасы АҚТҚ-ға деген әлсіздік тудыратынын мойындау керек.

#### **Педагог мамандар**

АҚТҚ эпидемиясынан жастарды қорғау үшін, әрбір білім ұйымы стратегиясын саясат, профилактикалық білім стратегиясын құрып, оны өз деңгейінде жеткізе алу керек.

Білім ұйымы мемлекеттік құрылымдар мен, үкіметтен тыс ұйымдармен, ата-аналар қоғамымен бірлесіп жұмыс атқарса, өзінің білім превентизациясындағы әсері тек балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында ғана емес, сонымен қатар бүкіл халық арасында мол мүмкіндікке қол жеткізеді.

Білім ұйымдары жүргізген барлық алдын алу жұмыстары, кешенді, жүйелі үздіксіз болу керек. Қоғам дамуының заңына сүйене, әлемде болып жатқан басты процестерді қарастыра отырып жүзеге асыру керек.

### **3. Тәжірибелі білім беруді жоспарлау және ұйымдастыру**

Білім беруді ұйымдастыру кезінде, ұстаздық ұжым мүшелерінен АҚТҚ мен ЖЖБИ-ға қарсы жүргізілетін жұмыстарға жауапты, арнайы дайындықтан өткен маманды белгілеу керек. Оның рөлінде оқу-тәрбиелік жұмыс бойынша директор орынбасары, әдістемелік ұйымның меңгерушісі, ұстаз не арнайы дайындық курстарынан өткен, мемлекеттік үлгіде дипломы бар мұғалім бола алады.

Білім беруді ұйымдастырғанда егу жұмыстарының ұзақ мерзімді және жылдық жоспары жасалуы керек. Оған негізгі оқу пәндері, оқушыларға өмірлік тәжірибие сабақтарын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы және ата-аналармен жұмыс жатады. Сонымен қатар, әр ұстаздың сыныппен, топпен, ұйыммен қосымша арнайы курс жұмыстарына, оқу жылында, ұстаздың сабақ жүргізу технологияларына, интерактивтілігіне назар аудару керек.

### **4. АҚТҚ/ЖҚТБ және АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар бойынша (егу) тәжірибелі білім беру мәселелерді оқу бағдарламасына кіргізуге жататындар:**

- оқушылардың денсаулығы туралы кеңірек мағлұмат енгізу, ол: жыныстық денсаулық, құрт, гепатит, ЖЖБИ, шылым шегу, ішу, есірткі мәселелері т.б.
- ұстаздардың оқу материалын таңдауы, оқушыларды денсаулық сақтау шараларына баулу, олармен жұмыс істеуге үйрету;
- ұстаздардың тәжірибесін көтеру жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық құжаттарды, оқу-әдістемелік әдебиетті, аудио жазбаларды дайындау.

## 5. Халықтық ұлттық аймақтық ерекшеліктерге есеп жүргізу

### 4.2. Қажетті материалдары.

#### Алдын алу білімінің сипаттамасы.

##### 1. Алдын алу білімі не үшін әсерлі.

Жалпы орта білім алдын алу білімін құруда, әрекет дағды, жауапты жүріс-тұрыс зор қызмет атқарады. Ол, білім алып отырғандардың өз денсаулықтары мен өмірлерінде дұрыс шешім қабылдауына, адамдардың экономикалық тұрақтылықтарын қалыптастыруына, болашаққа нық қадаммен аяқ басуларына мүмкіндік береді.

Білім - қыз бала/, әйелдердің АҚТҚ инфекциясының алдында қарсы тұруға, олардың әлсіздігін жоюға көмектесетін құрал. Білім қыз балаларға АҚТҚ инфекциясын азайтуға көмектеседі, олардың экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, неке мен отбасы құруларында дұрыс шешім қабылдауларына көмектеседі.

Білімділік жүйесі, қатысушылар мен педагогтарға алдын алу білімін беруде үлкен көмек береді.

Экономикалық жоспарда рентабельді, емдеуге кететін шығынға қарағанда, алдын алу бағдарламаға кететін қаржы анағұрлым аз.

##### 2. Алдын алу білімінің сипаттамасы

Салауатты өмір салтын құру және жауапты жүріс-тұрыс қалыптастыруда профилактикалық білімнің мақсаты болып табылады.

Бұл мақсатқа жету жолы - білім беру, жеке бастың сақтану амалы, жұқтыру қауіп-қатерін азайту, сол сияқты әлеуметтік көмек пен қамқорлықпен қамтамасыз ету, стигма мен дискриминацияны жою.

Сақтандыру ілімін бозбалалар мен бой жеткендердің жыныстық белсенділігі артпай тұрғанда бастау өте маңызды.

Сақтандыру іліміне жасалған нәтижелі қадам жан-жақты болуы шарт, ашық, икемді және АҚТҚ/ЖҚТБ және қатысты әлсіздікті арттыратын қозғаушы күштерді қамту керек. Мұндай қозғаушы күштерге жататындар жыныстық қарым-қатынас, отбасы жағдайы, білім, кедейшілік, дискриминация, гендерлік сұрақ, әйел теңдігінің қоғамдағы орны, есірткіге ішкілікке тәуелділік, қатарластардан қысым және т.б.

Колледж қызметкерін тыңдау, оқумен қатар, қарым-қатынас әдеттерінен қабілетінің болуы, сыпайылық тақырыбын айту мүмкіндігі.

Басқа мемлекеттер мен аймақтардан алынған қосымша мәліметтер кірме және бейімделген болуы мүмкін, сондықтан да олар Қазақстанның мәдени айырмашылығы мен қажеттілігін негізге алып құрылуы керек.

Алдын алу бағдарламасы, өмірлік дағдыларды белгілі бір мақсатқа жұмсауға қауіпті жүріс жауапкершілігін өзгертуге бағытталуы керек.

Бірнеше білім ұйымы, қызығушы мемлекеттер және үкіметтен тыс ұйымдар, БАҚ, ақпарат компаниялары алдын алулық бағдарламалар негізінде күшеюі керек.

АҚТҚ ның алдын алудағы білімдер тек сабақ аясында ғана шектелмей, сонымен қатар сыныптан тыс кештер, би кеші, сахналық қойылымдарда, конкурс, көрмелер сияқты шараларда да айтылуы керек.

##### 3. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты әңгімені не жеңілдетеді?

Мұғалімдер арасында өткен жаттығу жұмысы, әйелдер мен еркектерге ортақ.

Жаттығуды оқушылар арасында жалғастыруда, мұғалімге өзінің білімі мен әдеті көмектеседі.

Оқытып отырған ақпарат пен материалдың сапасының жоғарылығы

Оқытушы мен оқушы арасындағы өзара түсінушілік пен сыйластық.

Шыдам мен түсінік.

Қолдау мен айыптауды болдырмау.

Қолайлы орта.

**МОДУЛЬ 5**  
**АҚТҚ/ЖҚТБ ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ, ЕСІРТКІ**



**Уақыты:** 5 академиялық сағат.

**Хабарлама:**

Қазіргі таңда Қазақстан үшін нашақорлық мәселесі өте маңызды болып тұр. 1996 жылда бастап Қазақстан Республикасындағы АҚТҚ эпидемиясының ұлғайуындағы негізгі қозғаушы күш. Анашаны инъекциялық жолмен қолдану, оның жалпы үлесіне АҚТҚ мен тіркелгендердің 76 % кіреді.

Нашақорлық АҚТҚ/ЖҚТБ екеуі екі мәселе. Нашақорлық, бұлар бір-бірін толықтырып ұлғайтып отырады. ЕИТ арасында алғашқы рет героин қолданушылар төмендеді. ЕИТ-ның негізгі тобын 43% 17-26 жас арасындағы жыныстық қатынасқа өте бейім жастар құрайды. АҚТҚ инфекциясының таралуы мұндай жағдайда тек ЕИТ арасында ғана кездеспейді. Міне, осындай жағдайлардан кейін кез келген жастардың АҚТҚ/ЖҚТБ жұққызуы мүмкін. Есірткіні инъекциялық жолмен қолдану -әлемнің бар елінеде АҚТҚ-ның таралу қаупін төндіруде. Нашақорлықты жоюда АҚТҚ эпидемиясына қарсы жаңа әдістер мен бағдарламалар құру керек, ол үшін АҚТҚ-ға әкелудің басты қаупі есірткіні инъекциялық жолмен қолдануды азайту.

**Шолу:**

Қазіргі таңда әлемнің 220 млн адамы, есірткі қолданушылардың жалпы санына кіреді, яғни жер шарының 0,3% немесе 15-64 жас аралығындағылардың 5%-ті. Марихуанды нашақорлар кеңімен қолданады (шамамен 150 млн. адам, бұдан кейінгі орында амфетаминді стимулятор (шамамен 30млн. адам). Амфетаминді кеңінен тұтынады, оның ішінде 8 млн адам метамфетаминді қолданады).

13 млн адамға жуық кокаин қолданады, және 15 млн адам опиаттарды қолданады (героин, морфин, опиум, синтетикалық опиат). Бұған 9 млн героинге тәуелді есірткі қолданушыларды қосқанда.

Әлемде нашаны күретамыр арқылы қолдану күрт өсті. Қазіргі уақытта әлемнің 129 елі есірткіні инъекциялық жолмен қолданатындықтан ресми түрде тіркеуде, 80 елде АҚТҚ инфекциясының жұғуы, есірткі дайындауда ине, шприц және басқа да құралдарды бірігіп қолданғаннан болады. Әлемнің 13 миллион адамы инъекциялық нашаны қолданады. Оның 9млн. Шығыс Европа мен Орталық және Оңтүстік Шығыс Азияда тұрса, 1,4 млн. Солтүстік Америкада, 1млн. Латын Америкасында тұрады. Есірткіні ине арқылы қолданушылардың 78 % дамушы елдерде тұрады. Бүкіл әлемдегі өндіру әдісі, есірткі пайдалану мен қолданудың заңсыз айналымы бұрында өзгеріп отырған, әлі күнге дейін өзгеріс үстінде. Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Азия, Латын Америкасы сияқты елдерде адамдардың есірткіге көптеп жол беруі және басқа да өзгерістер жиі кездесуде. 1960 жылдан бастап 1990 жылға дейін жалғасқан, есірткіні инъекциялық жолмен қолданудың зардабын көптеген Европа елдері бастан кешті. Ал, Азия елдерінде бұл залалдың басталуы 1980 жылдардан басталып, әлі күнге дейін жалғасуда.

Қазіргі таңда әлемнің 100 ден астам елінде героинды ине арқылы қолдану басты мәселелердің бірі.

1990 жылдан бастап анаша ситуациясының өзгеруі қайғылы оқиғалардың бірі. ТМД-ның көптеген елдері арқылы, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, героин саудасының негізгі бағыттары тасмалданады. Соңғы онжылдықтағы нашақолданушылардың ресми түрде тіркелгендерінің, ең кіші мөлшермен алғанда 400 % құрайды. ТМД-дағы есірткі пайдаланудың тез қарқынмен өсуі мынадай қорқынышты тенденцияға әкеп отырады.

1) Героинді тұрақты пайдаланудың өсуі және оны басқа да ауыр есірткімен араластырып қолдану.

2) Күре тамыр арқылы есірткі қабылдау, АҚТҚ инфекциясының нашақорлар арасында ине арқылы жұғуы.

3) Балалар мен жас өспірімдердің есірткіге тез арада бой алдырып, еліктеулері. Нашақорлардың орташа өмір сүру деңгейі, есірткі қолданғаннан кейін 4-4,5 жыл ғана. Осыдан кейін қоғамның экономикалық жағдайы құлдырайды. Психоактивтік заттардың Қазақстан мен Орта Азия елдерінде жойылу деңгейі, басқа елдермен салыстырғанда өте жоғары (Ф.Кумпл, С.Франк, 2002). Бұған мүмкіндік жасап отырған еліміздегі кейінгі онжылдықтағы; географиялық, геополитикалық, әлеуметтік-экономикалық, психологиялық жағдайлар және жалпы қозғаушы күш. Әлемдегі есірткі мәліметіне сүйенсек, есірткі қолданушылар 20 есеге өсті. Есірткіні алғашқы тұтынушылардың сапасы өзгеріп отыр, кейінгі кезде әйелдердің саны күрт көбейген.

Сонымен қатар наша қолданушылардың әлеуметтік деңгейі өзгеріп отыр, соңғы кезде тұрмыстық жағдайы жақсы отбасылардың балалары есірткіге салынып барады.

2004 жылғы байқау бойынша Қазақстанда есірткі тұтынушылар саны 48 мың болған.

- 1000 адамға дейін- аймағы жоқ.
- 1000-нан 3000 адамға дейін 9 аймақ.
- 3000-нан 5000 адамға дейін 5 аймақ.
- 5000-нан жоғары 2 аймақ.

Жалпы Қазақстан Республикасындағы тұрғындар саны 14951300 адам болса, оның 47924-ті есірткі тұтынады, сонда әр 312-ші адам нашақор болып табылады. Орта Азия еліндегі есірткі тұту ситуациялық мәселе. Халықаралық эксперт санағы бойынша. Қазақстандағы есірткі таратушылар; 200-250мың, Қырғызстанда- 80-100 мың, Тәжікстанда- 45-55 мың, Өзбекстанда 65-90 мыңды құрайды. Аталған аймақтардағы есірткі таратушылардың жалпы тенденциялары мыналар; осы профилді бақылаудың тамыр арқылы қолдану үшін героин сапасының түсуі.

Есірткіні күре тамыр арқылы қабылдау көптеген қан арқылы жұғатын, өте қауіпті АҚТҚ, гепатит Б, С және т.б. ауруларға душар етуде.

Қазақстанда соңғы жылдары Афганистан героинін контрабандылық жолмен Ресей рынығына, Орта-Батыс елдеріне тасмалдаушы транзиттік территорияға айналып отыр.

Бұл наркотранфликтің қолданылуы мына жағдайлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, Ауғаныстандағы наша өндірісінің қарқынсыз дамуы, ел тасымалдаушыларды басқа да қосымша жаңа бағыт пен базар іздеулеріне алып келеді.

1999-2001 жылдар аралығында. «Оңтүстік тармақ» және Балқан бағыты аса күшті героин тасымалдау бағыты болған.

Екіншіден, есірткі нарығында соңғы жылдары «Қайта бөлу орны» болды. Ауған және Тәжік есірткі тасымалдаушылары, Европа аймақтарына жеке героин бағытын құруға құмартты. Осы тұста Қазақстан жері олар үшін наша транзитінің контрабандылық зонасы болып табылды, және бұл бағытты «Жібек жолы» деп атады.

Қазақстан есірткі тасмалдаушылар үшін тек шетелге шығатын транзиттік бағыты ғана емес, олар үшін шикізат базасы болып табылатын, 140 мың гекторға созылып жатқан, жабайы түрде өсетін үнді коноплясы бар, жыл санын 3-4 тоннаға дейін марихуан өндіруге болатын атақты Шу алқабы бар.

Қазақстан жеріндегі ұсталғандар жылдан-жылға артып отыр. Олардың өмірде нашаның өте ауыр түрлерін де көптеп көрсетуге болады.

2002 ж. 954 кг. героин тіркелінсе, 2003жылы - 123,0 кг, 2004 жылы - 130 кг. аса есірткі тіркелінген.

НЭҚ дың көрсетуі бойынша Қазақстанның 4 қаласында өте көп мөлшерде тіркелінген. ЕИТ-ның 90пайызы героин қолданады, 40% -апиын, 18% басқа есірткі. Героин басқа есірткіге қарағанда өте көп қолданылады.

#### **Мазмұны:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, нашақорлық және есірткі.
2. Жастарға қауіп төндіруші, есірткі және оның қолданылуы.
3. Есірткі туралы шындық пен аңыз, нашақорлық және есірткіні күре тамыр арқылы қолдану.
  - Залалды азайту бағдарламасы.
  - ЖЖБИ, оның серіктерімен қауіпсіз жыныстық қатынас тәжірибесі.
  - Жер бетіндегі есірткіні заңсыз пайдалану. ЖЖБИ арасындағы АҚТҚ-ның өсу деңгейі
  - Жастар арасындағы есірткі қолдануды болдырмау және оларды қорғау факторлары.

#### **Оқу жаттығулары:**

1. Тәуелділік, ЖЖБИ өміріне есірткінің зияны. Залалды азайту бағдарламасы.
2. Есірткі туралы шындық пен аңыз.

#### **Күтілетін нәтиже:**

##### **Оқушылар аталған мәліметтерді оқыған соң, білу керек:**

1. Есірткіге қатысты терминдердің мағынасын білу: есірткі, нашақор, төзімділік.
2. Есірткіні ине арқылы тұтынушылардың АҚТҚ-ға әкеп соғатынын білу.

3. Әлемнің әр түкпіріндегі есірткіні заңсыз қолданудың жағдайы және ЖЖБИ арасында АҚТҚ-ның өсу деңгейі.

4. Есірткінің жыныстық қатынас кезіндегі АҚТҚ-ЖҚТБ қаупін анықтау.
5. Есірткі қолданудағы қауіпті жүріс-тұрыспен әлсіздік айырмашылығын айту.
6. Есірткі қолдану себептерін және оны қолдану аясын тарылтуды анықтау.

### 5.1. ЖАТТЫҒУЫ

**Тәуелділік, ЖЖБИ өміріне нашақорлықтың әсері «Залалды азайту» бағдарламасы.**

**Уақыт: 3 академиялық сағат.**

**Жабдықтау:** «Шындық пен аңыз» туралы пайымдау, шындық пен аңызды сараптайтын ақпараттар, флипчартқа арналған қағаз, маркерлер, жабылатын бұлыңғыр қорап, талқылауды арнаға бұру үшін қолданылатын өзекті 2 жинақтан тұратын сұрақтар.

Жабық қорапта сұрақ жазылған қағаз бұл қорапты сондай-ақ «Сыйлық ойынына» қолдануға болады.

5,1 А және 5,1 Б. ресурстық материалдарының көшірмесі (АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБИ қауіпті жүріс тұрыс, АҚТҚ инфекциясының өсуі).

#### **Күтілетін нәтиже:**

Аталған модульді зерттеп болған соң, оқушылар білу керек:

1. Есірткіге қатысты (нашақор, нашақорлық, төзімділік) терминге анықтама беру, есірткіні ине арқылы тұтынудың зардаптарын атау.
2. Қазақстандағы АҚТҚ-ның қауіп қатер мен оған деген әлсіздіктің өсу барысы.
3. Әлсіздік пен қауіп-қатер неге әкеп соғатынын түсіндіру.
4. ЕИТ өміріне нашаға тәуелдіктің әсерін айту.
5. Алдын алу бағдарламаларының рөлін түсіндіру.
6. Есірткі қолдануға түсушіліктің себептері мен әдістерін талдау.

#### **Мазмұны:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ нашақорлар және есірткіге тәуелділік.
2. Жастарға есірткі мен нашақорлық қаупі.
3. Залалды азайту бағдарламасы.
4. ЖЖБИ және оның серіктерімен қауіпсіз жыныстық қатынас.
5. Әлемнің әр түкпірінде есірткіні заңсыз пайдалану.

#### **Өткізу әдісі:**

1. “Сыйлық” ойыны.
2. Оның тәртібі бойынша қатысушыларды екі топқа бөлу.
3. Әр топқа келесі тапсырмаларды беру:
  - есірткі терминін талдау және анықтама беру.
  - Оқушыларға таныс есірткі түрлерін атау, қағазға жазу.
  - Орталық нерв жүйесіне тигізетін әсеріне қарай ПБЗ- ды үш топқа топтастыру.
  - Аталған аймақта кездесетін, есірткілерді әр түсті маркерлермен бояу.
  - Есірткі қолдану әдістерін айту (есірткі пайдаланудағы өте қауіпті тәжірибені атау).
4. Оқушыларға жасалған презентациядан соң, қағаз бетінде көркемдеу презентациясын мұғалім беруі тиіс:
  - Есірткі терминіне анықтама беру.
  - Орталық жүйке жүйесіне тигізетін әсеріне қарай оны үш топқа бөлу (стимуляторлар, депресанттар, галлюциногендер).
  - Ресурстық материал мен материал үлгілерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасындағы нашақорлық және есірткі жағдайы туралы ақпарат беру.
  - Есірткіні күре тамыр арқылы қолданудың қауіп-қатер факторларына баға беру.
5. “Қуыршақ” ойыны
6. Ойын аяқталғанда қатысушыларға сұрақ қою:

- Сіз бірінші рет есірткіге тәуелділік терминін қашан және кімнен естідіңіз?
- Егер сіз біреудің есірткі қолданатынын естісеңіз не істейсіз?
- Есірткіге тәуелділік термині туралы естідіңіз бе?

7. Қатысушылардан шеңбер жасап отыруларын сұрау. Топтық пікір талас кезінде қойылатын сұрақтар:

- Жастар неге есірткі қолданады?
- Жастардың есірткіні күре тамыр арқылы қолдануларына қандай факторлар әсер етеді?
- ПБЗ- ты қолданудың зардаптары қандай?
- ЖЖБИ арасында және жыныстық қатынастағы жұптар арасында АҚТҚ эпидемиясы қалай жұғады?
- ЖЖБИ арасындағы АҚТҚ-ның жұғу себептері?
- Есірткіні қолдану жағдайлары соның ішінде есірткіні күре тамырлары арқылы қолдану жастарға және олардың қатарларына тигізетін қысымы мен рөлдері.
- Жастар арасындағы шприц, инені бірігіп қолданудың және сақтанбаған жыныстық қатынастың нашақорлыққа байланысы қандай?
- Залалды азайтудың қандай бағдарламалары бар?

8. Ресурстық материалға сүйене отырып, пікірталас соңында; «тәуекелділік», «төзімділікке» түсінік беру, АҚТҚ -ның есірткіні ине арқылы қолданғанда жұғу жолдарын айту, АҚТҚ инфекциясының өсу және қауіп қатерін айту, жауапты жүріс-тұрыс қалыптастыру, есірткіге жол «жоқ» деп айта алу, есірткіге қарсы бағдарламаны орындау керектігін түсіндіру.

#### **Қорытынды жинақтау**

Қорытынды жасауда оқушыларға мынадай сұрақ қоюға болады.

1. Сіздер өздеріңіз есірткі қолданбау үшін, қандай дағды қалыптастырдыңыз?
2. Сіздер өздеріңіздің жақындарыңызға есірткі қолданбау үшін, қандай кеңес бере аласыз?
3. Жас өспірімдерді есірткі қолданудан сақтап қалу үшін, «Тепе - тең» бағдарламасы қағидасын жүргізетін тренердің рөлі қандай?

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Оқу қортындысы бойынша оқушылар заңсыз есірткі қолдануды және есірткіге қатысты термин сөздерді анықтап бере алулары керек. Мысалы: ЖЖБИ «залалды азайту».
2. Қазақстандағы жастар арасындағы есірткі қолдану себебін, жағдайын, есірткіге тәуелділік және нашақорлық себебін білу.
3. Алдын алу бағдарламаларындағы есірткі қолдануға жол бермеуге және есірткіні күре тамыр арқылы қолданғанда, АҚТҚ-ның қауіп қатерге әкеп соғатыны туралы, қатарластардың рөлін түсіндіру.
4. Залалды азайту бағдарламасының мақсатын және тапсырмаларын айту.

#### **“Сыйлық” және “Қуыршақ” ойындарының сипаттамасы**

##### **“Сыйлық” ойыны**

**Мақсаты:** Алғаш рет есірткі қолданудың себебін ашу және талдау.

Осы тұста жүргізуші қатысушыларға қорапқа деген әркім өз қалаулары бойынша ойларын білдіруге болатынын жеткізеді. Қатысушылардың жартысынан көбі көп жағдайда әуестіктеріне бой беріп, қораптың ішіне қол сұғады. Жүргізуші қорап ішіндегі затты алуға болмайтынын және рұқсат етілмейтінін, бөрінің есіне қайталап түсіреді, бірақ қатысушылардың көбі мұны елемей, өздерінің әуестігін қанағаттандырады, ойын соңында мақсатқа сәйкес мынадай қортынды шығаруға болады; жас өспірімдердің көбі есірткіні алғаш рет әуестікпен қолданады.

Есірткіге тәуелділік туралы материалдың алдында, мақсатқа сәйкес «марионет» ойынын өткізу керек.

##### **“Қуыршақ” ойыны**

**Мақсаты:** Адам біреуге кіріптар, тәуелді болғанда, ол өзін қалай сезінетінін анықтау.

Қатысушылар үш үштікке бөлінеді. Әр үштікке тапсырма беріледі. Екі қатысушы қуыршақ басқарушының рөлін ойнайды. Әр үштікке 1,5-3 метр арақашықтықта он орындық қойылады. Басқарушылардың мақсаты қуыршақты бір орындықтан, екінші орындыққа ауыстыру. Осы тұста қуыршақ рөлін ойнаушы адам, қуыршақ басқарушыларға еш қарсылық көрсетпеу керек. Өйткені, ол соларға бағынышты, әр қатысушының қуыршақ орынында болғаны өте маңызды.

**Талқылау:** Қатысушыларға ойын барысындағы қуыршақ рөлі қалай әсер етті. Осы әсер оларға ұнады ма, өздерін қолайлы сезіне алды ма? Сол сәтте өзінің бірнәрсе атқарғысы келді ме?

## 5.2. ЖАТТЫҒУ

### «Есірткі туралы шындық пен аңыз»

**Уақыты:** 2 академиялық сағат.

#### Талқылау:

1. «Шындық пен аңыз» және ақпарат, бекіту флипчартқа арналған қағаз, маркерлер, кішкене қорапша.
2. «Шындық пен аңызды» бекітуге дайындық, жергілікті жерде, аймақтарда, елдерде. Шындық жағдайын орнықтыру.

#### Тапсырмалар:

Оқушыларды үйрету:

1. «Залалды азайту» бағдарламасындағы нашақорлық, есірткі қолдану туралы шындық деректері мен аңыздарын ажырату.
2. Есірткінің жыныстық қатынас негізіндегі АҚТҚ/ЖҚТБ-ға арақатынасын анықтау.
3. Оқушылардың есірткіні әр түрлі жолмен қолдану туралы хабарларын сараптау.
4. Жас өспірімдердің есірткіні қолданудан, нашақорлықтан сақтау жолдарын және әдістерін түсіндіру.

#### Мазмұны:

1. Есірткі және нашақорлық туралы «Шындық пен аңыз».
2. Жасөспірімдердің есірткі мен нашақорлықтан қашуларына көмектесетін қорғаушы факторлар.

#### Өткізу барысы:

1. Қатысушылардан шеңбер жасап отыруларын талап ету.
2. Жүргізу барысында олардың есірткі туралы біршама деректер білетінін жеткізу.
3. Қатысушыларға әр дұрыс жауап үшін 10 балл алатынын, қате жауапқа 0 балл алатынын айту.
4. Топ қарсыласы топтың жауап бере алмаған сұрағына дұрыс жауап берсе 20 балл алатынын жеткізу. (яғни, қарсылас топтың жауап таба алмай қиналған сұрағына топтың еш қинал-мастан жауап беруі).
5. Филипчартқа балл қортындысын ілу.
6. Сұрақты топтың талдауы үшін командаларға уақыт беру.
7. Әр раундтан соң, пікірталас ұйымдастыру. Қатысушылар қандай негізге сүйене отырып, осындай жауапқа келгенін сұрау.
8. Жетекшілік негізінде келесі сұрақтарды пайдалана отырып, қатысушы үш топты пікірталасқа ынталандыру.
  - Аталған ойыннан бір нәрсе біле алдыңыз ба? Егер «иә» болса, онда нені?
  - Ойын барысында не нәрсеге ренжідіңіз немесе қуандыңыз? Не сізді ренжітті, не қуантты? Неге?
  - Сіз қалай ойлайсыз? Есірткі қолдануға қатысты аңыздар неге көп?
  - Есірткі қолдану туралы не ойлайсыз?  
Жастардың есірткі қолдануы не үшін әбігерге әкеп отыр?

- Сіз, жастар есірткі қолданбас үшін не істей аласыз?
- Егер сіздің есірткі қолданатын досыңыз болса, сіз оған қалай көмектесер едіңіз?

9. Қатысушылардан нашақорлықтан емдеу курсынан кейін, есірткіге қарсы тұра алуға көмектесетін өмірлік дағдылар және «залалды азайту» бағдарламалары туралы сұрау.

10. Қатысушылардан 5.2. ресурстық материал бойынша алған ақпараттарына көрініс жасауларын сұрау.

#### **Бағалау:**

Пікірталас қорытындысы негізінде қатысушылардың білімдерін және дағдыларын бағалау.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Қатысушылардың есірткі қолданудың қиындықтарына байланысты білім алуы.
2. Қатысушылардың есірткі қолдануға қатысты шындық пен аңызды ажырата алуы.
3. Қатысушылардың есірткі қолдануға қарсы өмірлік дағдыларды игеруі.

#### **Оқытушыларға кеңес.**

1. Қатысушылар сұраққа жауап таба алмай қиналғанда, сіз өзіңіз дұрыс жауабын бергеніңіз абзал.

2. Мына сұрақтарды талқылауда қатысушыларға жәрдемдесіңіз.

- Сіз есірткі қолдану туралы ойлап көрдіңіз бе?
- Сіз есірткі қолданатын танысыңызды білесіз бе?
- Жастар неге есірткі қолдануға әуестенді?

#### **Қажетті материал 5.1.**

#### **Есірткіні ине арқылы қолданушылар және АҚТҚ/ЖҚТБ**

##### **1. АҚТҚ есірткіні ине арқылы қолданушылар арасында қалай тарайды?**

ЖЖБИ арасында есірткіні бірігіп қолдану және қауіпті практиктерді пайдалану АҚТҚ-ның жұғуына мүмкіндік туғызады. 2004 жылы Қазақстан Республикасында өткен НЭҚ мәліметіне сүйенсек, есірткіні ине арқылы қолданатындардың 58% АҚТҚ қаупіне іліккен. ЖЖБИ арасында қауіпті практиктің жұғуына себеп, жалпы көлемі 5% болатын есірткі, шприц пен инені ортақ суға жуу -36%, басқа зат құйылған шприц-19%, басқа адамның пайдаланған шприцті қолдану-17%, болғаны белгілі болды.

АҚТҚ-мен зақымданған қан түйіршіктері бір инені және шприцті оны бірнеше рет қолданғанда ине не шприцте қалып қоюы мүмкін, осы қан түйіршігі келесі сау адамды зақымдандырады. Тіпті қандағы АҚТҚ-ның шамалы мөлшері залалға әкеп соғуы мүмкін. Есірткіні ине арқылы қолдану тек АҚТҚ-ға әкеп соқпайды, сондай-ақ тек қан арқылы жұғатын гепатиттің В,С түрлерін жұқтыруы мүмкін. НЭҚ қортындысы бойынша Қазақстандағы ЖЖБИ арасындағы гепатит пен ауыратындар 57% құрайды. Гепатит С-нің инъекциондық жолмен жұққаны нақты дәлелденген. АҚТҚ -ға қарағанда есірткіні үнемі қолданушылар арасында. Гепатит С ауруы өте көп. Есірткі табу үшін, көп жағдайда нашақорлар жыныстық қатынас жұмысына барады. Өздеріне үлкен қауіп қатер тудынына қарамай жыныстық қатынас кезінде мүшеқап қолданғанды қаламайды.

Сақтанбаған жыныстық қатынас үлкен зардабын тигізіп, АҚТҚ-ның жұғуына әкеп соғады. ЖЖБИ әйел, ақшаға, жыныстық қызмет көрсетушілер, және есірткіні инъекциялық жолмен қолданатындармен қатынастағы әйелдер АҚТҚ -дан ада дегенге күмән туғызады. ДЭН-нің сараптамасы бойынша сифилис ауруы ЕИТ арасында 2,3% АҚТҚ -3,8% құрайды.

ЖЖЖИ сиптомы әрбір 10-шы ЖЖБИ-де кездесіп отырған, ерлерде әйелдерге қарағанда аз (33% және 6% тең) ЖЖЖИ белгісі мен зақымданғандардың тек төрттен бірі ғана медициналық, көмекке келген. НЭҚ мәліметіне сүйенсек соңғы алты айда ЖЖЖИ-дың 90% жыныстық қатынасқа осы уақыт аралығында орта есеппен АҚТҚ-дың 3,4% ерлер 13,4% әйел. Еркектердің 49%, әйелдердің 31% өз жұптарын айырбастап отырған. Ал әйелдердің 19%, еркектердің- 9% тұрақты болған. Бір жыл ішінде еркек ЖЖЖИ орта есеппен 133 рет жыныстық қатынасқа түссе, әйел ЖЖЖИ 229 рет түседі.

АҚТҚ анадан балаға жұғуы мүмкін, егер анасы ауыраяқ кезінде есірткіні инъекциялық жолмен қолданып, АҚТҚ-мен зақымданса. Қазақстандағы АҚТҚ-мен зақымданған жүкті әйелдердің 60% ЖЖЖИ. Оңтүстік Шығыс Азия аймақтарында инъекциялық жолмен

қолданушылар арасында АҚТҚ жұғу қарқынының басым. Себебі, бұл аймақта есірткі тасымалы және өнеркәсіптері орналасқан.

ЖЖБИ эпидемиясын ЖЖБИ арасында тіркелген жарылыс деп айтуға болады. Бұл Тайланд, Мьянма, Малайзия, Вьетнам және Индияның Солтүстік бөлігі сияқты аймақтарға тән.

ЖЖБИ арасында АҚТҚ инфекциясының таралуы алғашқы тіркеуден соң 6-12 айда 60-90% өскен. Көптеген елдерде АҚТҚ эпидемиясының алғашқы таралуы, есірткінің инъекциялық жолмен қолданушылар арасында тіркелген, бұдан кейін ол өзінің эпицентрін өзгертіп, қоғамның басқада мүшелерін зақымдандырады.

Қазақстанда 2001 жылы жыныстық қатынаспен жұғу 5% болса, 2005 жылы 16%-ға өскен. Бұрынырақ кейбір Азия елдерінде есірткінің арқылы қолданушылар арасында АҚТҚ инфекциясының аяуы айрықшаланса, ол қазір басқа залалдармен бірге пайда болып отыр.

- Есірткі қолданудың зардаптары
- Есірткінің инъекциялық жолмен қолданушылардың АҚТҚ-ны жыныстық қатынастағы серіктеріне және балаларға жұқтырулары.
- ЖҚТБ түберкулез және басқа да жұқпалы аурулардың таралуы.

Әлемнің 120-дан астам елінде есірткінің және басқада жолмен қолданушылар тіркелген, оның 80-нен астам елінде АҚТҚ эпидемиясын есірткінің инъекциялық жолмен қолданушылар таратады. АҚТҚ көп жағдайда есірткі бірігіп қолданудан жұғады, эпидемия бұл жағдайда тез тарайды. Сондай-ақ АҚТҚ эпидемиясымен зақымданған жүкті әйелдер және олардан туған балалар да тіркелген.

## 2. ЕИТ арасындағы алдын алу жұмысы.

Алдын алу бағдарламалары есірткі қолданушылар тобы үшін жабық, өйткені, олар стигматизацияға тап болады не қудаланады. АҚТҚ да АҚТҚ-дан сақтануға арналған, әлемде нәтижелі бағдарламалар тәжірибеден өтілуде, ол бағдарламалар «залалды азайту» қағидасының негізінде жасалған. Залалды азайту бағдарламасының мақсаты: есірткінің арқылы қолданушылар арасында АҚТҚ-ның жұғуын әлсірету және оның қауіп қатерін азайту. Бұл бағдарламаның негізгі бағыты тек шприц пен иені ауыстыру емес, сол сияқты ЕИТ арасында ғылыми ақпаратты жұмыс жүргізу, емдеу және реабилитация, терапиялық жолмен алмастыру болып табылады. Әлемдік тәжірибе тек қана есірткі қолдануға қарсы бағытталған бағдарламалардың дұрыс еместігіне дәлелдеді. АҚТҚ-ның таралу деңгейін ескере отырып, «залалды азайту» бағдарламасының нәтижелі екені қуантарлық. Соңғы жылдары бұл бағдарламаны батыс елдерімен қоса Босня, Хорватия, Чехия, Республикасы, Эстония, Венгрия, Латвия, Литва, Польша, Румыния, Қырғызстан, Ресей, Қазақстан сияқты көптеген мемлекеттер жүзеге асырып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы залалды азайтуға қадам жасағанын бірнеше рет құптады.

Нашақорларға залалды азайту бағдарламасы есірткі қолданудан бас тартпайтындар үшін, есірткінің инъекциялық жолмен емес ауыз, қуысы арқылы қолдануды ұсынады. Залалды азайту бағдарламасын құрушылар, көптеген нашақорлар есірткіден бас тарта алмайтынын мойындай келе, олар оның орнын басатын дәрі арқылы, өздерінің денсаулықтарын, жақсартуларына, әлеуметке бейімделуіне және қылмыстық іс жасамауға болатынын айтады. ЕИТ-лар үшін құрылған бағдарламаны, көптеген елдер мен аймақтар бағдарламадағы шприц пен иені тегін тарату дұрыс емес деп санайды, бұл нашақорлыққа жол көрсету деп санайды.

Әлі күнге дейін ине ауыстыру мен шприцты бір жақты тарату есірткі қолданудың өсуі болатынын дәлелдеген жоқ. Есірткінің инъекциялық жолмен қолданушылар арасында, АҚТҚ инфекциясының таралуы, аталған бағдарламаның көмегімен біршама азайған.

Қазақстан Республикасында 130 сенім пункті ашылған, оның 11 жылжымалы, 12 ҰЕҰ жанынан ашылған. Бұл бөлімдерде, тек шприц ауыстырмалы ақпарат, консультация, медициналық көмек көрсетіледі, білімді волонтерлар қызмет етеді.

“Залалды азайту” аясында өткен, іс шаралар.

- Есірткінің инъекциялық жолмен қолданудың қауіпі және АҚТҚ, гепатит В.С. профилактикасының жұғуы туралы ЕИТ ақпарат тарату.
- Есірткінің өте қауіпті емес түрлерін қолдану туралы ақпарат.
- ЖЖБИ үшін есірткі орнын басатын терапия туралы бағдарлама ақпараты. Емдеу мүмкіндігі туралы ақпарат.

- Мүшеқап арқылы қауіпсіз жыныстық қатынасқа түсуге болатыны туралы ақпарат.
- Тепе-тең қағидасы бойынша оқу.
- АҚТҚ -ғақатысты консультация мен тестілеу.
- Стигма мен дискриминацияны төмендету.

### 3. Есірткі, нашақорлық, төзімділік дегеніміз не?

Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы есірткіні адам өмірінің қызметін әлсіретуші ағза құрылысын бұзушы сұйық, газ тәрізді қатты зат деп есептейді.

Есірткі, мысалы морфин тәрізді емдік немесе клей сияқты өндірістік өнім болуы мүмкін. Кейбір есірткілер заңды және қол жететіндей, мысалы темекі, сонымен қатар героин, кокаин сияқты заңсыз емдік препараттар. Есірткіге байланысты әрбір елде жеке заңдар бар. Есірткіні қолдану адам өмірі мен денсаулығына азды-көпті әсер етуі мүмкін.

Есірткінің таралу әсері, адам денсаулығына, есірткі түріне және қолдану барысындағы мөлшерге және әдіске байланысты.

**Нашақор** – ауру, есірткі заттары мен психотроптық заттарға тәуелділікке себепші болады.

**Тәуелділік** – бір нәрсеге құмарлық, тәуелділік психикалық не физикалық болуы мүмкін. Есірткіге құмарлық та жатады.

**Есірткіге тәуелділіктің механизмдерін құру.**

Нашақор болу мен қалыптасуда мидың ортаңғы эмоционалды позитивтік бөлігіне әсер ету есірткіге байланысты.

**Психикалық тәуелділік** – бұл құштарлықтың, патологиялық қалыптасуы, өзінің ағза жағдайының толығымен өзгеруі.

**Физикалық тәуелділік** – бұл ПБЗ-ты күнделікті қабылдау нәтижесінде адам ағзасының қызметінің бұзылуы ПБЗты қабылдауда адамда физикалық және психикалық ауытқулар қалыптасуы мүмкін. Осы ауытқулар «синдром немесе абстинентті синдром лонка» деп белгіленеді. Ол ПБЗны қолданған кезде жеңілдейді.

**Төзімділіктің** – Есірткіге құштарлық жағдайы, төзімділіктің көтерілуі ПБЗ қабылдауды жиілету мен мөлшеріне байланысты.

### 4. Жастар неге есірткіні қолданады?

Адамдар, оның ішінде жастар есірткіні қысқа мерзім ішінде алатын ләззатына бола қабылдайды жастар көбіне есірткіге өз өміріне өзгеріс енгізу үшін қолданады, ол өзгеріс олар үшін бар қиындықты шешетіндей көрінеді. Бірақ бұл сезім өткінші.

Есірткі қолдануға мынадай қозғаушы күштер әсер етуі мүмкін:

**Жеке тұлғалық ерекшелік:** қызбалық, өзін-өзі бағалауда көтермелеушілік, стресске тұрақтылықтың төмендігі. Бұл жағдайда есірткі оларға көмектесетін сияқты көрінуі.

**Жанұя және достар:** Отбасындағы көптеген түсінбеушілік, дау-жанжал, жас өспірімнің есірткі қабылдауына әкеп соғады. Егер отбасының бір мүшесі есірткі қолданса, онда балалар да бұған әуестенуі мүмкін. Көп жағдайда жас өспірімге есірткіні өз қатарлас достары ұсынады.

**Жастар мәдениеті:** Есірткі қолдануға бағыттайды.

**Білім ұйымдарында өмірлі дағды және балалар мен жас өспірімдерге психологиялық көмек негізінде оқудың болмауы:** Оқушыларды білім бағдарламасы негізінде қорқыту және қарама-қайшы ақпарат беруді жиілету, олардың жауапты жүріс-тұрыс жасауларына еш көмектеспейді. Мұғалімдердің сабаққа дайындықсыз келуі, жағымсыз климат, оқушыларға қиын жарлық беру, психологиялық көмектің болмауы, оқушы, мұғалім, ата-ана арасындағы бірін-бірі түсінбеушілік осының бәрі есірткі қолдануға итермелеуі мүмкін.

**Қоршаған қозғаушы күштер:** есірткі алуға мүмкіндіктің болуы, шылым және ішімдік жарнамалары, жасөспірімдер мен балаларға әлеуметтік көмектің көрсетілмеуі және қиындықтар оралымы.

### 5. Жастар арасында жиі әрі көп қолданылатын есірткі түрлері және аттары.

**Оқытушыға арналған ақпарат.**

Орталық нерв жүйесіне тигізетін әсеріне қарай есірткі препаратының үш түрлі тобы бар.

- Стимуляторлар, шылым құрамындағы никотин, шай, кофе құрамындағы кофеин,

амфетаминдер, кокаин. Бұлар орталық жүйке жүйесінің қызметін жоғарылатады.

- Депрессанттар, этанол (ішімдіктерде кездеседі Морфин, Гераин, диазепам. бұлар керісінше орталық жүйке жүйесінің қызметін төмендетеді.
- Галлюциогендер, Марихуан, ЛСД. Олар галлюцинацияны қоздыра алады.

Есірткі заттары психобелсенді заттардың топтарына жатады, олардың адамның психологиясына әсер ете отырып, адамды психикалық және физикалық ауруға душар етеді.

Жүргізуші мұғалім адамдар есірткіні қандай жағдайда, қалай қолданатынын білу керек.

- Есірткіні.
- Шегеді
- Искейді
- Тістеріне үйкейді
- Сорады
- Ине арқылы қолданады.

**Депрессанттар:** орталық нерв жүйесін тежегіштік әсерге әкеп соғады. Олар депрессияның дамуына әкеп соқпайды. Депрессантқа жататындар:

- Транквилизатор және ұйқататын құрамы барбитурат ішімдік
- опиоттар: героин, кодин морфинасы, медатон және петидин.
- канабис: анаша (Марихуан, гамили).
- Ертінді мен ингаляторлар: бензин, клей, краска т.б. депрессанттардың біркелкі әлшері адамды әлсіретеді.

Кейбір депрессанттар эйфория және жан тыныштық сезімін оятады. Бұны стресстік жағдайда немесе мазасыздану кезінде, уақытша тыныштандыратын дәрі ретінде қолданылуы мүмкін.

Олар жүйке-жүйесіне тежегіштік әсер беру адамның концентрациясы мен координациясына кері әсер етеді. Депрессанты көп мөлшерде пайдалану естен танушылыққа алып келуі мүмкін. Адамның сөзі түсініксіз, іс-қимылы баяу, координациясы бұзылады. Ал шамадан тыс мөлшерде қолданғанда бас айналып, жүрек лоқсып, қан қысымы көтеріледі, тіпті экстремальдық жағдайда өлімге апарады, басқа да препараттар мен қоса қолданғанда эффектісі жоғарлап, өте қауіпті жағдай тудырады.

**Стимуляторды** күн сайын миллиондаған адам қолданады. Кофе, чай, кола сияқты сусындардың құрамында, жеңіл стимуляторға жататын кофеин кездеседі. Шылым шегушілер, шылымды әлдену үшін пайдаланса да, темекі құрамында кездесетін никотин де стимулятор болып табылады. Бронхит және демікпе ауруларынан емдеу үшін пайдаланатын эфедрин дәрісінің құрамында да стимулятор кездеседі.

Күшті стимулятор қатарына жататын амфетамин, кокаин сияқты дәрілер көп елдерде заң жүзінде ғана сатылады. Галлюциогендер шындықты бұрмалауға әкеледі. Бұған жататындар: ЛСД, кейбір саңырауқұлақтар (псилосибин), Экстаздар, Анашаны көп мөлшерде қолданғанда галлюцинация болуы мүмкін.

**Галлюциогенды** қолданғанда үрей тууы мүмкін. Адам мұндай жағдайда шатырдан секіреді, машина астына түсуі мүмкін. Бұндайда көлік жүргізуі өте қауіпті.

#### **Жастар көп қолданатындар:**

**Амфетамин,** психостимулятор, орталық жүйке жүйесіне өте күшті әсер ететін күшейткіш. Амфетаминнің көп мөлшері жасырын зертханаларда өндіріліп, заңсыз жолмен сатылады. Амфетаминді сусын, шырындармен араластырып пайдалануға болады және иіскеу және күре тамыр арқылы қолданылады. Бұның өте күшті әсер ететінін білмейтіндер шамадан тыс қолданып, о дүниеге аттанып жатады. Бұл препаратты қолдануды тоқтатса шаршау, маужырау, дірілдеу, ашығу сияқты өте күшті депрессияға ұшырайды.

**Кокаин,** ақ ұнтақ. Кокаинді искеу, шегу және инъекциялық жолмен қолданады. Кокаиннан алған әсер бірнеше минуттарға немесе бірнеше сағаттарға созылуы мүмкін, тез әсер етіп, жан рахаты бірден сезіледі, бұл жүректің қызметін баяулатады, адамға қоздырғыш қасиет береді, жыныстық қатынастағылар өте агрессивті болады. Кокаинде тыныс алу мүшелері; мұрын

арқылы қолданғанда мұрынның айналасына шырышты қабықтар пайда болады. Кокаинге тез құмартуға болады. Кокаинді басқа да стимуляторлармен қосып қолданғанда, тамаққа деген тәбет төмендейді. Шамадан тыс мөлшерде қолдану өлімге алып келеді.

**Экстаздар.** Бұл препаратты қолданғандарда шыдамдылық сезімі, сенімділік, және бөтен адамдар туысқаны тәрізді көрінеді, бұл өте тезімді препарат. Қолданушылардың тісі түсуі, сілекейінің ағуы, тамақ және ауыз қуысының кебуі, тәбеттің жоғалуы тіпті параномияға өкелуі мүмкін.

**Ингаляторлар:** Үй тұрмысында клей, краска, бензин, т.б. ингаляторлар көптеп қолданылады. Бұл препараттар физикалық шаршағанда және әлсірегенде өте күшті әсер етеді. Кейбіреулер ингаляторды қолдану үшін басына полиэтилен мешок киіп, оны иіскейді. Осыдан барып есірткіге құмарлық артады.

**Анаша:** Марижуан көпке белгілі. Бұны әлемнің кез келген түпкірінде өсетін конопле шөбінен дайындайды (Қазақстанда-Шу өңірінде). Өсімдіктің жапырағын не гүлін кептіріп, шылым ретінде шегеді. Аталған есірткінің бір адамға әсер етпеуі мүмкін, ал біреуіне керісінше өте күшті әсер етеді. Алғаш шылым ретінде шегушінің сезім алмауы мүмкін. Анашаны шылыммен қосып шеккенде әсері бірнеше минуттан кейін білінеді, бұл әсер 10-30 минутқа кейде 2-3 сағатқа ұласады.

**Есірткі қолданудың белгісі.** Біздің өмірімізде есірткіге қол жеткізу өте көп шоғырланатын мектептегі би кешінең, оңай табуға болады. Бүгінгі таңда есірткі қауіпінен ешкім сақтанбаған, есірткіні жастардың көптеп қолдануы осыдан.

Балаларының бойынан төменде берілген белгілер табылса, ата-ана алаңдауы тиіс.

- үйден ақша не басқа да бағалы заттардың із-түзсіз жоғалуы;
- басқа қажетіме деп, ақшаны көп мөлшерде сұрау;
- Бұрын кездестірмеген ұнтақтардың кездесуі, таблетка, капсул;
- достарының қатары тез арада өзгеруі;
- иненің орны қалуы;
- киімдерінде арнайы иістердің қалуы.

**Жеке мінезінің өзгеруі:** жуас, тату адамның күтпеген жерден ашу шығарып, өзін көрсетуі.

**Көңіл күйінің өзгеруі:** Еш негізге сүйенбей-ақ көңіл күйінің тез арада жақсыдан жаманға, жаманнан жақсыға өзгеруі.

**Физикалық жағдайының өзгеруі:** салмақ жоғалту, ұйқы мерзімінің ауысуы, жүрек айну, құсу, инфория, тілінің күрмелуі, ынтасыздық танытуы.

**Оқуға қарым-қатынасы:** оқуға деген қызығушылық төмендейді, сабақты көптеп жіберуі байқалады.

Жасөспірімдерде осындай қалыптар байқалған сәтте, нарколог маманға жолығу керек.

**Негізгі тапсырмалар, қоғам алдында тұрған есірткі қолдану алдын алуының жоспары.**

**Есірткінің таралуына жол бермеудің бірінші тапсырмасы.**

2003 жылдың 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығы сәйкес.

“Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесі шараларын жүзеге асыру” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы қаулысы.

261 Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі наркобизнеспен күрес және бақылау комитеті бекіткен.

Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің келісімімен, Қазақстан Республикасы Заңдары мен Конституция негізінде атқарады.

**Екінші тапсырма- есірткі сұранысын азайту.**

Бұл есірткі қолдану мен күрестегі нәтижелі жолдың бірі. Бұл үшін жауапты әрі қауіпсіз жүріс тұрысқа үш мақсатқа бағытталған бағдарлама бар; денсаулық сақтауды дәлдікпен құруда, дәл хабарлама, қауіпсіз жүріс-тұрыс, өмірлік әдеттерді қалыптастыру.

**Өмірлік әдеттер дегеніміз не және өмірлік әдет нашақор есірткі қолдануға қарсы**

**күресте қалай көмектеседі.**

АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖЖИ, нашақорлар алдын алуына ақпарат беру, өмірлік әдеттерді өз дәрежесінде мүмкіндік туғызу.

**Қауіп-қатер және қорғаушы факторлар**

Алдын алулық бағдарламалар көбіне мынадай қызмет атқарады; қауіп-қатер факторларын азайту және қорғаушы факторларды арттыру.

Қауіп-қатер факторы-бұл есірткіні қолдануды қарастырады. ДДҚ (2001жылы) қауіп-қатер мен қорғаушы факторларын негізге ала отырып, әлемнің 50ден астам (оның ішінде Азия) елдеріне зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олар мынадай қорытындыға келді.

Есірткі қолдануға алып келетін,  
қауіп-қатер факторлар

- Отбасылық керіс
- Есірткі қолданатын, достар

Есірткі қолданудан бас тартқызуға алып  
келетін, қорғаушы фактор

- Жанұя мүшелерімен тату-тәтті қарым-қатынас
- Балаларына ата-аналардың өз еріктеріне арнаулы шектеу қоюы
- Мектепте ынтымақты, жақсы ортаның болуы

Дербес деңгейі генетикалық жағынан бейім болғанымен, өмірлік әдеттер негізгі рөл атқарады. Мектептегі сапалы білім, бала жастан ата-анадан, жақын достардан алған қолдау мен көмек негізгі қорғаушы фактор болады, өзін-өзі бақылау сезімі, жеке көз-қарас, болашаққа деген нық сенім сияқты жеке қасиеттермен қорғаушы фактор қатарын толықтыруға болады.

Есірткі қолдануға деген достарының қарым-қатынасы, достарының есірткі ұсынуы, жасөспірімдерінің өздерінің қауіпке душар болуы, жасөспірімдердің құқықтарының бұзылуы, әлеуметтік көмек, қоғамдық шараларға қатысуы, өз ортасынан алған ақпаратқа көз-қарасы, дінге деген сеніммен қарым-қатынас сияқтылар көп мағына береді.

Қазақстанда ауру нашақорларды емдеу және ақтап шығатын, 50-ден астам алдын алумен айналысатын, заңдық медициналық мекемелер тіркеуде тұр. Қазіргі таңда ҰЕҰ-дың қолдауымен, ортамызда нашақорларды азайтудың алдын алуда көптеген жұмыстар атқарылуда.

Павлодар әлеуметтік-медицина есірткі мәселесі орталығының мәліметіне сүйенсек, Қазақстанның 60% тұрғыны есірткіні бір ауыздан қабылдамайды, 8% кез-келген уақытта есірткіге бой алдырады, егер 30% қиындыққа жалғыз тастайтын болса, есірткіге ден қоюлары мүмкін. Бұл көрсеткіш ұрпақ үшін күресу керек екендігін көрсетеді.

**Ресурстық материал 5.2.****Шындық пен аңыз**

Төменде “Шындық пен аңыз” жаттығуын жасау үшін, пікірлер тізімі берілген. Мұғалім қалауы бойынша тізімге өз пікірлерін енгізуіне болады.

№	Пікір
1.	Ішімдік-бұл есірткі емес, ішімдікке бой алдырғанда ештеңе өзгермейді.
2.	Есірткіні жан рахаты және физикалық жағдайды жақсарту үшін қолдануға болады.
3.	Шылым шегу құмарлық
4.	Анаша қабылдап, көлік жүргізе беруге болады.
5.	Анаша шегу, басқа да күшті есірткіге бой алдыруға апарады.
6.	Салмақ жоғалту, мазасыз ұйқы, тіл күрмелу, мылжыңдық, эйформия, бас айналу, лоқсу нашақорларға тән.
7.	Есірткі адамдарға бар қиындықтарын ұмытуларына көмекеседі.
8.	Дәрігер жазып берген күшті дәрілер адамға ешқандай зиян келтірмейді.

9.	Чай, кофе құрамында стимулятор кездеседі.
10.	Жастардың басым бөлігі ішімдікті басқа құмарлықты арттыратын нәрселерге қарағанда, көп мөлшерде қолданады.
11.	Ішімдікке салыну бұл ауру.
12.	Егер сіз есірткіні инемен қолданбасаңыз, онда АҚТҚ мен зақымданбайсыз.
13.	Егер мен героинді бір рет қабылдасам одан нашақор болмаймын.
14.	Тұрмыстық химияны (клей, бензин) иіскеген қауіпті емес.
15.	АҚТҚ инфекциясы ЕИТ арасында көбейеді.

№	Пікір кілті
1.	<b>Аңыз:</b> ішімдік есірткі болып табылады, және оған салынуға жол ашады.
2.	<b>Аңыз:</b> есірткіні күш қалыптастыру үшін пайдалану дұрыс емес, бұл нашақорлықтың бастамасы.
3.	<b>Аңыз:</b> ішімдік тәрізді анаша да, адамның координациялық рефлекстерге бойлап әсер етіп, болмысты қабылдау әрекетін өзгертеді. Бұл өзгеріс апатқа ұшыратуы мүмкін.
4.	<b>Шындық:</b> шылымшы адамдардың көбі шылымды бір рет шегуден-ақ құмарта бастайды.
5.	<b>Аңыз:</b> Анаша шегу басқа күшті есірткі қолдануға итермелейді.
6.	<b>Шындық:</b> Бұл есірткінің бірнеше белгілері, бірақ арнайы маман дәлелдемейінше шешім қабылдауға болмайды.
7.	<b>Аңыз:</b> Есірткі адамдарға қиындықтарын ұмытуға және азайтуға уақытша көмектеседі, бірақ қиындықты ол түбегейлі шешпейді.
8.	<b>Аңыз:</b> Көп жағдайда адамдарға дәрігердің рұхсатымен берген дәрілер, есірткіге деген құмарлықты арттырады.
9.	<b>Шындық:</b> Өз қатарында стимулятор болып табылатын кофе, чай және көптеген газдалған сусындар құрамында кездесетін, кофейн есірткі құмарлығына әкелуі мүмкін (көптеген адамдардың чай, кофе ішпесе бастары ауыратыны содан).
10.	<b>Шындық:</b> Ішімдікті жас өспірімдер арасында көп қолданылады, жігіттердің 50%, қыздардың 20% үнемі, сыра мен ішімдікті қолданады.
11.	<b>Шындық:</b> Ішімдікке салыну-ауру құмарлыққа әкеп соғады.
12.	<b>Аңыз:</b> АҚТҚ-ны жыныстық қатынаста жұқтыруға болады. Себебі: ішімдік ішу және Есірткі қолдану қауіпті жыныстық қатынасқа итермелейді.
13.	<b>Аңыз:</b> Есірткіні бір рет қолданғаннан кейін нашақор боп кетуге болады.
14.	<b>Аңыз:</b> өте қауіпті.
15.	<b>Шындық:</b> Қазақстандағы АҚТҚ арасында 75% АҚТҚ-ға шалдыққандар.

**МОДУЛЬ 6**  
**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АҚТҚ/ЖҚТБ**



**Уақыты** 5 академиялық сағат.

**Хабарландыру:**

АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқықтары өзара байланысты және тәуелді тақырыптар. Адам құқықтары ЖҚТБ диагнозы қойылған ауруларға деген қамқорлықтың міндеттілігін ескертеді.

(АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың құқын қорғау) және АҚТҚ-дан сақтандыру шараларын қолданады. (АҚТҚ-ға апарушы факторлармен күрес) Стигматизация мен дискриминация тиісті емді қабылдауға кедергісін тигізіп қана қоймай, жұмысқа тұру, үй алу және басқа да құқықтарын жүзеге асыруға кедергісін тигізеді. Бұл АҚТҚ бар адамдарды басқа инфекцияларға да осалды етеді.

**Шолу:** АҚТҚ/ЖҚТБ пен адам құқықтары арасындағы байланыс айқын. Бұл контексте АҚТҚ ауруына шалдыққан адамдардың құқықтарын қорғау үшін дискриминациялық емес жақындау әрі қолдаушы әлеуметтік орта қажет. Егер де олардың өмірінде жеке тұлғалық, әлеуметтік қатынастар жақсы болған жағдайда. АҚТҚ ауруына шалдыққан адамдар жеке құқықтары мен денсаулықтарының жақсаруын жүзеге асыруда белсенділік таныта алады. Бұл қоғам мен отбасыларына әсер ететін қызмет пен көмекті арттыруға бағытталған саясат пен бағдарламаны керек етеді. Жетім балалар осындай қолдауға мұқтаж болғандардың мысалы болып табылады.

Адам құқығы туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы Комиссиясының Резолюциясы және 1998 жылғы адам құқығы мен АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша халықаралық басқару принциптері халықтың дұрыс шешім қабылдауына көмектесетін және құқығы қорғайтын АҚТҚ/ЖҚТБ-ға байланысты пайдалы құрал болып табылады. Қазіргі кезде бұл білім АҚТҚ/ЖҚТБ адам құқығы, АҚТҚ мен ауыратын адамдар, олардың достары, туыстары, қоғамдық ұйымдар, ұлттар арасындағы мәселемен айналысушылар, халықаралық деңгейдегі денсаулық сақтау орындарымен байланысты жақсартады. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты бағдарламалар мен саясаттың адам құқықтары жайындағы халықаралық заңдар шеңберінде құрастырылғанына қарамастан, көптеген үкіметтер мен шешім қабылдаушы тұлғалар ел заңдарының атқарылуына селқос қарайды.

АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқықтары өзара байланысты әрі өзара тәуелді тақырыптар. АҚТҚ/ЖҚТБ -ны бақылау мен сақтандыру жұмыстарының нәтижесі болмайынша, АҚТҚ/ЖҚТБ проблемалары адам құқықтарының бұзылуының нәтижесі себебінен болады, сондықтан да адам құқықтарының құрметтелуі әр уақытта, қамқорлықта болуы қажет. Адам құқықтары АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстары мен ЖҚТБ ауруымен ауырғандарға қамқорлық қажеттілігін қарастырады. АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың құқықтары қамтамасыз етілген жағдайда ғана, ол адамдар лайықты өмір сүріп, қоғамға қажетті бола алады. Адам құқықтары ЖҚТБ ауруымен ауырғандарға қамқорлық қажеттілігін қарастырады.

Адам құқықтарының контекстінде АҚТҚ эпидемиясының басты мәселесі жауап болып, стигма мен дискриминацияға қарсы күрес шаралары болып табылады. Кейінірек адам құқығы-ның өркендеуі, қоғамдық денсаулық сақтау мен адам құқықтарының үлгісі ретінде мойындалған Джоннатан Манн еңбектерінің мысалдарында көрсетілген адам құқықтары мен қоғамдық денсаулық сақтаудың моделі негізінде қалыптаса бастады (1997 жыл).

2001 жылдың 25-27 маусымында, АҚТҚ/ЖҚТБ жайындағы БҰҰ ның бас ассамблеясының арнайы сессиясында АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы күрес шараларын ұстану жайындағы мәлімдемеде, 58п, 2003 жылға дейін адамның орталық құқықтарын қамтамасыз ету үшін ЖҚТБ-ға шалдыққан адамдарға, әрі әлсіз топтарға қарсы дискриминацияның барлық түрлерін жоюға арналған шаралар мен қызметтерді нығайту және тиісті заңнамаларды ұстану, осыдан жеке олардың білім алуға, мұрагерлік құқыққа, еңбек етуге, денсаулығын қорғауға, әлеуметтік және медициналық көмекке, аурудың алдын алып, емдеуге, жеке өмірінің дербестігі мен құпиясының принциптерінің сақталып, құқықтық қорғау жайындағы мәселелер қарастырылған. Бұдан басқа АҚТҚ эпидемиясымен байланысты әлеуметтік жекешелену мен таңба салуға күрес әлеуметтік жекешелеу мен таңба салуға күрес стратегиясының жоспары құрылған.

№12244 Қазақстан Мемлекетінің Үкіметінің Қаулысына сәйкес 2005 ж. 14 желтоқсаннан «ЖҚТБ ауруынан сақтандыру жайында» Қазақстан Мемлекетінің заңына өзгертулер мен толықтырулар еңгізу жайындағы заңның жобасы Қазақстан Мемлекетінің Парламенті Мәжілісінің қарауына еңгізілген ст.2.4. онда: АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты дискриминацияның кез келген түр-

леріне тыйым салынады, “АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың әлеуметтік әрі құқықтық қорғалуы, жасырын емделудің сапасы мен мүмкіндігі, құпия түрде, ақысыз медициналық кеңес алуға мемлекет кепілдік береді” делінген.

АҚТҚ алдында әлсіз немесе АҚТҚ-ға шалдыққан адамдар өздерінің дискриминациядағы қорғауға әлеуметтік қауіпсіздікке денсаулыққа, ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке, білім алуға, некелесіп, отбасын құруға, еңбек етіп алға жылжуға еркіндік құқықтарын білмейді. Осы адам құқықтарын ұстанбаушылық маргиналды топтар арасында АҚТҚ-ның таралуының жылдамдығын асырады және жалпы қоғамға жағымсыз әсерін арттырады. Сонымен бірге бұл АҚТҚ-мен ауыратын адамдардың емделу мүмкіндігін білмеуімен байланысты.

**АҚТҚ/ЖҚТБ мен адам құқықтары арасындағы байланыс мына үш жағдайларда көрінеді:**

**Әлсіздіктің артуы:**

Белгілі топтар өздерінің азаматтық саяси, экономикалық әлеуметтік және мәдени құқықтарын жүзеге асыра алмайтындықтарынан АҚТҚ әсерінің алдында тым әлсіз болады. Олар: еркін хабар алуға мүмкіндікке құқыларының бар екендігін білмеген адамдар, АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты мәселелерді талқылауға қатысудан, ЖҚТБ бойынша қызмет ететін ұйымдарда, өзара көмектесу топтарына және басқа да сақтандыру шараларының ұйымдарына қатысу мүмкіндіктерін білмегендіктен.

• әйелдер, әсіресе жас әйелдер, инфекциялардан сақтану мен кепілді сексуалды және репродуктивті денсаулыққа қажетті қызметтерге, білім алуға, хабарлануға мүмкіндіктерін пайдаланбағандықтан АҚТҚ ауруынан қорғана алмайды.

• тұрмыстық деңгейі нашар, емделуге жағдайлары жоқ адамдар.

**Стигма және дискриминация**

Қоғамда АҚТҚ ауруымен ауырған адамдардың ауруы мәлім болғандықтан олардың құқықтары жиі бұзылады. Стигматизация мен дискриминация олардың емделуіне және жұмысқа орналасуы мен үй алуына т.б. әсер етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде басқа жұқпалы аурулардың көбеюіне әсер етеді, себебі АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға байланысты Стигма мен дискриминация адамдардың өзіне деген сенімінен айырады және олардың денсаулық сақтау қызметтеріне қаралуға кедергі болады.

Ақпарат, білім, кеңес алуға өте мұқтаж тұрғындардың кейбірі көмек бар болса да, оны ала алмайды.

**Нәтижелі жауап жолындағы кедергі**

Адам құқығы құрметтеліп сақталмаған ортада АҚТҚ алдын алудағы емдеу, қорғау, күту көмектерін нәтижелі жүзеге асыру қиын.

**“Стигма” және “дискриминация” түсінігі**

2003 ж. желтоқсанда ЮНЭЙДС өзінің вебсайтында стигма дискриминация «АҚТҚ мен өмір сүруші адам» деген түсініктерін кіргізді және стигма мен дискриминацияны анықтады.

**Стигма.** АҚТҚ/ЖҚТБ мен байланысты, АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың құнын түсіру девальвация, немесе АҚТҚ/ЖҚТБ терді қандай да бір жолмен ассоциациялау. Стигманың бұл түрі, АҚТҚ-ның екі жағдайымен жұғуына байланысты; жыныстық қатынас немесе есірткіні инемен қолданушыларды стигматизациялаудың бір тармағы.

**Дискриминация** стигма сияқты, АҚТҚ-ға шалдыққандарға деген дерекі, әділетсіз қарым-қатынас. Дискриминация адамдардың қай топқа жататынына сүйене отырып, олардың арасындағы айырмашылықты жариялайды.

**Тапсырма:**

Аталған модульді оқыған оқушылар білу керек:

1. адам құқығы концепциясын түсіну;
2. АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығының байланысын анықтау;
3. АҚТҚ-ға шалдыққандарды қоғам қалай стигматизациялайтынын түсіну;
4. қоғам АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарды қалай дискриминациялайтынын түсіну және осы дискриминацияның негативті әсері;
5. Дискриминация мен стигманы азайту, адам құқығына кепілдік берудің жолын табу.

**Мазмұны:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, стигма/ дискриминация.
2. АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы.
3. Дискриминация мен стигманы жеңу қадамдары.

**Оқу жаттығуы.**

1. Стигма және АҚТҚ/ЖҚТБ
2. Стигма мен дискриминацияның азаюы.
3. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға қатысты стигмамен дискриминацияны жеңу.

**Күтілетін нәтиже:**

Оқушылар келесі сұраққа жауап бере алу керек.

1. Қоғамдағы жергілікті деңгейде басым болып отырған стигма мен дискриминацияның қандай түрлері бар?
2. АҚТҚ/ЖҚТБ болдырмауда, стигма мен дискриминацияны не үшін бақылауға алу керек?
3. АҚТҚ-ға шалдыққан адамдардың адам құқығы бұзылмауына не үшін кепілдік беру керек?
4. АҚТҚ/ЖҚТБ, АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар, жыныстық қатынасқа қатысты адам құқығын бұзатын, қандай дискриминациялық заңдар бар?
5. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға қарсы дискриминацияның азайтудың қандай әдісі бар?

**6.1. ЖАТТЫҒУ****Стигма және АҚТҚ/ЖҚТБ**

**Уақыт:** 2 академиялық сағат.

**Тапсырма:** қатысушыларды үйрету

1. Стигмалар және дискриминация және АҚТҚ/ЖҚТБ туралы сұрақтарын талқылату.
2. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар контекстінде стигма мен дискриминацияны анықтау.
3. АҚТҚ жұқтырғандарды қоғам қалай стигматизациялайтынын анықтау.
4. Стигма мен дискриминация зардаптарын баяндау.

**Мазмұны.**

1. Стигма мен дискриминация концепциясы
2. АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына байланысты
3. Стигмалар мен дискриминациялар формасы.

**Жүргізу барысы:**

1. «Даулы пайымдау» ойынын жүргізу
2. Ойын соңынан қатысушыларды 3-4 топқа бөлу
3. Қатысушыларға көріністің, тапсырмасымен жүргізу бағытын түсіндіру.
4. АҚТҚ/ЖҚТБ байланысты дисприминация түрлерін атау және жергілікті, әлемдік деңгейде адам құқығы және стигма мен дискриминация туралы не білетіндерін сұрау.
5. Стигма мен дискриминацияға қатысты сенім, жүріс-тұрыс, қарым-қатынастарды анықтау.
5. Қатысушылардан презентация жасауларын сұрау.
6. Презентациядан соң 6.1. ресурстық материалын тарату.
7. Ресурстық материалды пайдалана отырып, дәлелденетін ақпарат беру, және жаттығу қорытындысын шығару.

**Бағалау:**

Қатысушылардан АҚТҚ жұқтырғандарға стигманың әсері туралы 2-3 сөйлем жазу және АҚТҚ жұқтырған адамдарға арналған алдын алу шараларына стигманың әсерін қарастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

Жаттығуды орындағаннан соң, қатысушылар АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты алдын алу бағдарламаларына стигма мен дискриминацияның тигізетін кері әсерін білулері керек.

### Мұғалімге «Даулы пайымдау» ойынын қалай өткізу туралы кеңес

**Мақсаты:** Қатысушылардан АҚТҚ/ЖҚТБ ға мәселелерге байланысты өз көз қарастарын білдірулерін сұрау.

**Жабдықтау:** 4 парақ қағаз, оның әр қайысына бір бірден пікір жазылған, «Келісемін», «Келіспеймін», «Білмеймін», «Үгіттегендіктен келісемін».

Пікір жазылған парақтар бөлменің төрт терезесіне жабыстырылады. Жүргізуші даулы пікірді бір бірден жақтап шығады.

Пікір айтылғаннан соң, қатысушылар өз қалаулары бойынша, көз қарастарына сәйкес келетін пікірдің жанына тұрады. Осындай үлгімен құрылған топтан 3 минут уақыт аралығында өз көз қарастарын пайдалана отырып, дәлелдерін талқылауларын сұрау. бұдан кейін әр топтан қатысушылар кезекпен өз көз қарастарын түсіндіреді. Ойын барысында қатысушылар өз пікірлерін өзгертуі мүмкін.

#### «Дауысты пайымдау»

1. АҚТҚ жұқтырған қатысушылар спорттық шараларға қатыспаулары керек.
2. АҚТҚ-ны мәжбүрлеп емдеу- АҚТҚ-ны жұқтырмаудың жалғыз жолы.
3. АҚТҚ жұқтырған әйел бала тумауы керек.
4. АҚТҚ жұқтырған мұғалім және дәрігерлердің жұмыстан шығарылуы керек.
5. Пиндер АҚТҚ-ны жұқтырғандарына өздері кінәлі, сондықтан да тегін антиретро вирустық терапия алуға құқықтары жоқ.
6. Балалар үйіне түскен барлық балаларды АҚТҚ тексеруден өткізу керек.

## 6.2. ЖАТТЫҒУ

### Стигма және Дискриминацияны азайту

**Уақыт:** 2 академиялық сағат.

**Жабдық:** флипчарттар, маркерлер, скотч.

**Тапсырма:** берілген жаттығулар орындалғаннан кейін қатысушылар білу керек:

1. Адам құқығы концепциясын білу.
2. Халықаралық бірлескен адам құқықтарымен танысулары керек.
3. Адам құқықтары мен АҚТҚ/ЖҚТБ арасындағы байланысты ажырата алу керек.
4. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатыстылардың адам құқығының бұзылу салдарын анықтай білу керек.
5. Адам құқығын кепілдендіру және стигма мен дискриминацияны төмендету туралы білімімен қамтамасыз ету.

#### Мазмұны:

1. Адам құқығы концепциясы.
2. Адам құқығының бұзылуы.
3. АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы.

#### Жүргізу барысы:

1. Қатысушыларды үш шағын топтарға бөлу
2. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты адам құқығының бұзылуы мақсатын, адам құқығының мағынасын, өзара топ арасында талдауларын сұрау.
3. Топтан шағын сахналық қойылым дайындауларын сұрау.
4. Шағын сахналық қойылым мына сюжет бойынша құрастырылса болады.
  - АҚТҚ жұқтырған адамға медициналық көмек көрсетуден бас тартқанды мұғалім шеткі партаға жалғыз отыруын талап етеді.
  - Отбасының бір мүшесі ЖҚТБ тен қайтыс болғаннан кейін, отбасы айналасындағылардан әлеуметтік жағынан шеткеруге тап болуы.
5. Презентациядан кейін қатысушылардан көрсетілген дискриминациядан не байқағандарын сұрау.
6. Барлық қатысушыларға 6.2. ресурстық материалын тарату, стигма мен дискриминацияны азайту және адам құқығына кепілдік беретін әдіс-тәсіл бойынша топтық тікірталас жүргізу.

7. Қатысушылардан өздері естіген немесе кездестірген стигма және дискриминациялық ақпарат түрлерін қатарластары арасында талдауларын өтіну.

8. Қатысушылардан карточкаға адам құқығының кепілдігін қалай өлшеуге болатындығын және азайту жолдарын, бірнеше сөйлем жазуларын сұрау.

9. Қортынды жасау.

**Күтілетін нәтиже:**

Қатысушылар адам құқығы концепциясынан хабардар болу және АҚТҚ/ЖҚТБ-ға шалдыққандардың адам құқығына байланысын білу. Қатысушылар АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар құқықтарының бұзылу зардаптарынан хабардар болады.

**Мұғалімге кеңес:**

Шынайы өмірде кездестіруге болатын АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға байланысты жағдайды бейнелейтін, шағын қойылымға қатысушылар санын көбейту. Халықаралық және Қазақстан Республикасында қабылданған адам құқықтары туралы құжаттарға қатысушылардың назарын аудару.

### 6.3. ЖАТТЫҒУ

**АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға байланысты стигма мен дискриминацияны жеңу**

**Уақыты:** 1 академиялық сағат.

**Жабдық:** маркер, скотч, флипчарт.

**Тапсырма:** жаттығу соңында қатысушылар білу керек:

1. Адам құқығы жөнінде белгілі білім ала алуы.
2. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға қарсы дискриминацияны төмендетуге дағдылану.

**Мазмұны:** Адам құқығының бұзылуы.

**Жүргізу барысы:**

1. Қатысушыларды 4 топқа бөлу, төрт топтан бір-бір адамнан, әркімнің өз қалауы бойынша, АҚТҚ жұқтырған мұғалім, мектеп қызметкерін, күйеуі ЖҚТБ-ның кесірінен өлген әйел, әкесі АҚТҚ инфекциясын жұқтырған бала рөлдерін сомдауға шақыру.

2. Диалогты бастау үшін, мына тақырып бойынша әр топқа нұсқау беру.

- АҚТҚ жұқтырған әйел.
- АҚТҚ жұқтырған қызметкер, мектепте жұмыс істеуші.
- ЖҚТБ-ның нәтижесінде күйеуі өлген әйел.
- Әкесі АҚТҚ жұқтырған мектеп оқушысы.

Дайындыққа уақыт беру.

3. Қатысушылардан жоғарыда көрсетілен, жұқтырғандар рөлін сомдайтын әр топтан актерларды таңдауларын сұрау.

4. Ойын бақылаушысына тексеру парақтарын тарату.

5. Тексеру қағаздарының мазмұны мен жазылу ретін түсіндіру.

6. Ойын соңынан актерларға қошамет көрсету.

7. Жаттығу орындау барысында өтілген сабақ жайында сұрау.

8. Адам құқығының бұзылуы және оған қарсы күрес, АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға қатысты стигма және дискриминация формалары туралы жаттығу қортындысын талдау.

9. ЖҚТБ-ның бөрімізге қатысты екенін назар аударып, талдауды аяқтау.

10. Қысқа үй жұмысын орындау үшін қатысушыларды топтарға бөлу.

АҚТҚ жұқтырғандар негізгі құжаттарға сараптама жасау; Адам құқығын сақтай отырып, АҚТҚ/ЖҚТБ құқығы және АҚТҚ/ЖҚТБ-ны емдеу көзқарасына сәйкес. АҚТҚ жұқтырған адамдардың құқығының бұзылуларын, стигма мен дискриминация туралы мысал келтіру.

- а. АҚТҚ/ЖҚТБ жұқтырған адамдар және отбасына қарсы стигма және дискриминация
- б. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға соқтыққан отбасы және адамдардың мұқтаждығы.

- в. АҚТҚ жұқтырғандардың қызмет және қорғауға мұқтаждығы
- г. АҚТҚ жұқтырған адамға не отбасына қол ұшын беруші адам.
- д. АҚТҚ жұқтырған адамдарға және отбасына көмектескен ҮЕҰ-дың рөлі.

**Күтілетін нәтиже:**

1. АҚТҚ жұқтырған адамдар, не отбасы дисприминация мен стигмаға кездескен кезде, оларға көмек, жәрдем беру.
2. Адам құқығы және АҚТҚ/ЖҚТБ арасына байланысты орната алушылық.

**Мұғалімдерге кеңес:**

Сіз өзіңіз 6-3 жаттығуына алдын-ала дайындалуыңыз керек.

**Ресурстық материалдар 6.1.****Стигма және АҚТҚ/ЖҚТБ**

Стигманың бірнеше белгілері бойынша АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты.

- Көп жағдайда АҚТҚ/ЖҚТБ адамгершілікке жататын «ұлттық құлық тәрізді» көрінеді.
- Бұл инфекция, сақтанбаған жыныстық қатынастан немесе есірткі қолданудан пайда болады.

- АҚТҚ/ЖҚТБ өз жауапкершілігінің нәтижесі сияқты көрінеді.

Басқа факторлар, стигмаға алып келетін, АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ассоциацияланған

- АҚТҚ инфекциясы-өмірге қауіп төндіретін ауру.
- Адамдар АҚТҚ жұқтырғандармен араласуға қорқады.
- Адамның есірткіні ине арқылы қолдануы, көптеген қоғамда стигматизацияланған.
- АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдар көп жағдайда мұндай сәбисіздікке ұшырағанның өз жауапкершілігінен көреді.
- Дін мен адамгершілік қасиет, кейбір адамдарды мынадай сенімге алып келеді АҚТҚ-мен зақымданғаны өз тегінің адамгершілік күнәларының нәтижесі деп түсінеді.

АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ауруы ұлт деген сенім қалыптасқан, сол сияқты АҚТҚ/ЖҚТБ адамгершіліктің не күнәсіз жанды жәбірлеген қылмысының жазасы, кейде бұл АҚТҚ жұқтырған адамдардың батылдығын көрсеткені болуы мүмкін.

**АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты, стигма мен дискриминация формалары****Үкіметтік деңгей:**

- АҚТҚ жұқтырған адамдардың стигмизациясын заң, ереже, саясат көтереді.
- Халықаралық саясат және көші қон шектеуіне байланысты, міндетті түрде АҚТҚ сынағынан өту.
- Жұмыс істеуге кепілдеме беру, білім және ақпарат алу құқығы, емдеу және көмек алуларына, ереже және қаулылар.
- Үкімет тарапынан стигма мен дискриминация жасыру оқиғасы, АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарды арасында одан бетер стигманы өршітіп отыр.

**Жергілікті деңгей:**

- АҚТҚ/ЖҚТБ-ға жауап ретінде қоғамда стигма және дискриминация пайда болуы мүмкін.
- АҚТҚ және ЖЖБИ жұғуына көп жағдайда әйелдерді кінәлайды.
- Көптеген дамушы елдерде әйелдер, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қиын жағдайға тап болады. Сондықтан да олардың емделуіне, білім алуына, қаржылай көмек алуларында теңдік болмайды.
- АҚТҚ жұқтырған адам өз отбасында стигматизация не дискриминацияға ұшырауы мүмкін.
- Көптеген ұйымдарда жұмыскер қабылдамас бұрын оны АҚТҚ скринингтан өткізу қалыптасқан.

- Көптеген елдерде әлі де дискриминация денсаулық сақтау орындарында жалғасуда.
- АҚТҚ-ға байланысты АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясының алдын алу

Стигма мен дискриминацияға қарсы күрес болып, профилактикалық бағдарламасына қарсы күрес түр. Өздерінің қоғамдағы статустарын аспау үшін, қорқыныш дискриминация көптеген адамдарды ЖҚТБ тен емдеуден бас тартқызады.

Стигма және дискриминациясының сұрағы бойынша диалогты бастау үшін, жүргізуші педагог талқылап отырған тарауға сәйкес мынадай сұрақтарды қоюы тиіс.

**1. Стигма дегеніміз не? Сіздің ойыңызша, стигмаға алып келетін қарым-қатынас, түрлі әрекет, сенімдерді анықтаңыз.**

Талқыланатын тарау:

- Стигма, мінез құлық ассоциациялануы қоғамдағы көптеген адамдар арасында қолайсыздық ретінде қарастырылады.
- ЖҚТБ алғашқы стигматизация ауыртпалығынан өткен нақты адамдар немесе топтардың арасында ассоциацияланған.
- ЖҚТБ наным деген өмірлік концепцияны жаңартты. Бұл адамға жіберілген жаза.
- Бұл нанымның тарихи түсініктемесі, адамның біразы ғана ауырғанда, қалғаны қалай сау боп қалады.

**2. Қатысушылардан стигманың әсерін және ол туралы ойларын сұрау  
Толықтыруға арналған тарау**

- Стигма бір адамның басқалар алдында айыпты болуына алып келеді. Оны стигматизация деп атайды.
- Стигма ұлтты оятады.
- Стигма басқа адамдардың алдында күнә сезімін оятады.

**3. Қатысушылардан неге ЖҚТБ стигматизациялық ауру екенін сұрау  
Талқылауға арналған сұрау.**

- АҚТҚ инфекциясы қазіргі заманның стигматизациялық ауруларының бірі болып табылады, АҚТҚ/ЖҚТБ жұғу жолына қарай стигмаға алып келеді.
- АҚТҚ/ЖҚТБ жыныстық қатынаспен ассоциацияланады. Бұл тақырыпта талқылау өте қиын, себебі бұлар адамның жеке басының ең тиімді жүріс-тұрысын сөз қылады.
- Кейбір елдерде ЖҚТБ гомосексуалистер және секспен айналысатындармен ассоциацияланған, бұл жағдайлар стигманың негізгі мәселесі болып табылады.
- АҚТҚ/ЖҚТБ өлім алдында қорқыныш тудырады. Сондықтан көп жағдайда қоғам арасында талқыланбайды.
- АҚТҚ ине мен шприцті бірге бірнеше рет қолданғаннан жұғады, жанама факторының бірі есірткіні заңсыз қолданудан пайда болады.

**4. Қатысушылардан АҚТҚ-ға қатысты стигманың адамға әсерін талқылауын сұраңыз**

**Талқылауға арналған тарау.**

- АҚТҚ мен өмір сүруші адамдардан оның жанұялары мен серіктері бөлектеніп, олардан бойларын аулақ ұстайды.
- АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар дисприминацияны бастарынан өткізуі мүмкін. Және олардың құқықтары да әр түрлі деңгейде топталады. (жұмыс орнында, денсаулық сақтау бөлімшелерінде).
- Стигма АҚТҚ-мен секспен айналысатындар, есірткіні ине арқылы қолданушылар және гомосексуалистер ғана зақымданады деген жалған хабар таратады.
- Стигма АҚТҚ инфекциясының алдын алу шараларында, АҚТҚ мен өмір сүруші адамдардың ортада емделуіне кері әсерін тигізеді, себебі АҚТҚ-ның жұғуын ашық жеткізу қиын және таралу жолын азайту мүмкін емес.

## 6.2 Қажетті материалдар.

### Стигма мен дискриминацияны азайту

#### Кіріспе:

Адам құқығы мемлекет пен жеке адам арасындағы өзара әрекетті кең мағынада анықтайды.

Халықаралық адам құқығының қарастыруы бойынша мемлекет адамға деген қарым-қатынасында ешқандай физикалық қысымға жүгінбеу керек, оны бостандығынан және ресмилігінен айырмауы керек. Мемлекет барлық адамдардың тамақпен қамтамасыз етілуіне, денсаулықтарын сақтауға және алғашқы білімділігін алуларына кепілдік беру керек.

АҚТҚ /ЖҚТБ-ның адам ресурсына және көптеген елдің экономикасына қатар АҚТҚ-ның таралу жылдамдығының артуына, адам құқығына және экономикаға кері әсерін тигізуде.

Адамдар 1980 жылдың соңына қарай АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемияларының адам құқықтарына тигізген зардаптарын түсіне бастады. Адам құқығына берілген кепілдік, үкіметтің өз азаматтарының алдындағы міндеттемесі, бұл міндеттеменің қатарына қоғам денсаулығы да кіреді. Ұлт денсаулығын сақтау үшін, мемлекет өз тарапынан ұтымды саясат және озық бағдарламаларын нығайтуды, адам құқығының қатарында қарастыру керек. 1980 жылдардағы адам құқығы мен АҚТҚ/ЖҚТБ арасындағы байланысты ерекше атауға болады. Адам құқығының ұзақ тарихына қарамастан АҚТҚ жұқтырған не АҚТҚ-ға деген әлсіз әйел, еркек, балаларға қарсы дискриминация әлемінің бар түпкірінде өте күшті болды.

1948 жылдың 10 желтоқсанында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы адам құқықтары жөнінде декларация қабылдаған. Осыдан кейін декларациядағы адам құқықтары жөніндегі конвенцияға мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Азаматтық және саяси құқық жөнінде халықаралық келісім.

Экономикалық, әлеуметтік мәдени құқық жөніндегі конвенция.

Нәсілдік дискриминацияның барлық формаларын қамтыған конвенция.

Барлық форма қамтылған әйел дискриминациясының конвенциясы.

Сәби құқығы туралы конвенция.

#### 1. АҚТҚ/ЖҚТБ аспектісіндегі адам құқығы.

Бүкіл әлемдік қоғамда, бір нақты адамға қатысты АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралуын немесе әсерін адам құқығымен байланыстыру өте қиын. Адам құқығына құрметтің жоқтығы аурудың жаппай таралуына ықпалын тигізеді. Осы тұста АҚТҚ/ЖҚТБ-дан ауыратындар адам құқықтарының алға басуын бұзады. Бұл байланыс жағдайлары нашар әйелдер, балалар ЕЖЕ этникалық топтар мен адамдарға таралатын әлеуметтік, құқықтық, экономикалық шарттарға және эпидемияға тәуелді, АҚТҚ инфекциясының таралу жылдамдығы мен диспропорционалды қамтылуы белгілі бір қауіпті топтар арасындағы байланыста қаралады. Дамушы елдерде ЖҚТБ пен кедейшілік қазіргі таңда АҚТҚ эпидемиясының тез тарауына әкеп отыр.

#### 2. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қатысты стигма мен дискриминацияның азайуы

Тек ЖҚТБ ауруы ғана дискриминацияланбайды. Бұның қатарына эпилепсия, жүйке жүйесінің ауруы, туберкулез, лепра және әлеуметтік стигмаға душар болған ЖЖБИ ларды жатқызуға болады.

Дискриминацияның тамыры тереңде жатыр. Стигматизацияның алғашқы белгісі АҚТҚ/ЖҚТБ-ның жыныстық қарым-қатынасы, инерциялық есірткі болып табылады. АҚТҚ-дан қиналатындар, өздерінің девианттық жүріс-тұрыстан, адамгершілік әрекеттері әшкерлейтініне, қоғам сене бастаған. АҚТҚ жұқтырған адамдар көбіне өздеріне баспана жалдай алмайды, оларға ешқандай қызмет көрсетілмейді. (медициналық) Осының нәтижесінде олар қарапайым тіршілікте дұрыс өмір сүре алмайды. Адам құқығын дискриминациядан қорғайтын заң аз мөлшерде болып отыр, қоғам құруға мүмкіндігі бар, осы аспектіні қарайтын білім, дискриминацияны азайта алуы мүмкін. Жағымды жаңалықтың таралуында, көпшілікке жаппай ақпарат тарату әдісі үлкен орын алуы мүмкін. Осындай амалдармен біз АҚТҚ жұқтырғандарға көп көмек көрсете аламыз.

### 3. АҚТҚ/ЖҚТБ және адам құқығы.

Қай жерде болмасын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер өз құқықтарын жүзеге асыра алуы айқын факт бола алады. Білім алу құқығы, ақпарат алуда біріктірілу, ең негізгі дискриминацияға жол бермеу, АҚТҚ-ның жеке және қоғамда таралуына жол бермейтіні анық. АҚТҚ жұғуының жаппай жойылуы және әлеуметтік экономикалық пандемия ықпалының азаюы үшін, адам құқығын жоғарлату және қорғау ажырамайтын фактор болып табылады. Мұны үш себеп деп қарастыруға болады.

Адам құқығын жоғарлату және қорғау адамның АҚТҚ-ға деген әлсіздігін азайтады. АҚТҚ-ға душар болған адамға қамқорлық пен оны қорғау, қоғам бірлестіктерімен жекеленген адамдардың пандемияға қарсы тұруына көмектеседі.

Пандемияға тиімді халықаралық жауап азаматтық қоғамға құрметке негізделіп, мәдени, экономикалық, әлеуметтік құқық және халықаралық адам құқықтары нормасы мен стандарттары, принциптері есепке алынуы тиіс.

Адам құқығын қорғау және өрлету мемлекет міндеттемесі болып табылатынын оның ішінде АҚТҚ эпидемиясына қатыстысы, адам құқығы туралы халықаралық конференцияда анықталған. АҚТҚ эпидемиясын жұқтырғандар өмір сүруге құқылы, психикалық физикалық денсаулығын ең жоғарғы дәрежеге көтеруге құқылы, дисприминацияланбауға құқылы, көшу бостандығына құқылы, ойын толық білдіруге құқылы, еркін ақпарат алуға құқылы, неке және отбасын құруға құқылы, ғылыми жетістіктер қолдануға құқылы, әлеуметтік қорғаумен көмекке құқылы, тең дәрежелі білім алуға құқылы, қоғамдық және мәдени шараларға қатысуға құқылы, бостандыққа құқылы, қалмаудан қорғануға міндетті. БҰҰ адам құқығын, АҚТҚ-мен зақымданғандарды ескере отырып, заңды түрде нормативтелген адам құқығын бұзбауға кепілденген инструмент немесе механизм деп қарастырады.

БҰҰ бөлімі адам құқығын, оның ішінде АҚТҚ жұқтырғандардың құқығын қорғайтын конвенцияның жүзеге асуын, мемлекет тарапынан бақылау мен кепілдеме алуларына нұсқау беріп отырады.

Адам құқығы туралы арнайы процедура комиссиясы АҚТҚ жұқтырғандардың қатысуымен, адам құқығын сақтау мониторингін өткізеді, бұған тақырыптық және аймақтық баяндамашылар, өкілдер, мәжіліс арқылы жұмысшы топтардан құралғандар қатыса алады.

**12 бап. 1. тармағы.** Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

**12 бап 2 тармағы.** Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, оларды ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

**17 бап. 1.** Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

1. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін жазалауға болмайды.

**29 бап. 1.** Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңымен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға хақылы.

Келесі құқықтың қайнар көзінің бірі Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 мамырында қабылданған Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заң.

Осы заң Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың денсаулық сақтау жөніндегі құқығын іске асыруға қатысуын реттейді оның ішінде 16 бап бойынша; Әлеуметтік жағынан елеулі аурулардан және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегетін азаматтарға медициналық-әлеуметтік жәрдем, диспансерлік қадағалау тегін және жеңілдікті жағдаймен жасалады.

Қазақстан Республикасының 1994 жылы 5 қазан №174-ХІІІ ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы заңы.

**5 бап.** Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды ЖҚТБ-ға медициналық куәландырудан өту құқығы қарастырылған.

Қазақстан Республикасының, сондай-ақ республика аумағында тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған-дығын анықтау үшін жасырын медициналық куәландырудан өтуге құқығы бар.

**7 бап.** Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған адамдарды әлеуметтік қорғау. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырып алған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуге, амбулаторияда және тұрақты көмек алуға әрі емдеу орнына барып қайтуымен байланысты шығындарды тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау мекемелері есебінен өтуге құқығы бар.

### 6.3 Ресурстық матеиалдар

#### **АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға қатысты стигма мен дискриминацияны жеңіп шығу**

##### **Бірінші рөл АҚТҚ жұқтырған мұғалім**

**Басты кейіпкер:** АҚТҚ жұқтырған мұғалім рөлін сомдайтын оқушы

**Ол өзіне қан құйдырудың нәтижесінде қорғаныш тапшылығы жоқ қоздырғышты жұқтырған.**

**Ойын мақсаты:** Қорғаныш тапшылығы жоқ қоздырғышты кез-келген уақытта жұғуы мүмкін екендігін көрсету және АҚТҚ жұқтырған адамның қоғамда және отбасында кездесетін қиындықтары әлеуметтік-экономикалық және психикалық қиындықтар. Сол сияқты жергілікті емханалар мен медициналық бөлімшелерде ем қабылдау барысында кездестірген қиындықтары.

##### **Екінші рөлі: Мектепте қызмет ететін, АҚТҚ жұқтырған әйел.**

**Басты кейіпкер:** АҚТҚ жұқтырған мектеп қызметкерін сомдайтын оқушы.

**Әйел досымен сақтанбаған жыныстық қатынас нәтижесінде, АҚТҚ жұқтырады. Ол жергілікті ҮЕМ-дың АҚТҚ-мен залалданған адамдардың көмегімен мектептегі жұмысын жалғастыруына тура келеді.**

**Ойын мақсаты:** ҮЕҰ қызметкерінің әйелге көрсеткен көмектерін жеткізу. Ойын барысында, оның үйде, мектепте, қоғамда (оқушылардан, мұғалімдерден, ата-аналардан) және дүкенде (сатушыдан) көрген дискриминациялық ақпараттары көрсетіледі. Бұдан басқа да әйелге денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері көрсеткен қиындықтары бейнеленеді.

##### **Үшінші рөл: ЖҚТБ-ның нәтижесінде күйеуі қаза болған әйел.**

**Басты кейіпкер:** ЖҚТБ-ның нәтижесінде күйеуі қаза болған, әйел рөлін сомдаушы оқушы.

Оның күйеуі қала шетіндегі бір фабрикада жұмыс істейді. Ол ішімдікке бой алдыра бастайды, және уақыт өте келе, ол жыныстық қатынастағы серігін алмастырады. Бірде оны АҚТҚ тестісінен өткізеді, сол кезде оның зақымданғаны белгілі болып, жұмыстан қуылады. Өзінің қалған өмірін мүсәпір күйде өткізіп, көп ұзамай қайтыс болады. Әйелін АҚТҚ жұқтырушы деп кінәлап, әлеуметтік көмек көрсетілмейді. Ешкім күйеуін жерлеу рәсіміне қатыспайды. Балалары мектептен шығарылады. Осы сәтте оған ҮЕҰ қызметкерлері көмекке келіп, балаларын мектепке қайтадан қабылдатқызып, көптеген әлеуметтік жағдай көрсетеді.

##### **Төртінші рөл: әкесі АҚТҚ жұқтырған мектеп оқушысы.**

**Басты кейіпкер:** Әкесі АҚТҚ жұқтырған мектеп оқушысын сомдаушы, оқушы. **Баланың әкесі бизнесмен. Ол өзіне АҚТҚ-ны іс сапар барысында етене таныс емес әйелден жұқтырады.**

**Ойын мақсаты:** әкесінің АҚТҚ инфекциясын жұқтырғаны белгілі болғанда баланың, әлеуметтік-экономикалық, психикалық қиындықтарға тап болуы. Бала мектептен шығарылады. Әкесі өте бай адам болғандықтан, ол мектепке қайта қабылданады, өйткені директорға бір залалы тиюі мүмкін. Оқушы бала бұған қарамастан мектепке келгенде, спорттық ойындарда және емханада көптеген қиындықтарға душар болады.

##### **Мұғалімдерге ұсыныс:**

Пікірталас барысында оқушылардың назарын халықаралық директивтер мен құқықтарына аудару.

БҰАТББ мен адам құқығын қорғау жөніндегі БҰҰ Жоғары комиссарының кеңсесі мемлекеттер үшін заңнамалар жиыннын жасады. Бұл заңнамалар төмендегідей:

- АҚТҚ-мен өмір сүріп-сүріп жататындардың денсаулығы мен құқығын қорғау.  
- АҚТҚ/ЖҚТБ-ны болдырмау жұмыстарын жүргізу  
- Адам құқығы бойынша заңдастырылмаған келісімге жатпаса да, барлық мемлекеттерде орындалуы керек.

- БҰҰ комиссиясымен расталған.

Адам құқығы мен АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша халықаралық механизм.

**1. Мемлекеттер адам құқығын қатаң түрде қорғауға және орындауға міндетті ме?**

Егер адам құқығы конвенция немесе келісім болып келсе не. Мемлекеттер оларды орындауға сәйкесінше саяси және заңдық міндеттеріне ие сонымен қатар оларда осы міндеттерді реттейтін механизмдер болады.

**2. Адам құқығы мен АҚТҚ/ЖҚТБ туралы халықаралық конвенция немесе келісім бар ма?**

**Жоқ** – арнайы келісім немесе конвенция жоқ. Бірақ, басқа да келісімдер бар: азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық келісім, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық бойынша халықаралық келісім, балалар құқығын қорғау және әйелдерді қорғайтын конвенция. Халықаралық деңгейде қабылданған адам құқықтарына жататындар: заң алдында бірігейлік, өмір мен денсаулық құқығы, ақпарат пен сөзеркіндігі құқығы, тұрмыс құру және отбасы құру құқығы, жұмыс пен еңбекке құқық, ғылыми прогресс нәтижелерінен пайдалану, т.б.

**3. Егер мемлекеттер адам құқығы бойынша өз міндеттерін орындамаса, БҰҰ мен басқа халықаралық мемлекеттік ұйымдар не істей алады?**

- адам құқығы бұзылған кезде, ресми түрде зерттеу жүргізеді;
- жеке үкіметтерге тапсырма береді;
- заң немесе тәжірибелерді үйренудегі техникалық көмек көрсету.
- адам құқығының бұзылуының ерекше жағдайлары кезінде жергілікті сот органдарына жүгінеді.
- Қазіргі уақытта екі сот тіршілік етуде. Адам құқын қорғаушы Американдық соты және адам құқын қорғаушы Еуропалық сот.
- Жарнамалық есеп беруде адам құқын ережелерінде жеке елдерде немесе ерекше топтарда (мысалы, әйелдер, жасөспірімдер т.б.) (жастар арасындағы жезөкшелерде, кедейлік, білімсіздік т.б.) жұқпалы аурулар ЖҚТБ-ға байланысты.

**4. Қандай мекемелер /басқару ұйымдары Б.Ұ.Ұ-жұқпалы аурулар/ЖҚТБ-ға байланысты адам құқын қорғаумен айналасуда.**

Б.Ұ.Ұ мекемесі адам құқын қорғаумен айналысуға міндетті соның ішінде адам құқығы жұқпалы аурумен ауыратындарға Б.Ұ.Ұ ақпараты адам құқығы жөнінде, адамдар міндеті жөніндегі комитет, экономикалық комитет, әлеуметтік-мәдениет құқығы комитеті, жасөспірімдер құқығы жөніндегі комитет жұқпалы аурулар мен ЖҚТД ға байланысты сұрақтармен айналысады.

Мемлекеттік емес органдар жоғарыда айтылған органдармен байланыса отырып, өз



## МОДУЛЬ 7

АҚТҚ-мен АУЫРҒАН АДАМДАРҒА КӨМЕК  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАУ



**Уақыты:** 5 академиялық сағат

**Хабарлама:** АҚТҚ -мен ауыратын адамдарды жарқын өмірге тартудың мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Бағдарламалар жетімдер мен көмек қажет ететін балаларға көмек көрсетуге бағытталуы қажет.

**Шолу:** АҚТҚ -мен ауыратын адамдардың емделуіне және оларға күтіммен қолдау көрсету мүмкіндіктері бар болғандықтан қуатты өмір сүре алады.

**Ақпарат** - Олар еңбекке байланысты өздерінің құқықтарын, әлеуметтік қаржыландыру, білім, отбасын құру, емделу сияқты ақпараттармен танысып, білімдерін толықтыра алады.

**Қолдау** - Бұл көптеген аспектілерден тұрады: құрметтеу, жылы ниет таныту, және қоғам, достары, отбасы көмек пен қолдау көрсету.

**Көмек** - кеңестер, дәрігерлік емдеуге, жақсы тамақтануға көмек көрсету қажет.

АҚТҚ-мен ауыратын адамдар жақсы күтім мен қолдау көрсетудің нәтижесінде ұзақ өмір сүруі мүмкін. Қуатты медициналық препараттардың, уақытында тамақтанудың, демалыстың нәтижесінде иммундық жүйелері қайта қалыптасып, күшіне енуі мүмкін.

Адам өзгені бақытты ете отырып, өзін де жақсы сезінеді. Тұрақты қолдау жақсы қарым-қатынас депрессияны да болдырмауға көмектеседі.

Әдетте АҚТҚ-мен ауырғандар мен олардың отбасы қоғам тарапынан қолдаусыз ескерусіз қалады. Көп жағдайларда тек АҚТҚ-мен ауыратындардың біршамасы ғана өз құқықтарын түсінеді. Көптеген отбасылар ауру адамға күтім жасаушы медбикелерді арнайы қолдап, оған өздерінің уақыттары мен қаржыларын шығындайды. Ал негізінде ауруды 90% достары мен туыстары қолдау көрсетіп, үйде күтім жасайды.

ҚР 1994 жылғы 5 қазан №177ХІІІ «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы» заңында былай делінген:

ЖҚТБ ауруын жұқтырған адамдарға психологиялық, дәрігерлік, әлеуметтік кеңестер беруді қамтамасыз ету. АҚТҚ ауруымен ауырғандар ҚР заңына сәйкес тегін дәрігерлік көмек ала алады.

1. АҚТҚ-мен аурушыларға медициналық диспансерлік көмекті әлеуметтік-психологиялық тұрғыда заңдастырылған түрде көрсету керек.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары және ЖҚТБ-мен күресу орталығы, АҚТҚ ауруымен ауыратындарға, емделушілерге дәрі-дәрмекті, медициналық көмекті ақысыз заңды түрде беруі тиіс.

3. ЖҚТБ-мен ауыратындарды әлеуметтік-құқықтық тұрғыда қорғау.

ЖҚТБ-мен ауыратындарға медициналық тегін көмек көрсету 2.5. бапта көрсетілген.

### Тарсырмалар:

● ЖҚТБ/АҚТҚ-мен ауыратындарға берілген көмек пен қолдауды тұжырымдау.

● АҚТҚ-мен аурушыларға және олардың отбасына көрсетілген көмек пен қолдаудың қаншалықты дәрежеде көрсетілгенін түсіндіру.

● АҚТҚ-мен ауыратындарға көрсетілген көмектің орындалуы жайлы түсіндіру.

АӨСА-ға көрсетілген көмек пен қолдаудың қаншалықты дәрежеде орындалатынын түсінуге көмектесу.

### Мазмұны:

1. АӨСА-ға көрсетілген көмектер мен қолдаулар, сұрақтар.

2. Стигма және дискриминация.

3. АӨСА-ға позитивті өмір.

### Оқылатын жаттығулар:

1. АҚТҚ-мен ауыратындарға көрсетілген көмек пен қолдаудың тұжырымдамасы.

2. АӨСА мәселелерін және оларды шешу жолдарын мойындау (позитивті өмір).

### Күтілетін қорытындылар:

Оқушылар модульді оқығаннан кейін мынандай сұрақтарға жауап беруі керек:

1. АҚТҚ нақты адамдарға және олардың отбасына қандай мәселелермен жолығуына

мүмкіндік береді.

2. АӨСА-ға көмек көрсетуде, қамқор жасауда және олардың позитивті өмірі үшін құрылымдылық ортаны құруда мұғалімнің рөлі қандай.

3. АҚТҚ/ЖҚТБ аспектісінде адам құқығын бұзудың қандай дискриминациялық заңы бар? Қазақстан Республикасы бойынша мысал келтіру.

4. АӨСА мәселелерін шешудің жолдарын түсіндіру.

## 7.1 ЖАТТЫҒУ

### АӨСА-мен ауыратын адамдарға көрсетілетін көмек тұжырымдамасы

**Уақыты:** 2 академиялық сағат

**Көрнекілік:** қағаз бетіне жазылған презентация тақырыбы

#### Тапсырамалар:

Берілген жаттығуды аяқтағаннан кейін, қатысушылар:

1. АӨСА-ға және олардың отбасына көрсетілген көмекпен байланысты сұрақтар беруге;
2. АӨСА-ға көмек пен қолдаудың маңызын айыра білуге;
3. Позитивті өмірдің жолдарын сипаттауға;
4. АӨСА-ға қандай көмек көрсетуге болатынын түсіндіруге міндетті.

**Маңызы:** АӨСА-ға және олардың отбасына көмек пен қамқорлық көрсету

#### Сабақ барысы:

1. Бір минуттық “балық аула” атты ойын өткізу.
2. Ойын аяқталғаннан кейін қатысушыларға қорытынды жасауды сұрау.
3. Қатысушыларды 3 топқа бөліп, келесі талқылауға арналған тапсырманы беру.

Отбасына кіріс әкелетін тек 1 адамның АӨСА-ны жұқтырып, жұмыстан қуылған отбасы мүшесі

● Жүктілік кезінде АӨСА тестін өтіп, АӨСА жұқтырған студент

● Қан құю кезінде АӨСА жұқтырған 10 жасар бала

● Мектеп жасындағы 10-нан астам бала АӨСА аса статусымен сабаққа бармайды

#### Талқылауға арналған пункттер:

● АӨСА және оның отбасының қажеттілігі мен мәселелері

● АӨСА және оның отбасына көмек көрсетудегі қажеттілік

● АӨСА-ға және оның отбасына көмек көрсету керек

● АӨСА-ға және оның отбасына көрсетілген дұрыс шешім және сапалы көмек

● Көмек пен қолдаудың белгілі механизмдері

● Қолдау кезіндегі қазіргі кезде жоқ, бірақ пайда болу мүмкіндігі бар қызметтер

● АӨСА-ға көмек пен қолдау көрсетудегі мұғалім мен тренердің рөлі

5. Қатысушыларды 7.1. Және 7.2. Ресурстық материалдармен таныстыру. Оларды оқу мен қорытындыларды қарауды сұрау.

## ЖАТТЫҒУ 7.2.

**АҚТҚ (имунитет жетіспеушілігі) ауруымен ауыратын адамдардың қиындықтарын сезіну және оны шешу жолдары**

**Уақыты:** 3 академиялық сағат

**Құралдар:** Флипчарттар, маркерлер, бейнефильм, скотч

#### Дайындау:

1. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдармен жұмыс істейтін мекемені немесе ФПҰ-ды анықтау.

2. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамды, келуші ретінде шақыру

3. АҚТҚ ауру жайлы және осы аурумен ауыратын адамдарға қамқорлық туралы

бейнефильмдерді жинау

4. Бұл сабақты мазмұнды жүргізуге көмегі тиетін АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдармен жұмыс істейтін ФПҰ-ның қызметкерлерінен көмек сұрау

**Тапсырмалар:**

Жаттығуды орындаған соң, қатысушылар мынаған қол жеткізулері тиіс:

1. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдардың сезімдерімен бөлісу;
2. Адам құқы туралы ой бөлісу.

**Мазмұны:**

1. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдардың негізгі қиындықтарымен танысуы
2. Қоғамда кездесетін адам құқының бұзылуы

**Жүргізу жолдары:**

Оқушыларда бұл жаттығуды жүргізудің екі түрлі нұсқасы болуы керек:

**Бірінші нұсқа:**

1. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдарды шақырып, оған өмірде кездесетін қиындықтар туралы айтып беруді өтіну
2. АҚТҚ жайлы бейнефильмдерді көру арқылы, осы аурумен ауырған адамдардың қиындықтары және оны шешу жолдарымен танысу

**Екінші нұсқа:**

ФПҰ-ның қызметкерлерімен бірге АҚТҚ инфекциясын жұқтырған немесе ЖҚТБ ауруымен ауыратын адаммен кездесу.

**Бірінші нұсқаның 1-ші тармағын орындауға арналған кеңестер:**

1. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамды шақыру;
2. Кездесуге қатысқан адамдарға осы жаттығуды жүргізуге көмегі тиетініне шын көңілмен алғыс білдіру. АҚТҚ ауруымен ауыратындарға өмірдегі кездесетін қиындықтар жайлы ой бөлісуін өтіну.
3. Тапсырмалардан кейін АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдардан, адам құқығын бұзу, АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдарды қарау және күтімі туралы сауалдар қою.
4. Таныстырудың негізгі қорытындыларын шығару
5. 1-2 қысқа бейнефильмдер көру
6. Әр фильмге қысқаша түсінік беру, фильмнің тақырыбын және көздеген мақсатын айтып беру.
7. Қатысушыларға жазбаша жауап беруді сұрау:
  - Тренингтің негізгі жобасы қандай?
  - Негізгі қозғалатын тармақтары қандай?
  - Қандай ұсыныстар бар?
  - Пікірталасты талқылау

**Жоспардың екінші нұсқасын орындауға арналған кеңестер:**

1. ЖҚТБ-мен немесе АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдарға қандай сұрақтарды қоюға болатындығын, қайсыларын қоймау керек екендігімен қатысушыларды хабардар ету.
2. АҚТҚ/ЖҚТБ ауруымен ауыратын адамдармен байланыс орнату
3. Өзімен бірге қандай болсын сыйлық алып келу (жемістер, дәрілер, киім болуы мүмкін)
4. Керекті ақпарат алу үшін, өзі нақты келген мақсатын түсіндіру және АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдардың және олардың жанұяларының жеке әлеуметтік-экономикалық тәжірибесін және эмоционалдық қажеттіліктері туралы бірнеше сұрақтар қою.

● АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдардың және жанұяларының көмекке және қолдау көрсетуге қажеттіліктері

● ФПҰ-ның және басқа да ұйымдардың көмегіне қажеттіліктер

● Құқық қорғау ұйымдарымен қатар денсулық сақтау бөлімі, білім беру және т.б. көмегіне қажеттіліктер.

АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдармен кездесуден кейінгі әсерлерімен бөлісу  
**Баға:** Қатысушылардың ойын тыңдаңыз

**Күтілетін қортындылар:**

Қатысушылар жаттығу аяқталғаннан кейін

1. АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдардың өмірлік тәжіриебесін және олардың сезімдерін есепке алуды үйренулері;
2. Адам құқығы мен АҚТҚ/ЖҚТБ ұғымы қандай қатысы бар екендігін түсіндіре білу қажет.

**Оқытушыларға ұсыныс:**

1. 7.2 жаттығуларын өткізуді алдын-ала жоспарлау
2. АҚТҚ/ЖҚТБ ауруларымен ауыратын адамдар жайлы мәліметтерді ЖҚТБ-ның алдын алу жайындағы аймақтық орталықтардан сұраңыз.

## 7.1. РЕСУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАР

### **АҚТҚ ауруымен ауыратын адамдарға көмек көрсету**

Қоғам АҚТҚ ауруымен ауыратын және оның жанұя мүшелерін көп жағдайда ескеретіні шындық.

Аталған аурумен ауыратын адамдарға рухани, медициналық және психологиялық жағынан көмек көрсету керек.

Адамда ЖҚТБ ауруға ұшыраған жағдайда ол ауруханада да, үйде де медициналық көмек алуы керек. Бұл өте маңызды, сондықтан да жанұя мүшелері және аурухана қызметкерлерімен дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Ауруға дәрігерлік кеңестер беру көмек пен күтімнің негізгі құраушысы болып табылады. Мұғалімдер мен мемлекеттік емес ұйымдардың бұл салада атқаратын рөлі өте үлкен.

**Өз достарыңды қолдау:** Егер де сіз бір танысыңыздың АҚТҚ инфекциясы барын білген жағдайда, өзіңізге дәрменсізбін деген ой келеді, сіз оған не айтарыңызды білмей, оның жеке өмірін бұзып алармын деген ыңғайсыздық пайда болады. АҚТҚ АА-ге қалай көмектесуге болатыны жайында келесі кеңестерде айтылады.

Егер сіздің топта біреудің ЖҚТБ инфекциясы ауруымен ауыратыны белгілі болса, онда бұл жағдайды таныс адамдарға хабарлаңыз, ол адаммен қарым-қатынаста болу қауіпсіз екені жайлы айту керек. Ауру адамға деген көзқарасыңыздың өзгермегендігін көрсетудің маңызы өте зор. Сіз бұрынғыдай бірге оқып не жұмыс істейтіндігіңізді білдіріңіз. Тағы да ол адамға: тамақ пісіру, дүкенге бару, дәрі беру, қыдыру, үйді жинастыру, не әңгімелесу сияқты көмек қажет.

### **Жасөспірімдермен жұмыс істейтін ұйымның жұмыстары туралы мысал:**

«Жасөспірімдер рухы» бұл-АҚТҚ АА не, осы аурумен туысы, танысы ауыратын адамдарға қолдау көрсететін ұйым. Мұндай топ апта сайын кездесіп, әртүрлі бағытта жұмыс істейді. Мысалы: жетілдіру курстарын жүргізу, ақпараттық бюллетень шығару, музыкалық жоба дайындау және бос уақытты бірге өткізу. Осындай топтан жастардың пікірлері:

«Сені тыңдауға дайын адамдармен бірге болған керемет». «Мұнда жаның рахаттанып, музыка тыңдауға, яғни өзіне ұнайтын нәрселерді жасауға болады».

«Жасөспірімдер рухында» шын достардың барына көзің жетеді. «Жасөспірімдер рухы» - «тән-жан» ұйымының бір бөлігі. Оның негізгі мақсаты АҚТҚ/ЖҚТБ ауруымен ауыратын адамдарға қауіпсіз, қолдау көрсету. Оны толық көмек, яғни құрбылар мен кәсіби мамандардың көмегімен АҚТҚ мәселесін шешу деп атайды.

### **Оқытушыларға арналған нұсқаулар:**

АҚТҚ АА қолдау және көмек көрсету үшін келесі жағдайлар қарастырылуы қажет. Егер де бұл мүмкін болса, АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар әлеуметтік іс-шараларға тарту қоғамдағы адамдарды оқыта отырып, сезіндіру. Көңіл-күйіне қолдау көрсету бәрін де және әрқайсысына көмектесу деген ойды білдіреді. АҚТҚ -мен ауыратын адаммен АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы сұрақ қоюға ұялмаңыз, бірақ сол сәттегі көңіл-күйіне назар аударыңыз.

### Көмектесу мен қолдау көрсету сұрақтары

	Әлеуметтік	Экономикалық	Психологиялық	Денсаулық
1) Бес баласы бар үй иесінің ЖҚТҚБ-ның салдарынан қиын жағдайға ұшырауы				
2) Бойынша АҚТҚ-сы бар мұғалім				
3) Қолында кішкентай баласы бар әйелдің бойындағы АҚТҚ ауруы				

### Ресурстық материалдар 7.2.

#### АӨСА мәселелері және оларды шешу жолдары

##### 1. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен позитивті өмір сүру

Позитивті өмір – АҚТҚ/ЖҚТБ диагнозы бар адамдарға қалай өмір сүру керектігіне көмектеседі. ВҚТҚ диагнозы қойылғаны үшін ғана, адам өмір сүруден және басқа адамдармен араласудан бас тартпауы керек. Бірнеше жыл өмір сүру керектігін өзі шешуі керек. Егер сіз АҚТҚ-ға бейім адамы бар отбасымен аралассаңыз, оларға позитивті өмір дегенді түсінуге көмектесіңіз. Сонымен қатар әрине АҚТҚ/ЖҚТБ диагнозы жоқ адамдар да позитивті өмір сүруге талпынуы керек.

- Бұл сіздің үйде де өз отбасыңыздың өміріне араласып, оларға үй жұмысын атқаруға, тамақ әзірлеуге, шешімін қабылдауға белгілі бір роль атқаруыңыз керек.
- Позитивті өмір АӨСА барлық отбасындағы мүшелерге толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді.
- Жаңа мүмкіндіктерді іздеу әр түрлі жағдайда көмек беру үшін аталған ауруларды позитивті өмірінің бір элементі болып табылады.
- Позитивті өмір сүрудің барлық уақытта бақытты болуға талпынуының емес, сонымен қатар бақытты болуға талпынуыңды тоқтату емес.

**ЖҚТБ диагнозы бар адам өзінің денсаулығын мықты күйінде сақтауы керек, бұл ол үшін не істеу керек:**

- Егер бұл мүмкін болса ол жақсы және әр түрлі тағаммен қоректенуі керек, тамаққа ақуыз витаминдері мен көмірқышқылдары көп тағамдарды пайдалануы керек. Тамақтанудың кемдігі имундық жүйеге зиянын тигізеді. Жақсы тамақтану денсаулықты нығайтады, ағзаның қорғаныс күшін жақсартады. Консервіленген томаттан гөрі жаңа дайындалған тамақ жақсы. Көкөністер мен жеміс-жидектер құрамында өмір сүруге қажетті минералдар мен витаминдер көп. Азықтарды пайдаланбас бұрын оларды жуып және инфекция түспес үшін қайнату қажет. Өзіне -өзі көмектесу және өзара көмек беру топтары қаныққан тағамдарды дайындау әдістерімен бөлісуге болады.
- Мүмкіндігінше барынша белсенді болу, өзінкүнделікті және толлыққанды ұйқыдан айырмауы қажет. Дене шынықтыру жаттығулары депрессия мен алаңдаушылықтан құтқарып жақсы көңіл-күйді қамтамасыз етіп, өмірлік күш-қуат береді.
- Егер мүмкін болса, жұмыс істеуді жалғастыру
- Әлеуметтік өмірді жалғастырып, отбасымен, достармен араласу
- Белгілі бір жұмыспен айналысып немесе ауруы туралы ойдан арылатын нәрсемен айналысу

- Біреулермен өзінің проблемасы жайында әңгімелесу
- Жыныстық қатынаста қолдану қажет
- Медициналық көмек үшін және медициналық қызметкерлердің ақыл кеңесін тыңдап, солармен жүруі керек.
- АҚТҚ/ЖҚТБ жайындағы жаңалықтарды тыңдап, олардың профилактикалық іс-шараларына қатысып және ғылыми ашылулар жайында мағлұмат алу.

*Бас тартыңыз;*

- Ішімдік пен есірткіден
- АҚТҚ жұқтыру қаупі бар нәрселерден
- Жалғыз қалудан

АҚТҚ-мен ауыратан адамды қамқорлыққа алатын - ол оның өз үйі. Үй көптеген адамдардың махаббаттан зор қолдау ала алатын жері. Егер АҚТҚ -мен ауыратын адам салауатты өмір салтын сақтап өмір сүруде, ол өзінің өмірін ұзартады және ЖҚТБ-ға жалғасып кетпеуінен сақтайды. Ұстанымдық өмір сүру дегеніміз - міне осы. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар өзінің күнделікті өмірін өзгерту үшін көмекке жүгінеді. Бұл басқа адамның да жұқтыруынан сақтандырады. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар басқа адамдар сияқты салауатты өмір салтын жүргізуге болады. Ұстанымды өмір сүруге арналған маңызды кеңестер:

1. Өз-өзіңізді күтіңіз
2. Өз-өзіңізді дәл бағалауды ұстаныңыз
3. АҚТҚ/ЖҚТБ туралы жаңа мәліметтермен хабардар болыңыз
4. Күнделікті дене жаттығуларын орындаңыз
5. Жақсы тамақтаныңыз
6. Сізді қызықтыратын жұмыспен айналысыңыз
7. Күнделікті демалып тұрыңыз және жақсы ұйықтаңыз
8. Уақытыңызды жанұяңызбен және достарыңызбен өткізіңіз
9. Денсаулығыңыздан күдіктенсеңіз дәрігерлік көмек сұраңыз
10. Кеңестерге барып тұрыңыз
11. Болашағыңызды жоспарлаңыз
12. Басқаларды АҚТҚ-дан сақтаңыз

#### **АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға рухани көмек**

Стигма АҚТҚ -мен ауыратын адамдардың және олардың жанұя мүшелерінің өмірін одан әрі күрделірек етеді. Жалғыздық, жабығу адамдардың иммундық құрамын әлсіретеді. Егер жанұя мүшелері жабығу үстінде болса, онда олар АҚТҚ -мен ауыратын адамға көмектесе алмайды.

Төсек тартып жатқан АҚТҚ -мен ауыратын адаммен бірге тұратын адамдарға жылы көмек өте қажет. Ауруды күтетін туыстары, жанұя мүшелері де көмекті қажет етеді.

Егер мүмкін болса, өз-өзіне көмектесетін топтар осындай жанұяларға көмектесуі керек.

Көмек беретін топтар әртүрлі болуы мүмкін: Сіз бір топ адам жинайсыз, мәселелермен бөліссіз, оның шешімдері туралы ақылдасатын, бір-біріне көмек беретіндер болуы мүмкін.

Қолданушы топтарды ұйымдастырудың бірнеше идеялары бар. Олар көптеген елдер тәжірибесіне негізделген. Әдетте көмек беретін топтар мынадай қызметтерді орындайды:

АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар жиналатын орындарда мәселелер талқыланатын және олардың шешімдері туралы айтылатын кездесулер ұйымдарстырылады. Бұндай кездесулер мынандай болуы мүмкін:

- адамдарға өздеріне көмек беруге үйретеді.
- дұрыс тамақтану туралы көмек ұйымдастырады.
- адамдар демалатын орындарды ұйымдастырады.
- дәрігерлермен, заңгерлермен кездесулер ұйымдастырады.
- АҚТҚ /ЖҚТБ мәселелерімен айналысатын ұйымдар тауып және олармен байланыс жасауға көмектеседі.

АҚТҚ ауруы бар жанұяларға көмек беретін топтар мынаны орындауы қажет:

- ауруы адамды қалай күту керектігін үйрету
- жанұяларға жылы ықылас көрсетеді.
- адамдардан, мемлекеттен көмек алуға және басқа да көмектер сұрауға көмектеседі.

Адамдар үшін көмек алу және де айналасынан көмек күтетінін сезіну өте қажет. Төменде практикада қолданылатын бірнеше мысалдар келтірілген:

● Кеңестер беру және кеңес берушілер емханада да, офиста да бар екеніне сенімді болыңыз. АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар көмек алу үшін және практикалық кеңес алу үшін

Тұрғылықты саясаткерлер, қоғамдық көшбасшылар, спорт жұлдыздары, кәсіпкерлер  
: ● е басқалар АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға көмек беру жұмыстарын жүргізіп, адамдарды өздеріне тартуы керек.

Ұйымдардан АҚТҚ/ЖҚТБ-ға көмек беру өте маңызды. Бұл АҚТҚ/ЖҚТБ-мен  
● аратын адамдардың және олардың туыстарының сенімдерін туғызады. Барлық адамдар АҚТҚ-ның мәселелерін қарастырған кезде, АҚТҚ -мен ауыратын адамдар өздерін жалғыз сезінбейтін болады.

## 2. Дені сау болып қалу

Дәрігерлерден қолдау көру денсаулықты сақтаудың жалғыз жолы емес. АҚТҚ-мен ауырған кезде иммундық жүйелерін күштірек сақтау өте маңызды. Бұл аурумен және басқа да жұқпалы аурулармен күресуге көмек береді. Дұрыс тамақтану, дене жаттығуларын орындау және белсенді өмір сүру өте маңызды.

### Біздің міндетіміз:

● АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарды және оның жанұясының мүшелерін дұрыс, толық тамақтануға үйрету.

● Бау-бақшадан көкөністер мен азық-түліктер- мен АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарды ақпараттамасыз ету керек.

● Фермерлер мен супермаркеттерден азық-түлік жинау жобасын ұйымдастыру керек.

● Ағзаның саулығын сақтау керек: АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар басқа адамдарға қарағанда ерекше тағамдарды қажет етеді. Қорғаныш тапшылығының қоздырғышы, дәрі-дәрмектер АҚТҚ мен өмір сүруші адамдардың дене салмағының азаюына, асқазанның бұзылуына әкеп соқтырады. Бұл оларды инфекциялар алдында өте әлсіз етеді. Олар көптеген инфекцияларды тез жұқтыратын болатындықтан, тағамдарды қолданар алдында жуу керек, тек қана таза су ішу керек.

АҚТҚ ауруымен ауыратындарға:

● Күніне ең кем дегенде 2 литр су ішуі қажет

● Қайнаған сүт немесе йогурттар қолдану

● Күндізгі тамаққа бұршақ, жұмыртқа, ет қолдану (мүмкіндігінше) және де тамаққа  
: ● сіс-жидектер мен көкөністер қолдану қажет

● Асқазанның тазаруына сарымсақ, сәбіз және асқабақ пайдалану қажет.

Бас тартыңыз:

● Қанттан бас тартыңыз, оның иммундық жүйеге пайдасы жоқ тағам болып табылады  
: ● е асқазанның ауыруын тудыруы мүмкін.

● Қуырылған тағамдардан және ащы тағамдардан бас тартыңыз, өйткені олар да  
: ● азанның ауыруын тудыру мүмкін

Сізге пайдалы нәрселер:

● Сізге қызықты жұмыстармен айналысуды жалғастырыңыз, қызығатын нәрсеңіз  
: ● сың, депрессиядан қашыңыз.

● Дене жаттығуларымен айналысу, бірақ ауыртпалық түсірмеңіз.

● Жеткілікті демалу және ұйықтау өзіңіздің көкейкесті мәселелеріңіз туралы ой

Гісетін, әңгімелесетін адам табыңыз.

*Болмайтын нәрселер:*

Темекі шегуге, арақ ішуге және анаша қолдану

Дене салмағын түсіру үшін диета сақтау

### **3. Дәрігерлік ем, клиникалар және ауруханалар**

АҚТҚ -мен ауыратын адамда ЖҚТБ дамыса, көптеген инфекциялар оны өлімге әкеледі. Өйткені имундық жүйелері өте әлсіз болады. Егер де оларда туберкулездің немесе ЖЖБИ-ның диагнозы болса, онда олар жедел емдерді қажет етеді.

**Туберкулез:** Туберкулезді емдеу өте маңызды, өйткені ол АҚТҚ-мен ауыратын адамдардың өліміне әкеп соқтыратын себептің бірі. Көптеген клиникалар мен ауруханалар ДОТС терапиясын ұсынады. (туберкулезді қысқа мерзімде емдеу етеді), дәрі-дәрмектерді қолданған кезде туберкулезден жазылуға болады. Үй жағдайында қалыптасқан көмек беру бағдарламалары ТҚМБАЕ теориясының бағдарламасымен байланысты болуы керек.

**Инфекцияның** алдын алу үшін ЖҚТБ диагнозы бар адамдар антибиотиктер қолдануы керек, себебі оларды имундық жүйенің әлсіз болуынан тез өлімге алып келеді.

**Дәрумендер:** Жақсы тамақтану бірден бір маңызды жол. Емдеу бағдарламасын бірқалыпты ұстай отырып, науқас өзінің келесі қызметтерді назарларына алуы керек:

Тест өткізу, диагностикалау және кеңес алу.

Емдеу және емдік құралдар

Қолдау топтарына бағыт беру және т.б.

**Антиретровирустық терапия:** Әлемде көмек қажет ететіндердің ішінде 10 адамның 1 антиретровирустық терапия алады. Антиретровирустық теорияларының басты мақсаты бұл өмірді ұзарту және жақсарту. Антиретровирустық теорияны жүзеге асыру үшін, медициналық құралдардың жеткілікті болуы керек. Бұл терапияны қолданып жүргенде оның кері әсерлерінің болуын еске сақтау керек, себебі кері әсерлер адамның денсаулығына зиян келтіруі мүмкін антиретровирустық дәрілерді қолданар алдында, қанның зертханалық тексеруден өтуі қажет.

Дамып келе жатқан елдерде антиретровирустық терапияны қолдану. АҚТҚ таралуына қарсы күресте жақсы фактор болып саналады. Адамдардың АҚТҚ тестін білсе, көпшілігі өтер еді, егер олар оған қарсы дәрумендердің барын білсе, егер антивирустық терапия дұрыс қолданылса, онда ол вирустың азаюына себеп болады. Бұл АҚТҚ адамдардың қанындағы вирустың азаюына және басқа адамдарға жұғуының қаупі төмендейді деген мағына.

Бразилияда антивирустық терапияны қажет ететіндерге мемлекет барлық жағдайды жасайды. Бразилия дәрумендердің генеритикалық формаларын жасау арқылы олардың бағаларын төмендетіп алуға қолайлы етеді. Дәрумендерді дұрыс пайдалану барысында, арнайы тренинг те өткізіледі, кейіннен олар Бразилияда қолданыла бастады.

#### **Емдеу мен күтім жасауда госпиталдар мен клиникалардың рөлі:**

Госпитальдар мен клиникалар бұл адамдардың ем ала алатын орны болып табылады. Барлық дәрумендерді тек қана госпитальдар мен клиникалардан алуға болады, сонымен қатар дәрігерлік мекемелерде тесттер өткізіледі.

АҚТҚ ауруында қандай да бір сырқат байқалса, оны ауруханаға жатқызу керек. Егер медициналық мекемеде көмек көрсете алмаса, олардың жанұяда, яғни қоғам ортасында жүргені пайдалы. Бұл госпитальдар мен клиникалардың арнайы бағдарламалары жұмыс істеуін қадағалап отыруды көздейді және аурудың үйде алып жатқан емін қадағалайды.

#### **Үй, тұрмыс жағдайында көрсетілетін күтім**

АҚТҚ-мен ауырған адам клиникалар мен госпитальдарда көрсетілетін көмекке қарағанда, көп емді қажет етеді. Қызметкерлердің жанұямен және қоғаммен бірлесіп жұмыс істегенінің маңызы зор. Ол тұрмыс жағдайына алып жатқан емнің санасын қадағалап отыру үшін қажет. Қоғамдық деңгейде және аудандық госпитальдар не клиникаларда күтімнің артықшылығы мынада:

Басқа да аурумен ауырған, немесе кездейсоқ жағдайға ұшыраған адамдарға ауруханадағы орындардың бос болуы. Бұл қоғамда АҚТҚ/ЖҚТБ машақатына жауапкершілікпен қарауға шақырады. Бұл ауру адамдарға өмірінің соңғы сәттерін отбасымен өткізуге мүмкіндік береді,

сонымен қатар олар сол уақытта жалғыздық пен оңашалықты ұмытады. Бұл отбасы мүшелеріне түрлі қызмет алуға және ыстық ықылас танытуға мүмкіндік береді. Бұл ауқымды мәселені қозғайды, дегенмен денсаулық мәселесіне көзбояушылық тудыра қоймайды. Бұл аурудың өмірін ұзарту үшін көрсетілетін көмек пен іс-әрекеттер. Бұл адамдардың өзін бақылау мен денсаулығын күту сезімін тудырады. Тұрмыстық жағдайдағы күтім мен қолдау көрсететін отбасы мүшелеріне тренинг өткізуге болады. Бұл отбасы мүшелеріне ауыр жүк болуы мүмкін, әсіресе балалар үшін. Үй жағдайында жүргізілетін күтімде аурудың қажеттіліктеріне бағыт алу керек. Тұрмыстық жағдайдағы күтім кезінде дәрігерге немесе ауруханаға жолдау қағаз алу қажет. Бұл қоғамда өзінің іс-әрекеттерін бірқалыпты ұстауға жәрдем береді. Бұл болып жатқан оқиғаға байланысты қосымша мәліметтер жинауға көмектеседі.

АҚТҚ -мен ауырған адамдарды күту арқылы, оларды күтіп жүрген адамдардың кім екенін ұмытпау керек.

АҚТҚ -мен ауырған адамдарды күтіп жүргендердің үлесіне үлкен салмақ түседі. Эпидемияның мөлшерінің өсуі, көп елдердің денсаулық сақтау ұйымдарының мөлшерінің өсуі, ауруларды күту ауыртпалығы отбасы мен қоғам арасын бөліп отырады.

Ол адамдар қымбат қамқоршы. Күтімнің сапалылығы және оны жалғастыру күтушілердің денсаулығы мен моральдық жағдайына тікелей байланысты.

#### ***Күтім жасаушылар дегеніміз кімдер?***

АҚТҚ диагнозы әрдайым да қатты қобалжытады. Қорқыныш, ашу және қамығу, өзін өзі өлтіру туралы ойлар көбінесе диагнозды қойғаннан кейінгі сағаттар мен апталарда болады. Адамдар мұндай уақытта кеңес пен көмек алуға қайда барады? Осыны өздігінен шешуге мүмкін болмаған кезде оларға кім күтім жасайды?

Көбінесе күтім жасаушылардың рөлдері өзара алмасып, қамқорлық жасау деңгейлерінің арасындағы шекаралар да ауқымданады. АҚТҚ /ЖҚТБ-мен қатты зардап шеккен аудандарда ҮЕҰ кеңес берушілер мен күтім жасайтын медбикелер, арнайы білімі бар өз еркімен көмек берушілер, ЖҚТБ-мен ауырған жанұяның қандай да бір мүшелеріне қамқорлық жасайды. Кәсіби күтім жасаушылардың немесе өз еркімен көмектесушілердің кейбіреулері АҚТҚ-ның оң мәртебесіне ие болады. ЖҚТБ клиенті ретінде қызмет көрсету ұйымдарында тіркеуде тұрады. Ол жерде олар өздеріне тиесілі күтімдерін алады.

#### ***Көмекші (мейірімді, ерікті)***

Ерікті көмекшілер АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар қоғамдастығына бағдарлама даярлайды. Бұлардың кейбірін бейресми көмекшілер деп атауға болады: Олар ауруға махаббат сезімімен, қайырыммен қарайтын, оларды жақсы білетін достары немесе көршілері. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға жиі араласатын адамдар, мысалы, шіркеу қызметкері (мүшелері). Бірақ ЖҚТБ бағдарламасымен жұмыс жасайтын адамдардың көпшілігі ресми көмекшілер болып табылады. Олар жинақталған және оқытатын бірлестіктермен келісім шарт негізінде жұмыс істейді. Бұл ұйымдарға мынандай адамдар қажет:

- жақсы таңдай алатын;
- өзге адамдарды талқыламайды және сыйлайды;
- құпияны сақтай алатын және сенімді;
- адамдармен тез тіл табысатын;
- симпатиялық сезімі мол;
- өз-өзіне сенімді;
- жұмыс істеу шебері

### **3. АӨА қызметіне көмекшілерді қатыстыру**

АҚТҚ инфекциясын жұқтырған адамдарға күтім және көмек көрсетуде ұйымдардан көмекшілер тартылады. АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдардың өздері де көмекші бола алады және ең қажетті топ адамдарына жатады. Олар әр түрлі ортада негізгі роль атқарады. Мысалы:

- АҚТҚ инфекциясының диагнозы қойылған немесе ауруханада, емханаларда тілдерден өткен адамдарға консультация беріледі.

● АҚТҚ мен өмір сүруші адамдарға көмек көрсетеді. Көмекші ретінде үй тұрмысына көмек көрсетеді.

● Өз іскерлігін үлгі ете отырып қоғамдық оқытуды жүргізеді. Қоғамдық іс-шараларды өткізу барысында қоғамдық мәселелерге көңіл бөлу керек. АҚТҚ инфекциялы адамдар әр түрлі мәдени, мерекелік іс-шараларға қатысады. Науқас ата-аналы балаларға көмектеседі. Көмекшілерді оқыту..

### **АӨА мәселелерінің себептері**

1. Білімнің жетіспеушілігі
  - АҚТҚ инфекциясының емдеу мүмкіншіліктері туралы білімнің жетіспеушілігі
  - Мағлұматтың жоқтығы немесе оған шек қою.
2. Дағдылардың жетіспеушілігі
  - Дағдыларды оқуға шектеулі мүмкіндік
  - Тәжірибе барысында, дағды қалыптаспағандықтан қолдануға мүмкіндіктің жетіспеушілігі, мысалы, мүшеқапты қолдану
3. Қате пікір және қатынас
  - Әйелдердің жеке шешім қабылдауға, тәуелсіз болуға болмайтындығы туралы пікір.
  - Басқалардан өзгеше, ешкімге ұқсамау
  - АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдар қорқынышы.
4. Жастардың жыныстық қатынасты білмеуі туралы пікірлер.
5. Әлеуметтік мәдени қысым
  - Еркектердің шешім қабылдауын күтуі
  - БАҚ дұрыс емес мәлімет
  - Кедейлік және ресурстардың жетіспеушілігі
  - Медициналық күтімге шектеу

### **АҚТҚ мен өмір сүруші адамдар позитивті өзгерістердің тәсілдері**

1. Білімді жақсарту.
  - Инфекцияның алдын алу.
  - Емдеу мүмкіндігі.
  - Инъекциялық есірткілерді «қауіпсіз» қолдану.
  - Дұрыс тамақтану, өзіндік күтім.
  - АҚТҚ инфекциясының екіқабат кезінде балаға жұғу қаупінің азаюы.
2. Дағдылардың көптігі;
  - Басшы, жетекші;
  - Кеңес беру;
  - Қатынас дағдылары;
  - Мүшеқапты қолдану;
  - АҚТҚ/ЖҚТБ туралы балаларға қатысты сұрақтарды түсіндіру;
  - Қоғам алдында өзін-өзі ұстау;
3. Позитивті қатынас және пікір
  - Еркектер мен әйелдердің тең құқықтары және мүмкіндіктері
  - АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдардың қауіпсіз жыныстық қатынаста қалуы
  - Өзгелерге көмек
  - Өзіндік қауіпті түсіну
  - Жастарда құқықтары бар туралы фактіні қабылдау
  - Өзіне, өз күшіне сену

- Өзгелерден ерекше көрінуден қорықпау
- 4. Мәдени пайдалы және әлеуметтік әсер
  - ЕЖЕ дискриминациясын түзеу
  - Жыныстық қатынастан бас тартуға әйелдер құқылы
  - Әдеттегі практика барысында мүшеқапты қолдану
  - АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдар жыныстық қатынасқа құқылы деген фактіні қабылдау
  - АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдар шешім қабылдауға қосу
  - Жұмысшылардың стигмалық қатынасын азайту
  - Жыныстық қатынасқа әйел де, еркек те, яғни екеуі де жауапты.

## МОДУЛЬ 8

### АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫНА ҚОҒАМДЫ ҚАТЫСТЫРУ (КІРІКТІРУ)



**Уақыт:** 5 академиялық сағат

**Мәлімет:** АҚТҚ/ЖҚТБ денсаулық мәселелерінің бағдарламасын өңдеу қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Балалармен, жастармен алдын-алу жұмыстарында қоғамның қатысы арқылы бағдарламаны жақсарту. АҚТҚ, ЖЖБИ алдын-алу жұмыстарына балаларды, жеткіншектерді, жастарды қоғам арқылы қатыстыру жолдары мен тәсілдерін педагог (мұғалім) білуі керек. Әлеуметтік психологиялық кеңес ала алатын, қоғамдағы адамдарға АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдар туралы мәлімет беретін мұғалімдерге арналған алдын алу бағдарламасы.

АҚТҚ эпидемиясының әсері қоғамның қажетті шара қолдануын қажет етеді. АҚТҚ/ЖҚТБ таралуына қарсы адамдардың жеке тұлғаның және ұжымдық рөлдерін сезінуін соның ішінде АҚТҚ-мен ауыратындар мен олардың отбасының қосылуын есептегенде. АҚТҚ ауыруымен ауырған адамдармен жұмыс істейтіндіктен, олармен аурудың алу бағдарламасы бойынша қоғамдық негізде жұмыс істейтіндер қарым-қатынас шеберлігін меңгеруі қажет. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен өмір сүруші адамдардың қиындықтарын түсінушілік, оларға ең бірінші көмек қадамының бірі болып табылады.

**Тапсырмалар:**

Берілген модульді меңгергеннен кейін білуі керек:

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдардың алдын-алу бағдарламасының әр түрлі қоғамдағы топтарға қатысын білдіреді.
2. Қоғамдағы адамдардың бірлескен жұмысының негізін түсіну, АҚТҚ эпидемиясының таралуына күрес.
3. АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелерін шешетін әсерлі жолдары мен әдістерін таңдау, практикалық дағдыларды жетілдіру.
4. АҚТҚ эпидемиясы мәселелерінің алдын-алу және есеп беретін әр түрлі мемлекеттік, өкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнату.

**Мазмұны:**

1. Алдын алу бағдарламасы бойынша білімдерін жүзеге асыруға қатыстыру
2. АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемия жұмысында қоғамдағы топтардың әр түрлі рөлі
3. АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдарға түсінушілік және оларды қолдау (өмірлік жағдаят)
4. АҚТҚ эпидемиясының алдын-алу мәселелерін шешетін ұйымдармен байланыс орнату.

**Оқытылатын жаттығулар:**

1. Мамандар дискуссиясы
2. Жағдаят қорытындысы
3. Сұхбат (интервью)

**Нәтижелерді шығару:**

АҚТҚ инфекциясын алдын-алу бағдарламасын қордағы, материалдардағы, 8.3 бөліміндегі негізгі мәліметтерге сүйеніп толтыру.

**Оқытушыға ұсыныстар:**

АҚТҚ инфекциялы, ЖҚТБ ауруының белгілері бар достарына, құрдастарына көмек беруге бағыттау.

**ЖАТТЫҒУ 8.1.**

**Қоғам мүшелерімен бірлескен іс-әрекет**

**Уақыт:** 2 академиялық сағат

**Керектілер:** қағаз, маркер, таратпа материалдары

**Дайындық:**

Мұғалім қоғам мүшесінің рөлін сомдайтын оқушыларды алдын-ала анықтау.

**Мақсаты:** Қатысушылар жаттығудан кейін білу керек:

1. АҚТҚ-ның алдын-алу үшін қоғамдағы әр түрлі топ мүшелерімен бірлесіп ұйымдастыру.
2. Әр түрлі қоғам мүшелерімен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

**Мазмұны:**

1. ЖЖБИ, АҚТҚ инфекциясының алдын-алу туралы сұрақтар мен алғышарттарды қоғам деңгейінде бірлесіп орындау.
2. Әр түрлі қоғам топтарымен қарым-қатынас жасау шеберлігін меңгеру.

**Оқылатын жаттығулар:**

1. Өз еркімен 2 оқушыны рөлдік ойынға қатыстыру. Қатысушының біреуі-мұғалім, ал екіншісі-қоғам мүшесінің рөлін ойнайды.

Рөлдік ойынды орындау кестесі;

Мұғалім көшеде кетіп бара жатқан бір адамды тоқтатып, АҚТҚ, ЖЖТБ тақырыбындағы әңгімені қозғайды. Мұғалім әңгімесіне, сөзіне мән бермейді. Бейтаныс адам сөзіне құлақ аспай, айтып жатқан сөзіне мән бермей, назар аудармайды. Бейтаныс адамның назарын өзіне аудару мақсатында жаңа дәйектер іздейді. (Рөлдік ойын ұзақтығы 2 минут)

2. Ойынға қатысушылардан сұрау:

- Қазір сендер нені естіп, не көрдіңдер?
- Қандай сезімде болдыңыздар?
- Жағдаяттағы негізгі мәселе?
- Осы мәселелер туралы өздерің не білесіңдер?

3. Өзге адамдармен қарым-қатынас нәтижесіндегі өз сенімдері мен пайымдауларын айту.
4. Бұл мәселенің шешімі неде? Біз не істеуіміз керек?
5. Қағаз бетіне оқушылардың өз ойлары мен идеяларын жазу.
6. Қоғамда жақсы қарым-қатынас орнату арқылы табысты бағдарламаны бастайды.
7. Қатысушыларды 4 шағын топқа бөліп, келесі тапсырмаларды орындату.

**1-топ:** АҚТҚ, ЖЖБИ инфекциясының алдын-алу мәселелерін шешуде көмек беретін адамдар тізімі.

**2-топ:** Қоғаммен жақсы қарым-қатынас, іс-әрекет орнатуда негізгі тармақтардың тізімін құрастыру.

**3-топ:** Ұлттық-аймақтық айырмашылықтарды ескере отырып, әйелдермен кездесер алдындағы негізгі тармақтардың тізімін құрастыру.

**4-топ:** Қоғаммен бірлесу арқылы табысты бағдарламаның нақты шарт тізімін құрастыру.

8. Әр топтың қысқаша презентациясын жасауды өтіну.
9. Презентацияны таңдау.
10. Пікірталас қорытындысы.

**Күтілетін нәтижелер:**

Жаттығулар соңында қатысушылар білу керек:

1. АҚТҚ-мен ауыратын адамның отбасына түсіністікпен қарау туралы қоғамдық ұйымдардың білімдерін толықтыру.
2. АҚТҚ міндетімен күресуде қоғам рөлінің қабілетін қалыптастыру.

**Бағалау:**

Оқушылардың білімі мен қабілеті, пікірталас қорытындысында бағаланады.

**Оқытушыға ұсыныстар:**

1. Егер қажеттілік талап етілсе, бір топтың екінші топқа көмектесуі.
2. Рөлдік ойын барысында оқушылардың алған сезімдері мен әсерлерін айтқан қатысушыларды мадақтау.
3. Қорытынды шығару:
  - Бағдарламаның негізгі шарттарының бірі қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтармен қарым-қатынас қалыптастыру.
  - Тұрақты қарым-қатынас арқылы қоғаммен іс-әрекеттің қалыптасуы.
  - Бірнеше қоғам мүшелерімен қарым-қатынастың анықталуы.

## ЖАТТЫҒУ 8.2.

### Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

**Уақыт:** 1 академиялық сағат

**Керектілер:** қағаз, маркер, АҚТҚ, ЖҚТБ ақпарат материалы, 8.2.ресурстық материал

**Кіріспе:** АҚТҚ, ЖҚТБ туралы сұрақтарды талдау барысында адамдар арасындағы қарым-қатынас қиындайды. Анықталатын мәселе, аудитория дайындығы, оқушылар жасы қарым-қатынас барысында ескеріледі.

### Тапсырмалар:

Берілген жаттығуларды орындағаннан кейін қатысушылар білу керек:

1. АҚТҚ, ЖҚТБ туралы мағлұматтары білім беретін материалдар арқылы қарым-қатынас дағдыларын меңгерту.
2. АҚТҚ, ЖҚТБ мағлұматтары арқылы адамдармен қарым-қатынас шарттарын анықтау.

### Мазмұны:

1. Өмірдегі жағдайларға негізделген рөлдік ойындар.
2. АҚТҚ, ЖҚТБ, ЖЖБИ мәселелері туралы мәліметтік білім беретін материалдарды айқындау.

### Үйрететін жаттығулар:

1. “Мен қалжыңбаспын” ойынын өткізу.
2. Сыныпты ойыннан соң, 4-5 топқа бөлу.
3. Әр топтың өз волантерін таңдауы.
4. Ойын ережелерімен танысып, дайындыққа уақыт беру.
5. Рөлдік ойын барысында қарым-қатынас дағдыларын талдау.
6. Оқушыларды рөлге бөліп, сахналық көрініс жасауды өтіну.
7. Тексеру қағазы арқылы іріктеліп алынған оқушыларды тексеру.

### Нәтижені қорытындылау:

1. Рөлдік ойыннан соң, қатысушылардан пікірталас қорытындысы нәтижесін талдау.
2. Сезімдерің, әсерлерін талқылау.
3. Өткізілген жаттығу туралы өз ойларын тыңдау.

### Оқытушыға ұсыныстар:

#### “Мен қалжыңбаспын” ойынының ережесі:

- Барлық ойынның қатысушылары дөңгеленіп тұруы керек.
  - Өз есімінің бастапқы әріпінен басталатын сын есімдарді қолданып, өзін-өзі таныстыру.  
Мысалы: Менің атым Шура Шутящий, себебі мен қалжыңды жақсы көремін.
  - Осы ретпен (басқа да) өзге де ойыншылар өзін таныстырады.  
Мысалы: Қуанышты Витя, оқымысты Ұлан т.б
  - Тренинг барысында бірін-бірі есімімен атау, оқушыларды жақындастыра түседі.
1. Рөлдік ойын мақсатын оқушыларға түсіндіру. Ойын мақсаты- қатысушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.
    - Түзету ақпараттарымен салыстырыңыз.
    - Білмейтін болсаңыз мойындау.
    - Оқушылармен қарым-қатынас барысында мағлұмат, білім беретін материалдарды қолдану.
    - Сіздің берген кеңесіңізге ұсынысыңызға қатысушылар тарапынан қарсылық болған жағдайда, көпшіліктің пікірімен санасыңыз, бірақ жаттығу шартынан ауытқымау керек. Немесе ойынды әрқайсымен жеке жүргізіңіз.
  2. Бақылау қағаздары.

**ЖАТТЫҒУ 8.3.****АҚТҚ, ЖЖБИ таралумен күресудегі қоғамның рөлі**

**Уақыт:** 1 академиялық сағат

**Керектілер:** байланыс мекені, адамдар телефондары ұйымдарының телефондары.

**Дайындық:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ сұрақтарының алдын-алу мен мекемелерінің мамандарына, қоғамдық бөлімшелерге, түрлі қоғам топтарына шақыру хатын тарату.

2. Мұғалім ретінде шығып, мақсатты айқындайтын ойыншыны анықтау.

Спикерді таныстыру (шешен)

Пікірталастың басталуы

Пікірталас қортындысы

**Тапсырмалары:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелерін түрлі қоғам топтарына міндеттеу.

2. АҚТҚ пен өмір сүретін отбасыларына қалай көмек беретіндіктерін анықтау.

**Мазмұны:**

1. Қоғам топтарының рөлі мен жауапкершілігі

2. Қоғам мүшелері өткізе алатын іс-шаралар.

3. АҚТҚ пен өмір сүретін отбасыларға көмек беру формасы.

**Өткізу барысы:**

1. “АҚТҚ, ЖЖБИ тарауына қоғамдық топтың күресі мен рөлі” атты тақырыптағы пікірталастарға тренингке қонақтарды шақыру.

2. Әр топ мүшесінің көрінісі, іс-шара өткізіп, рөлін дәлелдеу.

3. Тренингтің түрлі міндеттерін пікірталастар өткізу барысында анықтау.

Мысалы: Тренинг қонақтарымен таныстыру, талқылау барысында сұрақтардың қойылуы, пікірталас қортындысы және т.б.

4. Үйренушілерден пікірталастың қортындысын сұрастыру.

**Қорытынды шығару:**

Қоғамдағы әр түрлі топтарды анықтау, АҚТҚ және ЖЖБИ алдын-алу жұмыстарының ұйымы, АҚТҚ мен өмір сүретін адамдар көмегін және қолдауын презентацияға негізделіп көрсету.

**Шығатын нәтиже:**

1. Қоғамдық ұйымдар мен АҚТҚ -мен өмір сүретін адаммен отбасына көрсетілетін көмектердің рөлі туралы білім алу.

2. АҚТҚ /ЖҚТБ мен күресетін ұйымның рөлін бағалай білу.

**Оқытушыларға ұсыныстар:**

Қоғамдағы топтардың барлығының пікірталастарға шақырылғандықтарын өз уақытында тексеру.

- Мұғалімдер
- денсаулық сақтау қызметкерлері;
- Аймақтық көшбасшылары
- АҚТҚ -мен өмір сүретін аурудың отбасы мүшелері;
- ата-анасы;
- жас көшбасшылар;
- ҮЕҰ ұсынушылары;
- кәсіпкерлер өкілдері;
- басқа топтың өкілдері: билік құрылымы;

## 8.4 ЖАТТЫҒУ ӨМІРДЕГІ ЖАҒДАЯТТАР

**Уақыт:** 1 академиялық сағат

**Керектілер:** АҚТҚ/ЖҚТБ туралы қағаз беттеріне өмірдегі жағдайлардың жазылуы.

### **Тапсырмалар:**

Жаттығуды орындап біткеннен кейін қатысушылар істей білу керек:

1. Әр түрлі өмірдегі жағдайларды, соның ішінде АҚТҚ мен бірге тұратын адамдарға талдау жасау.
2. АҚТҚ/ЖҚТБ мен ауыратын адамдарға қатысты мәселелерді дұрыс шеше білу.

### **Мазмұны:**

АҚТҚ/ЖҚТБ мен күрес жүргізудегі ықпал ететін шаралар. Жағдаяттарға талдау жасау (8.4 қорлық материалдар)

### **Жүргізу барысы:**

1. Қатысушыларды 4-5 адамнан тұратын әр топқа бөледі.
2. Егер отбасы мүшелерінің бірі АҚТҚ жұқтырған болса онда қандай әрекеттер жасар еді.
3. Қатысушыларды рөлдерге бөлу:
  - 1-ші қатысушы: АҚТҚ жұқтырған ауруды бейнелейді.
  - 2-ші қатысушы: Ол диагнозды хабарлаушы болып бейнелейді.
  - 3-ші қатысушы: Осы қойылымға қосыла береді.
4. Топтарға стигма, дискриминация, изоляция сұрақтарын қарастыруды ұсыну.
5. Қойылым біткеннен кейін қатысушылар қандай сезімде және қандай әсерде болғандарын айтады.

### **Қорытынды шығару:**

Рөлдік ойынды бақылағаннан кейін, бағасын шығару “Актер” әр түрлі жағдайлармен және қиыншылықтардан қалай шыға алғанын сипаттайды.

### **Күткен нәтижесі:**

АҚТҚ/ЖҚТБ мен өмірде кездейсоқ кездесіп қалса, сасқалақтамай және қандай көмек көрсету туралы қатысушыларда әсер қалыптасады.

### **Мұғалімдерге ұсыныс:**

1. Қатысушылар берілген рөлдің мақсатын ұққанына көз жеткізу.
2. Қатысушыларда негізгі рөлдерді ойнап болғаннан кейінгі жайсыз сезімде қалдырмауды ұмытпаңыз.

## Қордағы материалдар 8.1

### **Рөлдік ойындардың көрінісі**

#### **1-көрініс**

Кешке жұмыстан үйге келе жатып, сіз кафеде достарымен шай ішіп отырған К-ны көресіз. К-сіздің көршіңіз, ол фабрикада жұмыс істейді. Оның әйелі сізге жақында: күйеуім соңғы кезде өзгерді, ішімдікке салынып және жыныстық қатынаспен айналысып жүргенін айтады. Сізде оған және оның достарына АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ жайлы ақпарат беруге деген ниетіңіз бола ма? Оны не істейсіз?

#### **2-көрініс**

Ф-жас әйел. Ол жақында көрші елден қайтып келді. Елдің айтуы бойынша Ф-ң келу себебі АҚТҚ жұқтырып келген. Оны үйдегілері қуалайды. Өйткені АҚТҚ мен ауыратынмен бір үйде тұрмаймыз, жұғуы мүмкін және көршілерімен қарым-қатынасты бұзбау үшін осылай ұйғарды. Сіз оларға мынандай жағдайда қалай көмектесесіз? Осы кезде қандай сөйлесудің әдістерін қолдануға болады.

#### **3-көрініс**

Сіз үй шаруасындағы әйелдерге АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы ақпарат бар демексіз. Олар АҚТҚ/ЖҚТБ -мен ауырмайтындарына сенімді. Өйткені ол аурумен ақылы жыныстық қатынас

көмегімен қолданатын әйелдер және еркектерде болады дейді. Сіз оларға қалай АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы ақпарат беруге көндіресіз бе?

#### 4-көрініс

Орта мектептің оқушысы С. Оның досы М-ның есірткі қолданатынын біліп қойды. Ол және басқа балалардың да қыздар және ұлдар есірткі қолданатынын біледі. С-ның ата-аналары мұғалімдерге шағым айтуға келеді. Мұғалімдер оқушыларға қатысты көңіл аудармайды дейді. Олар АҚТҚ/ЖҚТБ жайлы ақпарат беруді талап етті. Болашақ мұғалім ретінде АҚТҚ/ЖҚТБ және есірткінің алдын-алу туралы бағдарламасын өндіріңіз келеді? Сіз бұл бағдарламаны қалай өндіресіз?

#### Қордағы материалдар 8.2. Бақылаушының тексеру парағы.

Аспектiлер	Ойынның бағасы			Ескертулер
	Жаман	Орташа	Жақсы	
1. Дауыс берушiлер				
2. Оқу жылдамдығы				
3. Тұжырымдама				
4. Ақпараттарды түзету				
5. Бiлiм, ақпарат материалдарын қолдану				
6. Оқушылардың пiкiрлерi				
7. Оқушылардың сұрақтары				
8. Сұрақтарға жауап				
9. Топтағы оқушылардың қызығуы және қатысуы				
10. Қанша тармақтар қамтылды				
11. Талқыланған сұрақтар				
12. Жалпы әсер				

#### Қордағы материалдар 8.3

##### Өмiрлiк жағдайларға (ахуалдарға) талдау

##### 1 жағдаят

И. Мектеп бiтiрген соң, жоғарғы оқу орнына түсу үшiн басқа қалаға кеттiм. Қабылдау емтиханынан өте алмағандықтан жоғарғы оқу орнына қабылданбадым, туыстарыма шынымды айтпай оқып жүрмiн деп, еден жуушы болып жұмысқа орналастым. Бiршама уақыт өткен соң бiр жiгiтпен таныстым, қорғаныс құралысыз жiгiтiммен жыныстық қатынас жасадым.

Арада бiраз уақыт өткен соң досым (жiгiтiм) бiржолата кететiнiн айтты. Өзiмнiң алданғанымды бiлдiм. Дәрiгерге көрiндiм. Маған дәрiгерлiк тексеруден өтуге тура келдi, талдау қорытындысы аяғымның ауыр екендiгiн дәлелдедi, және жұқпалы ауру жұққандығы байқалды.

Пәтерде бiрге тұрып жатқан достарым менiң пәтерден кетуiмдi талап еттi. Ол ауылына қайтудан қорықты, себебi туған-туыстары мен жақындары арасындағы қарым-қатынастары өзгертiнiн сездi.

##### 2 жағдаят

Н. Екi жыл бұрын автомобиль апатынан ауыр жарақат алып оған ауруханада қан құю жұмысы жасалды. Сол уақыттан берi ол өзiн нашар сезiне бастады. Дәрiгер одан жұқпалы ауруға қарсы сынақтан өтуiн, сынақ қорытындысы жұқпалы ауру екендiгiн дәлелдедi. Қазiр ол өз әйелiне және осыдан екi ай бұрын туылған баласына ауру әсерiн тiгiзгендiгi үшiн өзiн кiнәлi санайды. Бiрақ бұл жағдайдан қалай шығу жолын бiлмей қамығуда.

### 3 жағдаят

Д. Шағын ауылдағы жігіт өрт салдарынан ата-анасынан айырылып қалады. Ата анасының қазасынан кейін жас жігіт жұмыс іздеп қалаға барады. Қатты күйзеледі, өзін жалғыз сезінеді, есірткі қолдануды бастайды, өзінің бірге жүрген серіктестерімен бірігіп қабылдап, шприцпен бөлісіп жүрген досының жұқпалы ауруы бар екендігін білді. Бұл жаңалықтан ол қатты қорқып, ол жұқпалы ауру талдамасынан сынақтан өту керек деп шешті. Сынақ қорытындысынан жұқпалы ауру жұқтырғандығы анықталды.

### 4 жағдаят

Н шет елдерден жиі келетін үлкен қаланың біріндегі қонақ үйге жұмысқа тұрды. Біраз уақыт өткен соң қонақ үйге жиі келетіндердің оған көңіл аударатынын сезе бастады. Сол қонақтармен оның бірнеше рет қысқаша романдары болды, жыныстық қатынастар жасады, бірақ сақтықтың құралынсыз да жыныстық қатынасқа барды. Ол көмек сұрап қызметтесіне айтты, бірақ олар оның жағдайын басқаша түсініп, қонақ үй басшылары оны ұзатпай жұмыстан шығарып жіберді.

### 5 жағдаят

К құрылысшы еді, оны экономикалық тұрақсыздыққа байланысты жұмыстан босатты. Ол жұмыс істеп жүрген құрылысшы болатын. Ол қатты өкінді, жұмысы болмағандықтан жанұясын қалай қамтамасыз ететінін білмеді. Өз басы есірткі қолдануға өте наразы еді, бірақ достары көшеде есірткі сату өте пайдалы екендігіне оның көзін жеткізді. Бірде ол өзі де есірткіні пайдаланып көрді. Екі айдан соң, сынақтан өтіп, ол өзіне жұқпалы ауру жұқтырғанын білді. Оның жалғыз өзін қалдырып, әйелі бала-шағаларын алып, туыстарына кетіп қалды. Сол кеткеннен олар бір-бірімен хабарсыз. Есірткі қабылдау көлемін көбейте бастады. Бірақ уақытша жеңілдік алғанымен есірткі қабылдау кезеңінде, өз мәселелерін ойлауды өз ойынан шығара алмады.

### 6 жағдаят

Р орта мектеп оқушысы, өз сыныптасы Г жұқпалы ауру екендігін білді. Р ата-анасы өз баласын мектепке баруына қарсылығын білдірді. Г мектептен шығаруды талап етті оның басқа балалармен оқуына себеп, оның жұқпалы аурумен ауыруы еді.

#### Қордағы материалдар 8.4.

##### Қатысушылардың толтыру кестесі

Қоғамдық топтар	Рөл (қызмет)	Жауапты
1. Студенттер және мұғалімдер	1	1
	2	2
	3	3
2. Ата аналар	1	1
	2	2
	3	3
3. Кәсіпқойлар	1	1
	2	2
	3	3
4. Қауымдастықтар	1	1
	2	2
	3	3
5. Өндіріс ойын созық және кино	1	1
	2	2
	3	3
6. ЖҚТБ ауруларымен ауырған азамат	1	1
	2	2
	3	3

- Ескерту: Тізбекте басқа да топтарды қосуға мүмкіндік беріледі.
1. ЖҚТБ ауруымен ауырған адамдарға қалай көмек беруге болатынын жанұя мүшелерімен талқылаңыз.
  2. Аурумен ауырғандарға көмек көрсету мүмкіндігі бар 3 мекемені анықтаңыздар.

Мекеме аты және мекен-жай	Байланыс	Қызмет көрсету түрлері
1		
2		
3		
4 (басқа да деректер жайлы)		

## МОДУЛЬ 9

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЕМДЕУ  
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН ОҚУ  
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕЗЕҢІ



**Уақыты:** 6 академиялық сағат.

**Көрнекі құралдар:** қорлық материалдар, үлестірмелі қималар, қаламсаптар, тартпалы материалдар, желімді пленка, фламастерлер, парақтар.

**Хабарлама:**

Ұстаздар қауымы, оқушылар үшін және елді мекендер үшін, ата-аналары үшін жұқпалы аурулардан қалай қорғану қажет екендігі жайлы көптеген жұмыстар атқара алады.

Оқушылар мен ұстаздардың қоғамдағы белсенділігінің төмендігіне қарамай, кез-келген елде осы аурулардың алдын алу мақсатында елді мекендер арасында көптеген профилактикалық жұмыстарын жүргізеді.

Бүгінгі күнде туып отырған күрделі мақсаттарға байланысты (ЖҚТБ жұқпалы ауруларға) алдын-ала емдеу бағдарламасы негізінде педагогикалық колледждерде мұғалімдер дайындау жұмыстары жүргізіледі. Бұл жасалынып отырған бағдарламаның мақсаты, өмірлік тәжірибе, жұқпалы аурулардан қорғану қажеттілігін қалай тұрғызу керек екендігін, жасөспірімдер мен бозбалалардың білім дәрежесін арттыру.

**Шолу:** жұқпалы ауру салдарынан ауыратын және қайтыс болатын адамдардың, білім беру құрылымына және де барлық дәрежедегі деңгейіне кәдімгідей әсер беруде.

ЖҚТБ міндеті адам өміріне кері әсер етуін білуіміз қажет. Осы ауруға қарсы егетін дәрі-дәрмек жасауға үлкен көлемде қаражат жұмсалғанымен, аурудың алдын-алу, мақсатында жұмыстар жасалғанымен, қорғану және аурудың берілу жолдары туралы ақпараттар аз болып отыр. Осыған қарамай ЖҚТБ-дан қорғанудың алдын-алу емдеу жұмыстарымен әр адамның жеке қауіпсіздігін қорғау үшін, жалпы білім дәрежесін көтеру қажет.

Алдын ала емдеу жұмыстары бағдарламасы елді мекендер ішінде сараптамалық деңгейде жасалынып, оқушыларға жеткізіліп, ата-аналар санасына енгізу.

Қазақстанда беріліп отырған білім дәрежесіне қарамай осы аурулардан сақтану, алдын алу мақсатында мектептен тыс тәрбие жұмысын, сынақ жұмыстарын, оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды қажет етеді.

Осы мақсатта білім беру саласы алдында жұқпалы ауруларды алдын-ала емдеу жұмыстарын балалармен жасөспірімдер, ата-аналар арасында жүргізу, ұстаздар дайындау үлкен мақсат болып отыр.

Білім беру мекемелері әрбір шәкірт жұқпалы аурулардан қорғану ережелерін білуі, яғни қалай көмектесу қажеттілігін, түсінуі керек. Өмірден алынған тәжірибелерін және білім дәрежесін көтеру үшін алға ұмтылу және өз әсерін тигізуі қажет.

Өмірлік тәжірибе оның өміріндегі қиын кезеңдерден өтуге, қиын шешімдерді шешуге бейімделуге әсерін тигізеді.

Жеке алғанда өмірлік тәжірибе психо-әлеуметтік топтардың бір-бірімен қарым қатынас әдістері, ойлау және шешім қабылдауға, түсінуге, өмірде кездесетін мәселелерді шешуге әсерін тигізуде.

Ең басты көңіл аударатын мәселе, дәріс алушының білім алуда алға ұмтылуы. Өз қатарластарынан теңбе-тең білім алып, қатар жүріп, тәжірибе алу дәрежесін арттыру. Бұл мақсат біздің республикамызда қазіргі кезде жақсы жолға қойылған.

Кейбір ұйымдасқан топтарға мұқият зейін қою қажет. Аурудың алдын алу мақсатында білім беру саласының қойған үлкен міндеттерінің бірі осындай топтар арасында аурудан қалай сақтануға болатындығы жайлы мағлұмат беретін жағдайлар жасау. Осы міндеттер үйсіз жүрген қаңғыбас балалар топтары арасында да жұмыстың алға жүруіне әсерін тигізуі ықтимал.

Мұндай жағдайда ұстаздардың негізгі міндеті білім берудің түрлі модульдері мен әдістерін пайдалана отырып, шәкірттерге ықпал ету.

Ұстаздар мақсаты қалай болғанда да, шәкірттердің дұрыс білім алуына, сана сезімін оятуға түрлі әдістерді пайдалана отырып әсер ету. Бұл әдістер ұстаздарға өздігінен келмейді. Сондықтан ұстаздар үшін берілген үлгілердегі сұрақ жауап жыныстық тәрбие жолындағы алдын алу жұмыстарын сынып арасында, мектептен тыс тәрбие жұмыстарында қолдау қажет.

**Тапсырмалар:**

Осы үлгіден соң оқушы (болашақ ұстаздар білуге міндетті)

1. Жалпы білім беру бағдарламасы арқылы жұқпалы аурулар, ЖҚТБ қарсы алдын алу

- жұмыстарының қажеттілігін, ұйымдастыруын анықтау.
2. Жыныстық өнегелік тәрбие және оның алдын алу жұмыстары мазмұнын анықтау.
  3. Жыныстық өнегелі тәрбиесін сезіну, жұқпалы аурулардың алдын-алу жұмыстарын жүргізуде оқу тәрбие үрдісін анықтауды сезіну.
  4. Шәкірттерге білім беруде жұқпалы аурулардың қарама-қарсы жолын табу.
  5. Өнегелі жыныстық тәрбиенің жоспарын тұжырымдау.
  6. Жаңа әдістемелік жоспарлар жасап оқушыларға ұсыну.

**Мазмұны:**

1. Өнегелі жыныстық тәрбие бағдарламасы сұрақтарын дайындап пайдалану.
2. Өнегелі жыныстық тәрбиенің алдын алу жұмыстарының тұжырымдамасын жасау.
3. Алдын алу бағдарламасын дайындап, өнегелі жыныстық тәрбие жоспарын оқу-тәрбие барысында пайдалану.
4. Алдын алу бағдарламасының баламасын шәкіртке жеткізу жолында жұмыс жасау.
5. Алдын алу бағдарламасының жоспарын дайындау.

**Оқылатын жаттығулар:**

1. Өнегелі жыныстық тәрбие жұмыстарын оқу сабақтарында шәкірттер көмегімен жоспарлап, ойлау мүшелеріне әсер ету.
2. Топтармен жұмыс
3. Мектептең, сыныптан тыс кезде, сабақта өтілетін өнегелі жыныстық тәрбие жұмыстарының жоспарын жасау.

**Бағалау:**

Өткізілген сабақты бағалай отырып, оқушыларға төмендегі тапсырманы беру керек:

1. Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарының материалдарын пайдалана отырып, жеке мысалдар келтіріп, осы аурулар жайында мағлұматтар беру.
2. ЖҚТБ жұқпалы аурулар жайлы қосымша материалдарды пайдаланып, кестелік жоспар жасап сабаққа пайдаланыңыз.
3. Осы ауруларға байланысты жасалған тұжырымдамаларды ұсыныңыз.
4. Өнегелі жыныстық тәрбие мен жұқпалы аурулар ЖҚТБ-ның оқу тәрбие жұмыстарға байланысты тізімін жасаңыз.
5. Осы ауруларға байланысты сабақ жоспарың, бірнеше сабақпен салыстырыңыз.

**Мүғалімге ұсыныс:**

Оқушылармен сергіту ойынын өткізіңіз.

**ЖАТТЫҒУ 9.1**

**Жұқпалы ауру, ЖҚТБ өнегелі жыныстық тәрбие**

**Оқушыларды оқыту**

**Уақыты:** 2 академиялық сағат

**Көрнекілік:** (жабдықтау қағаз, қаламсап, маркерлер, үлестірмелі қималар)

**Тапсырмалар:**

1. ӨҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу шаралары бойынша сабақ жүргізу дағдылары мен ұйымдастыру шеберліктерін арттыру.
2. АҚТҚ алдын алу шаралары мен үлгілі-жыныстық тәрбие жұмысын жүргізуде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану.
3. Алдын ала оқыту бойынша оқу жоспарларын дайындауды үйрету және жасөспірімдердің жиынтық тәрбиесі бойынша арнайы шаралар жүргізу.
4. АҚТҚ/ЖҚТБ туралы оқу және ақпарат құралдарының мазмұнын ЖЖБИ-ды жас ерекшелік психологиясымен байланыста шеберлікпен таңдау жасап, құрастыру.

**Мазмұны:**

1. Оқушылармен АҚТҚ, ЖЖБИ-дың алдын-алу үшін жыныстық тәрбие туралы

жұмыстарды ұйымдастыру.

2. АҚТҚ-ның алдын алу және жыныстық тәрбие туралы оқушыларға жеткізудің түрлері, шаралары және тәсілдері (өмірде кездесетін мысалдармен)

3. Алдын-алу шараларын оқыту жоспары. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ туралы психологиялық жас ерекшеліктеріне қарай ақпараттық және оқыту материалының мазмұнын сараптау.

#### **Оқытудың барысы:**

1. Әрбір оқушыға 2-3 түрлі-түсті үлестірімелі қималар тарату. Әрқайсысына АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу және жыныстық тәрбиенің іс-шараларын қалай жүргізілуі керек екені туралы көз-қарастарын үлестірімелі қималарға жазуды тапсыру.

2. Толтырылған үлестірімелі қималарды жинап алып, флипчартқа тіркеу. Оқушылармен барлық үлестірімелі қималардың мазмұнын талдау және оқушылардың АҚТҚ/ЖҚТБ туралы білім алу жолдарының ақырғы тізімін анықтау.

3. Тізім дайын болғаннан соң, оқушыларды 3 кішкене топтарға бөліп, топтасып, мынағанды талдауды тапсыру:

АҚТҚ инфекциялары, ЖЖБИ және жыныстық тәрбиенің алдын-алудың түрлі тәсілдерінің ақпараты және хабарын олардың психологиялық жас ерекшеліктеріне, жас ерекшеліктеріне қарай жеткізу.

АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ және жыныстық тәрбиенің алдын-алудың түрлері мен шаралары.

Ата-аналар және қоғам өкілдерін АҚТҚ, АҚТҚ-ның алдын-алудың бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына қатыстырудың шаралары.

4. Қажетті материалын кестені толтыру үшін пайдалану, соңында оны оқушыларды олардың жас ерекшелік психологиясымен дайындық деңгейіне байланысты оқыту кезінде пайдалануға болады.

5. Топтардан қысқаша өз жұмыстарының сипаттамасын іздеуді тапсыру.

#### **Бағалау:**

Талқылаудың және көрсетілген сипаттаманың қортындысына қарай нәтиже шығарып, бағалау.

#### **Күтілетін қорытындылар:**

Оқудың нәтижесі бойынша болашақ мұғалімдер мынадай болмақ:

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ-дың алдын-алу жұмыстарының түрлерін, шараларын және ұйымдық әдістерін білу.

2. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ туралы оқушылардың жас ерекшелік психологиясына қарай ақпараттық және оқулық материалының мазмұнын талдау әдістерін пайдалана білу.

3. Оқушылармен емдеу-сауықтыру жұмыстарының жүргізілетіндігіне ата-аналардың көңілін аудару.

#### **Оқытушыға ұсыныстар:**

Тапсыруды мұқият қадағалап, оның жүргізілуін жоспарланған сұрақтармен үйлестіру:

Оқушыларға жыныстық тәрбие беру барысында АҚТҚ және ЖЖБИ ауруының алдын-алу тәсілдері мен түрлері, әдістері жайлы оларда түсінік қалыптастыру.

Жалпы білім беру бағдарламасы арқылы оқушыларға АҚТҚ ауруының алдын-алу шараларын жыныстық тәрбие беру жоспарын мақсат ете жүргізу.

Ата-аналарды қоғамның АҚТҚ және ЖЖБИ ауруының алдын-алу істеріне жұмылдыру.

## **9.2 ЖАТТЫҒУ**

### **Шағын топқа жұмыс жүргізу**

**Уақыт:** 2 сағат

**Керекті құрал-жабдықтар:** флипчарт қағазы, фломастер, маркер ресурс материалдары.

#### **Тапсырмалар:**

1. АҚТҚ ауруының алдын-алу жайындағы жыныстық тәрбиені пәнаралық байланысқа

- түсіру.
2. Әр өткізілетін пәнге АҚТҚ, ЖЖБИ-ға қарсы емдеу-сауықтыру жұмыстарының жоспарын енгізу.

**Змұны:**

Басқа пәндермен байланыстырып, АҚТҚ, ЖҚТБ жайлы емдеу-сауықтыру жұмысын те-грациялы түрде оқытудың маңызы.

Интеграция әдісінің жетістігі мен кемшілігі.

Емдеу-сауықтыру сабағының жүргізілу әдістері мен тәсілдері.

Оқушылар психологиясына қарай, оқу материалының мазмұнына байланысты талдау жасату.

**Оқытудың барысы:**

1. Барлық оқу топтарына «Севен-Ап» ойынын жүргізу.
2. Ойыннан кейін топты үшке бөліп, оларға 9.2-жаттығудағы ресурс материалдарын оқуды тапсыру.
3. Бірінші топқа, әр пәнмен байланысты жүргізілетін АҚТҚ, ЖҚТБ жайлы оқу материалдарына сауалнама, тест сұрақтарын құрастырту.
4. Екінші топқа, жүргізіліп жатқан жұмыстардың жүйесін кестеге түсірту.
5. Үшінші топқа, АҚТҚ, ЖҚТБ ауруының алдын-алу жұмыстары жайлы кейбір қамтылуы тиіс ұсыныстар мен сұрақтарды тапсыру.
6. Әр топқа өздеріне берілген тапсырма бойынша есеп беру жұмысын тапсыру және өз жұмыстарын қорғату.
7. Әр қатысушыға өз пікірлерін ортаға салуды міндеттеу.
8. Жүргізілген тапсырмалар, жаттығулардың нәтижесі жайлы қысқаша пікірлер айтқызу.

**Қорытынды шығару.**

**Оқытушы қатысушыларға мынадай тапсырмалар бере алады:**

1. 9.2. А ресурстық материал негізінде АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу шараларын пән аралық байланысын көрсету.
2. Сіздің көзқарасыңыз бойынша АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу шараларын қандай оқу пәндерімен байланыстыруға болады, баланың жасы-физиологиялық ерекшеліктері негізінде дәлелдеңіз.

**Оқытушыларға ұсыныс:**

1. Қатысушыларды «Севен-Ап» ойынының шартымен таныстыру.
  - Қатысушылар шеңбер бойымен тұруы керек.
  - Әрбір қатысушы 1-ден 7-ге дейінгі санды ретімен атап, 7 санына келгенде қатысушы қолын басына қойып, «Севен-Ап» деп айтуы тиіс.
  - Келесі қатысушы дәл осылай 8-ден 16-ға дейін қайталайды.
  - 17-шіге келгенде келесі қатысушы қолын басына қойып, «Севен-Ап» деп қайталайды.
  - Ойынды ары қарай 27-ші санға дейін қайталайды.
  - 7, 17, 27 сандарының атын атамай, бұл сандардың орнына «Севен-Ап» сөзін қолдану туды қатысушылар естен шығармауы тиіс.
- Егер, қатысушы сандарды шатастырып немесе «Севен-Ап» сөзін басына қолын қойып айтпай, 7, 17, 27 сандарын атап қойса, ойыннан шығарылады.
2. Оқушылардың топқа бөлініп атқарған жұмыстары 9.1 жаттығудың қорытындысымен сәйкес келуі тиіс.

**9.3 ЖАТТЫҒУ**

**Интеграциялық сабақтың жоспары**

**Уақыты:** 2 сағат

**Көрнекілігі:** 9.3 жаттығудағы ресурс материалдарының көшірмесі. “Топтың презентация

жұмыс жоспары”.

**Тапсырмалар:**

1. Оқу тәрбие ісінде болашақ мұғалімдерге өз сабақтарын АҚТҚ инфекцияларының алдын алу жолдары жайлы интеграциялы түрде өткізуін тапсыру. Сабақ жоспарына АҚТҚ инфекциясы жайлы мәліметтерді енгізу.

2. Оқу пәндерінен АҚТҚ, ЖҚТБ инфекциясы сұрақтары енгізілген интегративтік сабақ жоспарын жазу.

3. АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу шаралары негізінде жауапкершілікті, тәртіп қалыптастырудың өмірлік дағды тізімін жасау.

**Мазмұны:**

1. Интеграциялық сабақтың жоспары былай құрылуы тиіс:

- Тақырып
- Мақсаты және тапсырмалар
- Көрнекілігі
- Мазмұны
- Түрі мен әдісі
- Сабақтың барысы
- Бағалау
- Қорытындылау
- Атқарылатын іс-шаралар

2. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ жайлы мағлұматтарды аса жауапкершілікпен сезініп, өмірлік тақырып екендігін мойындау.

**Сабақтың барысы:**

1. Оқушыларға 9.3. және 9.3.А. ресурстық материалдарын оқуға таратып беру және оларды келесі жұмыс үшін, екі-екіге бөлу керек.

2. Жас ерекшелік психологиясына қарай АҚТҚ/ЖҚТБ-дан алдын-алу шараларын оқу пәндерінде интеграциялауды жоспарлауды тапсыру.

3. Барлық оқушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа интеграциялық сабақтың жоспарын құруды тапсыру.

4. Әр топқа өз жоспарларын қорғауды тапсыру.

5. Әр топтың дайындаған сабақ жоспарларын талқылауды ұйымдастыру, нақты ұсыныстарды енгізуді тапсыру.

6. Әр топқа дайындаған жоспарларына айтылған ұсыныстарды ескере отырып, оны қайта өңдеуді тапсыру.

7. Оқушылардың дайындаған жоспарларының қортындысын шығаруды ұйымдастыру.

**Бағалау:**

Баға оқушылардың қабілеттілігі негізінде қойылуы керек.

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ-дың алдын-алу үшін интеграциялы сабақтың құрылымы мен мазмұнын анықтау.

2. Жасөспірімдердің жыныстық тәрбие бойынша алған білімдерінің тізімін құрастыру.

3. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысты ата-аналардың назарын аударатын әдістер мен жолдарын анықтау.

**Күтілетін нәтижелер:**

Қорытындыда болашақ мұғалімдер мынаны ұстануы тиіс:

1. АҚТҚ инфекциясын алдын-алу және жыныстық тәрбиені оқыту процесінде интеграциялық сұрақтарды түсіне білу.

2. АҚТҚ-ның алдын-алу сұрақтарын интеграциялық түрде сабақ жоспарына, оқулықтарға енгізу.

3. АҚТҚ инфекциясын алдын-алу бойынша, интеграциялық сұрақтарды матрица түрінде құра білу.

**Оқытушыға қойылатын талаптар:**

1. Оқушылардың атқарылған іс-шаралар, интеграциялық сабақтар жайлы қаншалықты түсінгендіктеріне көз жеткізу.
2. Интеграциялық сабақ жоспарын талқылауда нөмірлі қарамау.
3. Қатысушылардың құрған жоспарларын мақтап, оларға өз сабақтарын өздері құрған жоспар бойынша өткізуіне мүмкіндіктер беру.

**Қажетті материалдар 9.1.**

**Болашақ мұғалім мыналарды білуі тиіс:**

1. АҚТҚ, ЖЖБИ және жыныстық тәрбие бойынша білімді оқушылар ғылыми негіздегі сабақтан тыс жүргізілетін (ұйымдар, қосымша сабақтар, арнайы курстар, т.б.) ұйымдарда, жалпы іс-шараларда арнайы оқыту бағдарламасынсыз-ақ білім алуы қажет.

«Қ.Р. білім беру ұйымдарындағы 2001-2006ж.ж. кешенді тәрбие бағдарламасына» сәйкес мектептердегі тәрбие жұмыстарының басым бөлігі жыныстық тәрбиемен ұштасады.

Мектептің, педагогикалық ұйымның әртүрлі мемлекеттік, халықаралық және жекеменшік ұйымдармен серіктесуі барысында атқарылатын тәрбиелеу процесі мынадай бөліктерден тұрады:

• Қоғамдық іс-шаралар, акциялар, көріністер, шоу, дискотекалар, КВН т.б. тақырыптық іс-шаралар, Мысалы, «1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ -ға қарсы күрес күні» (бүкіл әлемде өткізіледі)

• АҚТҚ, ЖЖБИ -дың алдын-алумен айналысатын қоғамдық ұйымдар және жергілікті ҰЕҰ-мен өткізілетін тренингтер.

• ҰЕҰ мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен, жасөспірімдермен жұмыс істейтін топпен бірігіп, мектептерде «Теңбе-тең» білім бағдарламасын өткізу.

Тақырыпқа сай әртүрлі шығармашылық конкурстар өткізу.

Қабырға газеттері, суреттер, шығармалар, т.б. БАҚ – телерадио хабарлар, тақырыптар, жазбалар, т.б. дайындау.

2. Мұғалімдерге мектептегі АҚТҚ, ЖЖБИ-дың алдын алу бағдарламасын жүзеге асыруда ата-аналар тарапынан қолдау болуы тиіс.

3. Мұғалімдер «Теңбе-тең» оқу бағдарламасының дәрежесін көтеруі тиіс.

4. Мұғалімдер сыныпта ашық достық орталығын ашуы керек.

5. Мұғалімдер АҚТҚ инфекциясын алдын алу бағдарламасына сай жыныстық тәрбие беруде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс.

• Талқылаулар, диспуттар

• Дебаттар

• Сұрақ-жауаптар

• Көңілді әрі тапқыр ұйымдар.

• Ми шабуылы.

• Рөлдік ойындар.

• Топтық жұмыс.

• Өмірдегі жағдайды сараптау.

• Жарыстар, көрмелер, конкурстар.

• Шығарма, эссе жазу.

• Мектептегі театр қойылымдары.

• Бейнематериалдар көру.

• Сайттар ашу.

• Кітапшалар, бюллетендер, жазбалар жасау

Сөзжұмбақтар құру

Тесттер және анкеталар құрастыру т.б.

6. Ата-аналардың мұндай қатысуы оқушы үшін үлкен рөл атқарады, оқушыларға жеке және мәдени құндылықтарын ашуға көмегін тигізеді. Жыныстық тәрбие беруден ұялатын ата-аналар үшін, өз балаларына мектепте осындай іс-шаралардың ұйымдастырылуы өте орынды іс болып табылады.

### 9.2 жаттығу кестесі

Сынып	Оқушылардың жас мөлшері	АҚТҚ/ЖҚТБ туралы ақпарат, алдын-алу істерінің түрлері мен әдістері, тәсілдері	АҚТҚ/ЖҚТБ туралы алдын-алу білімін оқулықтарға біркелкі кіргізу. «Теңбе-тең» принципіне үйрету
-------	-------------------------	---	--

#### Қажетті материалды 9.2.

#### АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу бағдарламаларын оқыту тәрбиелеу процесіне кіріктіру

##### Кіріспе

Алдын-алу іс-шараларының негізгі мақсаты әр тұлғаны өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білуге үйрету.

##### Интеграция

Білім беру ұйымдарында АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу сабағын, басқа пәндермен кіріктіріп өткізу АҚТҚ эпидемиялық орталығының стратегиясы болып табылады.

##### Оқытудың принциптері

- Сыныптың оқуға дайындығы
- Жақсы білім алу оқушылардың басты шарты екенін түсіндіру
- Шектеулі байланыстың болуы
- Оқушылардың жүйелі жауабы
- Оқушыларға білім алу барысында, сыртқы ортаның әсер ететінін тіркеу
- Оқыту процесінің жан-жақты белсенділігі
- «Теңбе-тең» оқу бағдарламасына оқушылардың атсалысуы

##### Оқу тәрбие үрдісін алдын-алуды тиімді кіріктіру жұмыстары

Төменде ЖҚТБ/АҚТҚ-ның алдын алу бағдарламасын білім беру ұйымдарына енгізудің негізгі үш жолы көрсетілген:

● **Жеке пән:** Оқу кестесінде АҚТҚ-ның алдын алу жеке пән ретінде болуы мүмкін. Бұл АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алуды бағдарламасын жүзеге асыруға тиімді және жүйелі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бірақ қазіргі кезде бұл жолдар өте аз іске асырылады.

● **Кіріктірілген пән:** Кей жағдайларда АҚТҚ-ның алдын алу бағдарламасы валеология, дене шынықтыру, биология, химия т.б. мектепте оқылатын негізгі пәндер мазмұны типтік оқу жоспарына сәйкес басқа вариант бөлімдері арқылы таралуы мүмкін.

● **Қалған пәндердің мазмұнына енгізу:** Типтік оқу жоспарларына сәйкес оқытылатын басқа вариант бөлімдерін де АҚТҚ-ны алдын алу сұрақтары оқу жоспарларының барлығына немесе көпшілігіне енгізілуі мүмкін.

● **Біріктірілген қатынас:** Бұл қатынастан білімділік пен қатар алдын алу жұмыстары бірге атқарылуы тиіс. Бұл қатынас тек мектепте ғана емес мектептен тыс жүрген де де қолданылуы тиіс. Осы талаптар мектеп бағдарламасы бойынша іске асырылады.

##### Білім беретін пәндер

Пед колледж оқушылары болашақ мұғалім ретінде, мектеп оқушылары оқу үрдісінде

өмірлік дағдыларды меңгеру қажет екендігін білуге тиіс яғни олар мектепті бітіргенде өмірлік проблемаларды сәтті шеше алатындай дайындықпен шығуы керек. ВИЧ/АҚТҚ-ның алдын-алу сұрақтары төмендегідей кіріктірілуі мүмкін:

- Оқу
- Әдебиет
- Валеология
- Экономика
- Биология
- География
- Бейнелеу өнері
- Дене тәрбиесі
- Шет тілдері (ағылшын)
- Математика

#### **Мазмұн таңдау**

Мәзгіл пәндерінің мазмұнына АҚТҚ, ЖЖБИ, ВИЧ алдын алу бағдарламасын материалдарын енгізу барысында төмендегідей мәселелерді басшылыққа алу ұсынылады:

ЖҚТБ/АҚТҚ материалдарын оқу пәндерінің тапсырмаларына кіріктіруді қайта қарау.

● Оқушылардың АҚТҚ/ЖҚТБ материалдарын оқуға деген қызығушылығы мен дайындығына назар аудару.

Болашақ мұғалімдер балалар мен алдын алу шаралары жұмысын ерте жастан бастау керектігін білу керек. Осы мақсатта меңгерілетін Бағдарламаны жас өспірімдерге ғана емес, балалардың ерте жасынан қолдануы қажет. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін баланың жас кезінен бастап қолға алу керек. АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБИ бағдарламаларға жоғарғы жастағы балалар енгізіледі.

#### **Жағымды ортаны құру**

Білімді беруді ұйымдастыруда ең алдымен салауатты өмір салтын сақтау қажет. Бұған тек қана мұғалім ғана емес, АҚТҚ және ЖЖБИ алдын алу шаралары және барлық педагогтік ұжым; пән оқытушылары, сынып жетекшілері, психологтар жауапты. Басқа да алдын алу шаралары жұмыстарына оқушылардың іс-әрекетін тығыз байланыста, қызықты мемлекеттік және үкіметтік емес ұжымдар да, туыстық ортада іске асады. Білім орталықтарында сенім мен сыйластық бар жерде, денсаулық өз орнын табады, ал зорлық пен зомбылық бар оқушылардың арасында ғана емес мұғалімдермен оқушылардың арасында да барлық мектеп қызметкерлері және оқушылар мен олардың ата-аналарына дейін. Бағдарламалар мына потенциалдық проблемаларды білім беру жолдарымен қарау керек және педагогикалық қолдауымен әрбір ситуациядан шығу үшін берілетін тапсырмалармен де.

#### **Ұлттық аймақтық жағдайды есепке алу**

Біздің еліміздегі АҚТҚ инфекциясының көптеген бағдарламалары мен модельдерінің алдын алу шаралары Батыс және дамыған мемлекеттерде жасалған. Тапсырманың негізгі, бағдарлама қай жерде жасалса да олар мынандай жағдайда жасалуы міндетті, жергілікті әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес келуі, бағалы және діни сендіру, өтпелі мониторингпен бағаны жүктеуге міндетті.

#### **4. Тиімді салауатты өмір салтын жүргізу жағдайын үйрену**

АҚТҚ инфекциясы, ЖЖБИ алдын алуы. АҚТҚ инфекциясының алдын алу шаралары бағдарламасы мектептерде (АҚШ-тағы 23 ізденіс, Кирби т.с.с. 1994), 37 басқа мемлекеттер (БҰАТББ есебі 1999) және АҚШ-тағы 53 зерттеу, Еуропа және т.с.с. бағдарламаларда мынандай жалпы мінездемелер анықтауда.

Нақты мақсатты мінез-құлық басымдылығы. Ақпараттандыруды талап ететін, өмірлік біліктілік білімге сәйкестік;

- Ақпарат алу мүмкіншілігі, мінез-құлық өзгеруіндегі жауапкершілік;
- Рухани байланыстың қалыптасуы, қоғамдық нормаларды білу, нашар (БАҚ негізгі рөлі, қоғам) мінез-құлыққа бағытталған;
- Өмірлік біліктілікке үйрену;
- Мінез-құлыққа әлеуметтік әсер ету, қосымша БАҚ негізгі рөлі, қоғам мен жастар;
- Оқытуды интерактивтік әдісін қолдану, сонымен қатар (ойын, рөлді ойын, топтық талдау және т.б.) арнайы білім беру тапсырмаларына жету үшін қолданылады.
- Оқушылармен алдын алу жұмысын жүргізгенде мұғалімнің дайындығы АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ жайлы нақты берілген мәліметтермен, өмірлік дағдыларды оқыту әдістемесімен танысу.
- Репродуктивтік денсаулық және АҚТҚ, ЖЖБИ алдын алуындағы барлық дәрежедегі басшыларының оқыту бағдарламасына саясаттың және қоғамның беретін басшылығы мен көмегі.
- Мониторинг және баға бағдарламасының алдын алуы барлық этаптарын жасауда және іске асыруда.
- Әр түрлі жастағы топтардың және даму дәрежедегі берілген білімнің профилактикалық бағдарламасын бағдарлау.
- Гендерлік түзетуді ұстану.
- Алдын алу білімі бойынша оқыту комплексінің әдістемесін жасау.

#### **5. Бір қадам алға.**

Балаларды және жастарды өмірлік дағдыларға оқыту, білім алуды көздейді, бағалылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты тәртібін жауапкершілігін қалыптастыру. Салауатты өмір сүру салты туралы білім беру бағдарламасының мазмұны ЖЖБИ, АҚТҚ/ЖҚТБ-ның профилактикасын ұсынушылар және басқарудың: ерте жүктілік, қатерлі заттарды қолдану ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан балалар жасөспірімдер салауатты өмір сүру жайлы ой қозғауда маңызды орын алады.

## **МОДУЛЬ 11**

### **МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ**



**Уақыт:** 6 академиялық сағат

**Хабарлама:** Оқушылар ұсынылған материалға қызығу үшін және де оқу еңбегіндегі нәтижелеріне жауапкершілікпен, олардың барлық этаптарындағы алдын алу шаралары білімін бағалау. Мотивациялық мақсатпен оқушылардың құралына сай әзірлеме жасау. Бағаның бөлшектік құрылымы нақты қарастырылған тапсырма негізінде болу керек. Бұл мұғалімнің озық ісін көрсетеді. Берілген жаттығуды орындау барысында мұғалім білім бағалау көрсеткішін, біліктілігін, оқушылардың дағдысын, икемін, бағаның талдау критерийін анықтайды. Тестің жүйелі құрылымын, бағаның мақсатын; принципі мен тест құрылымын анықтайды, алдын ала тестілеу мен қайта тестілеумен танысады.

**Жалпылау:** Білім әдісі өмірлік жаңа ауданды профилактикасы АҚТҚ инфекциясы ЖЖБИ бағаның әрқашан өткізуін талап етеді. Оқытушы өзінің талпынысын оқушыларға көрсетеді. Басқа пәндерге қарағанда білім саласында АҚТҚ инфекциялы профилактикасы ЖЖБИ білімдегі бағаны талап етеді. Жаңа және оқушылардың басқа бірнеше жолымен қарым-қатынасы, өйткені білімнің мақсаты бұл балаларға инфекцияланудың АҚТҚ-дан сақтануға көмектеседі. Бұл жағдайда кей кездегі сонымен қатар аяқталған индикаторларды анықтау қажет. Болашақ мұғалімдер негізгі индикаторды бағдарламаның, оқытушының және оқушының негізінде қарау қажет.

Үлгерімді оқушы ең алдымен индикатор әр түрлі жағдайда қолдану үшін мониторинг және бағаның арнаулы нұсқасын анықтап алу қажет. Білімнің мониторингі және бағасы үшін, АҚТҚ/ЖҚТБ оқушылар үшін ЖЖБИ-дың ортақ сұрақтары қажет.

Мониторинг және бағаның әдісі өзіне тесті және басқа субъективті құралдарды қосады. Мониторинг пен бағаның басқа әдісіне қатынастық шкаласы, анкета және тексеру қағаздары қойылған. Мониторинг пен бағаның басқа қозғалысты әдістері үшін белгілі мақсатқа және ережелерге бағыну керек.

Берілген модульдің мақсаты оқытушыларға және қатысушыларға білім процесінде көмекші құрал болады:

- Өзін-өзі бағалай білу және тест құрай білу;
- Оқушылар үшін құралдардың құрылымын бағалау, бұл жағдайда олар өздерінің мониторинг және бағалауда қолдана алады;
- Мониторинг және бағаның әр түрлі жақтарын көрсету.

**Тапсырмалар:**

Берілген модульді оқу арқылы болашақ мұғалімдер мынаны білу керек:

1. Мониторинг және баға білімі үшін қажеттігін ұғыну.
2. Белгілі критерилер бойынша тестілеудің қажеттігін баяндау.
3. Индикаторларды анықтау арқылы АҚТҚ-ға байланысты тестілеу жүргізу.
4. Мониторинг және білім бағасының құрылымы үшін мақсатқа және ережеге бағыну.
5. Алдын алуды оқыту үшін тестілеу модулінің құрамын жасау.
6. Білімді тестілеу үшін бағалаудың түрлі жағын анализдеу.
7. Алдын алуды оқыту бойынша тестің үлгісін жазу.

**Мазмұны:**

1. АҚТҚ/ЖҚТБ оқушылардың мониторинг және баға көрсеткіштері
2. Белгілі критерий бойынша тестілеу
3. Жемісті тестілеудің құрылымдық қадамы
4. Бағалау әдістерінің түрлері
5. Мониторинг және бағаның принциптері және ережесі.

**Баға:**

Мониторинг және баға құрылымы бойынша алған білімді негізге ала, шығарма жазыңыз. Мына фразаның кез-келгенінен бастаңыз:

1. Мен ойлана бастадым ...
2. Мен таң қалдым ...

3. Мен енді сенейін ...
4. Менде көп білім пайда болды ...
5. Мен қуаныштымын ...

**Оқу жаттығулары:**

1. Мониторинг және бағаны анықтау үшін миға шабуыл әдісін қолдану.
2. Тақырыпты талдау: АҚТҚ, ЖЖБИ-дың алдын алу шаралары бойынша оқыту процесінің мониторингі мен бағалануы.

**Оқытушыға нұсқау:**

“Тас, қағаз, қайшы” ойынын жүргізу, сергіту:

1. Қатысушыларды екі топқа бөлу.
2. Әр топ жұмыс үстіндегі конфиденциалды сақтау екенін ескерту.
3. Әр топтың ішінде қатысушылар берілген үш атаудың біреуін таңдайды тас, қағаз немесе қайшы. Барлық топ аталған таңдаумен келіседі.
4. Барлық қатысушылар өз таңдауларын жасағаннан кейін топ жетекшісінен басқа топтың мүшелерінің таңдауын жазып беруін сұраңыз.
5. Екі топ мүшелерінің ортаға шығып қандай да бір таңдауды айтуын сұраңыз.

Топтар мына критерий бойынша бағаланады:

- Егер бір топ «қайшы», екінші топ «тас» десе, «тас» деген топ 1 ұпай алады
- Егер бір топ «қайшы» деп, екінші топ «қағаз» десе, «қайшы» деген топ 1 ұпай алады
- Егер бір топ «қағаз» деп, екінші топ «тас» десе, «қағаз» деген топ 1 ұпай алады
- Егер екі топ та бір сөзді айтса, онда ойын тоқтатылады, екі топ та ешқандай ұпай алмайды.

Сіз бұл жаттығуды бірнеше рет қайталатып , жеңімпазды анықтай аласыз.

Жеңіске жеткен топ сыйлық алуы тиіс.

Бұл жаттығуды жүргізген кезде мұғалім мынаған көңіл бөлу керек

- Мониторинг пен бағалау құрылымы жұмыс пен оның мақсатына байланысты объективті және субъективті болуы мүмкін
- Қарым-қатынас пен дағды да, білім мониторингтердің бірнеше тәсілдері бар. Олар: тестің бірнеше нұсқаулары, салыстыру парақтары, басқару мен бақылау жүргізу түрлері.
- Кейбір принциптер мен ережелер бағалау тәсілінің сәйкестігін анықтайды.
- Тест қойылған міндетті бағалауға көмектескенде ғана тиімді болады.
- Бағаны алдыға қойған мақсатқа жету үшін қолдану керек.
- Ондай тестер әр класс оқушыларының қарым-қатынасы мен дағдыларын, білімін бағалау үшін қолданылмау керек.

**11. 1 ЖАТТЫҒУ**

**Мониторинг пен бағалау көрсеткішін анықтау**

**Уақыт:** 2 академиялық сағат

**Қажетті құралдар:** қағаз, маркерлер, желім.

**Дайындау:** Талқылауға басшылық (ресурстық материал 11. 1 жоба)

**Кіріспе:** білім беру бағдармаласының бағалау критеріі тиімді болып табылады:

1. Оқушыларды АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесі туралы хабардар ету деңгейін жоғарлату.
2. АҚТҚ, ЖЖБИ мен жұқтыру қаупіне байланысты мінез құлқының өзгеру деңгейінің қалыптасуын қадағалау.

**Тапсырма:**

Берілген жаттығудан кейін болашақ мұғалімдер істей алады:

1. АҚТҚ/ЖҚТБ, ЖЖБИ профилактикалық оқытуға көзқарастары мен дағдылары туралы, білім бағалау туралы көрсеткіштер тізімін дайындау.
2. Бағалау тәсілін жасағанға дейін көрсеткіштерді анықтау не үшін өте қажет екенін сипаттау.

**Мазмұны:** Оқушыларды бағалау көрсеткіштерін анықтау мақсатындағы жеке тапсырма және миға шабуыл.

**Өткізу барысы:**

1. Әр оқушыға 2-3-тен карточка үлестіріп, оған жауап беруін сұрау:

*АҚТҚ, ЖЖБИ және әдепті жыныстық тәрбиенің алдын алу шаралары бойынша білім берудің тиімділігін анықтау үшін қандай нақты білім, өмірлік біліктілік, қарым-қатынас пен мінез-құлық болу керек?*

2. Карточкаларды жинап алып, әрқайсысын дауыстап оқып, мақұлданған жауаппен келісетін, келіспейтіндерін сұрау.

3. Үлкен қағаздағы керек емес карточкаларды алып тастау.

4. Қатысушыларды 3 топқа бөліп, оларға А жобасы 11.1 ресурстық материал берілуінің мазмұнын тарату. Олардан берілген материалдарды қысқаша талдауларын сұрау.

5. Топта талданған материалдарды презентациялауын сұрау.

6. Презентация мен талқылау нәтижесін қорытындылау.

**Нәтижесін шығару:**

Қатысушылардан мониторинг пен бағалау көрсеткіші анықтау бойынша жаттығу орындауда нәтижесінде қандай жаңа нәрселерді білгендерін жазуларын талап ету.

**Күтілген нәтиже:**

Мониторинг пен бағалау өткізуде қолданылған көрсеткіштер тізімі (білім, дағды, мінез-құлық және көзқарас).

**Оқытушылар ұсынысы:**

Берілген жаттығу нәтижесінде қатысушылардың көзқарасы мен қарым- қатынасы, өмірлік дағдылары, білімдерін тестілеу көрсеткіштерінің тізімін жасау.

**11.2 ЖАТТЫҒУ****Бағалау құралдарын жасау**

**Уақыт:** 1 академиялық сағат.

**Қажетті құралдар:** 11.1 ресурстық материалдары. АҚТҚ, ЖЖБИ-дың алдын-алу шараларын оқытуда қолданылатын бағалау құралдары 11. 1 а «Озық тест жасау этапы», 11. 1 б «Нақты бағалау инструментін қолданудың жағымды, жағымсыз жағы» үйлестіруші материалдар.

**Дайындық:**

1. Сол саладағы 2-3 экспертті жүргізуші ретінде шақырыңыз. Топта талқылаудан бірнеше күн бұрын оларға шақыру жіберіңіз.

2. Қатысушылардан баға мен мониторинг құралдарына қатысты сұрақтар әзірлеуін талап ету. (Мұны талқылауға бірнеше күн қалғанда жасау).

3. Бұл сұрақтарды шақырылған эксперттерге беріңіз, олар талқылауға қатыса алатындай болу керек.

4. Екінші топты құру үшін үйренушілерден еріктілерді шақырыңыз, олар қызу талқылау жүргізу үшін сұрақтар береді. Кейде басқа қатысушылар да қалауы бойынша сұрақтар беруге болады.

5. Қалауы бойынша оқушыларға мұғалім ролінде сөйлеуді ұсыныңыз.

6. Үстелді әр топ мүшелері бір-біріне қарама-қарсы бағытта отыратындай етіп қою керек.

**Тарсырмалар:**

Берілген жаттығуды орындағаннан кейін білім алушы мынаны білу керек:

1. Тест ережесі мен принциптік сипаттауды;
2. Нақты критерий бойынша тестілеуді қолдануды түсіндіре білу;
3. Тестілеуде қолданылған түрлі бағалау құралының тізімін дайындау;
4. Әр типті тәсілдердің күшті жағы мен әлсіз жағын сипаттау;
5. АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын-алу шаралары бойынша білім беруде тиімді тест жасау.

**Мазмұны:**

1. «Тест құрылымының принципі мен ережесі» бойынша құрылған эксперттердің басқару мен презентациялау және талқылау.
2. Нақты шектеу бойынша тестілеу.
3. Білім беру бағдарламасының мониторингі мен баға беруі.
4. АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары бойынша білім беруде тиімді тест жасау.

**Өткізу барысы:**

1. Талдауға дайындықты нақтылау, сұрақтарды дайындау.
2. Шақырылған эксперттер мен білім алушыларды өз орындарына отыруларын өтіну.
3. Оқытушыны екі топтың арасына отыруын өтіну.
4. Талдауды оқытушының қатысушыларды таныстыруынан бастау керек.
5. Екі топ бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап бергеннен кейін шақырылған эксперттер сөйлейді.
6. Жүргізушіге талдауды бастауға мүмкіншілік беру керек.
7. Талдаудың қорытындысын шығаруды сұрау және оны нәтижелі өтуіне белсене қатысқандарға алғыс айту.

**Қорытындысын шығару:**

Қатысушылардан талдаудың ең негізгі кезеңдерін қысқаша мына сөйлемдерден бастап айтуларын сұрау:

1. Енді, мен сенемін ...
2. Мен таң қалдым ...
3. Мен өте қуаныштымын ...
4. Менің біліктілігім арта түсті ...
5. Мен ойлана бастадым ...

**Күтілген нәтиже:**

АҚТҚ инфекциясы мен ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары контекстегі көзқарастары мен дағды қарым-қатынасы, білім бағасы және мониторингі үшін бағалау құралдарын құрастыру.

**11.3. ЖАТТЫҒУ**

**Бағалау құралдарының іс-шаралары**

**Уақыт:** 4 академиялық сағат

1. Дайындық: 11.1 «АҚТҚ, ЖЖБИ-дың алдын алу шаралары бойынша оқытуда қолданылатын бағалау құралдары» 11.1 а «Озық тест жасау этапы», 11.1 б «Нақты бағалау инструментін қолданудың жағымды, жағымсыз жағы», «Тест құрастыру ережесі» және 11.2 «АҚЖ, ЖЖБИ-ның алдын алу шараларын оқитын оқушыларға арналған ресурстық оқулық», «үлгі».
2. Қатысушылардан 11.2 жаттығудың нәтижесі бойынша құрастырылған бағалау құралын әкелуді сұрау тәсілдері.

**Тапсырмалар:**

Берілген жаттығуды орындағаннан кейін білімгер білуі тиіс:

1. АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары бойынша оқытуға арналған бағалау тәсілін құрастыру.
2. Өздері құрастырған баға мен мониторинг тәсілін сыни тұрғыда бағалау.

**Мазмұны:**

1. «Қолданудағы мониторинг пен тәсілдерінің күшті және әлсіз жақтары» тақырыбында миға шабуыл.
2. Бағалау тәсілдерін құрастыру принциптері мен ережелері.
3. Іс-шарадағы бағалау тәсілдерін білім мен дағды үйренуде қолдана білу.
4. АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары бойынша әр түрлі білім аспектілерінде оқушылардың көзқарасын, дағдыларын, баға мен мониторинг әзірлеу.
5. Тиімді бағалар критеріінің рейтингісі.

**Өткізу барысы:**

1. Қатысушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа тапсырмалар беру және мына сұрақтарды талдау:
  - Мектепте АҚТҚ және ЖЖБИ туралы білімдері мен дағдыларын бағалау үшін қандай бағалау құралын біртұтас қолдануға болады?
  - Қандай баға аспектісін бөліп алуға болады?
  - Бағалау тәсілдерін әзірлеуде қандай этаптардан өтуге тура келеді?
  - Баға мониторингісінің практикада қандай жағымды, жағымсыз жақтары бар?
2. Әр топтан талдау қорытындысын қысқаша презентациялауды сұрау.
3. Қатысушыларды төмендегідей шағын 6 топқа бөлу керек. Олардан АҚТҚ/ЖЖБТБ, АҚТҚ-ның алдын алу шаралары бағдарламасының білім аясында тәртібі мен дағдысы, көзқарасы туралы тест әзірлеуді сұрау.
  - 1 топ. Алдын ала және екінші рет тестілеу.
  - 2 топ. Объективті тест: бірнеше нұсқада жауабы бар тест «Сөйлемді аяқтау» немесе «қалдырылған сөзді қою» тесті, салыстырмалы тест және «дұрыс немесе дұрыс емес жауапты» тест.
  - 3 топ. Эссе және қысқа жауап.
  - 4 топ. Бақылау, қатынас шкаласы және нақтылау тізімі.
  - 5 топ. Қысқаша тарихи және сұраулылық.
  - 6 топ. Топтарда жағдайларын талдау және миға шабуылын талқылау.
4. Әр топтан қысқаша презентация жасауды сұрау.
5. Презентацияны талдауға уақыт беру.
6. Бағалау тәсілінің әзірлемесін хабарлама

**Қорытынды шығару:** Жекелеген қатысушыларды презентация қорытындысы мен талдау нәтижесі туралы жалпы жасауларын сұрау.

**Күтілген нәтиже:**

Берілген жаттығуларды орындағаннан кейін үйренушілермен мыналар дайындалады:

1. Мүмкін жауапты нұсқа тестілері сияқты бағалау құралдар жинағы АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары бойынша оқытуда қолданатын «дұрыс», «қалдырылған сөзді орнына қою», «қысқа жауап»; эссе, тізім, бағалау шкаласы тағы басқаларды қою керек.
2. Оқушылар үшін баға мен мониторинг жинағы.
3. АҚТҚ, ЖЖБИ-ның алдын алу шаралары бойынша оқытуға арналған ресурстік оқулық.

**Оқытушыға ұсыныс:**

1. Қатысушылардың саны бір топқа 2 адамнан жұмыс істеуге болатынын ескерту.
2. АҚТҚ инфекциясы, ЖЖБИ профилактикасы бойынша баға тәсілдері үлгі болу керек және білімді бағалауда оқушылардың көзқарастарын ескеру керек.
3. Оқушыға нақты нұсқау беру:
  - Мониторинг пен бағаны мыналар нақты анықтайды 1 - мақсат, 2 - оны қамту, 3 - әрбір пункттің мәні;
  - бағалау әдісі қолдануда түсінікті және жеңіл болу керек;
  - Әрбір бөлім нақты тапсырмаларға негізделу керек;
  - бұл бөлімдер оқушыларды қателесуге немесе адасуға апармауы керек;

- бөлімдер ұзақ болмауы керек;
- бөлімде техникалық қателіктері болмауы керек және хабарлау ісі енгізілмеуі керек;
- бөлімде дискриминация болмауы керек.

### Ресурстік материалдар 11.1

#### Алдын алу шараларын оқытуда қолданылатын бағалау құралдары.

**Кіріспе:** Оқушылар әдеттегідей тесттен қорқады. Қай жағынан алсақ та, тест сұрақтары білім негізінде және оқу материалы негізінде құрылады да, таңдау тәсілі мониторингтік бағалау және оның әдістемелік құрылымына байланысты болады. Төменде бағалаудың жалпы құрылымы мен әдістері көрсетілген.

**Арнайы критерий бойынша тестілеу** бұл бағалау әрекеті, құрылымы жоғары білім негізінде және біліктілік негізінде құрылған. Мұндай тест оқушының қабілетін бағалау үшін және көздеген мақсатына жету үшін құрылады. Бұл тесттің типі «тапсырмаға дағдылану» немесе «арнайы критериялар бойынша тестілеу» деп аталады. Ол оқушылардың жеке тұлғалық мақсатына жетуіне және сыртқы қарым-қатынасына бағытталап құрылған, бірақ та басқа тестке қатысушылардың балымен есептелмейді (тапсырмаға дағдыланған әдіс).

Арнайы критерий бойынша тестілеу және тапсырмаға дағдыландырылған тестілеу бірдей болып көрінуі мүмкін, бірақ «ұқсас жауапты тестілер» және «дұрыс және дұрыс емес жауаптар» олардың арасында принциптік айырмашылық болады, ол қорытынды кезінде анықталады.

Бұл жағдайда оқушының қабілеті мақсатқа жетуіне байланысты бағаланады, алайда тест оқу материалы негізінде құрылуы керек. Оқушылар тапсырма мен бағалау арасында байланыс бар екенін түсінеді. Осылай келе, бағалау әдісі және қолданылатын мониторинг және баға көптеген мақсаттарға әсер етеді, сонымен қатар бағаны түзетуге мүмкіншілік болады.

#### Мониторинг пен бағалаудың өзара байланыс әдістері мынадай болуы мүмкін:

- Ұқсас нұсқалы жауаптары бар тест
- «Дұрыс және дұрыс емес» тесті
- «Түсірілген сөзді қой» тесті
- Салыстырмалы түрдегі тест
- Қысқа жауаптар
- Эссе

#### Мониторинг пен бағалауға көзқарасты мысалдар:

- әңгімелесу;
- бақылау;
- қарым-қатынас шкаласы;
- сұрақтар;
- қысқаша тарихы;
- анкета;

#### Біліктілікті бағалаудың әдістеріне мысалдар:

- проблеманы шешу;
- қайтарылған қағаз;
- баға шкаласы;
- бақылау;
- пікір алмасу;
- сұрақтар;

#### Білімді бағалау мониторингі, көзқарас және біліктілікке мысалдар:

- проекттер;
- ситуацияның анализі;

Құжаттар;  
баға;

**Бағалаудың мақсаты:**

- Тапсырмалардың тиімді болуы.
- Оқушыларды қызықтыру.
- Оқушылардың жылдамдықтарын арттыру.
- Оқушылардың үлгерімін бағалау.
- Құндылықтарды және оқушылардың тәртібінің өзгеруіне мазмұнның ұйқастығы сай болуын анықтау.
- Қажетті шараларды қолдану.

**Бағалау құралдарын (тәсілдерін) жасау принциптері:**

- Құралдарға нақты және сабақтың үлгісі кіруі керек.
- Құралдар нақты тестің анықтау сұрақтың мазмұнын алу керек.
- Тестің сұрақтары түсінікті болуы керек, ешқандай белгісіздік болмауы керек.
- Тестің сұрақтары студенттер мен оқушыларды шатастырмауы керек.
- Құралдар анық әрі нақты нұсқау және басқару үлгісін беруі керек.
- «Бағалау құралдарын пайдаланудың тиімділіктері мен кемшіліктері» 11.1a ресурстік материалына және «Тест құрудың ережелері» 11.16 ресурстік материалына көңіл бөліңіздер.

**Білімді бағалау:** Білім алу оқыту мен көптеген деңгейлерді танудың негізі. Бұл деңгейлер: білім, түсіну, қолдану, анализ, синтез және баға. Етістік, қимыл іс-әрекетті білдіреді, төменде келтірілген есептерде, мүмкін болатын тест сұрақтары жұмыстарды ұйымдастыру.

**Есептер**

Анықтау  
Тізім құру  
Баяндау  
Шешу  
Жетілдіру  
Алдын-ала болжау

**Тестілер**

Мүмкін болатын жауаптар нұсқаларының тізімі.  
Тізімге жазып, атап өту.  
Эссе  
Жауаптарды санау  
Бағалау шкаласы, мазмұн тізімі  
Мүмкін болатын жауаптардың нұсқалары

**Бақылау және көз-қарасты бағалау:** Сезім, байлық және ой-пікірді жеке мінез-құлыққа байланысты бағалау өте қиын. Олар туралы пікір айту, тек оқушылардың іс-әрекеттеріне және сөздеріне байланысты. Алайда оқушылардың жауаптары сезімдерімен дәлме-дәл келмеуі мүмкін, оқытудың нәтижесі пәннің және курстың аяқталуы кеш көрінуі мүмкін. Төменде көзқарасты бағалаудың кейбір әдістері көрсетілген:

- Көзқарасты бағалау қорытындысы оқудағы өзгеріс дәрежесінен көрінеді.
- Оқыту деңгейі оқушылардан сұрау жолымен, пәнге деген сүйіспеншілігімен немесе оны қаламауынан анықталады.

Көзқарасты бағалау алдын алу шараларын оқытумен тығыз байланысты. Ол адамдардың бір-біріне қалай қарайтынын түсіндіреді. Әдетте эмоцияның бір бөлігі құндылықтар мен түсініктерді анықтайды, оларды объективті тестпен бағалау оңай емес. Көзқарасты бағалау үшін мынадай құралдарды пайдалануға болады, көзқарасты бағалаудың шкаласы, сюжеттерді тіркеу, сұрақтар, сұрау және интервью.

Қарым-қатынас шкаласы, оқушылардан бір дұрыс нұсқаны таңдап алуын талап етеді. Мысалы: дайын жауаптар шкаласы, иә/жоқ немесе келісемін/келіспеймін. Бұл нұсқа кез келген сұраққа екі дұрыс жауапты ұсынады.

Сызық толық нұсқалармен қарым-қатынасқа байланысты жағдайларды қарастырады.

Мысалы:

	Мүлде келіспеймін	Келіспеймін	Сенімсізбін	Келісемін	Толығымен келісемін
1. ЖҚТ-мен ауыратын адамға туыстары қарау керек					
2. Мен ЖҚТ-ны жұқтырып аламын ба, - деп қорқамын.					

Балдарды санау туындаған пікірлерге негізделеді.

Жауапқа 1 ден 5 балға дейін қойылуы мүмкін, бұл жерде «Толығымен келісемін» нұсқасы ең төмен балға саналады. Егер оқушы 1 сұраққа «Толығымен келісемін» нұсқасын таңдаса, балы жақсы болады.

Белгісіз сұрақтар үшін балдар қарама-қарсы болады, мысалға 2 сұрақ сол үшін «Мүлде келіспеймін» нұсқасына 5 бал қойылады. Қарым-қатынас шкаласы баға қою үшін қолданылмауы керек, мұндай жағдайда оқушылардың жауабында әр-түрлі сенімсіз себептер болуы мүмкін.

Бақылау қарым-қатынас шкаласындағы қосымша ретінде қолданылуы мүмкін. Бақылау тәртіпті бағалаудың өте жақсы тәсілі. Ол қарым-қатынасқа байланысты маңызды ақпараттың себебі болуы мүмкін.

Ақуалды құжат бақылаумен өте ұқсас. Бақылау сияқты, ақуал да құжат та субъективті әдістер болып табылады. Мазмұнды тізім оқушылардың тәртібін бағалауда және олардың орындаған жаттығулары үшін маңызды болуы мүмкін. Мазмұнды тізім оқытушыға тез әрі нақты мінездемелерді тіркеу үшін көмектеседі.

Құжаттарды бағалау картотекалық шкафтағы түрлі папкадағы мәліметтерді жинақтаумен бірдей. Әр сөре оқытудың дәлелі: біреуі жазбаша жұмыстар үшін, екіншісі БАҚ, үшіншісі жобалар, шығармашылық жұмыстар, және т.б. Оқушыларға білім беруа, олардың жұмыстарын ұйымдастыру шығармашылық іскерлік болып табылады. Берілген құжаттар туралы мәліметте оқушылардың өте жақсы жұмыстары пән көрсеткіштері апта сайын, күн сайын толықтырылды.

**Дағды мен тәртіп тесті:** Қалыптасқан дағдыларды және тәртіпті бағалау үшін оқушылардың іс-әрекетін, берілген тапсырмамен қалай жұмыс істеп жатқандығын бақылау керек. Олардың жұмысының үлгі-қалпы (стандарты) оқытудың мақсатына негізделген. Оқушылардың қалыптасқан білімдерін көрсету арқылы, алған дағдыларын практикада қолдануға мүмкіндіктері бар.

**Алдын ала және қайта тестілеу:**

Алдын ала және қайта тестілеу мына жағдайда жүргізіледі:

- 1) оқушылардың пән немесе тақырып бойынша қалыптасқан қабілет деңгейлерін бағалау үшін;
- 2) тақырып немесе пән бойынша алған білім деңгейлерін анықтау үшін;
- 3) қалыптасқан дағдылардың және оқытудың соңындағы тәртіп деңгейлерін бағалау үшін;

Алдын-ала және қайта тестілеудің артықшылығы:

- Оқушыларды пән бойынша нені білетіндіктерін және нені білмейтіндіктері туралы хабарлайды.
- Оқу басталмас бұрын түзетулерді анықтайды.
- Оқушылардың білмей қалған жерлерін ізденіп, оқып алуына түрткі туғызады.
- Алдын-ала және қайта тестілеуді салыстыру арқылы тәртіптің өзгеруін анықтау үшін бастапқы мәліметтер беріледі
- Оқушылардың дайындығына байланысты сабақты модификациялау мүмкіншілігі болуы.

- Оқушылардың назарын нені білмейтіндігіне аудару үшін түрткі туғызады.
- Алдын-ала және қайта тестілеудің негізгі кемшіліктері.
- Тесттен төмен бал алған жағдайда оқушылардың бойында кері сезім тудыруы мүмкін, мұны болдырмау үшін мұғалім оқушыларға алдын-ала және қайта тестілеудің жүргізілу мақсатын және олардың алған балдары қорытынды бағаға әсер етпейтіндігін түсіндіре кетуі керек.

#### **Қорытынды:**

Бағалау құралы оның құрылымы мен мақсатына байланысты, объектілі сипатта да, субъектілі сипатта да бола береді.

1. Әсіресе қайта тестілеу объективті сипатта болады.
2. Бағалау тәсілі оқу барысында белгілі бір тапсырмаларды шешумен бірігіп, байланысуы керек:
3. Көптеген бағалау әдістерін байланыстыра қолдану оқушылардың үлгерім дәрежесін анық байқауға мүмкіндік туғызып, күтілген нәтижеге жетуге ықпал етеді.

#### **Ресурстық материал 11.1 А**

Үлгілі тест әзірлемесінің кезеңдері

1. Оқытудағы тапсырмаларға сүйене отырып, өзіндік ерекшеліктері бар кесте дайындаңыз.
2. Өзіңіз ұйғарған тест сұрақтарын жасаңыз, жетілдіріңіз.
3. Өзіңіз ойлағандай тест сұрақтарын таңдап, оның мазмұнымен жұмыс жасаңыз:
4. Сұрақтардың қиындығына қарай жеңілден күрделіге жіктеңіз.
5. Тестке инструкция және дұрыс жауап дайындаңыз (КІЛТ).
6. Тесті өткізуге кеткен уақытты анықтаңыз.

#### **Ресурстық материал 11.1 Б**

##### **Нақты бағалаудың тиімділігі және кемшілігі**

##### **Жауаптары дұрыс/дұрыс емес тест:**

Жауабы дұрыс/дұрыс емес тест сұрақтардан тұрады, ол дұрыс және дұрыс емес болуы мүмкін. Оқушылар нұсқау бойынша дұрыс және нақты жауап беруі тиіс.

##### **Берілген тестің тиімділігі:**

1. Тестке көптеген пәндерден сұрақтар кіргізіледі.
2. Оны тексерген оңай және нәтижесі нақты болады.
3. Оның қорытындысын жұмысты, сабақ уақытында, соңында жасауға болады.
4. Екі нұсқада берілген жауап бір мақсатқа бағытталады.

##### **Кемшіліктері:**

1. Ойлауларын төмендетеді.
2. Әдетте құрылымы дұрыс және дұрыс емес болып құрылады.
3. Берілген нұсқадағы сұрақтарға дұрыс жауап беру қиын.
4. Ол білімді төмендетпейді, бірақ жоғарғы балды қажет етеді.

##### **Мүмкін болатын нұсқаулармен берілген жауап тестісі:**

Бұл тест сұрақтарды қайталауға, ойлануға мүмкіндік береді. Ол оқу материалдарын кеңінен қамтиды. Ол барлық тест ішіндегі жауабы қысқа және ең тиімдісі.

##### **Берілген тестің тиімділігі:**

1. Сұрақтары өтілген материалды қайталау мақсатында құрылуы мүмкін.
2. Сұрақтар ой қорытындысын, пікірін бағалауға құрылуы мүмкін.
3. Ол өтілген материалды кеңінен қамтиды.
4. Ол нақты және тез бағаланады.

**Кемшіліктері:**

1. Тесттің құрылымы көп уақытты алады.
2. Тест сұрақтары нақты ойлау фактісіне құрылады.
3. Берілген нұсқаларда бір ғана жауап дұрыс болуы мүмкін.
4. Берілген тесте альтернативтік және мүмкін болатын жауаптарды таңдау қиын.
5. Мұндай тест оқушылардың ойын айтуға мүмкіндік бермейді, себебі бір ғана дұрыс жауап көрсетілуі тиіс.

**Салыстыру тесті:**

Бұл тестте көптеген нұсқаулар мүмкін болатын жауаптармен болады.

**Берілген тесттің тиімділігі:**

1. Оны көптеген пәндерде қолдануға болады.
2. Ол мүмкіндігінше тез өзірленеді.
3. Оны тексеру оңай.

**Кемшіліктері:**

1. Ол нақты ақпаратты тексереді.
2. Ол жауапты ойлауды болжамайды.
3. Ол естіген ойларды дұрыс жауапты іздеуге қосады.
4. Ол процесті қиындатады, себебі: мүмкін болатын жауаптар көбейеді.

**Тесттің аяқталуы:**

Бұл тест оқушылардың сөз немесе фраза таңдау белсенділіктерін тексереді, яғни сөйлеу-мен стиль мен логикасын дәлелдейді.

**Берілген тесттің тиімділігі:**

1. Оны құру оңай.
2. Ол дұрыс жауапты табуды жылдамдатады, себебі: жауапты оқушы-студент беруі керек.
3. Ол шешім қабылдауда диаграммалар немесе кең көлемде графиктерді қосады.

**Кемшіліктер:**

1. Ол қалыптасқан нақты ақпаратты тексереді.
2. Қазіргі түсінікке қарағанда, ол есте сақтауды бағалайды.
3. Балама жауаптар, оқушылар көрсеткіштері, дұрыс жауапқа өте жақын болуы мүмкін, не бағалауды қиындатады.
4. Тест жауаптарының мағынасы оқушыларға көмек болуы мүмкін.

**Эссе:**

Бұл тест оқушыларға ақпаратты жүйелеуге мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ оқытушыға өтілген пәнді оқушының қаншалықты түсінгені туралы мәлімет береді. .

**Тиімділігі:**

1. Оқушыны шығармашылыққа ынталандыру.
2. Ол оқушыларды өз ұсыныстарын айтуға ынталандырады.
3. Мағлұмат көшіруге мүмкіндіктері аз.
4. Табуға мағлұмат аз.
5. Ол оқушыларға жауап табуға мүмкіндік береді, олардың қарым-қатынасын, бағасын, дағдысын және білімін тексеруде.

**Кемшіліктері:**

1. Баға субъектілі мінезді бағалайды.
2. Баға қою көп уақытты алады.
3. Жазуға көп дағдыланған оқушылар үшін өте тиімді.
4. Бұл тест өтілген материалдармен шектеліп, тек қана өзіңді бағалауға мүмкіндік береді.

## Ресурстық материал 11. 1 С

### Тестке сұрақтар дайындау ережелері

#### Жалпы ережелер:

1. Жауапты білуге көмектесетін сұрақтардан аулақ болыңыз.
2. Бір сұрақ екіншісіне көмек болатын байланысқан сұрақтардан аулақ болыңыз.
3. Артық детальдаудан аулақ болыңыз.
4. Теріс істерден аулақ болыңыз.
5. Күрделі сөз бен күрделі сөйлем қолдану сияқты қажеті жоқ қиындықтардан аулақ болыңыз.
6. Тіке цитатадан аулақ болыңыз.
7. Оңай, нағыз және түсініксіз жауаптардан аулақ болыңыз.
8. Оқушыларды адастырып қоюдан және оларды білімсіздікте ұстап алудан аулақ болыңыз.
9. Әр сұраққа бір дұрыс жауап болуы керек.
10. Мысалдарды дұрыс, ұқыпты және нақты қолданыңыз.
11. Синтаксистік және грамматикалық ережелерді ұстаныңыз.

#### Мүмкін болатын жауаптары бар тест сұрақтары:

1. Негізгі тікелей сұрақ қойыңыз.
2. Тікелей бір сұрақ қойыңыз.
3. Балама, қарама-қарсы бағыттағы, болжамды жауаптардан сақтаныңыз.
4. Балама жауаптың логикалық тізбегін ойлаңыз.
5. Жауаптардың көлемі бірдей болу керек.
6. Әр түрлі және шындыққа сәйкес келетін жауапты таңдаңыз.
7. Жауаптардың дұрысы жоқ деген нұсқаны байқап қолданыңыз.
8. Грамматикалық және бірінен кейін бірі келген нұсқаулардың жауабы және сұрағы.
9. Терминді сұрақ күйінде елестетіп, тесттің нұсқасын терминалогиясы ретінде елестетіңіз.
10. Жеке тұлғалық көзқарастан сақтанып, қарама-қарсы баға қою.
11. Жоғарғы нұсқауды қолданып, көптеген дұрыс болатын жауаптар ішінен пайдаланыңыз.
12. Проблемалық сұрақтарды мүмкіндігіңіз болса толық баяндаңыз.

#### Салыстырмалы сұрақтар:

1. Бір-бірімен тығыз байланысқан жауаптар категорияларын қолданыңыз.
2. Үлкен емес көлемі мағынасыз, байланыссыз сөйлемдердің жауаптары нақты болуы керек.
3. Жауаптарды логикалық тұрғыда орналастырыңыз.
4. Ауыстырған сұрақтардың себебін түсіндіріп, нақты құрылымы болуы керек.
5. Сәйкестікті болдырмауға тырысыңыз, жауаптардың көп түрлілігін пайдалану арқылы.
6. Жауап беру барысында, ұзақ сөйлемдерді пайдалануға тырысып, ал қысқа сөйлемдер болжау есебінде болуы керек.
7. Болжам сөйлемдерді санмен көрсетіңіз, ал жауаптарды әріптермен көрсетіңіз.
8. Сұрақтарға байланысты жауаптарды бір бетке жазу керек.

#### Дұрыс/дұрыс емес:

1. Сұрақтың дұрыс емес екендігіне көз жеткізіңіз.
2. «Және»; «немесе» сөздерін көп қолданбаңыз.
3. Барлық сөйлемдерде сөз саны бірдей болуы тиіс.
4. Цитаттар мен стереотиптен аулақ болған жөн.
5. Сұрақ шаблондардан қашуға тырысыңыз.
6. Сұрақтың түйінді элементін сөйлемнің аяғына жазуға тырысыңыз.
7. «Дұрыс/дұрыс емес» орнына «жоқ/иә» қолдануға болады.
8. Сұрақтарды нақты құрастырыңыз.

**Қысқаша жауаптар, аяқталған немесе артық сұрақтар.**

1. Сөздерді түсінікті және нақты етіп таңдаңыз.
2. Сөйлемнен кейін бос орын (пробел) қалдырыңыз.
3. Бос орынды (пробел) тек сөйлемдерде қолданыңыз.
4. Цитаттар мен стереотиппен аулақ болған жөн
5. Қысқа, нақты және жауап талап етіңіз.
6. Терминдер ұсыныңыз және оның анықтамасын талап етіңіз.
7. Жауапта кездескен терминдерді түсіндіріп кетіңіз.
8. Аяқталмаған сөйлемдердің орнына нақты сұрақтарды қолданыңыз.

**Эссеге қойылатын сұрақтар:**

1. Оқушылардың беретін жауаптарына үлкен мән беріңіз.
2. Сұрақтың мақсатын талдап алыңыз.
3. Таңдауды қажет ететін сұрақтарды пайдаланбаңыз.
4. Түрлі жауап талап ететін сұрақ қойыңыз.
5. Бір немесе одан да көп сұрақтарды эссеге қолданыңыз.
6. Бағаның жүйелік сызығын құрастырыңыз.

**Мәселені тәжірибе жүзінде шешу сұрақтары:**

1. Тестті құрастыру негізінде жаңа және жаңа материалдарды құрастыру.
2. Оқушылардан мысал келтірулерін сұраңыз.
3. Пайдаланылатын қолда бар материалдың құндылығын тексеріңіз.
4. Тест құрастыру кезінде график немесе диаграмма қолданыңыз.
5. Шығармашылыққа еркіндік беріңіз.

**Келесі қадамдар**

Қорытындыда, іс-шаралар тізімін ұсынамыз, оқушылар өз білім алу шеніндегі программаларды орындаулары міндетті.

**Педагогикалық колледж оқушыларының берілген білім бағдарламасы көлемінде жүзеге асыратын іс-әрекеттеріне бағыт**

- АҚТҚ және ЖЖБИ дың жұғу жолдарының төмендеуін қарастыру.
- АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБИ-дың жұғу жолдарының төмендеу мақсатында жауапты тәртіп пен қарым-қатынас орнату.
- ЖЖБИ-ң берілу жолдары АҚТҚ сияқты берілмейтінін түсіндіру.
- АҚТҚ/ЖҚТБ-ның ЖЖБИ әсерін жеке адамға, отбасыға, қоғамға және халық деңгейінде сипаттау.
- Бағдарламаны анықтау, халықаралық және халықтық деңгейде, қолдау және көмек көрсету.
- Білім, тәртіп, дарын репродуктивтік денсаулыққа көмек көрсетулерін, жауапты тәртіп тоқталатынын түсіндіру.
- Жауапты тәртіп болдырмауын түсіндіру.
- Жыныстық қатынасты үйлену тойына дейін «күту» болдырмауды қалайтын оқушыларды қолдау бұл жоғарғы жауапкершілік тәртіп.
- Олардың өз тілектері; сезімдері мен біліктіліктерін педагогтармен, отбасының мүшелерімен, құрастырумен бөлісуді қолдау.
- Оқушыларды студенттердің АҚТҚ/ЖҚТБ-мен және ЖЖБИ-дың жұғу жолдарын қысқартуды инфициялау білімдерін жетілдіру
- АҚТҚ және ЖЖБИ-дың инфициялау және дискриминациялау жұғу жолдарын оқушылардың дамыған қабілеттерінен дарындарын гипотикалық және тәжірибелік жағдайлармен байланыстыратынын шешу.

- Оқушылардың алған білімдерін, қабілеттері мен дарындарын өз өмірлерінде сенімді қолдану қажет.
- Оқушылардың коммуникациялық қарым-қатынастарын өздерінің достарымен, мұғалімдерімен, ата-аналарымен және тағы басқа қалыптастыру.
- Оқушылардағы «жоқ» деп айту қабілеттерін дамыту, құрдастарының және түгел қоғам жағынан келетін жағымсыз әрекеттеріне қарсы тұруларын дамыту.
- Оқушыларға дискриминациямен күресу құқығы сияқты бірінші орында тұрғанын түсіндіру.

1. Яшина Д. Камалдинов және басқалар. «Мен тренинг өткізгім келеді» Новосибирск, 2002.ж.
2. БҰАТББ «АҚТҚ/ЖҚТБ-ның эпидемиялық баяндамасы» 2004.ж.
3. БҰАТББ «Қорғау және қолдау», «Құқықтық белсенділік» 2001.ж.
4. Информационно-публицистикалық журнал «Анашасыз болашақ» 2004.ж. (№1-2, №3-4).
5. Ж.Ш.Аманова, Г.И.Алтынбекова и др. «Білім беру орталықтарында анашаны пайдаланатындарға жаңаша көз қараспен қарау». Павлодар 2004.ж.
6. А.В.Грузман «Жас өспірім қыздардың ауытқу тәртібі». Павлодар 2004.ж.
7. С.С.Алтынбекова, А.Л.Катков және басқалар. Қазақстан Республикасындағы анашалармен ауыратындардың медицина - әлеуметтік реабилитациялық бағдарламасы. Павлодар 2004.ж.
8. О.Г.Юсупов Шылым шегудің, ішімдіктің, анашалардың балалар және жасөспірімдер арасындағы алдын алу шаралары.
9. Ата-аналар үшін нашақорлықтың әдістемелік нұсқаулары, балалар және жасөспірімдер арасындағы шылым шегу мен ішімдік. Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиялық институты. Алматы 2003.ж.
10. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен күресу туралы декларация. АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша арнаулы ООН ассамблеясының сессиясы. 27 маусым 2001.ж.
11. Адам және АҚТҚ (книга для неравнодушных) Киев, 2004 ж.
12. Мектепке арналған АҚЖА алдын алу шаралары мұғалімдер. Дорожкина.Л.А. Алматы 2004.ж.
13. Білім және АҚТҚ/ЖҚТБ. Білім беру орталықтарына арналған информациялық жинақ. Дорожкина. Алматы 2004.ж.
14. www. Aids.zu.
15. Aidsmap. (1996) Тәртіптің өзгеруі төрт негізгі теорияның түйіндемесі. Арлингтон США: тәртіпті оқыту бөлімі, BRU.
16. AIDSCAP. Тәртіп өзгерісінің коммуникация маңындағы бағалау және мониторинг интервенциясы. Арлингтон: Халықаралық жанұялық денсаулық сақтау.
17. APAC VHS. ЖҚАЖИ және АҚТҚ/ЖҚТБ-ны болдырмауды қолдауға үйрету.
18. Айдар, Индия: VHS. E-tai/: apacvhs @ diasnd 01.com.
19. Аспог Д.Ж. Эзель.Г. (1995) Бар денсаулық сақтандыруға оқыту. Бостон.
20. APCASO (2002) АҚТЖ және адамның құқығы: ҰЕҰ-ға АҚТҚ/ЖҚТБ-мен өмір сүретін адамдарды және жалпы топтарды оқыту. Манила: APCASO.
21. Барнс.Р. (1999) қарсы оқыту, қарсы үйрету. Лондон: ROUJIDE.
22. Бедворд.А.Е. и Бедворд.Д.А. (1992) Денсаулық сақтауға оқыту мамандығы және тәжірибесі. Юубью:Wt.c.Dzon Pubishes.
23. Биот.С және Исэн П. (1994) жұмыс орындарында және сыныптарда бірігіп оқыту. Лондон: David Fujtn Pubjsheszs.
24. Бритхард Ж.К және Галанс Дж.Ж. (1989) Топтағы әсерлі талдау. Дубьюк.Wtc Bzow shezs.
25. Коллинс Ж.К. және Рау Б. ЖТҚ-ның пайда болуы. (шығарылған күні/жері белгісіз), см. www.lusticejrica ozdiaidsz htri

26. Котрел Р.С. и др. (1999) Денсаулық сақтаудың және оқытудың негізгі бағыты және мақсаты. Бостон: Аееип Васон.
27. Фланаган Д. и Махлер Х «Тең-теңге» әсерлі бағытын қалай жасауын оқыту: ЖТҚ профилактикасының жүргізуші Рингтонг: FHI/AIDSCAP.
28. FHI/Nepal.(2001) Тәртібін өзгертуге арналған жүргізушілік және жұмысты анықтау бағдарламасы. Непалдық нұсқау, Катманду: FHI.
29. Фросыт.И және т.б. (1999) курсты оқыту: мұғалімдерге және жаттықтырушыларға арналған практикалық стратегия. Лондон: KODAN PADE ZITITED.
30. Гронлунд Н.Е (1995) оқу мақсатын қалай жазу және қолдану керек. Принстон, Нью Джерси: PZENTICE HFLL.
31. IPS (2002) Эксперттік топтың гендерлік сұрақтарға нұсқауы: АҚЖА/ЖТҚ және құқық: жүргізушінің оқыту туралы және СММ модулінің құрылымы. HAZAZE IPS.
32. Джагс Д (1991) Топта оқыту. Хьюстон: GUIT PUBLISH CO
33. JHUISCP and FHI (2001) Жүргізушінің жеке оқытуды және АҚТҚ/ЖҚТБ-ның жыныс мүшелері арқылы таралуы туралы кеңес беруі.
34. Джонсон А. Және басқалар. (1998) Сыныптағы қарым-қатынас. Минеаполис: Intezaction Book со.
35. Калдор, А және басқалар.(2000) АҚТҚ/ЖҚТБ-ға сыртқы көзқарас. Джакарта: Индонезияның денсаулық сақтау министрлігі.
36. Каучак Д. Пи Эгтан П.Д. (1998) әдісті оқыту және үйрету, зерттеудің негізі. Бостон: Allуаһ Васон.
37. Келли, А.В. (1999) оқу бағдарламасы: теория және тәжірибе. Лондон: PAUI ChARTAN PUBLISHIND ZtD.
38. Келли М.Ж. АҚТҚ/ЖҚТБ қалай білімге әсер етеді және білім АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қалай әсер етеді. Лусака: Білім Институты, Замбии Университеті.
39. Кемп Ж.Е. және басқа. (1994) Әсерлі жүргізушінің құрылымы. Нью-Йорк: Tactiiian interpnationaj.
40. Сақтау және сақтандыру қоғамы. Үйде қарау және адамдарды қолдау, АҚТҚ/ЖҚТБ-мен өмір сүретін. Техникалық көмек. FHI HENAU және қаржыландыру ЮСАИД. Катманду: FHI.
41. Манн. Ж.(1997) Адамның денсаулығы және құқығы, егер қазір болмаса қашан?
42. МакКичи.В.Ж.(1999) оқыту жөнінде кеңес.
43. Непал ассоциациясының жанұяны жоспарлау. (1998)
44. PATH and FHI (2002) Аз аудиторияға арналған АҚТҚ/ЖҚТБ-ның құрылымдық материалы. Арлингтонг:FHI.
45. Халықтың кеңесі. «Тең-теңге» оқыту әдісі. Нью-Йорк. Совет народонасемения.
46. Инновациялық және дамытушылық, зерттеушілік орталық. (CERID). (1997) Катманду: Трибхувана Университеті.
47. Риверс К и Аглетон П. Жасөспірім сексуальдылығы, гендерлік сұрақ және АҚЖ эпидемиясы. Лондон Университеті.

48. Силс.Б. және Глаузгоуз.З. (1998) Тәрбиелеу шешімін қолдану. Принстон. Нью-Джерси: Pzentice Haii.

49. Силберман.М. (1996) Белсенді оқыту: кез-келген сабақты оқытудың студенттермен оқытушылардың тәжірибелік жүргізушілігі 101 стратегиясы. Бостон: Aiin Vasop.

50. Саузданд Ж.С. және басқа (1994) Шығармашылық және бірігіп оқыту: студенттермен оқытушылардың тәжірибелік жүргізушілігі: Балтимор: Vzookes Publishind co.

51. БҰАТББ. АҚТҚ/ЖҚТБ-ға байланысты ұлттардың бірігуі туралы бағдарлама (2004)

52. ЖҚТБ эпидемия информациясының жағалануы 2004 жыл Женева UNAIDS

53. БҰАТББ (2003) фактілер, стигмалар және дискриминациялар Женева.

54. БҰАТББ (2004) Бүкіл әлемдік ЖҚТБ эпидемиясының қорытындысы. Женева.UNAIDS.

55. БҰБҒМСБҰ. (1999) Таңдаушы тәжірибенің қорытынды буклеті. Женева: UNAIDS.

56. НЕСКАН. Азаматтық және тынық мұхиты аймақтың экономикалық және социалдық ООН комиссиясы. (2003) Жұмыс бағыты: 1. жастарға тәжірибелік үйретуді жүргізу: АҚТҚ профилактикасы және анашаны қолдану. Бангкок: UNESCAP

57. БҰБҒМСБҰ Білім, ғылым және мәдениет туралы БҰҰ ұйымдарының сұрақтары. (1991) Жасөспірім білімінің модулі және жарияланбаған құжаттар, БҰБҒМСБҰ. Бангкок.

**Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген Қазақстан  
Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі  
бастауыш және орта кәсіптік білімі.**

*Бақылаушылар:*

**Құрманалиева Ш. Х.** педагогика ғылымының докторы, Орал қаласындағы Ж. Досмухаммедова атындағы педагогтік колледж директоры.

**Шалқаров С. Ш.** медицина ғылымдарының докторы, МКТ профессоры, Түркістан медицина колледжінің директоры.

*Кеңесшілер:*

**Борибеков К. К.** ДДиСО МОН РК директорының орынбасары.

**Аяпов К. А.** медицина ғылымының докторы Алматы қалалық медицина колледжінің директоры.

**Жүсіпова Р. З.** педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы №1 педагогтік колледжінің директоры.

**Савутова Д. Д.** ДДиСО МОН РК бас маманы.

*Авторлық топ:*

**Дорожкина Л. А.** Республикалық біліктілікті жетілдіру институтының директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары.

**Байсугурова В. Ю.** НЦПФЗОЖ профилактика бағдарламасы бөлімінің меңгерушісі.

**Бекбатырова Г. Т.** Алматы қалалық медицина колледжінің оқытушысы

**Плотинкова М. М.** ЖТҚ орталығының профилактика жұмысы бөлімінің меңгерушісі.

*Редактор:*

**Дорожкина Любовь Антольевна**

**Демеуова Рысалды Маратовна,** Республикалық ЖҚТБмен күресу орталығының эпидемиология бөлімінің меңгерушісі

Осы “басшылықтың ” мазмұнында берілген фактілерді авторлар жауапкершілікке алады және берілген көзқарас ЮНЕСКО-ның көзқарасымен сәйкес келуі міндетті емес.